Keywords: internal affairs bodies, illegal migration, prevention, illegal, crime.

Анализ статистических данных за последние годы позволяет сделать вывод о том, что наблюдается устойчивый рост абсолютных показателей административных правонарушений, совершаемых иностранными гражданами, выявляемость которых снижается. Сложившееся положение в определенной мере свидетельствует о том, что правовые основы профилактики правонарушений не в полной мере отвечают деликтологической обстановке, складывающейся на территории Республики Казахстан.

Большинство из опрошенных сотрудников правоохранительных органов пояснили, что путем незаконной миграции активно подпитывается криминальная среда и динамика совершаемых ими преступлений только растет. Однако оперативные сотрудники органов внутренних дел южных регионов страны показали, что незаконные мигранты, прибывшие в Казахстан с целью заработка, очень редко сталкиваются с общностью и на преступления идут крайне редко, не считая обоюдных драк между собой, так как они работают без выходных и свободное время тратят в основном на сон.

Столь очевидная противоречивость суждений даже представителей официальных структур, заставляет крайне осторожно относиться к подобным оценкам, которые в некоторых случаях, возможно, имеют целью добиться расширения полномочий правоохранительных органов, выделения им дополнительной финансовой поддержки со стороны государства.

С другой стороны, когда речь идет о категории незаконных мигрантов, описанной выше, совершенно неоправданными кажутся мнения относительно конкуренции за рабочие места и увеличивающегося уровня безработицы. Кроме того, что эти мигранты не задерживаются надолго в Республике Казахстан, они выбирают тяжелые сельскохозяйственные профессии, на которые по общим замечаниям выходцев с юга согласится далеко не каждый казах (например, табаководство). Кроме того, обеспечивается региональная экономическая безопасность: мигранты из менее развитых в хозяйственном плане республик оказываются обеспеченными рабочими местами, что невозможно на их родине.

Новые тенденции свидетельствуют о том, что нелегальные потоки, направленные в Казахстан и далее - в страны Европы, становятся более организованными и приобретают криминальный характер. В функционировании данного бизнеса могут участвовать разветвленные преступные организации, которые порою включают в себя людей, живущих далеко за пределами Казахстана.

Механизм реализации таков: организуется фирма и вербуются люди из разных стран, в обязанности одних входит встреча, в обязанности других предоставление жилья и перевозка незаконных мигрантов по территории государства пребывания на срок до отправки в Европу. Все участники этих длинных цепочек получают зарплату согласно вкладу и степени риска. Таким образом, на территорию Казахстана попадает большинство мигрантов из стран Южной и Юго-восточной Азии: Пакистана, Афганистана, Бангладеш и Шри-Ланки.

Уже вскоре после появления незаконных мигрантов из дальнего зарубежья на южных рубежах Казахстана, возникла устойчивая система их проникновения в республику по отлаженным каналам. Наиболее часто встречающийся вариант – использование паспортов граждан других государств, с которыми Казахстан имеет безвизовый, либо упрощенный режим пропуска. К таким методам по данным правоохранительных органов прибегают граждане Афганистана и Пакистана.

Бизнес, связанный с контрабандой людей через границы носит не только международный, но и локальный характер. Даже через, казалось бы, достаточно простые для самостоятельного нелегального пересечения участки казахстанско-киргизской и казахстанско-узбекской границ налажены свои локальные каналы переправки незаконных мигрантов.

Таким образом, в Казахстан направлены мощные потоки незаконной миграции из дальнего и ближнего зарубежья. Анализ качественного состава мигрантов показывает, что для «транзитников» путь через Республику Казахстан является самым удобным и простым, как с географической точки зрения, так и из-за функционирования устойчивых каналов транспортировки нелегалов. Кроме того, сказывается деятельность коррумпированных пограничников по обе стороны границы, которая заметно облегчают мигрантам нелегальный путь. С другой стороны, представители стран СНГ, фактически, становятся заложниками неурегулированных пограничных отношений Республики Казахстан и сопредельных государств. Основная причина, толкающая и тех, и других на выезд за пределы родного государства – региональная социально-экономическая нестабильность. Как представляется, утверждение о том, что в числе незаконных мигрантов, пересекающих южные границы Казахстана, находится большое количество экстремистов, не находит убедительного подтверждения на основе открытых источников.

На фоне откровенно слабого административного законодательства в этой сфере, правонарушения, совершаемые иностранными гражданами и апатридами, в своей основе связанные, в первую очередь, с незаконной миграцией, приобретают характер постоянно действующего фактора, все более негативно влияющего на социально-экономическую и внутриполитическую стабильность в регионах, которым свойствен массовый приток мигрантов из-за рубежа.

В сложившихся условиях с особой остротой встает вопрос о принятии мер по противодействию этому негативному процессу. Представляется, что наиболее перспективной мерой в этом плане могло бы стать создание современной, отвечающей международным стандартам и учитывающей российские условия межведомственной единой системы иммиграционного контроля. Межведомственная единая система иммиграционного контроля должна включать в себя комплекс мероприятий, проводимых государственными органами исполнительной власти в пределах полномочий, определенных для них действующим законодательством, по осуществлению визовой политики, контролю за въездом, выездом и пребыванием иностранных граждан на территории Республики Казахстан.

Основой для построения и развития единой системы иммиграционного контроля должна служить утвержденная Постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 сентября 2017 г. № 602 «Концепция миграционной политики Республики Казахстан на 2017-2021 годы».

Данная Концепция миграционной политики Республики Казахстан на 2017-2021 годы направлена на совершенствование действующих механизмов управления миграционными процессами в Республике Казахстан. Концепция определяет стратегические цели и задачи миграционной политики Республики Казахстан, а также механизм их реализации в контексте социально-экономического развития страны, соблюдения общегосударственных интересов и мировых тенденций развития миграционных процессов.

Основными направлениями деятельности органов внутренних дел в области обеспечения иммиграционного контроля в соответствии с Концепцией должны быть:

– совершенствование деятельности структурных подразделений МВД Республики Казахстан, осуществляющих иммиграционный контроль на территории Республики, координация их взаимодействия с органами пограничного и таможенного контроля;

– активизация договорного процесса с государствами – участниками Содружества Независимых Государств и заключение двусторонних и многосторонних соглашений в рамках Содружества, определяющих ответственность сторон за поощрение или непротиводействие незаконной миграции, в том числе незаконной трудовой миграции, за нарушение границ Содружества, а также согласование порядка выдачи виз в пределах Содружества Независимых Государств;

– усиление ответственности органов исполнительной власти Республики Казахстан за нарушение миграционного законодательства;

– повышение ответственности руководителей организаций независимо от их организационно-правовой формы за незаконное использование иностранных работников;

– предоставление соответствующими органами исполнительной власти иностранным гражданам информации о правовом положении иностранных граждан и лиц без гражданства на территории Республики Казахстан и о порядке приобретения гражданства Республики Казахстан;

– расширение договорной базы и обмен с иммиграционными органами иностранных государств информацией по проблемам, связанным с незаконной миграцией, и по другим вопросам в области регулирования миграционных процессов;

– обеспечение прав иммигрантов и контроль за соблюдением ими своих обязанностей, содействие добровольному возвращению беженцев в места их прежнего проживания;

– реализация мер по выдворению незаконных иммигрантов из Республики Казахстан в государства гражданской принадлежности или постоянного проживания.

Деятельность органов внутренних дел по профилактике правонарушений, совершаемых иностранными гражданами и лицами без гражданства, является частью административной деятельности ОВД. Она осуществляется посредством использования субъектами профилактики определенных форм и методов, которые собственно и выражают ее содержание.

Применительно к деятельности указанных субъектов под общей профилактикой, на наш взгляд, следует понимать работу, направленную:

а) на выявление, нейтрализацию или устранение причин административной деликтности как явления в целом, так и составляющих ее частей, а также условий, способствующих совершению административных правонарушений;

б) на информирование руководителей предприятий, учреждений и организаций (независимо от форм собственности), иных должностных лиц и граждан о формах и методах защиты от преступлений и других правонарушений;

в) на обеспечение взаимодействия с заинтересованными министерствами и ведомствами, органами местного управления, населением, общественными формированиями по вопросам охраны правопорядка.

Разумеется, этот перечень может дополняться либо изменяться в зависимости от складывающейся деликтологической обстановки в регионе, конкретизироваться, исходя из объектов, подлежащих воздействию мерами общей профилактики.

В целях создания правовой основы для возвращения незаконно пребывающих мигрантов Министерством внутренних дел совместно с заинтересованными государственными органами с учетом международного опыта проведен комплексный анализ предполагаемого потока реадмиссируемых лиц в страну и выработаны системные меры по их дальнейшему содержанию и реадмиссии.

В настоящее время Республикой Казахстан подписано около 20 соглашений о реадмиссии (из них половина со странами Европейского Союза), также прорабатываются аналогичные соглашения еще несколькими странами.

Их вступление в силу позволяет организовать передачу нарушителей миграционного законодательства в страну исхода. При этом будет исключена возможность их оседания в Казахстане, выступающем в роли транзитного государства.

В целях повышения уровня координации деятельности ОВД в итоговых документах о проведении совместных оперативно-розыскных мероприятий определены способы организации и методы борьбы с незаконной миграцией.

На всей границе Казахстана действует Единая информационная система, позволяющая в режиме реального времени осуществлять обмен информацией между Пограничной службой КНБ и миграционной службой о въезде иностранцев, их регистрации по месту пребывания, выезде из страны. Также в системе закрывается въезд в страну иностранцев, в отношении которых приняты решения о выдворении.

На основе системы создан визовый миграционный портал, связанный с Порталом электронного правительства. Это дает возможность осуществлять регистрацию иностранцев через Интернет, для чего достаточно иметь выход в Интернет и электронную цифровую подпись.

Кроме того, онлайн регистрация может производиться при заселении иностранцев в гостиницу.

Такой порядок исключает прямой контакт иностранцев с сотрудниками полиции, при этом позволяет сохранить необходимый уровень контроля за их пребыванием со стороны правоохранительных и специальных органов. Помимо этого, повышается ответственность принимающих лиц за достоверность предоставляемой информации.

В перспективе планируется разработка программного продукта, позволяющего полностью исключить миграционные карточки и вести миграционный контроль незаметно и ненавязчиво для иностранцев.

Геополитическое положение Казахстана, соединяющего европейские страны с государствами Центральной Азии, стабильная экономическая и внутриполитическая обстановка предопределяет динамичность и интенсивность миграционных потоков на его территории.

В целом законодательная база направлена на обеспечение экономического развития страны, политической и социальной стабильности. Создаются условия для привлечения инвестиций и иностранной рабочей силы, развития туризма при обеспечении необходимого уровня контроля и противодействия незаконной миграции.

Для повышения эффективности миграционного контроля используются возможности современных электронных информационных систем. Совместно с КНБ используется Единая информационная система «Беркут», которая установлена во всех подразделениях миграционной полиции. Сотрудники миграционной службы в режиме реального времени могут получать информацию о въехавших в страну иностранцах, своевременно выявлять иностранцев, находящихся в стране без регистрации или не выехавших в установленные сроки. Также по каналам этой системы на погранпереходы поступает информация о лицах, выдворенных из Казахстана, которым въезд запрещается на пятилетний срок.

Мировая практика показывает, что эффективная борьба с незаконной миграцией невозможна без тесного сотрудничества с приграничными государствами.

МВД Республики Казахстан заключены соглашения о приграничном сотрудничестве с Министерствами внутренних дел России, Кыргызстана и Узбекистана. Соглашениями предусмотрен обмен оперативно-розыскной, криминалистической и иной информацией, обмен опытом в сфере борьбы с незаконной миграцией, совместные действия при возникновении чрезвычайных ситуаций.

Особое место занимает ежегодная операция «Нелегал», направленная на выявление и пресечение каналов незаконной миграции. Она проводится одновременно во всех странах Организации Договора по коллективной безопасности. Кроме полиции, в ней принимают участие подразделения Пограничной службы, другие заинтересованные государственные органы.

Кроме того, в законодательство внесены поправки, которыми для граждан стран СНГ упрощено получение разрешений на работу у физических лиц.

В целом, принимаются комплексные меры по контролю за пребыванием иностранцев, выявлением и пресечением незаконной миграции, координация которой возложена на вновь созданный в МВД Комитет миграционной службы.

Значительное внимание уделяется контролю за внутренней миграцией.

Законом «О миграции населения» установлена обязанность граждан регистрироваться по постоянному и временному месту жительства. При выезде в другой регион для работы, учебы, лечения необходимость оформить временную регистрацию.

Введена ответственность собственников жилья за нелегально проживающих у них граждан.

Автоматизированы процессы регистрации и документирования граждан. Введен принцип экстерриториальности, который позволяет при регистрации по новому адресу автоматически сниматься с прежней регистрации.

В соответствии с действующим законодательством, сотрудники миграционной полиции осуществляют во взаимодействии с участковыми инспекторами полиции контроль за соблюдением правил регистрационного учета и пребывания беженцами и вынужденными переселенцами в местах их пребывания.

При проведении подобных мероприятий необходимо широко использовать доверительные отношения с гражданами с целью получения информации, способствующей предупреждению и раскрытию преступлений и иных правонарушений, розыску преступников и лиц, пропавших без вести. Такие доверительные отношения с гражданами, наравне с участковыми инспекторами полиции и сотрудниками других подразделений, обязаны устанавливать и сотрудники миграционной полиции.

Круг таких лиц широк – это работники жилищных организаций, коменданты общежитий, администраторы гостиниц, сотрудники кадровых аппаратов, граждане из числа бывших сотрудников органов внутренних дел и др.

Владение оперативной обстановкой на обслуживаемом участке позволяет участковым инспекторам полиции своевременно информировать соответствующие подразделения об иностранцах, представляющих оперативный интерес.

Рассматривая профилактическую деятельность субъектов, опосредованно влияющих на предупреждение правонарушений, совершаемых иностранцами, необходимо отметить, что в последние годы значительно возросла роль патрульной службы органов внутренних дел. Деятельность этой службы совершенствовалась на основе внедрения системы единой дислокации и укрепления взаимодействия с другими субъектами предупредительной деятельности органов внутренних дел. Наибольшей эффективности, по нашему мнению, она должна достигнуть при проведении специальных мероприятий, организуя взаимодействие полицейских и военных патрулей, а также общественные формирования, которым в свою очередь, легче выявлять незаконных мигрантов среди местного населения [Сандугей А.Н., 2003, с. 57].

Успешность установления и развития этого контакта во многом обусловлена психологией человеческих отношений и развитием психологических связей между общающимися людьми. Особенности указанной деятельности были более подробно рассмотрены нами ранее [Уакасов Д.А., Джидебаев А.О., 2017, с. 139-143].

В целях обучения и повышения подготовленности личного состава дорожно-патрульной полиции имеется необходимость создания классов службы, с оборудованными стендами, имеющими образцы документов, по которым иностранные граждане прибывают, проживают и передвигаются по территории Республики Казахстан. Для проведения занятий по служебной подготовке с сотрудниками дорожно-патрульной поиции руководителям подразделений необходимо привлекать специалистов из числа сотрудников миграционной службы. Участвуя в проверках автотранспорта, работники дорожно-патрульной полиции пресекают не только правонарушения в сфере безопасности дорожного движения, но и выявляют различные категории лиц, находящихся на территории Республики Казахстан без определенного правового статуса.

Особое внимание сотрудникам дорожно-патрульной полиции необходимо уделять досмотру грузового автотранспорта, прибывшего в страну из-за рубежа либо следующего транзитом через территорию Республики Казахстан, с целью выявления незаконного ввоза (транзита) нелегальных мигрантов.

В последнее время учеными также предпринята попытка выделения основных направлений (этапов) индивидуальной профилактики административных правонарушений. Так, по мнению В.П. Лозбякова, содержанием этой деятельности являются следующие этапы:

1) сбор (в том числе оперативно-розыскными методами), систематизация и анализ информации, необходимой для осуществления индивидуального профилактического воздействия на лиц, совершающих либо склонных к совершению правонарушений, а также на социальную микросреду, способствующую этому;

2) постановка таких лиц на учет с целью последующего оказания на них профилактического воздействия;

3) применение профилактического воздействия на названных лиц и окружающую их микросреду [Лозбяков В.П., 1996, с. 101] .

По нашему мнению, автор правильно определил стадии индивидуальной профилактики правонарушений. В результате реализации первых двух стадий индивидуальной профилактики правонарушений, совершаемых иностранными гражданами и лицами без гражданства, органы внутренних дел концентрируют необходимую информацию о лицах, совершивших правонарушения в центральном банке данных. Соответственно, указанная информация помогает практически осуществлять индивидуальное воздействие на иностранцев в целях предупреждения совершения ими повторных правонарушений на территории принимающего государства.

Примером является запрещение въезда в страну иностранцу, если он в период своего предыдущего пребывания в данной стране подвергался административному выдворению за пределы принимающего государства либо депортировался, в течение пяти лет со дня административного выдворения за пределы принимающей стороны или депортации.

Подводя итог сказанному, следует отметить, что законодательные и административно-правовые нормы, регулирующие правоотношения, возникающие в сфере предупреждения преступлений и правонарушений, в том числе между иностранцами и органами исполнительной

власти, осуществляющими профилактику правонарушений, являются разрозненными и нуждаются в совершенствовании.

В совершенстве, действующее законодательство и механизмы взаимодействия государственных органов должны гибко реагировать на изменения миграционных потоков в Казахстане и принимать меры по регулированию миграционных процессов, обеспечению контроля и пресечению незаконной миграции, так как это одно из направлений по профилактике общей преступности.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Лозбяков В.П. Криминология и административная юрисдикция милиции. М.: ИНФРА-М, 1996. – 157с.

2. Сандугей А.Н. Служба общественной безопасности как субъект профилактики преступности иностранных граждан // Вопросы совершенствования деятельности милиции общественной безопасности: Сборник № 10. М.: ГУООП МВД России, ВНИИ МВД России, 2003. – 180с.

3. Уакасов Д.А., Джидебаев А.О. Особенности установления и развития психологических контактов сотрудниками органов внутренних дел // Наука и жизнь Казахстана: Международный научный журнал. – Астана, 2017. – № 3 (46) 2017. – С. 139-143.

УДК 343.915

Байжомартова Қ.А.,
Халықаралық құқық кафедрасының менгерушісі, з.ғ.к.,
Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және шет тілдері университеті
Алматы қ.,Қазақстан Республикасы
kba-73@mail.ru

Мұсабеков Е.А.
Халықаралық құқық кафедрасынын доценті,з.ғ.к.,
Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және шет тілдері университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
M.yerubay@mail.ru

КӘМЕЛЕТ ЖАСЫНА ТОЛМАҒАН ҚЫЛМЫС ЖАСАУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Кәмелет жасына толмағандармен жасалатын қылмыс қазіргі кезде әрбір мемлекет үшін жиі кездесетін күрмеуі қиын мәселелердің қатарына еніп отыр. Аталған мәселелердің маңыздылығы кәмелет жасына толмағандармен жасалған қылмысты тексеріп ашу, қылмыскерлерге жаза қолдану ғана емес, сонымен қатар қылмыс жасаудың негізгі субъектісі өмірді жаңа бастаған кәмелет жасына толмағандардың болуында. Соңғы жылдарда кәмілеттік жасқа толмағандардың жасаған қылмыстарының санының артып, ауыр қылмыс жасаушыларқатарының көбейіп отырғандығы қоғамды алаңдатады.Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың тиімділігін арттыру үшін барлық құқық қорғау, мемлекеттік басқару органдарының, балалар мен жасөспірімдер мәселелерімен айналысатын жастар және қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің өзара ықпалдасуын, қызметін үйлестіру жөніндегі кешенді шараларды әзірлеу қажет. Сондықтан кәмелет жасына толмағандар үшін қылмысты жаза болып табылмайтын тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын кеңінен қолдану белгіленген.

Кілт сөздер: жауаптылық, ереже, психологиялық ерекшелік, физиологиялық даму, мінез-құлқы, қылмыс жасаушы, жасөспірім, кәмелеттік жас, сот төрелігі, жаза.

Байжомартова К.А.,
к.ю.н., заведующий кафедрой Международного права
Казахского Университета международных отношений и мировых языков имени Аблай хана,
г. Алматы, Республика Казахстан
kba-73@mail.ru

Мусабеков Е.А.
к.ю.н., доцент кафедры Международного права
Казахского Университета международных отношений и мировых языков имени Аблай хана,
г. Алматы, Республика Казахстан
M.yerubay@mail.ru

Аннотация. В настоящее время уголовные дела по обвинению в совершении преступлений, совершенных несовершеннолетними, входит в число самых трудоемких для каждого государства проблем.Значимость данной проблемы заключается не только в раскрытий преступлений и примененении наказания за него, но и в том что преступление совершаются субъектами, которые только вошли во взрослую жизнь.В последние годы вызывает тревогу и тот факт, что увеличивается количество преступлений несовершеннолетних, в том числе все больше тяжких.Для повышения эффективности профилактики правонарушений несовершеннолетних необходимо разработать комплекс мер по координации взаимодействия в том числе, деятельности всех правоохранительных, государственных органов управления, молодежных и общественных организаций и учреждений, занимающихся проблемами детей и подростков. Поэтому необходимо применять для несовершеннолетних те меры принуждения, которые не являются мерой уголовного наказания, но имеют воспитательный характер.

Ключевые слова: ответственность, правила, психологическая особенность, физиологическое развитие, поведение, преступник, подросток, несовершеннолетний, правосудие, наказание.

Bayzhomartova K.A.,
PhD in law, head of the department of International law
Kazakh University of international relations and world languages named after Abylai Khan,
Almaty, Republic of Kazakhstan
kba-73@mail.ru

Musabekov E.A.
PhD in law, associate Professor of the department of International law
Kazakh University of international relations and world languages named after Abylai Khan,
Almaty, Republic of Kazakhstan
M.yerubay@mail.ru

Abstract. Currently, criminal cases on charges of crimes committed by minors are among the most time-consuming problems for each state.The significance of this problem lies not only in the disclosure of crimes and the use of punishment for it, but also in the fact that the crime is committed by subjects who have just entered adulthood.In recent years, the fact that the number of juvenile crimes is increasing is also alarming, becoming more and more serious.To increase the effectiveness of the prevention of juvenile crimes, it is necessary to develop a set of measures to coordinate interaction, including the activities of all law enforcement, government agencies, youth and public organizations and institutions dealing with the problems of children and adolescents. Therefore, it is necessary to apply for minors those enforcement measures that are not a measure of criminal punishment, but have an educational character.

Keywords: responsibility, rules, psychological peculiarity, physiological development, behavior, criminal, teenager, minor, justice, punishment.

Егемен, тәуелсіз өркениетті елдің бүгіні мен ертеңі тәрбиелі де саналы, жан-жақты үйлесімді қалыптасқан, озық ойлы жастардың қолында екендігі белгілі. Болашақтың тізгінін ұстайтын ел жастарының алдағы атқаратын іс-әрекеттерінің түп-тамыры бүгінгі күнмен тікелей байланысты.

Мемлекеттің әділеттік және ізгілік принциптерін негізге ала отырып, кәмелет жасына толмағандардың жас ерекшелігі жағынан және ақыл-ойы жөнінен толық жетілмегендігін дәйектей отырып, оларды арнайы қамқоршылыққа алудың көрінісі болып саналады. Осыған орай, еліміздегі қолданыстағы қылмыстық заң кәмелет жасына толмағандарға ересектермен бірдей талап қоймайды. Кәмелет жасына толмағандардың психологиялық жағдайын ескере отырып, оларға қылмыстық жауаптылықтың ерекше жағдайларын белгілеу қылмыстық жазалаудың мақсаттарына жетудің бірден-біртура жолы болып табылады. Қылмысқа барған тұлғаның жеке басының ерекшелігін анықтау қылмыстық істі тергеу барысында кінәлінің жауаптылық дәрежесін белгілеу үшін маңызы зор. Сондықтан кәмелет жасына толмағандар үшін қылмысты жаза болып табылмайтын тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын кеңінен қолдану белгіленген.

Кәмелет жасына толмаған қылмыс жасаушыларды құқықтық қорғау мәселелерінің маңызы зор болып табылады. Кәмелет жасына толмаған құқық бұзушылардың психикалық жағдайы мен жасының ерекшеліктерін ескере отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1985 жылы «Пекиндік Ереже» деген атпен белгілі «Кәмелет жасына толмағандарға сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт» ережелерін бекітті[1].

Аталған ереже әрбір елдің заңдарында ескеріле отырып, кәмелет жасына толмағандардың қылмыстық істеріні тергеу және сот талқылауы барысында қолданылуы шарт.

Ережелерде қабылданған ұсыныстар негізінде, бекітілген кәмелет жасына толмағандардың істері бойынша қылмыстық іс жүргізуде еліміздегі қолданыстағы қылмыстық-процестік кодексінде аталған тұлғалардың жас ерекшеліктері мен құқықтық жағдайы ескерілген. 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 57-тарауының нормалары кәмелет жасына толмағандардың құқықтары мен мүддесін қорғауға, соттаіс жүргізудің тәрбиелік ықпал етуді қамтамасыз етуге бағытталған және кәмелет жасына толмағандардың істері бойынша іс жүргізуде қолданылатын ерекше ережелерді көздейді. Оларда кәмелет жасына толмағандардың құқықтары және заңды мүддесіне қосымша кепілдіктер мазмұндалған, сондықтан іс жүргізу әрекеттерін реттейтін жалпы қабылданған нормаларды ауыстырмайды, тек толықтырып отырады. Бұл нормаларқылмысқа барған сәтте жасы 18-ге толмаған тұлғалардың істеріне қолданылады[2].

2014 жылғы 3 шілдедесінде қабылдан Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 6 бөлімінде кәмелет жасына толмағандардың қылмыстық жауапткершілігі қарастырылып, 80 бапта «кәмелет жасына толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он төрт жасқа толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар» - деп анықтама береді. Яғни, кәмелет жасына

толмағандардың санаты бойынша қылмыстық жауапкершіліккке тартылатын ең төменгі жас 14 жасқа толған жасөспірімдер болып табылады[3].

Егер кәмелет жасына толмаған қылмыс жасаушы Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінде көзделген жасқа толса, алайда психикалық жағдайының бұзылуына байланысты емес психологиялық дамуы жағынан кенде қалуы салдарынан ұсақ немесе ауырлық деңгейі орташа қылмысты жасау кезіндегі өзінің әрекетінің немесе әрекетсіздігінің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін толық көлемде сезіне алмаса немесе оған ерік берсе, қылмыстық жауапкершілікке тартылуға тиісті емес.

Егер кәмелет жасына толмаған қылмыс жасаушының ақыл-есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикалық жағдайының бұзылуы оларды қылмыстық жауаптылықтан босатпайды, бірақ бұл жағдайды сотта жаза тағайындау кезінде жазаны жеңілдететін жағдай ретінде ескереді. Бұл өз кезегінде Қылмыстық заңнамада көзделген медициналық емдеу сипатындағы мәжбүрлеу шарасын тағайындауда негіз болады.

Қылмыс жасаған уақытта он сегіз жасқа толған тұлға кәмелет жасына толмағандар қатырына жатқызылмайды. Бірақ Қылмыстық кодекстің 90-бабының талаптарына сәйкес он сегіз бен жиырма бір жас аралығында қылмыс жасаған азаматтарға жасаған әрекетінің сипаттарын және жеке басының жағдайын ескере отырып, ерекше жағдайларда сот үкімімен оларға кәмелет жасына толмағандарға арналған арнайы тәрбиелеу немесе емдеу мекемесіне орналастыруды қоса алғанда, осы бөлімнің ережелерін қолданаалады. Осы ретте қоғамға қауіпті істелген іс-әрекеттің мәні он сегіз және жиырма бір жас шамасындағы азаматтардың жас ерекшеліктеріне және психологиялық тұрғыдан жете дамымауына байланысты болуы қажет.

Кез келген қылмыстың алдын алу үшін әуелі жалпы тәрбие беруі, оның ішінде құқықтық тәрбие негізгі құрал болып есептеледі. Сондықтан да елімізде жалпыға бірдей құқықтық білім мен тәрбие берудің негізгі талаптарын іске асырып, жастарға өз дәрежесінде жеткілікті дәрежеде құқықтық тәрбие беруді нәтижелі жүргізуді жолға қою қажет. Шетелдік ғалымдардың бірауыздан, жасөспірімдердің деструктивті (заңсыз) мінез-құлқы және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады дейді[4]. Өйткені, құқықтық тәрбие жас өрендер мен жасөспірімдердің бойында құқық сауаттылықты қалыптастырып, заң талаптарын құрметтеусезімін қалыптастырып, жас ұрпақтыңсанасына құқық пен міндеттің бірлігін сезіндіреді, оларға қоғамда өзін-өзі дұрыс ұстап, әсіресекәмелет жасына жасы толмағандарарасында қоғамға жат, қылмыстық іс-әрекеттердің алдын алып болдырмауға өзіндік мүмкіндік туындатады.

XX ғасырдың аяғында, шетелдік ғалымдар кәмелетке толмағандардың 88% бұзылған немесе түрмысы нашар отбасылардан шыққанын атап өтеді[5].

Сондықтанда, қоғамда орын алатын қылмыстың алдын алуға бағытталған шаралар олардың негізгі сипатына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Алайда, басты шара – Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей «Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру»[6].

Елімізде мемлекет тарапынан қолға алынған іс-шаралардың барлығының негізгі мәні мазмұны қоғамдағы тәртіп бұзушылықтың алдын алуға және қылмысты болдырмауға бағытталған.

Қылмысқа жол берген тұлғаның жеке бас ерекшелігін анықтау қылмыстық істі тергеу барысында кінәлі азаматтың жауаптылық дәрежесін белгілеуде маңызы зор. Дегенмен, сот ісі барысында қылмыс жасаушының тағдырын нақтылы шешетін қылмысына қарай жаза тағайындау кезінде сотталушының жеке бас ерекшеліктерін ескерудің маңызы одан да ерекше.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамада кәмелет жасына толмағандардың қылмыс жолына түсуінің негізгі себептері мен жағдайларын айқындауға баса назар берілген.

Бұл өз кезегінде кәмелет жасына толмағандардың жас шамасына қатысты және олардың психологиялық жағдайының даму ерекшеліктеріне байланысты. Әдетте кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер жақсы мен жаманды, олардыңара жігін ажырата алмайды, кей жағдайда тентектік пен құқық бұзушылықты шатастырып алуы жиі кездеседі. Көп жағдайларда кәмелет жасына толмағандар ауыр қылмыс жасай отырып, өзінің іс-әрекетін және оның орын алатын салдарын қоғамдық тұрғыдан сезінбеуі мүмкін. Әрине, жас өреннің мұндай теріс қылықтары мен қасиеттері уақыт өте келе жойылады. Алайда кейбір ауыр қылмыс жасаушылардың бұл қасиеттері кәмелет жасына толмаған қылмыс жасаушылардың қоғам үшін едәуір қауіпті екенін дәлелдейді.

Жас қылмыскердің жеке сипаты, кез келген азаматтар секілді оның басына түскен жағдайлармен қоса сипатталады. Мәселен, тұлғаның әлеуметтік байланыстары, яғни саяси орта, еңбек қатынастары, тұрмыстық және отбасылық жағдайы және т.б., сонымен қатар оның психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктері жынысы, жасы, денсаулығы, сондай-ақ оның өмір дағдысы, өмірлік тәжірибесі, білімі, сіңірген еңбегі мен қоғам алдындағы кінәлігі. Аталған психологиялық, физиологиялық, физикалық

қасиеттердің бірқатары әрбір қылмыс құрамының міндетті элементтері ретінде заң нормаларына енгізілген және нәтижесінде кінәлі адамды қылмыстың субъектісі ретінде сипаттайды.

Бұл белгілерді сот ісінде қылмыстың жауаптылық дәрежесін анықтау кезінде және сәйкесінше жаза тағайындау барысында ескеріледі. Мысалы, сот он төрт жастағы жасөспірімнің қылмыстық жауаптылығының дәрежесін анықтағанда, оны кәмелет жасына жасы толмағандар жөніндегі комиссияға өткізу арқылы қылмыстылық жазадан босатуы немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 84-бабында қарастырылған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының бірін қолдануы мүмкін.

Ал өз кезегінде, дәл осылай қылмыс жасаған он жеті жасқа толған азамат үшін қылмыстық жаза тағайындау мәселесіөзгеше шешілуі мүмкін.

Сот ісінде әрбір азаматтың жеке басының ерекшеліктерін саралағанда еш уақытта ұқсас екі бірдей жасөспірімнің болуы мүмкін еместігін естен шығармауы керек. Өйткені олардың әрқайсының өзіне тән темпераменті, мінезі, рухани әлемі мен мінез-құлқының өзіндік ерекшеліктері бар.

Кәмелет жасына толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін қадағалап, реттеп отыратын заңдардың орындалуы түптен келгенде жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне, физиолгоиялық және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Қазіргі кезге дейін қоғам үшін қатер тудыратын, аса қауіпті қылмыс жасаған қылмыскерлердің психологиялық ерекшеліктеріне көптеген зерттеулер жүргізілгені белгілі. Бұл зерттеулердің барлығы физиология және психология саласындағы ғылымдардың еңбектерінің жетістіктеріне негізделеді.

Нобель сыйлығының лауреаты, физиолог ғалым И.П. Павлов адамның жүйке жүйесінің 4 типті болатындығын анықтап көрсетті. Онда негізінен адамның жүйке жүйесінің күші анықталған. Атап айтқанда бірінші типке негізінен күшті, байсалды, ширақ; екінші типке күшті, байсалды, сабырлы; үшінші типке күшті, бірақ сабырсыз; ал төртінші типке әлсіз жүйке жүйесі жатады. Сәйкесінше, физиология ғылымының негізіне сүйене отырып адамның жүйке жүйесінің аталған әрбір типі үшін белгілі бір темперамент сәйкес келеді деп үйретеді. «Темперамент - адам нерв жүйесінің негізгі сипаттамасы, ол әрбір индивидтің бүкіл қызметіне нақты кескін береді», - деп жазды[7,103б.].

Жасөспірімнің де мінез-құлқы көп жағдайда оның темпераментіне байланысты. Кейбір жасөспірімдердің шапшаң, жылдам, қызба болуы, қажетті тапсырманы, жұмысты өз дәрежесіне сай орындауы, оның темпераментінің холерик екендігін көрсетеді. Егер қимылы сабырлы, өзі салмақты, бірақ жылдам қарым-қатынасқа ебі жоқ, әрбіріс-әрекеті қызметтің бір түрінен екіншісіне баяу ауысып, берілген жұмысты немесе тапсырманы асықпай, бірақ тиянақты орындайтын тұлғалар флегматиктер типіне жатады. Әркез байсалды, айналасындағылар мен тіл табысқыш, шапшаң қарым-қатынасқа дайын тұратын, сезімі тез арада пайда болып, ұзаққа бармай, тез арады белгілі бір өзгеріске ұшырайтындар сангвиниктер типін құрайды. Сангвиниктердің ерекшеліктері – олардың іс-әрекетте қызметтің бір түрінен екіншісіне тез ауыса білуі, бейтаныс тұлғалармен оңай әрі жылдам араласып кету қабілетінде. Төртінші типке меланхоликтер кіреді. Бұл типтегі азаматтар сангвиниктерге қарама-қарсы, яғни қандай да болса өзгерістерді ауырсынады, жаратпайды, бөтен кісілерге өмірдің әртүрлі жаңа жағдайларына едәуір қиындықпен көндігеді. Олардың сезімдері бірден пайда бола қоймайды, ал пайда бола қалған жағдайда сезімдері тұрақты және ұзақ мерзімге дейін сақталады. Темпераменті бойынша меланхоликтерге жататын тұлғалар шешім қабылдауға баяу, өкпешіл, өзгегесенбейді, білімі мен қабілетіне де сенімсіз. Олар уайымшыл келеді. Мінезіне қарап әрбір жасөспірімнің қандай қылмыстық әрекетке бейім екендігін анықтау қиынға соғады. Мұнда көп жағдайда алған тәрбиесі, қоршаған ортасы және өмірдегі нақты жағдайлар маңызды роль атқарады. Сол себепті кейбір қылмыскерлер жасөспірімдерді қылмыстық әрекетке итермелегенде олардың мінез-құлқындағы өзіндік ерекшеліктерін өз мақсатына пайдалана біледі.

«Жасөспірімдердің қылмысқа барғаны үшін жазаға тартқаннан, қылмыстылықтың алдын алған әлдеқайда дұрыс» - деген пікір қоғамда ертеден қалыптасқан. Кез-келген алдын алу жұмыстарының нәтижелі болуы алғаш жасалған теріс қадамның дер кезінде анықталғандығынан емес, сонымен қатар алдын алу ісінде кәмелет жасына толмағандардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге де байланысты. Жасалатын қылмыстың алдын алу барысында кәмелет жасына толмағандардың биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қалыптаса қоймағандығына көз жеткізіп, оның жас шамасы мен психологиялық-әлеуметтік, өнегелік ерекшеліктерін тәрбиелік деңгейі мен білімін ескерудің маңыздылығы зор болып табылады.

Жасөспірімдердің өнегелік ой-санасы бұрмаланған жағдайда оның негізгі құндылықтарының бағыты, қызығушылығы, қажеттілігі, дүниеге деген өзқарасы, өнегелік позициясы, адамгершілік бейнесі мен сана-сезімі өзгеріске ұшырап, теріс сипатқа ие болады.

Білім беруде балалардың жағымды қасиеттеріне (күшті болуға және спортпен шұғылдануға, жануарларға деген сүйіспеншілікке немесе гитарада ойнауға деген құштарлыққа) сену керек.

Позитивтің дамуы (баланың барлық дерлік мүдделерін ескеріп, оның әрекеттерін қайта бағалауға ынталандыратындай), көбінесе сіз оны түсінетін, бүкіл тізбекті соза алатын тұлға болып табылады - тұлғаның даму бағытын өзгертіңіз, оны жаман әсерден алыңыз[8].

Құқықтық сананың өзгеріске ұшырауы кәмелет жасына толмағандардың қылмыстылығының артуына, заң талаптарына қарама-қарсы өз талаптарын қоюына, сондай-ақ қойылған талаптардың мәнін өз деңгейінде түсінбеуіне әкеліп соқтырады. Аталған жағдайлар кәмелет жасына толмағандардың дұрыс бағытталмауына әсерін тигізіп, қылмыс жасауының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Сондықтан жасөспірімдердің қылмыстылығының алдын алу үшін ең алдымен құқықтық және саналы, отбасылық дұрыс тәрбие беру маңызды. Кездейсоқ, жауап алынған кәмілетке толмаған жалдамалы қылмыскерлердің жартысынан көбі үйде физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырайды деген. Сонымен қатар, толық емес отбасы қауіпті, себебі бұл немқұрайдылыққа, ұжымдық ықпалдың болмауына алып келеді[9].

Ал жасөспірімдердің қылмыстылығына жол бермеу, ескерту, алдын алу оларға құқық жөнінде білім беріп, тәрбиелеу - кәмелет жасына толмағандардың ісі жөніндегі комиссия қызметінің бір қыры ретінде танылады[10].

Ғалымдардың зерттеуі бойынша оқушылар құқықтық білімнің жалпы көлемінің тек 5,9 пайызын ғана мектеп қабырғасынан алады. Бұл көрсеткіш жасөспірімдердің бойынан отан сүйгіштік, заң талаптарына бағыну, оны бұлжытпай орындау сияқты қасиеттерді, адамгершілік, өзгенің құқығын сыйлау сезімдерін қалыптастыру мақсатында белсенді азаматтық және құқықтық білім берудің қажеттігін айқындап отыр.

Кәмелет жасына толмаған балалардың психологиялық дамуы, ересектеге қарағанда психологиялық жағынан өзгеше. Олар үшін инпульсивтік, жоғары әсерленгіштік, қызбалыққа тез түсу, көңіл күйінің тұрақсыздығы, өз-өзіне сенімсіздік, өз әрекетінің дұрыстығына жиі сенімді. Жастардың бойындағы негізгі психологиялық қасиеттер мақсаттылық пен табандылық болып табылады. Тұрақсыздық өз-өзіне сенімділікпен, жасымаушылық сенімсіздік пен жабырқаушылыққа жиі алмасып отырады.

Нәтежесінде, кәмелет жасына толмаған қылмыс жасаушылардың жас ерекшелік психологиясы мен өзіндік болмысына назар аударып, олардың қылмыс жасамауына, қылмысты болмауына жұмыс жасаудың маңызы ерекше.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Минимальные стандартные правила ООН, касающихся отправления правосудия в отношении не совершеннолетних. Основные международные документы. Права человека. -Москва, 1989 жыл.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі № 231-V ҚРЗ2014 жыл. 4 шілде. [Электрондыққор]. Рұқсат режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі № 226-V ҚРЗ 2014 жыл. 3 шілде. [Электрондыққор]. Рұқсат режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226

4. Loeber R., Slot N. W., Van der Laan P. H., & Hoeve M. (2008). Tomorrow's criminals: The development of child delinquency and effective interventions / R. Loeber, N. W. Slot, P. H. Van der Laan, M. Hoeve. - Hampshire: Ashgate Publishing Ltd, 2008. - P. 75.

5. Jeandidier W. Droit penal general / W. Jeandidier. – Paris : Montchrestien, 1988. - P. 31

6. ҚР Президентінің "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы. -2018 жыл, 10 қаңтар.//https://pdf.egemen.kz/2018/01/10/

7. И.П.Павлов «Таңдамалы шығармаларының толық жинағы»., 3 том 2 кітабы, - Москва, 1951. -584 бет.

8. Curran D., Cook S. Growing Fears.Rising Crime: Juveniles and Chinas Justice System// Crime and Delinquency.-1993.-V.39.-N3.P.310.

9. Блэкборн Р. Семейные и социальные корреляты преступности /Р. Блэкборн [Электронный ресурс]. - Режим доступа: http://www.warning.dp.ua/bezop121-1.

10. Сартаев С. А. Кәмелетке толмағандардың құқықтық санасының қалып-тасу ерекшеліктері: автореферат дис. заң ғылым. канд.: 12.00.01 -Алматы, 2009.-24 б.

Карасаева А.Б.
заң ғылымдарының докторанты
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

АДВОКАТТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІСТІ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРІ

Түйін: Мақалада адвокатураның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы ролі, адвокаттық қызметті реттейтін заңнаманың негізгі ережелері, адвокаттардың азаматтық процестегі өкілеттіктері зерттеліп, азаматтық процестегі өкілдіктің түрлеріне және адвокаттардың азаматтық сот ісіне қатысу кезеңдеріне талдау жасалған.

Түйінді сөздер: Адвокаттар алқасы, адвокатура, азаматтық сот өндірісі, адвокат, адвокаттық қызмет, адвокат пен клиент арасындағы келісім, заң көмегін көрсету, сотта өкілдік ету, заңды өкілдер.

Аннотация: В статье рассмотрены роль адвокатуры в защите прав и свобод граждан, основные положения законодательства, регулирующего адвокатскую деятельность, полномочия адвокатов в гражданском процессе, виды представительства в гражданском процессе и стадии участия адвокатов в гражданском судопроизводстве.

Ключевые слова: Коллегия адвокатов, адвокатура, гражданское судопроизводство, адвокат, адвокатская деятельность, соглашение между адвокатом и клиентом, оказание юридической помощи, представительство в суде, законные представители.

Resume: The article discusses the role of the bar in protecting the rights and freedoms of citizens, the main provisions of the law governing the advocacy, the powers of lawyers in the civil process, the types of representation in the civil process and the stages of the participation of lawyers in civil proceedings.

Keywords: Bar association, advocacy, civil proceedings, advocate, advocacy, agreement between an advocate and a client, providing legal assistance, representation in court, legal representatives.

Адам мен азаматтың құқығына кепілдік беретін негізгі заңның конституциялық ережелерінің арасында маңызды конституциялық принцип ретінде қолданылатын білікті заң көмегін алу құқығы ерекше орын алады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында әрбір адамның білікті заң көмегін алуға құқығының бар екендігі тікелей көрсетілген [1].

Сөйтіп, азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге тиісті құқық қорғау жүйесінде адвокатураға маңызды орын беріледі. Адвокату раның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны – адвокаттар алқасы – білікті заңгерлердің кәсіби ұйымы. Оның міндеті жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету, құқықтар мен заңды мүдделерді, заңдылықты сақтау мен нығайтуға, сондай-ақ заңдарда көзделген кейбір өзге міндеттерді атқаруға жәрдемдесу болып табылады. Адвокаттар алқасы адвокатураның шынайы өзін-өзі басқаруын, адвокаттардың кәсіби шеберлігін, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жеке адамның құқығын қандай да бір қол сұғушылықтан қорғау, заңдылықты орнату және сот төрелігіне көмектесу – адвокаттық қызметке үлкен саяси-әлеуметтік маңыз береді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда адам және азаматтың құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бар екендігін атап өткен жөн. Мысалы, соттар, прокуратура, ішкі істер, әділет органдары жоғарыда аталған құқық қорғау міндеттерін бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып атқарады. Алайда осы міндеттерді табысты жүзеге асыру адвокатура сияқты қоғамдық-құқықтық институтсыз мүмкін емес. Қазақстандық заңнамада адвокатура ешбір жерде құқық қорғау органы ретінде көрсетілмесе де, ол іс жүзінде құқық қорғау қызметі міндеті атқарады. Әдетте, құқық қорғау қызметі ретінде біз азаматтар мен ұйымдардың құқығы қорғауды мақсат ететін және заңға сәйкес заңдық әсер ету шараларын қолдау жолымен арнайы мемлекеттік органдар жүргізетін және олар белгілеген тәртіп мүлтіксіз сақталатын қызметті түсінеміз.

Конституцияның білікті заң көмегін алуда азаматтар мен ұйымдарға кең және тең мүмкіндік беретіндігін атап өткен жөн. Конституциялық нормаларға сүйене отыра, «Адвокаттық қызмет туралы», кейін «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 5 шілдедегі Заңы қабылданған [2].

Қазақстан Республикасы заңында адвокаттардың кәсіби заң білімін қажет ететін мәселелер бойынша консультациялар, түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар беретіндігі; талап қою арыздарын шағымдары мен басқа да құқықтық сипаттағы құжаттарды жасайтындығы, қылмыстық және азаматтық сот жүргізу істері мен әкімшілік құқық бұзушылық істерге қатысатындығы; азаматтар мен ұйымдарға өзге де заң қызметін көрсететіндігі тікелей айтылған [2].

Сөйтіп, адвокаттар кәсіби қызметінің мазмұны нақ осы заң көмегін көрсету болып табылады. Өз кезегінде адвокат көрсететін заң көмегі консультациялар, түсіндірмелер беру, талап қою арыздарын,

шағымдар, кузахаттар мен құқықтық сипаттағы өзге құжаттарды жасау және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттарды талап ету сот ісінде, сондай-ақ одан тысқары басқа іс-әрекеттерді белсенді жасау жолымен азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүддесін қорғаудың барлық заңды құралдары мен әдістерін пайдалану болып табылады.

Азаматтық сот өндірісінде адвокаттың іске қатысуы арнайы заңмен реттеледі.

Адвокаттық алқаларда мүше болатын және мамандық негізінде заң көмегін көрсете алатын жоғарғы заң білімі бар, екі жылдан жоғары жұмыс жұмыс өтілі бар, адвокаттың әрекетті жүзеге асыруға лицения алған Қазақстан Республикасының азаматы адвокат бола алады.

Қасақана қылмысы үшін сотталған немесе әрекет қабілеттілігі жоқ немесе шектелген азаматтар, адвокаттық алқалардын шығарылғандар адвокат бола алмайды.

Адвокаттық қызметпен айналысуға рұқсат беретін лицензия біліктілік емтиханы тапсырылғаннан кейін беріледі және оның күші Қазақстан Республи касының бүкіл территориясына қатысты болады.

Заң көмегін көрсету жөніндегі төлемақылар адвокат пен клиент арасын дағы келісімдермен реттеледі.

Адвокат заң көмегін көрсету негізінде белгілі болған мәліметтерді құпия түрінде сақтауға міндетті. Құпияны сақтамаған жағдайда жауапкершілікке тартылады.

Соттағы өкілдердің өкілеттігі жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Әрбір өкіл өзінің өкілеттігін куаландыратын құжатын және жеке басын куаландыратын құжатын сотқа табыс етуі тиіс.

Адвокаттың нақты іс жүргізуге арналған төкілеттігі немесе адвокаттың кеңсе берген ордермен, ал ол қызметін дербес жүргізген жағдайда адвокат клиентпен жасасқан шартпен куәландырылады.

Кәсіптік одақтар мен басқа ұйымдық уәкілеттік берілген адамдар сотқа осы іс бойынша өкілдікті жүзеге асыруға арналған тапсырманы куәланды ратын құжаттарды беруге тиіс. Заңды тұлғаның басшылары заңды тұлға атынан тиісті сенімхаттар береді.

Ата-аналар заңды өкіл ретінде сотқа АХАТ органдар берген баланың тууы туралы куәлігін беруі тиіс. Асырап алушылар-сот шешімдерін және жаңадан алған тууы туралы куәлікті көрсетуі тиіс. Қамқоршылар мен қорғаушылар сол органдардан берілген актілерді көрсетуі тиіс.

Адвокатура өзінің маңызы мен орны бойынша қоғам мен мемлекет тарапынан да басқа мемлекеттік құқық қорғау органдары сияқты өзіне соншалықты назар аударуды талап етеді, өйткені заң адвокаттан өзіне заң көмегін көрсетуді сұраған әрбір адамның конституциялық құқығы мен мүддесін толық, объективті және білікті қорғауды талап етеді. Әңгіме бұл арада адвокаттардың пайдакүнемдік жеке мүдделері туралы емес, қайта өтпелі кезеңдегі қоғам үшін де, азаматтар үшін де көкейкесті заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мен нығайту мәселелері туралы болып отыр [3].

Адвокаттар кәсіби қызметінің мазмұны нақ осы заң көмегін көрсету болып табылады. Өз кезегінде адвокат көрсететін заң көмегі консультациялар, түсіндірмелер беру, талап қою арыздарын, шағымдар, қузаухаттар мен құқықтық сипаттағы өзге құжаттарды жасау және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттарды талап ету сот ісінде, сондай-ақ одан тысқары басқа іс-әрекеттерді белсенді жасау жолымен азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүддесін қорғаудың барлық заңды құралдары мен әдістерін пайдалану болып табылады.

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру – Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланған құқықтық және демокра тиялық мемлекет құру жолындағы маңызды міндеттердің бірі. Онда алға қарай даму болашағы бар, өйткені қазіргі құқықтық жүйе жалпы тиімді құқықтық институттың болуын көздейді. Олардың арасында тәуелсіз адвокатура лайықты орын алады. Нақ осы адвокатура жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыру кезінде білікті заң көмегін көрсетуді қамтамасыз етеді.

Сотта азаматтық істі қарау кезінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін білдіру – адвокаттық қызметтің маңызды жақтарының бірі. Өзіне өтінген тұлғаға азаматтық процесте олардың мүддесіне өкілдік ету жолымен білікті заң көмегін адвокаттың көрсету мүмкіндігі бір қатар шарттарға байланысты. Бұл шарттар адвокаттың сотта іс жүргізуді өзіне қабылдауна немесе одан бас тартуына ықпал етеді.

Азаматтың сотта өз құқығын жеке қорғауын және өз ісін жүргізуде кәсіби өкілге – адвокатқа тапсыру құқығының айырмашылығын ажырата білу керек. Егер мүдделі тұлға заңда белгіленген барлық жағдайда өзінің заңды құқықтары қорғау үшін сотқа жүгінуге құқықты болса, онда осындай тұлғалардың адвокатқа азаматтық сот ісінде өзінің өкілі болу туралы өтініші тек белгілі бір шарттарда ғана қанағаттандырылуы мүмкін. Сөйтіп, азамттық іс бойынша құқықтық айқындама түсінігі бірнеше элементтерді қамтиды.

Адвокат тек өзіне заң көмегі үшін жүгінген тұлғаның заңды мүддесін қорғайды. Даулы мүдденің заңдылығы – бұл құқықтық айқындаманың алғашқы элементі. сондықтан бірінші кезекте, адвокат клиент талабының немесе наразылығының заңдылығы, яғни даулы мүдденің заңға сәйкестілігі немесе оның ережелеріне қайшылығы туралы мәселені айқындап алуға тиіс. Бұл үшін даулы құқық қатынасының мәнін, талаптың немесе наразылықтың материалдық құқықтық негізін зерттеу қажет [4].

Даулы қатынасты реттейтін заң ережесінің болмауы адвокаттың іс жүргізуіне кедергі болып табылмайды. өйткені азаматтық процесте мүдделерді қорғау осыған ұқсас қатынасты реттейтін ортақ бастама мен принциптер негізінде де ықтимал.

Іс бойынша құқықтық айындаманың екінші элементі клиент қорғаны сында қажетті дәлелдемелердің болуы.

Заңмен көзделген тәртіп сот тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлар бар-жоғын, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін өзге де маңызы бар мән-жайларды солардың негізінде анықтайтын заңды түрде алынған нақты деректер іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Азаматтық іс бойынша адвокат көрсеткен заң көмегін ақы төлеу туралы соттың ұйғарымы шешім қабылдаумен бір мезгілде шығарылады [5].

Адвокат алдын ала тергеуге қатыспаған жағдайда, соттағы қылмыстық және азаматтық істің материалдарымен танысу, сондай-ақ сот отырысының хаттамасымен танысу үшін қажетті (не іс жүзінде жұмсалған) сағаттардың санын азаматтық істің көлемі мен күрделілігіне қарай судья белгілейді

Сот пен өкілдердің арасында құқықтық қатынастар белгілі заңды фактілерге байланысты туындайды. Ол фактілерге:

- Сотқа өкілеттігін куәландыратын құжаттарды табыстау немесе өкіл берушінің өкіл тағайындау жөніндегі ауызша өтінішін хаттамаға тіркеу.

- Өкілді іске қатыстыру жөніндегі соттың ұйғарымы жатады.

Азаматтық процестік кодекске сәйкес сотта өкілдік етудің екі түрі бар.

а) Тапсырма бойынша өкілдік ету.

б) Заңды өкілдер.

Тапсырма бойынша өкілдік етудің өзі бірнеше түрлерге бөлінеді.

- Шарттық өкілдер-тапсырма шарты бойынша немесе еңбек шарты бойынша пайда болады. Оған адвокаттың қызметі немесе азаматтардың өтініші бойынша кез-келген тұлғанаң өкіл ретінде қатысуы және тең қатысушылардың біреуінің басқа қатысушылар атынан өкіл ретінде іске қатысуы жатады [6].

- Қоғамдық өкілдер- азаматтық қоғамдық бірлестіктерге мүше болуы негізінде пайда болады.

- Заң көмегін заңмен немесе жарғымен басқа адамдардың мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті адамдары жүргізеді.

- Жарғы бойынша өкілдік ету –ұйымдардың ісін сотта заңмен, құрылтай құжаттарымен берілген өкілеттік шегінде олардың органдары немесе өкілдері жүргізеді. Заңды тұлғалардың басшылары сотқа олардың қызметтік жағдайын немесе өкілеттіктерін куәландыратын құжаттар береді.

Заңды өкілдер әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттігі шектеулі адамдарға тағайындалады. Олардың өкілдері ретінде ата-аналары, асырап алушылары, қамқоршылары , қорғаншылары қатысады. Заңды өкілдер заңда көзделген шектеулермен өкілдік етушінің атынан жасау құқығы өкілдік берушіге тиесілі барлық іс жүргізу әрекеттерін жасайды.

Азаматтық процесте заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қараудың екі нысаны бар:

-қадағалау инстанциясында іс жүргізу;

-жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау.

Азаматтық процестің осы сатыларында адвокаттың қатысуы жоғарыда қаралғанға ұқсас мынадай сатыларға бөлінеді:

1. шағымды әзірлеу;
2. шағым келтіру;
3. істі қарауға қатысу.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қараудың негізі осы істі қарағар кезде сотпен жіберілген заңды бұзу және жаңа дәлелдемелер емес, жаңадан ашылған мән-жайлар болып табылады [7].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қадағалау алқасының қаулы ларын қоспағанда, республиканың барлық соттарының заңды күшіне енген актілері, осы тарауда көзделген негіздер болған сот қадағалауы тәртібімен қайта қаралуы мүмкін.

Соттың заңды күшіне енген шешімдеріне, ұйғарымдары мен қаулыла рына және сот бұйрықтарына тараптар және апелляциялық шағымдар беруге құқығы бар іске басқа да қатысушылар істі қадағалау тәртібімен қайта қарауға өкілетті сотқа тікелей шағымдана алады. Соттың шешімі,

ұйғарымы, қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап 1 жыл ішінде қадағалау шағымын беруге болады. Бұл ереже адам мен азаматтың Қазақстан республикасының Конституциясында баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін, ҚР Конституциялық кеңесі оларды шығаруда негізге алынған акт конституциялық емес деп тануы сот шешімдерін , ұйғарымдарын, қаулыларын қайта қарау жағдайларында қолданылмайды.

Қадағалау шағымының (наразылық келтіру туралы өтінімнің) мазмұны:

1. шағым (өтініш) жолданатын лауазымды адамның аты-жөні;

2. шағым беруші тұлғаның атауы, оның тұрғылықты жері немесе орналасқан орны және істегі іс жүргізу жағдайы;

3. сот актісінің мазмұны, сондай-ақ тұрғылықты жері немесе орналасқан орны көрсетіле отырып іске қатысушы тұлғаның аты-жөні;

4. істі бірінші, апелляциялық сатыда қарайтын соттар және олар қабылдаған шешімдердің мазмұны;

5. шағым жасалып отырған, наразылық келтіру ұсынылатын сот шешімі, ұйғарымы, қаулысы көрсетілуі керек;

6. сот қаулысының заңсыздығы немесе негізсіздігі неде екені және шағым (өтінім) беруші тұлғаның не өтінетіні көрсетілуге тиіс.

Егер сот актісіне апелляциялық тәртіппен шағым жасалмаған болса, шағымда оған шағым жасалмау себептері көрсетілуі тиіс. Егер қадағалау шағымын (өтінімін) іске қатыспаған тұлға берсе, онда шағым жасалып отырған шешім, ұйғарым, қаулы бұл тұлғаның қандай құқықтары бұзылғанын көрсетуге тиіс [7].

Істі қадағалау тәртібімен қараудын нәтижесінде сот мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1. Бірінші, апелляциялық немесе қадағалау сатысындағы шешімді өзгеріссіз, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырмай тастайды;
2. Бірінші, апелляциялық сатыдағы сот шешімінің толық не белгілі бір бөлігіндегі күшін жояды және істі Бірінші, апелляциялық сатыдағы сотта жаңадан қарауға жібереді;
3. Бірінші, апелляциялық сатыдағы сот шешімінің толық не ішінара күшін жояды және талап-арызын қарамай тастайды не іс бойынша іс жүргізуді қысқартады;
4. Іс бойынша шығарылған шешімдердін біреуін күшінде қалдырады;
5. Бірінші, апелляциялық немесе қадағалау сатысындағы соттын шешімін өзгертеді не оның күшін жояды, материалдық құқықтық нормаларды қолдануда және түсіндіруде қате жіберілген болса, істі жаңадан қарауға жібермей, жаңа шешім шығарады.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша арыздың нысанына азаматтық іс жүргізу заңдары ешқандай талап қоймайды, сондықтан оны құрас тырған кезде апелляциялық шағымның құрылысын пайдалануға болады. Алайда мұндай арыздарда мыналар белгіленуі керек:

-жаңадан анықталған мән-жайлар;

-істі шешу үшін олардың мәндік маңызы айрықша белгіленуі;

-іс бойынша шешімнің күшін жоюдың қажеттілігін бекітетін дәлелдемелер [8].

Сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін:

1. арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі бола алмаған іс үшін елеулі мән-жайлар;

2. заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан куәнің көрінеу жалған жауаптары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс аудармау, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;

3. заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген, тараптардың, іске қатысушы басқа адамдардың не олардың өкілдерінің қылмыстық әрекеттері немесе судьялардың сол істі қарау кезінде жасаған қылмыстық әрекеттері;

4. белгілі бір шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің не қаулысының не өзге де орган қаулысының күшін жою негіздер болып табылады.

Бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша осы шешімді шығарған сот қайта қарайды. Бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгерткен немесе жаңа шешім шығарған апелляциялық не қадағалау сатыларындағы ұйғарымдары, шешімдері, қаулы лары жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауды шешімді өзгерткен не жаңа шешім шығарған сот жүргізеді. Мұндай арызды іске қатысушы адамдар қайта қарау үшін негіз болатын мән-жайлар анықталған күннен бастап 3 ай ішінде бере алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. http://adilet.zan.kz
2. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ
3. Е.О. Алауханов Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық
және адвокаттық қызмет: оқулық /Е.О. Алауханов, - Алматы, 2014 . – 344 б.
4. Қазақстан Республикасындағы адвокатура: оқу-әдістемелік құрал/ жалпы ред. Р. Е. Джансараева; құраст.: Г. Н. Мұхамадиева; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық ун-ті – 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 102 б. Библиогр.: 92-93 б.
5. З.Х.Баймолдина. Разбирательство гражданских дел в суде первой инстанции.Алматы: Жеті Жарғы, 2015.
6. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ
7. К.С.Банченко-Любимова.Пересмотр судебных решений в порядке надзора. М.:Госюриздат, 2016.-Б.55.
8. С.Т.Тыныбеков Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокат тық және адвокаттық қызмет: оқулық / С. Т. Тыныбеков,; Дәнекер х.-а. құқық және х.-а. бизнес ин-ты, Әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті - Алматы: Дәнекер, 2014 - 317 б.

Карасаева А.Б.
заң ғылымдарының докторанты
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕ БІЛІКТІ АДВОКАТТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін: мақалада адвокаттар көрсететін білікті заң көмегінің құқықтық негіздері қарастырылған, адвокатардың азаматтық іс жүргізуде білікті заң көмегінің көрсетілуін реттейтін негіз қалаушы құжаттарға түсініктеме берілген.

Түйінді сөздер: азаматтар мен ұйымдардың құқығы қорғау, адвокаттар алқасы, «Адвокаттық қызмет және заң көмегін көрсету туралы» Заң, құқықтық кеңес беру, Құқықтық реформа, адвокаттардың біліктілігін арттыру, адвокаттың қызметі.

Аннотация: в статье рассмотрены правовые основы оказания квалифи цированной юридической помощи адвокатами, даются разъяснения осново полагающих документов, регламентирующих предоставление квалифициро ванной правовой помощи адвокатами в гражданском процессе.

Ключевые слова: защита прав граждан и организаций, коллегия адвокатов, Закон «Об адвокатской деятельности и оказании юридической помощи», юридическая консультация, Правовая реформа, повышение квалификации адвокатов, адвокатская деятельность.

Resume: the article discusses the legal basis for the provision of qualified legal assistance by lawyers, provides an explanation of the basic documents governing the provision of qualified legal assistance by lawyers in the civil process.

Keywords: protection of the rights of citizens and organizations, college of lawyers, Law “On advocacy and the provision of legal assistance”, legal advice, legal reform, advanced training of advocates, advocacy.

Кіріспе. Адам мен азаматтың құқығына кепілдік беретін негізгі заңның конституциялық ережелерінің арасында маңызды конституциялық принцип ретінде қолданылатын білікті заң көмегін алу құқығы ерекше орын алады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында әрбір адамның білікті заң көмегін алуға құқығының бар екендігі тікелей көрсетілген [1].

Сөйтіп, азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге тиісті құқық қорғау жүйесінде адвокатураға маңызды орын беріледі. Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны – адвокаттар алқасы – білікті заңгерлердің кәсіби ұйымы. Оның міндеті жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету, құқықтар мен заңды мүдделерді, заңдылықты сақтау мен нығайтуға, сондай-ақ заңдарда көзделген кейбір өзге міндеттерді атқаруға жәрдемдесу болып табылады. Адвокаттар алқасы адвокатураның шынайы өзін-өзі басқаруын, адвокаттардың кәсіби шеберлігін, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жеке адамның құқығын қандай да бір қол сұғушылықтан қорғау, заңдылық үшін күрес және сот төрелігіне көмектесу – адвокаттық қызметке үлкен саяси-әлеуметтік маңыз береді.

Негізгі бөлім: Қазіргі уақытта Қазақстанда адам және азаматтың құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бар екендігін атап өткен жөн. Мысалы, соттар, прокуратура, ішкі істер, әділет органдары жоғарыда аталған құқық қорғау міндеттерін бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып атқарады. Алайда осы міндеттерді табысты жүзеге асыру адвокатура сияқты қоғамдық-құқықтық институтсыз мүмкін емес. Қазақстандық заңнамада адвокатура ешбір жерде құқық қорғау органы ретінде көрсетілмесе де, ол іс жүзінде құқық қорғау қызметі міндеті атқарады. Әдетте, құқық қорғау қызметі ретінде біз азаматтар мен ұйымдардың құқығы қорғауды мақсат ететін және заңға сәйкес заңдық әсер ету шараларын қолдау жолымен арнайы мемлекеттік органдар жүргізетін және олар белгілеген тәртіп мүлтіксіз сақталатын қызметті түсінеміз.

Адам құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық пактінің 14-бабы (6-тармағы) және Адам құқықтарын және оның негізгі еркіндіктерін қорғау туралы конвенцияның № 7 Хаттамасының 3-бабы «егер де жаңа мән-жай немесе жаңадан айқындалған мән-жай сот қателігінің орын алғандығын талассыз дәлелдеген болса сот шешімі қайта қаралуы тиіс екендігін» көздейді [2], [3].

Адвокат – міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңымен реттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсе тетін Қазақстан Республикасының азаматы. Жоғары заң білімі, заңгер маман дығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған адам адвокат бола алады [4].

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылы 12 ақпандағы №3 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформа ның мемлекеттік бағдарламасы» бойынша құқық қорғау органдары туралы жаңадан заңдар қабылданып, осы органдарды тиімді қайта құрулар жүргізіледі [5].

Құқықтық реформа адвокатура туралы қолданылып жүрген заңдарды да қайта қарауды көздейді. Елімізде сот жүйесі тиімді жұмыс істеу үшін күшті мамандандырылған адвокатура керек еді. Осының нәтижесінде «Адвокаттық қызмет туралы» заң 1997 жылдың 5 желтоқсанында қабылдады, ал қазіргі кезде 2018 жылғы 5 шілдеде жаңа «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының № 176-VI ҚРЗ Заңы қабылданды [4].

Конституцияның білікті заң көмегін алуда азаматтар мен ұйымдарға кең және тең мүмкіндік беретіндігін атап өткен жөн. Конституциялық нормаларға сүйене отыра, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы заңында адвокаттардың кәсіби заң білімін қажет ететін мәселелер бойынша консультациялар, түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар беретіндігі; талап қою арыздарын шағымдары мен басқа да құқықтық сипаттағы құжаттарды жасайтындығы, қылмыстық және азаматтық сот жүргізу істері мен әкімшілік құқық бұзушылық істерге қатыса тындығы; азаматтар мен ұйымдарға өзге де заң қызметін көрсететіндігі тікелей айтылған [4].

Сөйтіп, адвокаттар кәсіби қызметінің мазмұны нақ осы заң көмегін көрсету болып табылады. Өз кезегінде адвокат көрсететін заң көмегі консуль тациялар, түсіндірмелер беру, талап қою арыздарын, шағымдар, кузахаттар мен құқықтық сипаттағы өзге құжаттарды жасау және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттарды талап ету сот ісінде, сондай-ақ одан тысқары басқа іс-әрекеттерді белсенді жасау жолымен азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүддесін қорғаудың барлық заңды құралдары мен әдістерін пайдалану болып табылады.

1950 жылғы 04 қарашада қабылданған Адамның құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция (онан әрі – Конвенция) әрбір адамның азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеген кезде істі заң негізінде құрылған тәуелсіз және әділ, бейтарап сотта қисынды мерзімде көпшілік сипатында, әділ негізде қарату құқығын бекітеді (Конвен цияның 6 бабының 1 тармағы) [6].

ҚР Конституциясының 13-бабының 2-тармағына сәйкес әркімге оның құқықтары мен еркіндіктерін сот жүзінде қорғауға кепілдік беріледі [1]. Осы ереже мемлекет әркімге сот тарапынан қорғау құқығын (соның ішінде жіберілген сот қателіктерінен де) толық көлемде қамтамасыз етуі тиіс екенді гін білдіреді. Осы міндет сондай-ақ, халықаралық құқықтың жалпыға таныл ған қағидаттары мен нормаларына да, атап айтқанда, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының [7] 8-ші және 29-баптарына және Азамат тық, саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің [8] 2-бабында бекі тілген ережелерге, сондай-ақ, Адамның құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қорғау туралы конвенцияға да негізделеді.

ҚР Конституциясында [1] және Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің [9] қағидаларына сәйкес әрбір адам бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын, бостандықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар заңда көзделген жағдайларда өзге адамдар дың немесе азаматтардың белгілі бір тобының құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы сотқа арыз беріп жүгінуге құқылы.

Әрбір адамның азаматтық процесс барысында білікті заң көмегін алуға құқығы бар.

ҚР Азаматтық процестік кодексінде көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі. Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық істерді қарау кезінде көмек көрсете, мүдделерін білдіре отырып адвокаттар істі оңға дәл сәкестікпен дұрыс шешуге жәрдемдеседі. Азаматтық процесте қатысушылар дың азаматтық заңнама нормаларын білмегендіктен өз құқықтарын жүзеге асыру жолдары туралы қате пікірде болатын оқиғалар да кездеседі. Мұның арты уақыттың жоғалуына, денсаулықтың төмендеуіне және сот дауын шешу үшін артық қаражаттың жұмсалуына әкеліп соғады. Бұл мәселе қолданыс тағы заңнама шегінде басқа әдістермен шешілуі мүмкін. Осы жағдайда адвокаттың білікті көмегі тұлғаға өз құқықтары мен мүдделерін қорғаудың өте тиімді жолдарын таңдауға мүмкіндік береді.

Кез келген қол сұғушылық пен тәртіп бұзушылықтың кімнің тарапынан болғандығына қарамастан, азаматтардың құқықтары қорғау жөніндегі өз міндетін адвокаттар заңда көзделген барлық құралдармен және әдістермен жүзеге асырылады. Бұл заңгерлік мәселелер бойынша консультация беру азаматтардың және меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың тапсыр масы бойынша сотта өкілдік ету, талапкердің, жауапкерлердің және өзге тұлғалардың өкілі ретінде азаматтық істерді сот талқылауына қатысу, сондай-ақ өзге де заң көмегін көрсету (оның ішінде заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарын даярлау, келісім шарт жасау және т.б.).

Ақиқатты анықтау үшін соттағы азаматтық істерді шешу кезінде тапсырылған материалдармен және түсініктемелермен шектелмей , процесте қатысушы тараптардың құқықтары мен міндеттерін қатаң сақтай отыра, істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті айқындау мақсатында заңда көзделген тарлық шараларды қабылдайды.

Азаматтық процесте негізгі қатысушы талаптар мен талапкер. Өз мүдде лерін немесе талап қойылған мүдделерді көздеп талапкер азаматтар мен заңды тұлғалар талап қоюшылар болып табылады. өздеріне қуаным талабы бойынша, яғни талапкер пікірі бойынша заңмен қорғалған оның мүддесін немесе құқығын бұзатын не болмаса дауға салатын тұлғалар жауапкерлер болып табылады. Талаптардың әрқайсысының іс жүргізуде қарама-қарсы мүдделері болады. Талапкер мен жауапкер сотта өз атынан сөз сөйлеген, іс бойынша сот шығынын көтереді, оларға сот шешімінің материалдық құқықтық күші қолданылады [10].

Процеске талапкер мен жауапкерден басқа даудың мәніне жеке талаптарды мәлімдейтін үшінші үшінші тұлғалар қатыса алады. Егер іс бойынша шешім тараптардың біріне қатысты олардың құқықтарына немесе міндеттеріне ықпал ететін болса, процесте талап қою мәні бойынша жеке талаптарды мәлімдейтін үшінші тұлғалар қатысады.

Азаматтық іс жүргізу құқығы мен міндеттеріне ие болу қабілеттігі (азаматтық іс жүргізу құқық қабілеттігі материалдық құқық субъектілері болып табылатын барлық азаматтар мен ұйымдар үшін тең дәрежеде танылады. Алайда процеске қатысу үшін жеке тұлғаларға азаматтық іс жүргізу құқық қабілеттігінің болуы жеткіліксіз, сонымен қатар оларды азаматтық іс жүргізуге әрекет қабілеттігі, яғни он сегіз жасқа толған, сотта құқықтарын өз іс-әрекеттерімен жүзеге және міндеттерін орындауға, іс жүргізуді өкілге тапсыру қабілеттігі болуға тиіс .

Адвокаттық қызметті жүзеге асыру барысында елімізде көрсетілетін адвокаттық қызмет заң көмегін көрсету сапасының өлшемдеріне сай болуы тиіс, себебі заң заң көмегін көрсету сапасының өлшемдері заң көмегінің сапа сын қамтамасыз ету және заң көмегін көрсету сапасына бірыңғай талаптарды қалыптастыру мақсатында «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

Заң көмегінің сапасы өлшемдері дегеніміз адвокаттар көрсететін заң көмегін қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау өлшемдері. Сапа өлшемде рінде заң көмегін көрсететін адвокаттың қызметіне қойылатын ең аз мөлшердегі талаптар көзделеді.

Адвокат заң көмегін көрсету барысында келесі негізгі ережелерді басшылыққа алуы тиіс:

1) заңның үстемдік құруы;
2) заң көмегін көрсететін тұлғалардың тәуелсіздігі;
3) клиенттің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау;
4) клиенттің мүддесінде оған заң көмегін көрсету;
5) кәсіби құпияны сақтау;
6) кәсіби және этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау;
7) заң көмегін көрсету шектерін және өлшемдерін еркін белгілеу;
8) заң көмегін көрсету стандарттарын сақтау;
9) сотты, сот ісін жүргізу ережелерін және кәсібі бойынша әріптрестерін құрметтеу;
10) заң көмегінің қол жетімділігі.

Осындайда заң көмегі құқықтық ақпарат беру және құқықтық кеңес беру түрлерінде түрде көрсетілетіндігін атап өткен жөн.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы ның Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгілен ген тәртіпте және жағдайларда жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін соттарда, қылмыстық қудалау органда рында, өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда қорғау және оларға өкілдік ету, клиентпен орын алған немесе келешекте орын алуы мүмкін құқықтық қатынастарға қатысушылар болып табылатын кез келген тұлғалар мен өзара әрекеттесе отырып клиенттің заңды мүдделерін қорғау мақсатында өзге де құқықтық іс-әрекеттерді жүзеге асыру да адвокаттық қызметтің негізгі функциялары ның бірі болып табылады.

Көрсетілетін заң көмегін көрсету өлшемдері дегеніміз клиенттің құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және жәрдемдесу мақсатында заң көмегін көрсету, заң ұсынған өкілеттіктер шеңберінде заң көмегін көрсету, заң көмегін көрсету барысында Қазақстан Республикасының қолданыс тағы заңнамасы нормаларын, сондай-ақ, Адвокаттың кәсіби этикасы кодексін сақтау, заң көмегін көрсетудің негізгі қағидаттарын сақтау. Әрбір қағидаттың жүзеге асырылуы заң көмегін көрсетудің өзге де қағидаттармен өзара байланыста жүзеге асырылады.

Осындайда адвокаттар кеңес берулердің негізділігі және уәжділігі, кеңестерді қолданыстағы заңнамаға сілтеме жасай отырып беруге, клиенттің мүдделерін басшылыққа ала отырып заң көмегін көрсету шараларын таңдауға, клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңда тыйым

салынбаған барлық тәсілдер мен құралдарды қолдануға, адвокаттық құпияны сақтауға, адвокаттың іске қатысуын болдырмайтын мүдделер қайшылығы және (немесе) өзге де процестік заңнамада көзделген жағдайлар орын алған кезде заң көмегін көрсету туралы қабылданған тапсырмадан бас тартуға назар аударғаны жөн.

Адвокаттар өз қызметінде сондай-ақ «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабының 2-тармағының 18) тармақшасына, 19-бабына сәйкес әзірленген «Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетудің көлемі мен тәртібі туралы» ережені де басшылыққа алады [1], [11]. Бұл құжат Қазақстан Республикасының адвокаттары үшін күнде лікті қызметінде қолдануға негіз болатын қағида.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі – адвокаттардың шартқа сәйкес аталған Ереженің 8-тармағында аталған тұлғаларға заң көмегін көрсетуі болып табылады және ол клиентке оның алғашқы рет адвокатқа жүгінген сәтінен бастап іс бойынша қорытынды құқықтық шешім қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіпте құқықтық қызмет көрсету болып табылады. Кешенді құқықтық көмек көрсету әлеумет тік жауапкершілікті жүзеге асыру нысандарының бірі болып табылады және кешенді құқықтық көмекті адвокаттар өз еркімен көрсетеді.

Адвокаттар кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету кезінде өз қызме тінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Адвокаттық қызмет және заң қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңын, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексін, Қазақстан Республикасы ның Азаматтық процестік кодексін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексін, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерін, сондай-ақ, аумақтық адвокаттар алқалары мен Республикалық адвокаттар алқасының Жарғыларын, олардың басқару органдарының шешім дері мен осы Ережені басшылыққа алады.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі азаматтардың құқықтары мен бостандық тарын жүзеге асыруға, олардың заңды мүдделерін қорғауға, азаматтардың әлеуметтік қорғалғандық деңгейін арттыру және азаматтардың әділсотқа қол жетімділігін қамтамасыз етілуіне жәрдемдесу, халықтың және әлеуметтік бағытта қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық білім алуы жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру құқықтық мәдениеті деңгейін арттыру мақсаттарда көрсетіледі.

Осындайда кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету субъектілері – кәсіби қызметін заңға қатысты кеңес беретін мекемелер, адвокаттық конторалар арқылы немесе жеке өздері жүзеге асыратын адвокаттар.

Кешенді заң қызметі «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қиын өмірлік жағдайдағы тұлғаларға, атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар тұлғаларға, Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және оларға теңестірілген тұлғаларға, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, жасы бойынша зейнеткерлерге, кәрілігі жеткен адамдарға және жалпы үлгідегі кәрілігі жеткен адамдар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын мүге дектерге, әлеуметтік және қаржы жағдайы қиын күйдегі өзге де тұлғаларға көрсетіледі.

Тек кешенді әлеуметтік заң көмегі азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде туындаған кәсіпкерлік қызметпен байланысты даулар бойынша көрсетілмейді.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі құқықтық ақпарат беру және құқықтық кеңес беру, ақысыз заң көмегін алу үшін жүгінген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін көмекті алу үшін адвокатқа жүгінген тұлғамен орын алған құқықтық қатынастардың қатысушылары болып табылатын немесе келешекте орын алуы мүмкін құқықтық қарым-қатынастардың қатысушылары бола алатын кез келген тұлғалармен өзара әрекеттесу шеңберінде жүзеге асырылатын өзге де құқықтық іс-әрекеттерді жүзеге асыру түрінде көрсетіледі.

Өз еркімен көрсетілетін кешенді әлеуметтік заң көмегінің көлемін кешенді әлеуметтік заң көмегінің субъектілері өз бетімен белгілейді. Көрсетілген көмектің көлемі туралы мәліметтер аумақтық адвокаттар алқаларының және Республикалық адвокаттар алқаларының интернет-қорларында орналастырылады.

Сонымен қатар, елімізде «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заң көмегінің сапасын қамта масыз ету және кеңес беру қызметіне, клиенттердің мүдделерін қорғауға және олардың мүдделерін қорғау бойынша өкіл ретінде қызмет етіп, жүзеге асыруға бірыңғай талаптарды қалыптастыру мақсатында адвокаттың құқық тық кеңес беру, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда қорғау және олардың мүдделеріне өкілдік ету түріндегі заң көмегін көрсету стандарттары әзірленген [1].

Аталған құжат адвокаттардың кәсіби тәуелсіздігіне қайшы келетін іс-әрекеттерді болдырмауға, адвокаттың «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының және Адвокаттардың кәсіби этикасы кодексінің талаптарын сақтауға бағытталған.

Стандарттарда құқықтық кеңес беру, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалардың соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекет тік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда қорғау және өкілдік ету қызметін жүзеге асыратын адвокаттың қызметіне қойылатын ең аз талаптар келтірілген. Құқықтық көмек көрсететін адвокат өзінің кәсіби міндеттерін орындау барысында мүдделер қайшылығын болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.

Құқықтық кеңес беру кезінде адвокат клиентпен әңгімелесу барысында істің мән-жайларын анықтайды, клиент ұсынған құжаттарды зерттейді, жеке және заңды тұлғаларға құқықтық мәселелер бойынша кеңестер береді, соның ішінде: клиенттердің құқұықтары, бостандықтары мен заңды мүдделеріне, өтініштерді, арыздардың және өтінішхаттарды және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттарды жасауға қатысты кеңестер береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тағайын дау бойынша заң көмегін көрсету тәртібі сақталған жағдайда құқықтық көмекті көрсетудің негізі болып табылатын құжаттар: құқықтық көмек көрсету туралы шарт немесе аумақтық әділет органымен жасалған келісім, қылмыстық процесті жүргізетін орган, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізетін орган немесе лауазымды тұлға, сондай-ақ, азаматтық істер жөніндегі сот шығарған қорғаушыны тағайындау туралы қаулы және аумақ тық адвокаттар алқасының тапсырмасы.

Осындайда адвокат тарапынан жүзеге асырылатын қорғау және өкілдік ету қорғау (өкілдік ету) туралы жазабаша хабарлама негізінде жүзеге асыры лады. Заң көмегін көрсету туралы тапсырманы қабылдау барысында адвокат келесілерді орындауы тиіс:

1) қорғау (өкілдік ету) туралы тапсырманы қабылдауға кедергі туғызатын немесе осы адвокаттың іс бойынша өндіріске қатысуын жоққа шығаратын мән-жайларың бар болуын анықтау;

2) істің мән-жайларын зерттеу;

3) клиенттің қойылған айыпқа, күдікке немесе даудың мәніне қатынасын анықтау.

Өкілдік ету барысында адвокат клиентке кеңес береді және клиентке оның процестік құқықтары мен міндеттерін, іс бойынша қолданылатын материалды және процестік құқық нормаларын түсіндіреді, клиентке іс материалдарымен танысқан кезде, арыздарды, өтінішхаттарды, шағым дарды және өзге де процестік құжаттарды әзірлеу барысында көмек көрсетеді немесе аталған құжаттарды өз бетінше әзірлейді, заңнамада тыйым салын баған қорғау мен өкілдік етудің өзге де құралдары мен тәсілдерін қолданады [12].

Адвокат заңда белгіленген тәртіпте тиісті негіздемелер бар болған жағдайда судьяның, іс бойынша өндірісті жүзеге асыратын өзге де органдар мен тұлғалардың іс-әрекеттеріне қарсылық білдіре алады. Адвокат клиент сот актілеріне шағым түсіруден жазбаша түрде бас тартқан жағдайларды қоспағанда заңда белгіленген тәртіпте, тиісті құқықтық негіздемелер бар болған жағдайда сот актілеріне шағым түсіреді. Адвокат заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда өзіне алған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ.

Қазіргі кезде Құқықтық реформаны жүзеге асыру барысында адвокат тардың біліктілігін арттыруға ерекше назар аударылуда. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін арнайы Адвокатардың біліктілігін арттыру стандарттары да әзірленген.

Тұжырым: Сонымен, Құқықтық реформа аясында азаматтарға білікті заң қызметін көрсету үшін адвокаттардың біліктілігі талап етіледі. Ал адво каттар біліктілігін арттырудың негізі – Қазақстан Республикасының Консти туциясында кепілдік берілген әркімнің білікті заң қызметін алу құқығын тиісті түрде қамтамасыз ету болып табылады.

Заңның 12-бабына сәйкес Заң көмегін көрсету стандарттары Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде заң көмегін көрсету сапасының үздік практикаларын ендіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Адвокаттардың біліктілігін арттырудың мақсаты – заманауи талаптарға сәйкес теориялық білімді және тәжірибелік дағдыларды жаңарту, сондай-ақ, осыған дейін алынған білімдер мен дағдыларды онан әрі жетілдіру болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. http://adilet.zan.kz

2. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы.

3. Адамның барлық құқықтарын, азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын қолдау және қорғау, даму құқығын қоса алғанда (Бас Ассамблея) Бейбіт жиындар еркіндігі мен ассоциация еркіндігі құқықтары жөніндегі мәселелер бойынша Арнайы баяндамашы Майна Киаидың баяндамасы. Адам құқықтары жөніндегі кеңес 2015 жылғы 16 маусым.
4. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ.
5. ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығы.
6. 1950 жылғы 04 қарашада қабылданған Адамның құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция.
7. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» Декларация Бірік кен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған.
8. «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратифи кациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы.
9. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ.
10. Котов А.К. Конституционные гарантии права каждого на защиту прави свобод // Сборник материалов международной научно-практической конфе ренции «10 лет независимости РК: достижения и проблемы адвокатуры». Алматы, 2001.
11. «Қазақстан Республикасының адвокаттарымен кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетудің көлемі мен тәртібі туралы ереже» Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясымен 2018 жылғы 23 қарашада бекітілді.

Курманова А.К.
кандидат юридических наук, доцент
Актюбинского регионального государственного университета имени К. Жубанова
k.aigul_k@mail.ru

РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА – ГАРАНТИЯ РАЗВИТИЯ РЫНОЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ

Түйін: Бұл мақалада авторлар және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды құқықтық реттеудің ерекшіліктерін қарастырады. Мақала кәсіпкерліктің мемлекеттің тең құқылы серіктесі ретінде құрылған әлеуметтік құбылыс ретінде кәсіпкерлікті қарастырудағы Кәсіпкерлік кодексінің мәнін анықтауға арналған. Бұл жағдайда мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке араласпау принципі, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттің заң шығару қызметіне қатысуы анықталады.

Түйінді сөздер: кәсіпкерлік, Кәсіпкерлік кодексі, шағын бизнес, даму.

Аннотация: В данной статье авторы рассматривают особенности правового регулирования государственной поддержки частного предпринимательства. Статья посвящена определению значения Предпринимательского Кодекса в рассмотрении предпринимательства как социального явления, в котором предпринимательство установлено в качестве равноправного партнера государства. При этом определяется принцип невмешательства государства в предпринимательскую деятельность, также, как и участия субъектов предпринимательства в законодательной деятельности государства.

Ключевые слова:предпринимательство, Предпринимательский кодекс, малый бизнес, развитие.

Summary: In this article, the authors consider the features of the legal regulation of state support of private entrepreneurship. The article is devoted to determining the value of the Business Code in considering entrepreneurship as a social phenomenon in which entrepreneurship is established as an equal partner of the state. In this case, the principle of non-interference of the state in entrepreneurial activity is determined, as well as the participation of business entities in the legislative activity of the state.

Keywords: Entrepreneurship, Business Code, Small Business, Development.

Становление и развитие предпринимательства в Казахстане происходило в сложных и не всегда благоприятных социально-экономических условиях транзитного периода, на фоне серьезного макроэкономического кризиса и снижения жизненного уровня людей. И сейчас предпринимательская деятельность на пути своего развития подвержена различным препятствиям субъективного и объективного формата.

2010 – 2016 годы являют собой период, характеризующийся положительными факторами для появления различных субъектов малого предпринимательства, то есть снижение инфляции, появление определенной макроэкономической стабильности, вовлечение в исследуемую сферу людей из государственных образований. В это время было образовано более 38 процентов представителей данной формы бизнеса.

Все же имелись и негативные моменты: понижение уровня жизни населения, уменьшение платежеспособности спроса, дефицит государственного бюджета, увеличение неплатежеспособности субъектов предпринимательства. В итоге данные явления сказались на общем состоянии экономики государства [1].

На настоящее время официальные показатели развития предпринимательских отношений в Казахстане не могут отразить реальное положение дел в данном негосударственном секторе экономики. Имеются формы деятельности, не обеспеченные правовыми и налоговыми средствами регулирования, что дает возможности заниматься ими нелегально. В частности, это касается консультационной, репетиторской, переводческой, уличной торговой сфер предоставления услуг населению и т.д.

Это и является причиной занятия субъектами малого предпринимательства деятельностью по реализации товаров, предоставлению услуг в области торговли, что приносит более 60 % от всего получаемой ими прибыли. Именно коммерческая или торгово-посредническая деятельности остается длительное время основным способом занятия предпринимательской деятельностью в нашем государстве.

Поэтому и вопрос о квалификации и обучении предпринимателей является актуальным для Казахстана. Фактор востребованности остается открытым по отношению к рабочим и инженерно-техническим специальностям, что являет собой поле для занятия предпринимательской деятельностью именно в данных сферах общественной жизни. Поэтому и возникла необходимость рассмотрения знаний и опыта прошедших годов для осуществления государством деятельности по поддержке малого

предпринимательства, которая заключается, в основном, в разработке и реализации правовых, экономических и организационных реформ [2].

В данном отношении такие направления в вышеназванной деятельности государства как развитие конкуренции, предпринимательской инициативы, правовой базы для стимулирования предпринимателей в отношении образования производств с высокой добавочной стоимостью, установлены правительством как наиболее необходимые для реализации в ближайшем периоде времени в целях развития малого предпринимательства. Поэтому государственными органами проводится работа по проведению различных реформ по комплексной поддержке малого предпринимательства. Сюда относится увеличение числа бизнес-инкубаторов, центров малого предпринимательства, лизинговых, консалтинговых и иных предприятий, а также образование банка данных, который необходим для осуществления субъектами малого предпринимательства своей деятельности [3, 443].

Поэтому в настоящее время законодательно проведены следующие положительные шаги: установлен типовой устав, облегчена регистрация субъектов малого предпринимательства, в том числе в отношении размера регистрационного сбора, а также процедура проведения сертификации продукции для субъектов малого предпринимательства. Механизм осуществления бухгалтерского учета для субъектов малого предпринимательства упрощен. Кроме того, уменьшено количество проверок, осуществляемых уполномоченными на то государственными органами, и услугами, проводимыми платно. В процедуру регистрации недвижимости и вещных прав на земельные участки внедрены льготы, а также в отношении земельных участков земель запаса и объектов незавершенного строительства установлена тендерная система для передачи их субъектам малого предпринимательства.

В качестве негативных факторов в развитии малого предпринимательства в настоящее время можно определить, как:

- отсутствие финансовых средств для старта, для использования в качестве залогового или страхового фактора;
- отсутствие правовых, экономических и иных знаний и умений у субъектов малого предпринимательства;
- наличие норм в законодательстве, противоречащих друг другу;
- неразвитость правоотношений для реализации франчайзинговых связей, для работы с общеизвестными субъектами предпринимательства;
- недостаточность осуществляемых шагов государством по развитию малого предпринимательства и кадровой деятельности;
- наличие бюрократических явлений и коррупции;
- несовершенство таможенной и налоговой законодательной базы;
- зависимость субъектов малого предпринимательства от экономических изменений в обществе;
- недостаточное покрытие субъектами малого предпринимательства сфер общественной жизни, недостаточность информационной обеспеченности их деятельности [4, 92].

Естественно, что за почти тридцатилетний период обретения независимости Казахстаном образован законодательный блок нормативно-правовых актов для правового обеспечения института предпринимательства, начиная с основополагающих норм Конституции, заканчивая подзаконными актами государственных органов. В качестве «конституции бизнеса Казахстана» был определен Предпринимательский кодекс, являющий собой одно из средств совершенствования и развития законодательной базы в области предпринимательской деятельности. В нем установлены основные принципы предпринимательской деятельности. Разработка и принятие данного нормативного акта явилось естественной мерой, необходимой для регулирования общественных отношений в период наличия различных методов в борьбе с конкуренцией, в борьбе за потребителя, когда предложение осуществляются субъектами предпринимательства иностранного происхождения и т.д.

Данный кодекс вступил в силу 1 января 2016 года и содержит в себе семь разделов, тридцать одну главу, триста двадцать четыре статьи. Кроме того, на основании принятия Предпринимательского кодекса были внесены дополнения и изменения в 11 кодексов и 99 законов [5].

В этой связи наличие Гражданского кодекса не может быть достаточной законодательной базой для правового обеспечения гражданско-правовых отношений в области предпринимательства. Гражданское законодательство опирается на частно-правовые отношения. При этом основными принципами гражданского права являются принципы равенства участников гражданских правоотношений, беспрепятственной реализации гражданских прав, невмешательства в частную жизнь, свободы договора, неприкосновенности частной собственности и т.д. Поэтому гражданско-правовое обеспечение имеет частно-правовую окраску и направлено на регулирование

правоотношений между отдельными субъектами правоотношений, нежели комплексное обеспечение всех субъектов правоотношений. В данном отношении для развития и совершенствования предпринимательских отношений без фактора публичности не обойтись.

Именно общественные отношения, характеризующие взаимодействие субъектов предпринимательства и государства, в лице государственных органов, в отношении правового регулирования государством и поддержки предпринимательства и являются предметом Предпринимательского кодекса Республики Казахстан.

Нормы таких нормативных актов, как «О частном предпринимательстве», «О крестьянском и фермерском хозяйстве», «Об инвестициях», «О государственной поддержке индустриально-инновационной деятельности», «О государственном контроле и надзоре Республики Казахстан», «О конкуренции» явились основой разработки Предпринимательского кодекса. При этом правовое регулирование отдельных видов предпринимательской деятельности, например, в области торговли, недропользования, транспорта, торговли, промышленности, отдельных видов акцизной продукции, относится в ведение специальных нормативно-правовых актов. Кроме того, в Предпринимательском кодексе рассматриваются институты в отношении инвестиций, государственной поддержки индустриально-инновационной деятельности, защиты конкуренции. При этом данные институты имеют самостоятельную отраслевую законодательную базу, регулирующую соответствующие правоотношения, то есть в области инвестиций, государственной поддержки индустриально-инновационной деятельности, защиты конкуренции.

Согласно Предпринимательскому кодексу взаимоотношения субъектов предпринимательства и государства будут реализованы на основе таких институтов, как социальная ответственность, государственное регулирование, государственная поддержка предпринимательской деятельности, государственно-частное партнерство, участие субъектов предпринимательства в нормотворчестве.

Экономическая конкуренция, разрешения и уведомления, государственное регулирование цен, обязательное страхование, государственный контроль и надзор, техническое регулирование установлены в качестве средств государственного регулирования предпринимательства в Предпринимательском кодексе.

Институт государственной поддержки предпринимательской деятельности определен в Кодексе на основе внесения основных элементов данной деятельности: агропромышленный комплекс, малое предпринимательство, среднее предпринимательство, несельскохозяйственные виды предпринимательства в сельской местности, индустриально-инновационная деятельность, предпринимательство отечественных производителей товаров. При этом данный список не ограничивается указанием в Кодексе, так как в нем определена бланкетная норма в отношении ссылки к законодательной базе иных отраслей общественных отношений.

В качестве положительных моментов кодекса можно определить систематизацию средств и форм защиты прав субъектов предпринимательства, закрепление способов досудебного и внесудебного урегулирования споров, принципов взаимодействия субъектов государства и предпринимательства. При этом такие принципы, как законность, равенство субъектов имеют общеправовой характер, но в Предпринимательском кодексе они рассматриваются в зависимости от особенностей предпринимательской деятельности. Кроме того, Кодекс устанавливает правовое положение уполномоченного по защите прав предпринимателей, инвестиционного развития. Также обжалование действий и актов государственных органов и должностных лиц рассматривается в качестве формы защиты права субъектов предпринимательских отношений.

Предпринимательский кодекс рассматривает правоотношения в области государственной поддержки частного предпринимательства в различных направлениях деятельности. Значение данного законодательного акта - в рассмотрении предпринимательства как социального явления, в котором предпринимательство установлено в качестве равноправного партнера государства. При этом установлены принцип невмешательства государства в предпринимательскую деятельность, также, как и участия субъектов предпринимательства в законодательной деятельности государства.

Особого внимания заслуживает введения института социальной ответственности, не имеющий обязательный формат. Данный институт имеет значение по определению равновесия в отношении предпринимательства и общества. То есть это форма ответственности субъектов предпринимательства перед обществом, которая выражается в участии предпринимательства в экологической, социальной, иной сфере общественной жизни.

Внедрение данного института имеет цель определения предпринимательства как равноправного партнера государства, чья деятельность характеризуется не только в представлении и защите интересов, но и в проявлении ответственности в защите интересов общества. То есть проявление

социальной ответственности основывается на уровне правового сознания и правовой культуры субъектов предпринимательства.

Дальнейшее развитие малого бизнеса, использование инновационного потенциала малого предпринимательства, его стимулирование, развитие таких форм взаимодействия, как подрядное кооперирование, совместное производство, выполнение государственных заказов, лизинг, франчайзинг и венчурное финансирование должны обеспечить устойчивое функционирование либеральной экономической системы Республики Казахстан, главной опорой которой будет выступать устойчивое и стальное предпринимательство [6, 126]. Таким образом, в настоящее время в области поддержки предпринимательства существует большое количество различных институтов, сформированы базовые принципы, формы и механизмы поддержки.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Кубаев Е., Кырбасов Е., Бордоусов О. Состояние и направления развития малого бизнеса и предпринимательства в Казахстане // Экономика и статистика. 2018. – № 2.
2. Acz, Zoltan J. and Szerb, L. “The Global Entrepreneurship and Development Index (GEDI): Conference 2010 On “Opening Up Innovation: Strategy, Organization and Technology”. // London: at Imperial College London Business School.
3. Kapysheva, Entrepreneurship in Kazakhstan as an effecient form of market relations development // Actual problems of economics. 2012. №136. P. 443-449.
4. Luthans, Entrepreneurial self-efficacy in Central Asian transition economies: quantitative and qualitative analyses // Journal of international business studies. 2006. №37 (1). P.92-110.
5. Кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V «Предпринимательский кодекс Республики Казахстан» (с изм.и допол.по сост.на 01.08.2019 г.).
6. Кусаинов М.А. Роль малого и среднего бизнеса в частном предпринимательстве: Казахстан и зарубежный опыт // Известия Уральского государственного экономического университета. Екатеринбург: Уральский государственный экономический университет, 2010. №31(5). С. 126-132.
7. Teal Elisabeth Entrepreneurial development in Kazakhstan: A review and update // Journal of International Business and Cultural Studies. 2011. №5. P.10.
8. Гребеник В.В. Основы предпринимательства. М.: Московский институт экономики, менеджмента и права, 2010. 300 с.
9. Грузинов В., Грибов В. Предпринимательство: формы и методы организации предпринимательской деятельности. Экономика предприятия. М., 2010. 367 с.
10. Кантарбаева А.К. Предпринимательство: институционально-эволюционный подход. Алматы: Раритет, 2000.
11. Мусина З.М. Развитие предпринимательства Казахстана в период рыночных отношений // Вестник Самарского муниципального института управления. – Самара: Самарская академия государственного и муниципального управления, 2011. – № – С.97-103.

Қаратаев Т.Ж.
з.ғ.к., полиция подполковнигі
Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Момышұлы атындағы оқу орталығы

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА ІСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Аталған ғылыми мақалада қорғаушы мен аудармашының әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік істі жүргізу барысында іске қатысуына қатысты өзекті мәселелері қаралады. Аталған институтты жетілдіру мақсатында автор арқылы заңға өзгерістер мен толықтырулар ұсынылады.

Түйінді сөздер: әкімшілік құқық, аудармашы, қорғаушы, әкімшілік іс жүргізу, құқықтық тұжырымдама, нормативтік актілер, қылмыстық теріс қылық.

Резюме: В данной статье рассматриваются актуальные вопросы, связанные с участием переводчика и адвоката при осуществлении административных дел об административных правонарушениях. Для улучшения данного института автор предлагает поправки и дополнения к закону.

Ключевые слова: административное право, переводчик, административный процесс, правовая концепция, нормативные акты, уголовный проступок.

Summary: This article discusses topical issues related to the participation of an interpreter in administrative cases on administrative offenses. To improve this institution, the author proposes amendments and additions to the law.

Keywords: administrative law, translator, administrative process, legal conception, normative acts, criminal misconduct.

Қазақстан Республикасының «2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы», елдің 2020 жылға дейінгі құқықтық жүйесінің дамуының негізгі бағыттарын айқындады. Осының негізінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал жасайтын, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін барлық нормативтік құқықтық актілерді қазіргі заман талабына сәйкестендіру қажет. Заңнамаларды ізгілендіру, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіру мемлекеттің дамуына алып келеді[1].

Аталған тұжырымдамаға сәйкес, 2014 жылы шілденің 3-5 аралығында «Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі» және «Қылмыстық процестік кодексі», «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі», «Қылмыстық атқару кодексі» қабылданды.

Осы нормативтік-құқықтық актілердің бірі - Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі [2]. Оның мемлекеттің қауіпсіздігі мен дамуында алар орны ерекше. Себебі қылмыстық құқық бұзушылықтардан бөлек, әкімшілік құқық бұзушылықтардың да қоғамға тигізер қауіптілігі жоғары болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің басты міндеттерінің бірі *іс жүргізуге қатысушылардың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады.* Іске қатысушылардың құқықтары бекітілген қағидалар; мемлекеттік органдарға берілген міндеттер және т.б. нормалар арқылы қорғалып отырды.

Мысалы, іске қатысушылардың құқықтары Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 744-758-баптарымен бекітілген. Олар: хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар мен қарсылықтарды мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға; іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуы бойынша, нақты деректерге және мән-жайларға сәйкес келмейтін мәліметтер көрсетілген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасауда заңның бұзылуына, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға және іс бойынша қаулыға шағым жасауға; одан үзінді көшірме алуға және істегі құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға, сондай-ақ өзіне Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде берілген өзге де процестік құқықтарды пайдалануға құқылы (ҚР ӘҚБтК-нің 744-бабы).

Аталған құқықтардың ішінде «Іске қатысушылардың қорғаушының және аудармашының көмегін пайдалану құқықтары» конституциялық құқықтардың қатарына жатады және басты күшке ие болады**.** Көрсетілген нормалар орындалмаған жағдайларда, Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 765-бабына сәйкес «процестік әрекетті жүргізу тәртібін бұзу» болып табыла отырып, дәлелдемелердің қатарына жатқызылмайды.

Бірақ, қазіргі таңда іске қатысушылардың құқықтарының қорғалу барысында шешімін таппаған мәселелер кездесуде. Кейбір тұлғалардың қорғаушы мен аудармашының көмегін пайдалану сияқты құқықтары толықтай қамтамасыз етілмей отыр.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабына сәйкес, мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Әрбір тұлға өзінің ана тілінде сөйлеуге құқығы бар (19-бап) [3]. Қазақстан Республикасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған кезде іс жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер пайдаланылады. Іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысушы адамдарға ана тілінде немесе олар білетін басқа тілде мәлімдемелер жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеуге, шағымдар жасау, іс материалдарымен танысу, оны қарау кезінде сөз сөйлеу, осы Кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі (ҚР ӘҚБтК-нің 738-бабы). Әкімшілік іс жүргізудегі негізгі қатысушылар «Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адам» (ҚР ӘҚБтК-нің 744-бабы) және «жәбірленуші» (ҚР ӘҚБтК-нің 745-бабы) хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар мен қарсылықтарды мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға құқылы. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушы адамдарға басқа тілде жазылған, заң бойынша оларға қажетті іс материалдарын іс жүргізу тіліне тегін аударып беру қамтамасыз етіледі.

«Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 Нормативтік қаулысында «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдарға сот ісін жүргізу тіліне қатысты құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп, олардың мүдделерін қорғауды осы заңда белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз етуге тиіс. Заңнамаға сәйкес сот ісі жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті дәрежеде білмейтін іске қатысатын адамдардың ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктер мен айғақтар беру, сотта сөз сөйлеу құқықтары қамтамасыз етіледі және қорғалады. Сот ісі жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін адамдарға сот ісі жүргізіліп отырған тілде болған әңгімелерді жете түсінбейтін немесе жеткілікті дәрежеде түсінбейтін, өздерінің ойлары мен пікірлерін сол тілде еркін білдіре алмайтын, сондай-ақ әңгімелесу, мәтіндерді оқу кезінде, сұрақтарға жауап бергенде, ауызша және (немесе) жазбаша тілде басқа да қиындықтарға тап болатын адамдар жататындығын назарда ұстаған жөн» [4]- деп көрсетілген.

Бірақ, заңда нақты бекітілмегендіктен аудармашылар істердің алғашқы кезеңдерінде іске тартылмайды. Ұйымдастырушылық тұрғыдан аудармашылардың жеткілікті деңгейде болмауы салдарынан, оларды іске толықтай тартуға мүмкіншіліктер болмай отыр. Сонымен қатар, аудармашыларды әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге мемлекеттік тарапынан тарту кезінде олардың еңбегіне бюджеттен бөлінетін қаражаттың көлемі аз болғандықтан, іске қатысуға мүдделі емес. Қазақстан Республикасының кейбір аудандарында тиісті тілді білетін адамдар жоқ.

Екіншіден, қазіргі таңда сот тәжірибесіндегі мәселелердің бірі - әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік істі жүргізуге қатысушы тұлғалардың қорғану құқығына қатысты. Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, әкімшілік іске қатысушылар өздерінің құқықтарын жеке, қорғаушы және заңды өкілдердің көмегімен жүзеге асыра алады [2]. Мысалы, Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 744-бабына сай, кәмелетке толмағандар немесе өзінің дене бітімі немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтарын өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылғандар немесе өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаның немесе жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды олардың заңды өкілдері мен қорғаушының заң көмегін жүзеге асырады. Қорғаушы дегеніміз әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оған заң көмегін көрсететін адам. Қорғаушылар ретінде адвокаттар қатысады.

«Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңының 7-бабына сәйкес, «Адвокат - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан

Республикасының азаматы» [5]. Егер заңнамада айқындалатын тәртіппен өзара негізде Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасаған халықаралық шартында көзделсе, шетелдік адвокаттар іске қорғаушылар ретінде қатысуға жіберіледі. Қорғаушыны әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның өзі, оның заңды өкілдері, сондай-ақ оның тапсыруымен басқа да адамдар шақырмаса, судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) іс жүргізудің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті, олар бұл туралы қаулы шығарады. Қаулы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасына немесе оның құрылымдық бөлімшелеріне орындау үшін жіберіледі және оны алған кезден бастап жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімде орындалуға жатады.

Қорғаушы әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамды әкімшілік ұстап алған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған немесе прокурор әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы қаулы шығарған кезден бастап, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында іске қатысуға жіберіледі (ҚР ӘҚБтК-нің 748-бабы).

Бірақ, сот тәжірибесі көрсеткендей көп жағдайларда адвокаттар әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша жүргізілген істерге қатыстырылмайды немесе адвокаттарды әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге мемлекеттік тараптан тарту кезінде олар қорғауды тиісті деңгейде атқармайды. Себебі, мемлекеттік бюджеттен адвокаттардың еңбегіне бөлінетін қаражаттың көлемі өте аз, сондықтан, кейбір адвокаттар іске мүдделі емес[6]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының кейбір алыс аудандарында адвокаттар жоқ. Сондықтан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау барысында іске қатысушыларға кәсіби заң қызметін көрсетуге мүмкіншілік болмай отыр. Мысалы, Түркістан облысы және Ақтөбе облысы бойынша мамандандырылған әкімшілік жөнінде соттарда қаралған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша 100 істің 60 % бойынша іске адвокаттар тартылмаған.

Жоғарыда көрсетілгендей мәселелерден шығу үшін келесідей ұсыныстар жасалынуы керек деп есептейміз:

1. Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-тің 758-бабына, аудармашы іске әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған сәттен бастап жіберілуі тиіс деп толықтыру енгізу керек
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мемлекеттік бюджеттен төленетін қаржыны арттыру керек.
3. Қазіргі кезде орын алып отырғандай, қаражатты барлық құқық қорғау органдарына бөлмей, бір мемлекеттік ведомствоға – Әділет министрлігіне мемлекеттік бюджет есебінен төленетін құқықтық көмектің қаржыландырылуын басқаруға уәкілеттік берген жөн сияқты көрінеді.
4. Мемлекет есебінен төленетін құқықтық көмек көрсету саласындағы басқару ісін үйлестіру мен бақылауды мемлекеттің, адвокатура мен азаматтық қоғамның өкілдерінен тұратын құрылымдар арқылы жүзеге асыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасы 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасы
2. Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 Нормативтік қаулысы.
5. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңының 7-бабы.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия «2017 жылы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы» баяндама. Жалпы редакциясын басқарған Қуаныш Сұлтанов, Тастемір Әбішев. Астана, 2018 ж. - 173 б.

Nurmukhankyzy D.
PhD, associate professor of the state and legal disciplines department of
Zhetysu State University named after I. Zhansugurov
Taldykogan
Email: daniyafmo@mail.ru

STATE-LEGAL MECHANISM OF REGULATION OF AGRICULTURAL COOPERATION

Түйін: Бұл мақалада ауылшаруашылық кооперацияны реттеудің мемлекеттік-құқықтық механизмінің құқықтық мәселелері талқыланады. Мемлекеттің аграрлық сектордағы рөлі. Мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен міндеттері. Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту үшін мемлекеттік басқарудың басым бағыттары ұсынылды.

Түйінді сөздер: ауылшаруашылық кооперативі, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік басқару.

Аннотация: В данной статье рассматриваются правовые проблемы государственно-правового механизма регулирования сельскохозяйственной кооперации. Роль государства в аграрном секторе**.** Цели и задачи государственного регулирования. Также предлагаются приоритетные направления государственного управления развития сельскохозяйственной кооперации.

Ключевые слова: сельскохозяйственный кооператив, сельское хозяйство, государственное управление.

Summary: This article discusses the legal problems of the state-legal mechanism for regulating agricultural cooperation. The role of the state in the agricultural sector. Goals and objectives of state regulation. Also proposed are priority areas of the state administration for the development of agricultural cooperation.

Keywords: agricultural cooperative, agriculture, public administration.

The fundamental idea of cooperation, in terms of socio-economic functions, is to combat poverty and unemployment in rural areas. Based on this, two main socio-economic functions of agricultural cooperation are distinguished:

Agricultural cooperation, acting as a form of community unification, entrusts itself with the functions of the state - social assistance to the population, helps reduce social contradictions and adapt cooperatives to a market economy.

Cooperation organizes the population to solve urgent problems of the industry, based on democratic principles. Agricultural cooperation acts as a socially oriented system, the main task of which is to ensure the material and social interests of workers and the poor. Agricultural cooperation is an income-generating system, since most of the income that comes from the implementation of its activities makes up a significant part of the education budget and ensures the socio-economic development of rural areas.

Opportunities of small individual entrepreneurs in the agricultural sector with the greatest effect are realized in various forms of their joint activities, i.e. in cooperation, which allows owners of personal subsidiary plots to maximize the use of available resources and receive additional benefits from joint production. Unfortunately, not all countries have favorable conditions for cooperation as a social movement, because the latter presupposes the existence of legal, economic and legal guarantees of individual freedom. But in all countries there is an objective need for cooperation as a form of organization of labor and production [1, P.18].

A cooperative is a constantly developing social and economic organism. Its content, functions, mechanism of activity as we move from the initial simplest forms to more advanced, adequate to a qualitatively new state and level of development of material production are constantly changing. If, for example, at the dawn of the cooperative movement, cooperatives were united in order to each and every one to survive together, then in a market economy the activities of a cooperative take the form of a business, and it is becoming increasingly entrepreneurial. A certain general “benefit”, or the goal of “satisfying needs”, is being transformed into real economic benefit, into the immediate goal directly tangible in the market economy - to obtain the greatest profit. Otherwise, the cooperative "does not fit" into the sphere of market competition, and therefore, in market relations in general.

Therefore, it must be assumed that agricultural cooperatives are, first of all, an association of people who are engaged in the production of agricultural products, that is, crop and livestock products. The creation of agricultural cooperatives solves the social problem of the state, which is expressed in the self-employment of a large number of people. On the other hand, agricultural cooperatives pursue such a goal as mutual assistance and mutual benefit. Since a single taken family is unlikely to be able to purchase a agricultural machine for their activities, and if these families unite, then they will have such an opportunity. And if, for example, five people come together, then agricultural cooperatives can be created.

The benefit of such an association is that members of the cooperative can receive, within the framework of the association, the necessary loans for sowing work, purchase plant protection products, seed, diesel fuel much cheaper because they are purchased in large quantities.

Thus, we can conclude that agricultural cooperatives are separated into a separate category as an agrarian formation, which has legislative consolidation that helps to take into account the characteristics of this formation and which decides the important function of the state as ensuring food security. Therefore, this form of organization engaged in the production of agricultural products needs state support, that is, state regulation.

The role of the state in the agricultural sector is to regulate and support the sphere. At the current stage, agriculture cannot exist independently, without state support, since agricultural enterprises have low profitability; they have no reserves for further development.

Within the framework of this system, territorial complexes act as the object of management. In the agricultural sector, there are problems that require a systematic approach, since they affect all structural elements.

Focusing on state regulation, it should be noted that there are still disputes between scientists about the appropriateness of the use of the terms “state administration” and “state regulation”. Comparing these two concepts, it is possible to define management as an ordering, organizing activity. This property is not only preserved, but also increases qualitatively in public administration due to the complexity of all processes of public life, filling the necessary organizational content of the organizational work itself. Organizing activities are the most important property of public administration [2]. After all, management directs to unite, coordinate the efforts of people, government bodies, institutions, enterprises, organizations in order to solve problems of an economic, scientific, technical, socio-cultural and administrative-political nature [3].

Thus, management reveals itself both as an organizational and economic category and as a political one. Naturally, all the functions performed by the state in the management process are closely intertwined with each other. This is especially clearly seen in the process of performing activities when enforcing laws and decisions [4].

The primary tasks of state bodies (for the agricultural sector):

• analysis of existing problems and factors, development of conditions for neutralizing negative processes in agriculture;

• development of a system of measures for the consistent solution of major strategic problems;

• development of legislative legal acts designed to solve problems (especially problems with the availability of credit resources);

• implementation of programs in the regions.

State regulation of the agrarian sector and the agro-industrial complex, being a multilateral and integrated concept, represents the targeted impact of the state on organizational and economic activity by creating regulatory legal acts, organizing the activities of state bodies to achieve food independence, harmonious development of agricultural production and social welfare of the village, which manifested through the economic impact of state rstva the production, processing and marketing of agricultural products, raw materials and food, as well as production and maintenance and logistics of agricultural production [5].

Therefore, the state regulation of agricultural cooperation is the organizational, economic and social impact of the state on the production, processing, marketing and storage of competitive agricultural products, aquaculture products, supply of means of production and material and technical resources.

State regulation of agricultural cooperation should be carried out in such important areas as the formation and functioning of the agricultural products market, financing, soft loans, insurance and taxation of participants in inter-farm groups, the development of agricultural science and the socio-economic sphere in the countryside [6]. The need to strengthen the stimulating role of the state in regulating inter-farm relations in the regional agricultural sector consists in prioritizing state support for the development of agricultural consumer cooperation, without reducing the level of existing support for individual agricultural producers [7].

The objectives of agricultural cooperation development programs in the regional agricultural sector should be: development of legal, economic and organizational conditions for the effective operation of cooperatives; the formation of the infrastructure of their production and technical support and technological services; improving the mechanism of financial and credit support for cooperatives; development of a system of information and consulting and staffing [8].

The most important integral element of state regulation of agricultural cooperation is its state support. The need for state regulation of agricultural cooperation is due to the characteristics of the agricultural sector.

State regulation has certain goals and objectives. The goal of state regulation of agricultural cooperation is to provide the country with food security, in satisfying the population in basic food products through its own production and at affordable prices. And:

- Satisfying the socio-economic and other needs of members of a cooperative and protecting their interests; increasing incomes of cooperative members;

- creation of a competitive environment in the areas of production, processing, marketing, storage of agricultural products, aquaculture products (fish farming), supply of agricultural production facilities and technical resources;

- development of infrastructure and ensuring direct deliveries of agricultural products, aquaculture products (fish farming) from producer to consumer;

- assistance in acquiring, on favorable terms, members of the cooperative the necessary resources and gaining access to finance their production and other economic activities [6].

Thus, the main tasks of state regulation of agricultural cooperation are the stabilization and development of this production, ensuring the security of the Republic of Kazakhstan in the field of food, improving the food supply of the population of the Republic of Kazakhstan, maintaining an economic partnership between agriculture and other sectors of the economy in the field of agricultural production.

Currently, the following factors can be identified that hamper the development of cooperation of rural producers in the production and sale of products, material and technical supply and the provision of services:

- low income of the rural population, small and medium-sized rural businesses, not allowing them to provide the necessary starting capital for the creation and operation of cooperatives;

- inaccessibility of bank loans, poor development of financial services delivery systems to small and medium rural enterprises;

- lack of qualified personnel and a mechanism for their search, training and consolidation;

- low level of awareness of rural residents about the benefits of cooperation;

- low level of legal culture in the countryside, the practical lack of public awareness of the legislative conditions of activity;

- a high level of distrust of the population in any created structures, as a result of which there is inertia, indecision, unwillingness to invest in any projects [6].

These problems cannot be solved comprehensively, quickly and efficiently with the use of existing tools, therefore, a specialized program for the development of cooperation in the rural territories of the Republic of Kazakhstan is needed.

The management system of the cooperative, as well as the state mechanism for the development of the cooperative movement should be aimed at preserving and, if possible, strengthening the cooperative self-identity and integrity of the agricultural production cooperative. Consumer cooperation has certain advantages compared with other business entities. Therefore, consumer cooperation is distinguished from other market entities by cooperative identity, that is, its status as a non-profit, socially oriented, social system, cooperative ideology, culture, mentality, principles and values. Cooperative advantages are due to the combination of private (personal) initiative with the social nature of labor.

The priority areas of the state administration for the development of agricultural cooperation in the near future are:

- preservation of existing and development of new industries and activities;

- the creation in each district, taking into account the economic feasibility of small-scale production (bread, bakery products, meat, including sausages, milk processing);

- further development of internal cost accounting;

- rationalization of the organizational structure;

- improving planning and resource use;

- Introduction of modern effective management technologies.

REFERENCES:

1. Bryanskaya O.L. Cooperation of personal subsidiary plots: domestic and foreign experience // Questions of economic sciences. Scientific and theoretical journal. - M .: Publishing house "Sputnik +", 2010. - No. 5-S.18-21.

2. Social and state-legal aspects of management in the USSR. -Kiev. –1978.- P.41-42.

3. Lunev A.E. Theoretical problems of public administration. –M., 1974.- P.5.

4. Problems of the general theory of socialist government. -M., 1978.-S.27-28.

5. Kuzmich, I.P. The concept of state regulation of agriculture: Theoretical and legal aspect https://law.bsu.by/pub/25/Kuzmich_6.doc

6. State program for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021 [Electron. resource]. - 2017. - March 13. - URL: http: //www.mgov.kz

7. Burkovsky P.V. Directions for improving state regulation of the development of the agro-industrial complex (based on materials from the Krasnodar Territory): dis. ... cand. econom, sciences. - Krasnodar, 2014. - S. 120–124.

8. Saenko I.I. Inter-farm relations as a factor in the growth of competitiveness of the agricultural sector of the region // Theoretical and applied issues of science and education. International Scientific and Practical Conference (Tambov, August 31, 2013). - Tambov, 2013. - S. 100-101.

Озенбаева А.Т.,
доктор философиясы (PhD),
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазахстан, Талдықорған қ.
oaikoshat@mail.ru

Нұрмуханқызы Д.
доктор философиясы (PhD),
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазахстан, Талдықорған қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Бұл мақалада Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы заңының өзекті мәселелері қарастырылған. Осы саладағы ұлттық заңнамаларға және оны тәжірибеде анализ жасау және Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы заңнамаларды жетілдіру мақсатында ұсыныстар жасалған.

Түйінді сөздер: ауыл шаруашылығы кооперативтері, ауыл шаруашылық заңнамасы, ауыл шаруашылығы.

Аннотация: В данной статье рассматриваются актуальные вопросы законодательства о сельскохозяйственных кооперативах в Республике Казахстан. Авторами даны рекомендации по совершенствованию национального законодательства в исследуемой области и практики его применения.

Ключевые слова: сельскохозяйственный кооператив, аграрное законодательство, сельское хозяйство.

Summary: This article discusses current issues of legislation on agricultural cooperatives in the Republic of Kazakhstan. The authors made recommendations for improving national legislation in the studied area and the practice of its application.

Keywords: agricultural cooperative, agricultural legislation, agriculture.

Ауыл шаруашылығын дамытуға қатысты өзекті мәселелердің бірі, ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жан-жақты қолдау көрсету керек. Тәуелсіздік жылдары ішінде совхоздар мен колхоздарды таратып, біз жаппай тәртіппен фермер (шаруа) қожалықтары үлгісіне өтті.

Елбасының бастамасы бойынша, 2015 жылы қазанның 29-ында «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» Заң қабылданды [1].

Сондай-ақ, Президенттің Жолдауында: «Аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы керек», – деген нақты міндет қойылған. Бұған қоса, біз «шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығуымыз қажет, бұл мәселені шешуге барлық аграрлық кешеннің түбегейлі бет бұруы маңызды» - дейді Елбасымыз. Келесі маңызды міндет – ол аграрлық ғылымды дамыту мәселесі. Ол ең алдымен жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысуы қажет Жолдауда деп көрсетілген [2].

Осы салаға қатысты қойылған тағы бір маңызды міндет - агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру, оған жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді кеңінен енгізу. Ал бұл шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді. Осыған орай, Президенттің ұйғаруынша, мемлекет бизнеспен бірлесіп, отандық өнімді халықаралық нарыққа шығарудың стратегиялық жолын тауып, ілгерілетуге тиіс. Сонымен бірге ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтай отырып жүргізілуі қажет.

Ауыл шаруашылық кооперативтерінің негізгі қызметі кооператив мүшелері үшін, сондай-ақ қауымдасқан мүшелер үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін, аквамәдениет өнімдерін (балық өсіру), өндіріс құралдарын және материалдық-техникалық қорларын және басқа да қызмет көрсету түрлерін өндіру, өңдеу, сату, сақтау болып табылады. Осы заңның алдыңғы заңдардан өзгеше жаңа негізгі ережелері мыналарды қамтиды:

- ауыл шаруашылығы кооперативі - кооператив мүшелеріне кооперативтің өндірістік және (немесе) өзге де шаруашылық қызметіне, сондай-ақ кооператив мүшелерінің таза кірісіне қатысуына сәйкес кооператив мүшелеріне кооперативтік төлемдерді бөлудің заңды мүмкіндігі бар коммерциялық ұйым;

- ауыл шаруашылық кооперативтерінің әртүрлі қызметтерінің ашылуы (өндіріс, сақтау, қайта өңдеу, ауыл шаруашылық өнімдерін сату, өндіріс құралдарымен жабдықтау және басқа), ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге қызмет көрсету, заңды тұлғалардың тәуелсіз тобы өздерінің

мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған өндірісті ұйымдастырудың ерекше формасымен сипатталатын кәсіпкерліктің басқа түрлерінен ерекшеленетін бірыңғай тұжырымдаманы беру ауыл шаруашылық кооперациясының барлық түрлерін біріктіруге мүмкіндік берді;

- ауыл шаруашылық кооперативтері үшін салықтың жекелеген түрлерін (табыс салығы, ҚҚС, көліктік салық, жер салығы, мүлік салығы) 70 пайызға қысқартуға, ауыл шаруашылық кооперативтерінің көлемі кеңейтіліп, ЖЭО пайдалану бойынша шектеулер алынып тасталған арнайы салық тәртібі енгізілді, ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелігі кеңейтілді;

- ауыл шаруашылық кооперативтерін құруды ынталандыру, ақпарат, кеңес беру, әдістемелік көмек көрсету, қолайлы салықтық, қаржылық және несие, инвестициялық саясатты құру, кадрларды даярлау, қайта даярлау, зерттеу жұмыстарына көмек көрсету мақсатында ауыл шаруашылық кооперативтерін дамыту мен уәкілетті және жергілікті билік органдарының құзыреттілігін анықтады, ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін сауда орындарын ұсынумен өңірлік көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастыру коммунивтік нарықта жеңілдікті шарттармен және т.б. [1].

Ауыл шаруашылық кооперациясын дамыту өзіндік қосалқы шаруашылықтарды, шаруа және фермер шаруашылықтарын және заңды тұлғаларды аграрлы кооперативке біріктіріп, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің кооперативтер арқылы сауда желілерімен ынтымақтасулары үшін негіз жасауға қолжеткізеді.

2018 жылдың 1 сәуіріндегі статистика бойынша 62 мыңнан астам адамның басын біріктірген 2849 кооператив тіркелді. Тексеріске сәйкес, кооперативтердің 18%-ы жұмыс істемей тұруы, 42%-ының формальды түрде құрылуы, кооператив мүшелері өндірген өнімдерді өңдеу және өткізумен байланысты мәселелер, кооперативтерді дамытуды ынталандыру шараларының жеткіліксіздігі, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жетіспеуі, әкімдік деректерінің статистикалық деректерге сәйкес келмеуі [3].

Кооперацияның дамуына теріс әсерін тигізіп отырған негізгі мәселелер:

– АШК қызметін жүзеге асырмайтын бір жағдай «тоқтап тұрған» санның айтарлықтай көп болуы;

– кооператив мүшелерімен өзара әрекеттесу кезінде пайдаға салық салу мәселелері, алғашқы қосымша күн салығы (ҚҚС) болмауы;

– құрылған АШК-нің нашар жабдықталуы;

– қажетті жобалық қуаттылық үшін белгіленген АШК өндірісінің болмауы;

– өндірілетін өнімдерді сатумен байланысты проблемалардың болуы, өнімнің технологиясы мен қауіпсіздігі саласындағы нақты білімнің жоқтығы, сондай-ақ негізгі және айналымдағы қаржының жоқтығы;

– Өнімге (ет, сүт және жеміс) арналған қайта өңдеу кәсіпорындарының бәсекеге қабілетті бағасы нарықтық бағалармен салыстырғанда бәсекеге қабілетті емес.

Кооперативтерді одан әрі дамыту үшін «Ауыл шаруашылық кооперациясы туралы» Заңның барлық мүмкіндіктерін пайдалану жоспарлануда. Айталық:

– Сервистік көрсету бойынша АШК қызметі, мысалы, машина-трактор станцияларын құру;

– ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өндіріс құралдары мен материалдық-техникалық қорларын, мысалы, Кеңес кезіндегі ААХ (аудандық агро хим) моделіне сәйкес кооператив мүшелеріне тыңайтқыштар үлестіру бойынша қызмет;

– Ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алуда ауыл шаруашылық кооперативтерінің қызметі, мысалы, АШТӨ-ны сатып алу және кейіннен сату немесе ӨҚШ өндірісінің көптігінен сатып алу орталықтарын құру.

– ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі;

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруде ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі. Мысалы, кішігірім шаруа қожалықтарын үлкен өндірушімен немесе қайта өңдеушімен ынтымақтасатын қағидаттар бойынша кооперативтер құру.

Өзіндік қосалқы шаруашылық кооперативтерді мемлекеттік қолдау шараларының бірі дайындау ұйымдарды сатып алу үшін ҚҚС төлейтін субсидия болуы мүмкін, бұл «бірінші ҚҚС» мәселесін шешіп, егін жинау жұмыстарын дамытуға ықпал етеді. Нәтижесінде, жеке қосалқы шаруашылықтар қосымша өнімді, мысалы, сүтті тиімді түрде жүзеге асыра алады.

Ауыл шаруашылығы министрлігі аталған салада нарықтық қатынастарды дамытуға бағытталған агроөнеркәсіптік кешенді қолдау және дамыту бойынша заманауи шындыққа сәйкес келмейтін және көпшілігіне тиімді емес және тіпті әдісті дамытуды тежейтін жаппай қаржылық субсидиялар жүйесін қоспағанда мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды жалғастыра береді.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қабылданған Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар негізінен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Парламентімен (бұдан әрі - Салық салу туралы заң) қабылданған Заңымен енгізілді [4].

Шаруа немесе фермерлік шаруашылықтарға қатысты өзгерістер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауыл шаруашылығы ынтымақтастығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазанда № 373-V шаруа немесе фермер қожалықтарына Салық кодексінің 448-бабында белгіленген шарттарға сәйкес 70% салық жеңілдігі бар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қолдануға құқығы берілетін Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілді [5].

Бұдан басқа, «Ауыл шаруашылық кооперациясы туралы» Заң ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін (бұрынғы - ауылдық тұтыну кооперативтері) келесі іс-шараларды белгіледі.

1. ауыл шаруашылығы өнімдерін, аквакультура өнімдерін (балық шаруашылығы) өндіру және сату;

2. ауыл шаруашылық өнімдерін, аквакультура өнімдерін (балық шаруашылығын) өз өндірісімен және (немесе) осындай кооператив мүшелері шығарған, сондай-ақ осындай өңдеу нәтижесінде алынған өнімдерді сату;

3. осындай кооператив мүшелері шығарған ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру өнімдерін (балық шаруашылығы) өз өнімдерін сақтау және 2-тармақта көзделген қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімдер;

4. мұндай кооператив мүшелері үшін ауыл шаруашылығы, аквакультура (балық шаруашылығы) саласындағы қосалқы қызметті жүзеге асыру;

5. агроөнеркәсіп кешенін дамыту саласындағы уәкілетті органмен мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісім бойынша, осы Кодекстің 1) -3) тармақшаларында көрсетілген қызметті жүзеге асыру мақсатында осындай кооператив мүшелері белгілеген тізбеге сәйкес жұмыстарды (қызметтерді) орындау (көрсету).

Кооперативтерді дамытудың басты кедергісі: ауыл шаруашылық кооперативтеріне фермерлерді біріктіруді ынталандырудың жетілмеген механизмі; өздерінің мүдделерін қорғайтын аудандық, облыстық және жергілікті деңгейлерде ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастықтар (одақтар) түрінде серіктестік (кәсіподақ) түрінде кооперативті дамыту бойынша үйлестіру органдарының жоқтығы, сондай-ақ қаржылық қызмет бойынша өзара әрекеттесудің негізгі қағидаттарын сақтау, ауыл шаруашылық кооперативтерінің мүшелеріне кірістерді бөлу есепке алу, тіркеу және т.б.; ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне сенімсіздік деңгейі жоғары, әсіресе жаңадан құрылған құрылымдарды басқарудың кішігірім формалары, негізгі өндіріс құралдарын жоғалтудан қорыққандық - жер; ауылдағы құқықтық мәдениеттің төмен деңгейі, фермерлердің ауыл шаруашылығы кооперативтерінің пайдасы туралы хабардар болмауы.

Қорыта келе, 2015 жылы 29 қазанда қабылданған «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» Заңын әлі жетілдіру керектігі туындап тұр. Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылық кооперативін дамыту үшін жоғарыда аталған проблемалардың негізінде қаржы институттарын құру қажет; ауыл шаруашылығы кооперативтеріне несиелер мен қарыздар бойынша сыйақы төлеуге жұмсалатын шығындарды өтеу үшін мемлекеттік қаржы, жеңілдетілген несие беру тәртібін жетілдіру керек.

Бүгінгі күні мүдделі тараптардың кең ауқымы ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру мен дамытуға қатысады: мемлекеттік органдар, ғылыми-білім беру орталықтары, ауыл шаруашылық және ауыл шаруашылық емес салалардағы кәсіпкерлік құрылымдар, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер және өндірістен кейінгі сипаттағы жұмыс түрлері (тазалау, сақтау, өңдеу, маркетинг және т.б.) сияқты өндірістік үдерісті қосқанда, ауыл шаруашылық секторында қазірше кооперацияның мәні туралы жалпы түсінік жоқ.

Бұл – кооперативтерді құруда белгілі бір қиындықтар тудырады, бірінші кезекте, фермерлер жаңа заңда белгіленген негізгі шарттар мен талаптарды толық білмейтін қиындықтарға тап болады, бұл өз кезегінде елдің басқа заңдарының нормаларына қайшы келетін ережелерді қамтиды, жағдайды қиындатады. Сол себепті қарапайым шаруаларға заңды түсіндіру шараларын жүзеге асыру керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // http://adilet.zan.kz/kaz
2. 2018 жылы 10 қаңтарда жарияланған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші Индустриалды революция жағдайында жаңа даму мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // http://adilet.zan.kz/kaz
3. Үкіметте ауыл шаруашылығы кооперациясының дамуын тежейтін проблемалар аталды // https://baq.kz/kk/news/ukimet
4. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы қараша // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // http://adilet.zan.kz/kaz
5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауыл шаруашылығы ынтымақтастығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазанда № 373-V // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // http://adilet.zan.kz/kaz

ӘОЖ 343.711

Орманов Ж.А.
Бас прокуратура жанындағы құқық қорғау органдарының академиясы

ҰРЛЫҚТЫ САРАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: Бұл мақалада ұрлықты саралау және де ескі қылмыстық кодекс пен қолданыстағы қылмыстық кодекске сәйкес ұрлық бойынша айырмашылықтар қарастырылған.

Түйінді сөздер: Қылмыстық кодекс, ұрлық, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Аннотация: В данной статье рассматриваются квалификация краж, а также различия по кражам в соответствии со старым Уголовным кодексом и действующим Уголовным кодексом.

Ключевые слова: Уголовный кодекс, кража, уголовные правонарушения против собственности.

Summary: This article discusses the qualification of thefts, as well as differences in thefts in accordance with the old Criminal code and the current Criminal code.

Keywords: Criminal code, theft, criminal offenses against property.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді [1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 188-бабы бойынша меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болып табылады.

Осыған байланысты меншік иелерінің заңды құқықтары азаматтық құқықтық нормалармен, сондай-ақ меншік құқығына қоғамға қауіпті іс-әрекет арқылы қиянат жасалғанда қылмыстық құқық нормасы арқылы да қорғалады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі – меншік иесінің иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын құрайтын меншікке байланысты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Осы топқа кіретін қылмыстардың тікелей объектісі – меншіктің нақты бір нысаны – мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің немесе басқа ұйымдардың, жеке тұлғалардың меншігіне қол сұғуы болып табылады. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың затына адам еңбегі арқылы жасалған кез-келген материалдық дүниелер, заттар жатады. Осыған байланысты адамның ақыл-ойы, идеясы, заттық белгісі болмағандықтан осы қылмыстардың заты болып табылмайды.

Қылмыстық заң ұрлағандық үшін, оның жасалу тәсілдеріне қарай нақты жауаптылық қарастырған. Қылмыстық кодекстің тиісті баптарына бөліп, нормативтік тұрғыдан бекіткен.

Әлеуметтік құндылықтар жүйесінде меншікке құқық адамның әлеуметтік игіліктерінің ішіндегі ең маңыздысы ретінде саналады. Сондықтан да, бұл игілікке қол сұғушылық адамның өз басына қол бұзушылықпен тең. Меншікті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар-мүліктің меншік немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып немесе залал келтіру қауіпін тудырумен байланысты қылмыстық кодексте көзделген нысандар арқылы жасалатын қасақаналық немесе абайсыздық іс-әрекеттерді айтамыз.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық болып азаматтық құқық бойынша меншік обьектілері деп танылған кез-келген бұйымдар мен мүліктер танылады. Меншікке керек қылмыстық затына адам еңбегі арқылы жасалған кез-келген материалдық дүниелер заттар жатады. Сондай-ақ ақша, бағалы қағаздар, айналымнан алынбаған басқа да қозғалатын немесе қозғалмайтын мүліктер жатады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің – 188 бабына сәйкес, ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мынадай: адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен; ақпараттық жүйеге заңсыз кіру не телекоммуникациялар желісі бойынша берілетін ақпаратты өзгерту жолымен жасалған ұрлық – мүлкі

тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мынадай: ірі мөлшерде; бірнеше рет жасалған ұрлық – мүлкі тәркіленіп, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мынадай: қылмыстық топ жасаған; мұнай-газ құбырынан; аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [2].

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі қабылданған, қазіргі уақытта күшін жойған қылмыстық кодексте меншікті талан-таражға салу түсінігіне, жалпы қылмыстық кодекстегі ұғымдарды түсіндіруге арналған арнайы бап болмаған. Ал жаңа кодекстің 3-бабында «Осы Кодексте қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру» деп аталып оның 17-бөлімінде «жымқыру – бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру» деп көрсетілген. Бұрын бұл түсінік ескі кодекстің 175-бабының ескертуінде «ұрлық» деп аталып ғылыми әдебиеттерде «бөтеннің мүлкін талан тараждау» деп қолданылып «ұрлық» – деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру танылады.

Яғни, «ұрлық» түсінігі «жымқыру» түсінігіне, сонымен қатар «айыпты» «кінәлі адам» түсінігіне ауыстырылған. «Кінә» түсінігінің «кінәлі адам» түсінігімен байланыстырылып бірізділендірілген. Ескі қылмыстық кодекстің 6-тарауы «Меншікке қарсы қылмыстар» деп аталса жаңа кодексте «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталған. Яғни, бұрынғы «қылмыскер» енді «қылмыстық құқық бұзушы». Ескі кодексте 6-тарау 175-188 баптар аралығын қамтыған 17 баптан тұрса, жаңа кодекс 187-204 баптарды қамтитын 18 бапты қамтиды. Сонымен қатар, бұрын 183-1, 184-1 болып жазылған баптар енді ретті арнайы баптармен жазылған.

Ескі кодекс пен қолданыстағы кодекстегі ұрлық бойынша айырмашылық, біріншіден, баптың есептік ретінің 175 тен 188-ге ауысуы, екіншіден, жоғарыда атап өткен «ұрлау» орнына «жымқыру», үшіншіден, санкциядағы жазаның қатаңдалуы яғни, мүлкі тәркілену немесе онсыз бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл салынуы. Ескі кодексте «кемінде екі жүз айлық есептік көрсеткіштен» деп айыппұлдың төменге мәжесі бекітілген болатын. Төртіншіден, осы баптың құрылымының, яғни 2-бөлімінің 4-пунктпен «ақпараттық жүйеге заңсыз кіру не ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша берілетін ақпаратты өзгерту жолымен жасалған ұрлық» толтырылуы. Бұл заң шығарушының заман талабына сай уақытылы жасаған қадамы. Себебі қазіргі таңда қоғамдық қатынастардың елеулі бөлігі электронды форматқа көшті және бұл өзгерістер қылмыстық құқықбұзушылардың да әдістәсілдерін жетілдіруге итермелеп отыр. Бесіншіден, ескі кодексте осы бөлімде орын алған «мұнай газ құбырынан жасалған» ұрлықтың жаңа кодексте осы баптың 4-бөлімінің ауырлататын санатқа енгізілген. Алтыншыдан, жаңа кодекстің осы бабының 2-бөлімінің санкциясына «үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу» мүмкіндігі қарастырылған. Жетіншіден, осы баптың 2-бөліміндегі «тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен» және 4-бөліміндегі «мұнай газ құбырынан» деп қылмыстың жасалу орнына байланысты жаза тағайындалып сараланууы дұрыс емес секілді. Себебі, қылмыстық құқық бұзушылық оны емес сол құқық бұзушылықтан келетін зардап ескеріліп, ол залалдардың деңгейіне сәйкес жаза белгіленсе дұрыс және қылмыстық құқық бұзушылықтың кейбір орындарын арнайы кодексте енгізуге міндеттемейді [3].

Ұрлық объектісі - меншік. Бұл қылмыстың заты - материалдық әлемнің заты түріндегі, нақты құндылығы бар (заттар, тауарлар, бұйымдар, ақша, т.б) өндіру үшін адам еңбегі жұмсалған, сондықтан да ақшамен бағалана алатын бөтен мүлік. Материалдық құндылығы жоқ зат немесе бұйым ұрлық заты бола алмайды, себебі оны алу меншік иесіне материалдық залал келтірмейді. Сондықтан да, жасау үшін қоғамға пайдалы еңбек жұмсалмаған табиғи байлықтарды (орманды, балықты, тағы жануарларды, т.б) заңсыз иелену меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына жатпайды, олар экологиялық қылмысқа жатады.

Ұрлыққа тән белгі – оның жасырын тәсілімен жасалуы. Ұрлықтың жасырындық сипатын анықтағанда айыптың ниетіне, яғни оның ұрлықты субъективтік қабылдауына баса назар аудару қажет. Ұрлық болады деп санау үшін айыпты жасырын ұрлық жасауға ұмтылуы, бөтен мүлікті жасырын түрде иеленуге оның ниеті болуы тиіс. Егер айыпты, өзінің мүлікті заңсыз иеленуін ұғынған бөгде адамның араласуына мүмкіндік бермей, қалыптасқан жағдайға байланысты әрекет жасаса да ұрлауда

жасырындық сипат болады. Жасырын ұрлауды саралау үшін мүліктің алынуы тек меншік иесіне ғана емес, оны күзетушіге де, үшінші адамға да білінбеуі тиіс. Олар ұрлық жасалған кезде, не сол жерда болмайды, не болған кезде де ұрлықтын жасалғандығын сезбейді. Егер айыпты өз, әрекетінің қылмыстық сипатының белгілі болғандығын ұғынбай, қылмысының құпиялығына өзі күмән келтірмей әрекетін әрі қарай жалғастырса, ол ұрлық болып саналады. Егер айыпты, әрекетінің белгілі болғандығын ұғынып ұрлығын доғарса, егер ол еш нәрсе алып үлгермесе, онда оның әрекеті не ұрлыққа оқталғандық саналады, егер ол қандай да бір құндылықты алып үлгерсе аяқталған ұрлық болып саналады.

Бөгде адамның көзінше жасалған ұрлықты жасырып жасалған деп тану үшін, сол адамның айыптың әрекетінде қылмыстық сипат бар екендігін ұғынбағандығы анықталуға тиіс. Мысалы, айыпты өзін мүлік иесі атынан билік жасай алатын адаммын деп өтірік айтады; иесіз тұрған автомашинаға жайбарақат отырып жүріп кеткен адамның әрекетіне қарап онда тұрғандар ұрлық жасалды деп ойламайды.

Ұрлықтың объективті жағын талдағанда әрекет пен қылмыстың нәтиженің арасындағы себептік байланысты анықтау қажет. Теориялық және практикалық тұрғыдан едәуір маңызды болып саналатын мәселелердің бірі – ұрлық аяқталу кезеңін айқындау. Затты айыптының иеленген кезеңінен бастап ұрлықтың аяқталған болып саналатын салалмайтындығы бірнеше маңызды мәселерді шешумен байланысты, олар: қылмысты саралау, қылмысты жасаудан еркімен бас тарту, қылмысқа қатысушылар шеңбері, ұрлықты тонаудан жеке қарақты шектеу, жазалау шарасын белгілеу мәселелері.

Ұрлықты аяқталған деп айыптының затты іс жүзінде иеленген кезінен емес, ол затқа оның өз қалауыен билік ете алатын мүмкіндігі туған кезден бастап санау керек. Егер ұрлық күзеттегі аймаққа жасалса, онда қылмыстың аяқталғандығы туралы мәселе ұрланған мүліктің сипатына және айыптының пиғылына байланысты. Мысалы, егер айыпты күзеттегі аумақтан шығармай – ақ пайдаланылуға болатын мүлікті ұрлауды ойластырса, онда мүлікті оқшаулап, оған заңсыз иелік орнатқан кезден бастап ұрлық аяқталған болып саналады. Ұрлаған мүлкін сол тұрған жерінде өз пайдасына жарату мүмкін болмағандықтан, оны күзеттегі аймақтан алып шығу кезінде айыпты ұсталса, оның әрекеті ұрлыққа оқталғандық ретінде сараланады.

Кінә, қылмыстың себебі мен мақсаты ұрлықтың субъективтік жағын сипаттайтын нышандарға жатады. Бұл нышандар ұрлық жасаушы адамның психикасындағы ішкі процесстердің көрінісі, ол ұрлаушының санасы мен еркінің жасалған қоғамға қауіпті әрекетпен байланысын сипаттайды.

Субъективтік жағынан ұрлық – тікелей ниетпен жасалатын әрекет. Ол дегеніміз – айыпты өз әрекетінің қоғамға қауіпті екендігін ұғынады, қоғамға қауіпті зардаптың болатынын алдын ала біледі және соны тілейді; ешқандай құқығы болмаса да бөтен мүлікті жасырып алады, өзіне заңсыз пайда түсіру үшін мүлікиесіне материалдық залал келтіретіндігін түсінеді. Ұрлық жасаудың себебі – пайда табу. Пайда табу болмаса ұрлық та болмайды. Ол ұрлықтың субъективтік себебі. Бірақ бұл себебтің мазмұны оның тереңдігі, оны ұғыну дәрежесі және тұрақтылығы әр түрлі болуы мүмкін [4].

Ұрлықтың күннен-күнге өршуі, қаншалықты дәрежеде қоғамға қауіпті екендігі айтпаса да түсінікті. Қылмыстық жаза мемлекет атынан қылмысты іс-әрекеттер үшін қылмыстық құқық бұзушыға кінәсіне берілетін құқылық баға болып табылады. Кінәлаудың дәрежесі қылмыстың ауырлығына, кінәлі адамның жеке тұлғасына және де ұрлықты істеудегі мінез-құлқына байланысты болып табылады.

Қазіргі кезеңде республикамыздың мемлекеттік және қоғамдық өмірінің құқықтық негізінің нығаюына, қылмыспен және заң бұзушылықпен күресті күшейтуге қоғамымыздың әр мүшесінің құқықтары мен бостандықтарына қол сұғушылықтың алдын алуға басты назар аударуда. Алайда, біз қандай шамада мүмкіндіктерімізді пайдаланып, қауіп – қатердің алдын аламыз, өзіміздің оңымызды еселеп, терісімізді азайтамыз – бұл біздің өзімізге, мақсаттары мен басымдықтарды дәл білуімізге, оларды уақтылы әрі оралымды іске асыруымызға байланысты болып табылады.

Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Дегенмен де, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған. Кез-келген заң бұзушылық мінез-құлық қоршаған ортаға, қоғамға, белгілі бір мөлшерде қауіп әкеледі. Ал, қылмыс дегеніміз - қоғам үшін ерекше қауіпті құбылыс болып табылады. Жасалған қылмыс үшін ең алдымен қылмыскердің құрбаны зардап шегеді. Қылмыс алуан түрлі болып келеді. Қоғамда тәртіп орнатудың жолдары қарастырылған, сондықтанда саналы азаматтар құқық қорғау органдарына көмек көрсетіп отыруы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз, http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылы 3 шілде, http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226

3. А.Н. Пірзадаев Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық кодексіндегі кейбір меншікке қарсы қылмыстардың реттелуінің ерекшеліктері. Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы, ғылыми құқықтық журнал №4 (36) 2014, – 123-126 б.

4. Меншікке қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесі, http://kzref.org/menshikke-arsi-ilmistardi-tergeu-edistemesi.html?page=2

Рамазанова А.С.,
заң ғылымының кандидаты
қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының меңгерушісі
С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университеті
aynura_9999@mail.ru

Сабитова А.А.
заң ғылымының кандидаты
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу кафедрасының меңгерушісі
С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университеті
asyl_sabitova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ МЕН СОТ БАҚЫЛАУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Түйін. Қазіргі жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізуде сот бақылауы мен прокурорлық қадағалау мәселелері бірқатар себептер бойынша ғалымдар мен тәжірибе саласындағы заңгерлердің назарын аударып отыр. Ең алдымен, бұл сот бақылауының құқықтық табиғатын, оны іске асырудың шектері мен нысандарын анықтау, «прокурорлық қадағалау» сияқты мемлекеттік қызмет түрлерімен арақатынасты анықтау қажеттілігінен туындайды. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуде сот бақылауы мен прокурорлық қадағалаудың мәні мен мазмұнын айқындауға бірыңғай теориялық және әдістемелік тәсілдің болмауы сот қызметінің осы бағытының тиімділігіне және жеке адамның конституциялық құқықтарын сапалы қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға әсер етпей қоймайды.

Түйінді сөздер: прокурорлық қадағалау; сот бақылауы; қылмыстық сот ісін жүргізу; адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау; қылмыстық қудалау органдарының қызметі; қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттары; заңдылықты қамтамасыз ету тәсілдері.

Аннотация. В современных условиях проблемы судебного контроля и прокурорского надзора в уголовном судопроизводстве привлекают самое пристальное внимание ученых и практиков по ряду причин. Прежде всего, это вызвано необходимостью выяснения правовой природы судебного контроля, определения пределов и форм его реализации, определения соотношения с такими видами государственной деятельности как «прокурорский надзор». Отсутствие единого теоретического и методологического подхода к определению сути и содержания судебного контроля и прокурорского надзора в уголовном судопроизводстве РК не может не сказаться на эффективности данного направления судебной деятельности и качественного обеспечения конституционных прав личности, защиты прав и свобод граждан.

Ключевые слова: прокурорский надзор; судебный контроль; уголовное судопроизводство; защита прав и свобод человека; деятельность органов уголовного преследования; принципы уголовного судопроизводства; способы обеспечения законности.

Summary. In modern conditions, the problems of judicial control and prosecutorial supervision in criminal proceedings attract the closest attention of scientists and practitioners for a number of reasons. First of all, this is due to the need to clarify the legal nature of judicial control, to determine the limits and forms of its implementation, to determine the relationship with such types of state activities as "prosecutorial supervision". The lack of a unified theoretical and methodological approach to the definition of the essence and content of judicial control and prosecutorial supervision in criminal proceedings of the Republic of Kazakhstan cannot but affect the effectiveness of this area of judicial activity and the quality of the constitutional rights of the individual, the protection of the rights and freedoms of citizens.

Keywords: public Prosecutor's supervision; judicial review; criminal proceedings; protection of the rights and freedoms of the individual; the activity of criminal prosecution bodies; the principles of criminal justice; ways of ensuring the rule of law.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасына сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу саласына тартылған азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету [1] сот-құқықтық реформаны дамытудың аса маңызды бағыты болып табылады, өйткені ҚР Конституциясында көрсетілгендей құқықтар мен бостандықтар жоғары құндылық болып табылады.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік-құқықтық қорғауда сот органдары жетекші рөл атқарады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13 бабының 2 тармағында көрсетілгендей «әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар», демек, егер бұл әрекеттермен Конституцияда және ағымдағы заңдарда көзделген азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірілсе, кез келген мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне сотқа жүгінуге болады.

Әлемдік тәжірибе демократия, гуманизм және заңдылық қағидаттарының шынайылығы мен пәрмеңділігі көп жағдайда соттың қалай ұйымдастырылуына және жұмыс істеуіне байланысты екеніне сендіреді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 бөлімі сот жүйесі, соттардың құзыреті және соттардың жұмыстарын реттейтін қағидаттар туралы негізгі ережелерді қамтиды. ҚР Конституциясы 76 бабының 2 тармағында соттардың кең құзыреті көзделген «сот билігі Конституция, заңдар, өзге де қайнар көздері, сондай-ақ халықаралық шарттар негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады». Заңның 3 бабында сот билігінің сот сипатындағы барлық мәселелерге қатысты юрисдикциясы болуы тиіс делінген. Осылайша, ҚР Конституциясы, ҚР «Сот жүйесі және судья мәртебесі туралы» Заңы жер, тұрғын үй, салық, экономикалық, әкімшілік-құқықтық қатынастарды реттеумен байланысты даулар бойынша көптеген істерді соттарда қарауға міндеттейді.

Сот билігі - құқықтық мемлекеттің ажырамас бөлігі. Күшті және тәуелсіз бола отырып, ол әрбір адам құқықтарының кепілі болып табылады.

Қоғам деңгейінде белгілі болғандай, құқықтардың сақталуына әлеуметтік бақылау формальды (институциялық) және бейресми (қоғамдық пікір) болып бөлінеді. Ресми әлеуметтік бақылау әрдайым құқықтық түрде, ал бейресми түрде – құқықтық емес түрде жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылау формальды әлеуметтік бақылауда жетекші рөл атқарады.

Құқықтық нысанда жүзеге асырылатын бақылау мемлекеттік билік және басқару органдарының, лауазымды тұлғалардың және басқа да басқарушы субъектілердің қызметі болып табылады және де оның екі ерекшелігі бар:

1) ол заң және басқа да нормативтік актілердің талаптарын қатаң сақтау негізінде жүзеге асырылады;

2) оның нәтижелері әрқашан белгілі бір заңдық елеулі зардаптарға әкеп соғады не олардың басталуына байланысты болады [2, 36 б.].

Бақылау бір жағынан құқықтық реттеу және екінші жағынан, басқару функциясы ретінде, мемлекеттік иерархияның барлық деңгейлерінде құқықтық қорғау жүйесінің іс-әрекетінің нәтижелерін оның қызметіндегі кемшіліктерді уақтылы алдын алу және жою, оның тиімділігін арттыру мақсатында тұрақты тексеру қажеттілігімен байланысты [3, 136 б.].

Сот бақылауы, бәріне мәлім, өте кең мағынада қолданылады. Ол бақылаудың әртүрлі нысандарын, атап айтқанда азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізу ережелері бойынша жүзеге асырылатын бақылауды, тікелей және жанама бақылауды, шағымдарды тікелей шешуді және т.б. қамтиды. Сондықтан оны тек шағымдарды қараумен ғана ұқсастыруға болмайды, мемлекеттік басқарудағы заңдылыққа сот бақылауы айтарлықтай кең.

Басқару органдарындағы заңдылықты қамтамасыз ету тәсілі ретінде сот бақылауының мазмұны атқарушы билік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының әрекеттері мен шешімдерін соттың құқықтық бағалауынан, азаматтардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын анықтаудан, олардан туындататын жағдайлар мен себептердің анықталуынан, бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерін қалпына келтіру жөнінде шаралар қолданудан, кінәлілерді жауапқа тартудан тұрады.

Қазіргі уақытта сот төрелігін жүзеге асыру аясы атқарушы билік органдарының заңсыз іс-әрекеттерінен азаматтарды қорғау құралы ретінде кеңейіуде.

Атқарушы билік саласындағы заңдылықтың қамтамасыз етілуін сот бақылауы сұрақтарының түпкілікті шешілуіне объективті емес ведомстволық ықпал ету мүмкіндігін айтарлықтай азайтудан тұрады. Осылайша, жалпы юрисдикциялық соттар азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерді қарау кезінде заң тұрғысынан атқарушы билік органдарының, лауазымды тұлғалардың өздері шығарған құқықтық актілер әрекеттерінің заңдылығын зерделейді, сол арқылы олардың қызметіне бақылау жасайды. Бұл ретте сот азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім шығарады.

Сонымен қатар, сот атқарушы билік органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының азаматтар құқықтары мен бостандықтарын бұзатын іс-әрекеттері мен шешімдеріне бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларына шағымдарын қарайды. Жоғарыда аталған шағымдардың негізділігін анықтайды, сот өзінің бақылау функцияларын жүзеге асыра отырып, шағым жасалған шешімді және әрекетті заңды немесе заңсыз деп таниды, азаматтардың талаптарын қанағаттандыруды міндеттейді, жауапкершілік шараларын қабылдауды жояды.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында [4] және сотқа дейінгі тергеуді сот бақылауының сапасын арттыру шеңберінде тергеу судьясының өкілеттіктері кеңейтілді. Бұл анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымдарды қарау, сотқа дейінгі тергеу барысында жәбірленуші мен куәнің айғақтарын сақтауға беру. Сондай-ақ егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан

негізсіз бас тартса, адвокаттың сараптама тағайындау және жүргізу туралы өтінішхаттарын қарау қарастырылған.

Тергеу судьясы адвокаттың қылмыстық процесті жүргізуші органға бұрын жауап алған куәні мәжбүрлеп алып келу туралы өтінішхаттарын қарайды. 2015 жылдың 31 қазанындағы заңмен тергеу судьясына тұрғын үй-жайды қарауға, тінтуге, алуға, жеке тінтуге рұқсат беру бойынша өкілеттіктер берілген [5].

2018 жылдың наурыз айынан бастап соттарға жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау, жәбірленушіден, куәдан үлгілерді мәжбүрлеп алу, жәбірленушіні, куәні мәжбүрлеп куәландыру, кепілді қолдану тапсырылды [6]. Бұл ретте тергеушінің санкция туралы өтініші тікелей сотқа жіберіледі. Сонымен бір мезгілде прокурорға өтініштің көшірмесі жіберіледі, онда белгіленген мерзімде заңның бұзылуын анықтау мүмкіндігі бар. Тиісінше, ол судьяны уақтылы хабардар ете алады, санкцияланатын әрекет бойынша сот отырысын өткізу туралы өтінішті енгізе алады, немесе прокурорлық ден қою шараларын қолдана алады, оның ішінде үш күн мерзімде апелляциялық сатыға тергеу судьясы қаулысының күшін жою туралы өтінішті жібере алады. Прокурор арқылы сотқа тек үш санкция – қамауға алу, үй және экстрадициялық қамауға алу жіберіледі. Бұл шаралар азаматтардың бостандығы мен жеке қол сұғылмаушылығын барынша шектейді. Сондықтан прокуратура процеске қатысушылардың құқығын қорғаудың қосымша «сүзгісі» ретінде әрекет етеді.

Соттың сотқа дейінгі іс жүргізудегі кең өкілеттіктері, әрине, прокурордың, ең алдымен, оның аса маңызды - санкция беру кезіндегі қызметінің өкілеттіктерін шектеді. Алайда, бұл сот бақылауының прокурорлық қадағалауды ауыстырылатынын білдірмейді. Керісінше, жарыспалылық элементтері бар сот рәсімі қылмыстарды тергеу кезінде адамдардың және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым тиімді қорғауды көздейді және қаралып отырған қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы заңдылықтың қосымша кепілі болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, дамыған елдердің заңнамасында адамның құқықтары мен бостандықтарына қатысты іс-әрекеттерді санкциялау сот құзыретіне толығымен берілді.

Бақылаудың бір түрі қадағалау болып табылады. Оның бақылаудан айырмашылығы мыналардан тұрады:

1) қадағалау органдары өздеріне бағынбаған басқару органдары мен басқа да объектілерге қатысты өз өкілеттіктерін әрқашан орындайды;

2) егер бақылау құқығы ретінде бақылаушы орган үшін заңсыз актілердің күшін жоюға дейін бақыланатын органдардың қызметіне тікелей араласу мүмкіндігі түсінілсе, онда бақылаушы орган алдында заңсыз актілерді қадағалау және наразылық білдіру ғана қадағалау болып табылады;

3) егер бақылау тәртібінде, әдетте, тәртіптік ықпал ету шаралары пайдаланылса, онда қадағалауды жүзеге асыру кезінде – әкімшілік (мысалы, айыппұл);

4) қадағалау бақылаудан айырмашылығы қадағалаудағы қызметтің алдын ала белгіленген параметрлерінің болуын көздейді. Бұл ретте бақылау органдарының қызметі де қадағалау пәні болуы мүмкін [7, 257 б.].

Адам құқықтарының сақталуын қадағалаудың қазіргі жүйесі әртүрлі. Қадағалауды прокуратура, сондай-ақ арнайы мемлекеттік инспекциялар (әкімшілік қадағалау) жүзеге асырады. Прокуратура органдары ерекше әдістермен әрекет ететінін ескеру қажет. Прокурорлық қадағалау бақылау және қадағалау қызметінің элементтерін біріктіреді.

Прокурорлық қадағалау сот төрелігімен, мемлекеттік басқарумен және заң шығармашылығымен қатар мемлекеттік қызметтің дербес нысандарының бірі болып табылады [8, 79-113 б.].

Қылмыстық сот ісін жүргізуде заңдылықты сақтаудың негізгі кепілі прокурордың қылмыстық іс жүргізу қызметі болып табылады, ол қылмыстық сот ісін жүргізудің барлық сатыларында заңның кез келген бұзылуын жою үшін заңда көзделген шараларды уақтылы қабылдауға міндетті, бұл бұзушылықтар кімнен туындаса да. Сотта прокурордың қылмыстық іс жүргізу қызметі айтарлықтай кең. Прокурор мемлекеттік айыптаушы ретінде қатыса ма немесе азаматтық талапты қолдайды ма, сот талқылауында туындайтын мәселелер бойынша қорытынды бере ме - осының бәрінде ол соттардың қылмыстық істерді қарауының заңдылығын қадағалау функциясын орындайды, іс жүргізу заңының барлық нормаларының сақталуын қадағалайды, қылмыстық процеске барлық қатысушылардың заңды мүдделерін бұзудан қорғау шараларын қабылдайды.

Прокурор қылмыстық істерді қарауға қатыса отырып, екі негізгі функцияларды жүзеге асырады. Біріншіден, ол нақты қылмыстық істерді соттың қарауына тікелей қатысады. Сот реформасының ережелерін және оның негізінде қабылданған сот процесінің жарыспалылығы туралы жаңа іс жүргізу заңнамасын ескере отырып, бұл жағдайларда прокурор қылмыстық сот ісін жүргізудің

тең құқылы қатысушысы, тарап ретінде әрекет етеді. Екіншіден, прокурордың сот ісін жүргізудегі қызметі сот үкімдерінің немесе қаулыларының заңдылығын прокурорлық қадағалаудан тұрады.

Қылмыстық процестегі прокурордың қадағалау функциялары сотқа дейінгі сатыда өте кең және олар қажет. Осы кезеңде прокурор қылмыстық қудалау органы бола тұра және мемлекеттік функцияны орындай отырып, яғни қылмыстардың ашылуы, ал оларды жасауға кінәлі тұлғалар сотқа берілуінен тұратын мемлекеттің мүддесін білдіре отырып, тергеудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады. Алдын ала тергеудің заңдылығын прокурорлық қадағалау айыптау дәлелдемелерінің жол берілуі мен дұрыстығын қамтамасыз ететін құрал болып табылады. Егер осы кезеңде прокурор заң талабы қойғандай, әрдайым толық көлемде заңдылық қағидатын сақтауға қол жеткізсе, істі сотта қарау кезінде оның функцияларын орындау әлдеқайда жеңілірек болып келеді.

Мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға уәкілетті тұлға ретінде прокурор қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында «іс жүргізу прокуроры» институты енгізілді. ҚР ҚПК-нің 193 бабына сәйкес іс жүргізу прокуроры сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап, қылмыстық іс бойынша қадағалауды жүзеге асырады және мемлекеттік айыптаушы ретінде бірінші сатыдағы сотқа қатысады. ҚР ҚПК 147 бабы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы қаулыны прокурорға міндетті түрде жіберу туралы норманы белгілейді. Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өтінішхатын зерделеу нәтижелері бойынша өтінішхатпен келісім білдіреді немесе дәлелді қаулымен оны қолдаудан бас тартады және (немесе) өзге де бұлтартпау шарасын таңдау туралы мәселені шешеді. Қаулының көшірмесі мүдделі тұлғаларға жіберіледі. Прокурор ұстау мерзімі аяқталғанға дейін сегіз сағаттан кешіктірмей тергеу судьясына өтінішхаттың негізділігін растайтын қылмыстық іс материалдарының көшірмелерін қоса бере отырып, күзетпен ұстауға санкция беру туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулы беруге міндетті.

ҚР ҚПК 193 бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеуде прокурордың өкілеттігі бекітілген. Сонымен прокурор қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі.

Бүгінгі күні сотқа дейінгі іс жүргізу шеңберінде әрбір тіркелген арыз іс жүзінде тергеледі, бірақ келесілерді қоспағанда:

1) қолданыстағы заңнаманы бұзушылықтар туралы, олардың болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті белгісі болып табылатын тексеру, ревизия, аудит актілерімен және басқалармен расталған залал, елеулі зиян не заңсыз табыс туралы мәліметтер жоқ болса;

2) жазбаша нысанда жасалған және сот жарамсыз, жалған деп танылмаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға негізделген бұзушылықтар туралы мәліметтерді қоспағанда.

Сонымен қатар, кейбір шетелдерде өтініштерді тексеру жүйесі құрылды, оның қарапайымдылығы мен қисындылығы оны қолдануға негіз береді.

Мәселен, Эстонияның ҚІЖК-нің 93 бабына сәйкес қылмыстық іс жүргізуді қозғау немесе бас тарту туралы шешім он күн ішінде қабылданады. Бұл мерзім қылмыстық құқық бұзушылықтарды тексеру әрекеттерін жүргізу жолымен басқа қылмыстық-құқықтық теріс қылықтардан бөлуге мүмкіндік береді [9]. ҚР Қылмыстық процестік Кодексінде осындай норманы енгізу азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу деңгейін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берер еді, өйткені қылмыстық қудалау тіркелген арыздарда көрсетілген тұлғаларды ғана тартуға арналған.

Шетелдер (Ұлыбритания, АҚШ, Франция, ГФР) тәжірибелеріндегі сот бақылауы мәселелерін қарастыра отырып, И.В. Чепурная «...жалпы құқық елдеріндегі қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларындағы сот бақылауы романо-германдық құқықтық жүйесі елдеріне қарағанда бұрын дами бастады. Бұл осы елдерде тарихи қалыптасқан сот ісін жүргізу органдарының рөлімен байланысты: соттар тек құқықты ғана қолданып қана қоймай, сонымен қатар оны едәуір дәрежеде жасап шығарады; соттар құқық саласындағы қақтығыстарды шешетін негізгі және іс жүзінде жалғыз институт болып табылады; бұл елдердің қылмыстық процесі азаматтық, талап қою процесі принциптерінде пайда болды, және қазіргі уақытта мұндай үрдіс іс жүзінде байқалмаған болса да, ол процестің әрбір қатысушысында іс жүргізу шешімдеріне шағымдану мүмкіндігі бар деген жолмен өз ізін қалдырды. Романо-германдық құқықтық жүйесі елдеріндегі сияқты, сот бақылауы конституциялық табиғатқа ие және тұлғаның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған. Негізгі заң ретінде жазылған Конституция жоқ елдерде (Ұлыбритания) сот бақылауының мәні одан да үлкен» - дейді [10].

Өз кезегінде бұл міндет прокуратураға тән болу керек, өйткені ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 4 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы прокуратурасының негізгі міндеті адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың, қоғам мен

мемлекеттің, сондай-ақ заң бұзушылықты анықтау және жою себептері мен шарттары, оларға ықпал ететін, олардың зардаптарын жою болып табылады.

Жаңа институттарды енгізумен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы қылмыстық қудалау саласындағы репрессивтілікті төмендетуді және оның құқық қорғау әлеуетін нығайтуды жалғастыруда, осылайша тәуелсіздік жылдары 2018 жылы алғаш рет қылмыстық процестің репрессивтілігінің ең төмен деңгейіне қол жеткізілді. Ұсталғандар мен қамауға алынғандар 4 есеге (43 мыңнан 10 мыңға дейін және 38 мыңнан 9 мыңға дейін), бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар 5,5 есеге (40 мыңнан 7 мыңға дейін) азайған. Қылмыстың төмендеу үрдісі сақталуда. Ол 8% - ға (316 мыңнан 292 мыңға дейін), ал ауыр және аса ауыр қылмыстар 19% - ға (26 мыңнан 21 мыңға дейін) азайды.

Айта кететін болсақ, 2018 жылы еліміздің прокуратура органдары өздерінің қадағалау функцияларын орындау барысында 766 заңсыз ұсталған азаматты босатты, бұл 2017 жылдан 3,5 есе артық. Тергеудің рұқсат етілмеген әдістері, көрінеу кінәсіз адамды тарту, азаптау және билікті асыра пайдалану фактілері бойынша 348 қылмыстық іс тіркелді [11].

Осылайша, зерттелген тақырып бойынша қорытынды жасай отырып, Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуде сот бақылауы мен прокурорлық қадағалау институттарын жетілдіру мақсатында келесі өзгерістер ұсынылады:

1. ҚР Қылмыстық процестік Кодексінің 136 бабында бұлтартпау шараларын қолдану негіздерінің тізбесін кеңейту мақсатында, оған мынадай толықтырулар енгізу керек: «егер айыпталушы бұрын сотталған болса және соттылығы алынбаса немесе өтелмесе», «айыпталушы куәға, қылмыстық сот ісін жүргізудің өзге де қатысушыларына қауіп төндіруі, дәлелдемелерді жою немесе қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге кедергі келтірсе».

2. ҚР Қылмыстық процестік Кодексінің 137 бабының 1 тармағы келесідей толықтырылса: қамауға алуға байланысты емес бұлтартпау шараларын таңдау және қолдану кезінде бұлтартпау шаралары нақты қажеттілік жағдайында адамға қолданылады; бұлтартпау шараларын қолдануға тек заңда көзделген негізде, тәртіппен және шектерде ғана жол беріледі; қамауға алумен байланысты емес неғұрлым тиімді бұлтартпау шарасын таңдау; бұлтартпау шарасын қолдану – күзетпен ұстау ең соңғы шарасы ретінде болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасы қылмыстық процесс ғылымының алдына прокурорлық қадағалау мен сот бақылауы қатынасында жаңа мәселелер қойды, олар адам құқықтары туралы жалпыға бірдей танылған халықаралық және оларға сәйкес келетін ұлттық конституциялық нормалар шеңберінде шешілуі тиіс. Сот бақылауының кеңейіуі, сөзсіз, прокурорлық қадағалау функцияларын кемітіп, оны ығыстыруға әкелді. Дегенмен, прокурорлық қадағалау сот бақылауы сияқты азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен қамтамасыз етудің тиімді құқықтық құралы болып қалады. Алдын ала тергеуге сот бақылауын күшейту, ең алдымен, соттың тәуелсіз және қандай да бір ведомстволық мүдделерге байланысты емес орган ретінде, сонымен қатар ол қылмыстық сот ісін жүргізудің сотқа дейінгі сатыларында жеке адам құқықтарының сенімді кепілі болып табылатындығына негізделген. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына енгізілетін өзгерістер адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес Қазақстанның құқықтық саясатының дамуын куәландырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года // (http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858_. Дата обращения: 22 июля 2019 года)

2. Горшнев, В.М. Контроль как правовая форма деятельности // В.М. Горшнев, И.Б. Шахов // - М.: Юрид. лит., - 1987. – 175 с.

3. Мальков, В.Д. Функции управления в сфере правоохранительной деятельности: Теория управления в сфере правоохранительной деятельности. Под ред. В.Д. Малькова. - М., - 1990. – С. 130-135.

4. Сто конкретных шагов Президента Н.Назарбаева - полная версия // (http://www.zakon.kz/4713070-sto-konkretnykh-shagov-prezidnta.html. Дата обращения: 22 июля 2019 года)

5. О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования системы отправления правосудия: Закон Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 378-V ЗРК // [Электронный ресурс. Дата доступа: 22.07.2019 г.] (http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231)

6. О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам модернизации процессуальных основ правоохранительной деятельности: Закон Республики Казахстан от 21 декабря 2017 года № 118-VI ЗРК // [Электронный ресурс. Дата доступа: 22.07.2019 г.] (http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231_

7. Мальков, В.В. Соотношение контроля, проверки, исполнения и надзора: Советское административное право: учебник / Под ред. Ю.М. Козлова // В.В. Мальков. – М., 1973. – С. 257-265 с.

8. Даев В.Г., Маршунов М.Н. Основы теории прокурорского надзора // В.Г. Даев, М.Н. Маршунов. - Л.: Изд-во Ленинград. ун-та, - 1990. – 136 с.

9. Уголовно-процессуальный кодекс Эстонской Республики // [Электронный ресурс. Дата доступа: 22.07.2019 г.] (http://yurotdel.com/zakony/ugolovno-processualnyi-kodeks-estonii.html)

10. Чепурная, И.В. Судебный контроль в уголовном процессе зарубежных государств - Великобритания, США, Франция, ФРГ / И.В. Чепурная // [Электронный ресурс. Дата доступа: 22.07.2019 г.] (https://super-inf.ru/-view_helpstud.php?id=230)

11. Более 700 незаконно задержанных граждан освободили в Казахстане // [Электронный ресурс. Дата доступа: 22.07.2019 г.] (https://news.mail.ru/society/36023556/?frommail)

Сабитова А.А.,
кандидат юридических наук
доцент кафедры гражданского права и гражданского процесса
Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова

Квашин А.А.
кандидат юридических наук
ст. преподаватель кафедры гражданского права и гражданского процесса
Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова
e-mail: asyl_sabitova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін: Мақала қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды қамтамасыз етудің маңызды ұйымдық-құқықтық шараларының бірі ретінде экологиялық бақылау функцияларын жүзеге асыру мәселелеріне арналған. Экологиялық бақылауды құқықтық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, әсер ету объектісі, нысандары, әдістері, түрлері, мазмұны мен іске асыру құралдары нарық жағдайында қоршаған ортаның сапасына қойылатын талаптарды арттыруға бағытталуы тиіс.
Түйінді сөздер: қоршаған орта, табиғатты пайдалану, экологиялық бақылау, мемлекеттік басқару.

ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ОРГАНИЗАЦИИ И ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация: Статья посвящена вопросам осуществления функции экологического контроля как одной из важнейших организационно-правовых мер обеспечения охраны окружающей среды и природопользования. В условиях рынка правовое и организационное обеспечение, объект воздействия, формы, методы, виды, содержание и средства реализации экологического контроля должны быть направлены на повышение требований к качеству окружающей среды.
Ключевые слова: окружающая среда, природопользование, экологический контроль, государственное управление.

LEGAL BASIS OF ORGANIZATION AND IMPLEMENTATION OF ENVIRONMENTAL CONTROL IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Summary: The article is devoted to the implementation of the function of environmental control as one of the most important organizational and legal measures to ensure environmental protection and environmental management. In market conditions, legal and organizational support, the object of impact, forms, methods, types, content and means of implementation of environmental control should be aimed at increasing the requirements for the quality of the environment.
Keywords: environment, nature management, environmental control, public administration.

Экологический контроль - это сложное и многоаспектное понятие, представляющее собой правовую форму проверки соответствия процессов протекающим в сфере охраны окружающей среды и природопользования, установленным требованиям экологического и природоресурсного законодательства.

Роль контроля в сфере охраны окружающей среды и природопользования отражена в основополагающих государственных документах: «Мы должны иметь строгий контроль за своими стратегическими ресурсами, жить экономно и по-хозяйски использовать средства…» [1].

Для характеристики экологического контроля необходимо определить его понятие, правовое и организационное обеспечение, объект воздействия, формы, методы, виды, содержание и средства реализации.

Определение понятия экологический контроль породило правовую проблему отграничения функции контроля от иных функций, несущих в себе проверочную направленность.

Крассов О.И. указывает, что «для обеспечения эффективного контроля в области охраны окружающей среды, безусловно, необходимы те сведения, которые выявляются в процессе осуществления экологического мониторинга. Однако результаты экологического мониторинга не имеют юридического значения в отличие от результатов экологического контроля. Лишь после того, как факты негативного влияния на окружающую среду будут зафиксированы в порядке осуществления экологического контроля с соблюдением установленных процедур, органы, осуществляющие

экологический контроль, имеют возможность применять соответствующие меры, предусмотренные законодательством. Экологический мониторинг и контроль в сфере охраны окружающей среды - это разные функции управления, имеющие различные задачи и цели, однако теснейшим образом взаимосвязанные» [2, с. 72].

Байдельдинов Д.Л. отмечает, что экологический контроль можно понимать и в «широком» смысле (когда речь идет о соблюдении экологической безопасности общества) и в «узком» смысле — как проверка исполнения экологических норм и требований действующего законодательства с целью предотвращения вредных воздействий на окружающую среду, ее объекты, жизнь и здоровье человека [3, с. 162].

На наш взгляд, контроль не поглощает такие функции, как экологическая экспертиза, мониторинг окружающей среды и природных ресурсов и др. В литературе правильно отмечается, что «для усиления контроля и повышения уровня его экологической направленности Основами введен мониторинг земель» [4, с. 199].

Контроль по своей правовой природе представляет собой базовую функцию, которая обобщенно отражает направление деятельности по проверке субъектов экологических отношений. Функция экологического контроля выполняется и при осуществлении иных организационно-правовых мер обеспечения охраны окружающей среды и природопользования – экологического нормирования, экологической экспертизы, экологического лицензирования, экологической сертификации. Еще Колбасов О.С. подчеркивал, что контроль и надзор за выполнением законов об охране природы, является видом деятельности, которая входит в содержание всего комплекса государственного управления в области охраны природы. [5, с.24].

Причем, чем больше будет создано функций, несущих в себе проверочную направленность, тем эффективней будут результаты осуществления контрольной деятельности. Что же касается вопроса о соотношении данных функций, то мы разделяем мнение Асылбекова А.П., что «экологический контроль, экологическая экспертиза и мониторинг окружающей среды и природных ресурсов – взаимосвязанные и взаимодополняющие друг друга компоненты единой системы управления охраной окружающей среды и природопользованием. Наряду с этим, каждый из них нацелен на выполнение собственных задач, имеет свои объекты, принципы, формы проведения и виды» [6, с. 12].

Правовые основы организации и осуществления государственного экологического контроля установлены Конституцией Республики Казахстан, законами, регулирующими статус Правительства Республики Казахстан и других исполнительных органов, экологическими и природоресурсными законами, а также рядом специальных подзаконных актов. Законом определены органы государственного экологического контроля в области окружающей среды, их задачи, а также полномочия должностных лиц этих органов. Кроме того, для каждого элемента окружающей среды установлен соответствующий вид государственного экологического контроля (земельный, водный, горный и т.д.) в отраслевом природоресурсном законодательстве.

В задачи экологического контроля входят наблюдение за состоянием окружающей среды и ее изменениями под влиянием хозяйственной и иной деятельности, проверка соблюдения требований экологического законодательства и нормативов качества окружающей среды, выполнения мероприятий по рациональному использованию природных ресурсов и оздоровлению окружающей среды. Для их выполнения создана система экологического контроля, включающая государственный, общественный, производственный и ведомственный контроль, каждый из которых имеет свои специфические функции и адекватные им средства реализации. Системность экологического контроля проявляется в всестороннем использовании и сочетании указанных видов экологического контроля. Однако в правовом обеспечении системы экологического контроля имеется пробел, состоящий в отсутствии правовых норм о ведомственном контроле в Экологическом Кодексе Республики Казахстан.

Экологический контроль проявляется в определенных формах: интегрированный, охватывающий всю окружающую среду; комплексный, связанный с охраной группы объектов и комплексов; дифференцированный, направленный на охрану отдельных объектов природы. «Экологический контроль можно также классифицировать на информационный, предупредительный, текущий, карательный» [6, с. 11].

Объектами экологического контроля выступают: состояние и степень изменений окружающей среды и ее отдельных объектов под влиянием хозяйственной и иной деятельности; соблюдение экологического законодательства; деятельность юридических и физических лиц по выполнению природоохранных мероприятий, а так же предписаний государственной экологической экспертизы; выполнение экологических требований по охране окружающей среды, условий, предусмотренных в договорах (контрактах), лицензиях на специальное природопользование.

К методам экологического контроля следует отнести: проверку исполнения предписаний экологических и санитарных органов; проверку соблюдения норм и требований экологического законодательства; ограничение, приостановление, прекращение экологически вредных производств; привлечение виновных лиц к ответственности. С помощью методов осуществляется реализация на практике деятельности контролирующих органов.

Экологический контроль в зависимости от субъектов, управомоченных на его осуществление, делится на:

- государственный;
- ведомственный;
- производственный;
- общественный.

Государственный экологический контроль проводится республиканскими и местными исполнительными органами, а также специально уполномоченными государственными органами. Государственный экологический контроль распространяется на все министерства, ведомства, предприятия, учреждения, организации независимо от их подчиненности и формы собственности и включает сферу соблюдения экологического законодательства, специальных норм, правил и нормативов. Это означает, что государственный экологический контроль имеет надведомственный характер.

Проведение государственного экологического контроля базируется на определенных принципах. Основные из них - законность, объективность, разделение хозяйственных и контрольных функций, бессрочность, всеобщность.

Принцип законности проявляется в том, что государственный контроль могут проводить лишь уполномоченные органы в пределах компетенции и полномочий, определяемых нормативными правовыми актами.

Принцип объективности реализуется в наличии достоверных данных о деятельности контролируемого объекта.

Принцип разделения хозяйственных и контрольных функций характерен лишь для специально уполномоченных органов государственного экологического контроля. Он носит в основном доктринальный характер и в законодательстве прямо не закреплен. Его суть заключается в том, что функция проведения специального государственного экологического контроля не может возлагаться на органы, эксплуатирующие природные ресурсы.

В государственном экологическом контроле можно выделить два направления общее и специальное, что предопределяет специфику форм и способов его проведения. Общее направление государственного экологического контроля делится на общереспубликанское и региональное (местное).

Общереспубликанский контроль за соблюдением правил охраны окружающей среды и природопользования имеет сложную структуру, в которой можно выделить следующие элементы: прокурорский надзор, осуществляемый за соблюдением экологического и природоресурсного законодательства и государственный контроль в области охраны окружающей среды и природопользования, осуществляемый органами общей управленческой компетенции. К таким органам следует отнести Правительство и органы местной исполнительной власти.

Правительство осуществляет контроль путем заслушивания на своих заседаниях отчетов и докладов руководителей государственных структур управления в сфере охраны окружающей среды и природопользования; контроля за исполнением законов, иных нормативных правовых актов в данной сфере соответствующими органами исполнительной власти; отмены или приостановления полностью или в части действие актов министерств, государственных комитетов, иных центральных и местных исполнительных органов Республики (п. 7 ст. 66 Конституции Республики Казахстан).

Региональный экологический контроль – это контроль за соблюдением законодательства о природопользовании и охране окружающей среды осуществляемый со стороны местных органов общего управления. Роль местных органов общего управления в сфере экологического контроля особенно возрастает в связи с установлением платы за право пользования в условиях рынка природными ресурсами, за воспроизводство и охрану природных ресурсов, за выдачу лицензий на право природопользования.

Что же касается специального государственного экологического контроля, то в нем выделяются два направления: надведомственное и отраслевое. Надведомственный экологический контроль в сфере охраны окружающей среды осуществляется центральным исполнительным органом в области охраны окружающей среды и их территориальными органами.

Отраслевой контроль охватывает соблюдение правил использования и охраны каждого природного ресурса (земля, воды, леса и др.). Так, государственный контроль за использованием и охраной водных ресурсов, в соответствии со ст. 49 Водного Кодекса Республики Казахстан в пределах своей компетенции осуществляют:

– уполномоченный орган в области использования и охраны водного фонда;

– центральный исполнительный орган Республики Казахстан в области охраны окружающей среды;

– уполномоченный орган по использованию и охране недр;

– уполномоченный государственный орган в области промышленной безопасности;

– уполномоченный орган в области санитарно-эпидемиологического благополучия населения;

– уполномоченный государственный орган в области ветеринарии;

– государственный орган, осуществляющий фитосанитарный надзор;

– местные исполнительные органы [6].

Исходя из принципа всеобщности контроля, кроме государственного экологического контроля существуют: ведомственный, производственный и общественный контроль.

Ведомственный экологический контроль – это часть системы экологического контроля. Его существование обусловлено необходимостью ведения контроля за экологически значимой деятельностью предприятий, учреждений, организаций, подведомственных определенному министерству (ведомству). К отличительным признакам ведомственного контроля можно отнести:

– узкая сфера охвата (распространяется только на подведомственные объекты, предписания органов ведомственного контроля ограничиваются должностными лицами и работниками);

– цели и задачи осуществления ведомственного экологического контроля определяются государством. Именно специально уполномоченный на управление в сфере государственный орган осуществляет формирование и содержание деятельности органов ведомственного управления, должен определить, по каким параметрам, какими способами и методами будет осуществляться ведомственный экологический контроль, какой должна быть форма отчетности ведомственных служб;

– компетенция органов ведомственного контроля зависит от того, какой экологической деятельностью занимается министерство (ведомство). Эта деятельность может иметь двоякое значение: а) связана с эксплуатацией природных ресурсов; б) не связанная с эксплуатацией природных ресурсов, но оказывающее вредное воздействие на окружающую среду.

Содержание ведомственного контроля определяется рядом факторов: 1) спецификой отрасли; 2) экологически значимыми задачами, стоящими перед отраслью в целом и 3) подведомственными объектами и конкретными правами, и обязанностями подразделений и лиц, осуществляющих ведомственный контроль.

Ведомственный контроль проводится министерствами и ведомствами, осуществляющими управление отдельными отраслями экономики. «Он может проводиться также негосударственными структурами территориального уровня, субъектами права окружающей среды. Такие структуры также заинтересованы, прежде всего, экономически, в поддержании экологического правопорядка на подведомственных объектах, так как несоблюдение экологических требований будет влиять на экономические результаты их деятельности и прибыль» [8, с. 205].

Ведомственный контроль является одной из основных функций ведомственного управления, многие ученые выделяют его в самостоятельный вид экологического контроля.

Производственный экологический контроль (самоконтроль) – часть системы экологического контроля в условиях рынка обусловленный необходимостью контроля за состоянием природной среды, в результате производственной деятельности со стороны того субъекта, который осуществляет эту деятельность. Производственный экологический контроль является формой самоконтроля, со следующими характерными признаками:

– субъектами контроля являются предприятия и иные хозяйствующие субъекты (юридические и физические лица, занимающиеся предпринимательской деятельностью без образования юридического лица);

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің негізгі белілері есі дұрыстық, заңда белгіленген жасқа толу және жеке тұлғамен қатар басқа да қосымша белгілер болуы мүмкін [1].

Қылмыстық құқық теориясында осындай қосымша белгілері бар қылмыстық құқық бұзушылық субъектілері қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектілері деп аталады. Сонымен қатар, адамның жасаған кейбір қылмыстық құқық бұзушылығында қосымша белгілердің болмауы, адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік бермейді.

Кейбір қылмыстық құқықтық норманың диспозициясындағы қосымша белгілер қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің міндетті белгілері болады және қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауда анықтауға және дәлелдеуге жатады.

2015-2018 жж. үшін Қазақстан Республикасы қылмыстық іс материалдарына криминологиялық талдау бойынша арнайы субъектімен сыбайлас қатысуда жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар көп жағдайда ер адамдармен жасалады екен. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл бірінші кезекте, тарихта қалыптасқан әлеуметтік-физиологиялық факторлармен шарттастырылған. Сәйкесінше, әйелдер қылмыстылығының кейбір үлесінің өсуі әлеуметтік рөлдердің ауысуымен жеңіл түсіндіріледі. Қазіргі қоғамда қылмыстық заңда да орын алған, ұзақ уақыт бойы адамзат тарихынан бері келе жатқан ержүректілік пен нәзіктіктің арасында нақты шек жоқ

Қазіргі кездегі қылмыстылық криминалдық кәсібилік, топтық сипат, қаруланғандық жән ең қауіптісі сыбайласқандық сияқты жаңа қасиеттерге ие.

Ең жеңілі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі баптарының ережелеріне сүйене келе, қылмыстық құқық бұзушылықты алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобымен жасалғандеп тану, яғни арнайы субъектінің белгілеріне ие екі немесе одан да көп адамдар, әрекеттің жасалуы басталғанша кез келген нысанда ақылдаса отырып, қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға бағытталған ортақ ниетте бірігіп, қылмыстық іс-әрекеттің осы немесе өзге де нысанына тікелей қатысқан адамдар.

Бұнымен қоса, қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға бағытталған барлық әрекеттерді олардың әрқайсысы жасауы міндетті емес (мысалы, біреуі жоспар құрады, екіншісі бақылайды, үшіншісі тікелей қарауды жымқырады немесе қорқытып алады). Мысалы, азамат К-ев әскери қызметтің өту кезеңінде, «НЗ» артиллериялық жабдығының қоймасына (жұмсалмайтын қор) қондырғының аумағына кіретін ДОС (офицерлер үйі) кіре берісте орналасқан жертөле арқылы кіру мүмкіндігі туралы білді.Атыс қаруын ұрлауға шешім қабылдаған К-ев басқа бір жауынгер азамат С-овпен келісім жасасты. Одан кейін олар азамат А-вқа кейінен қаруды сақтау мен өткізуге көмек көрсету жолымен жымқыруға сыбайлас қатысуды ұсынды. Жымқыруға дайындық жасай келе, алдын ала азамат К-ев және С-ов жертөлеге кірген кездегі аспалы құлып ауыстырды, шамды, ауыстыратын киім мен қолғап сатып алды. Біріккен қылмыстық ойларын жүзеге асыра келе олар қойма үй-жайына кіріп, АК-74 автоматының үшеуін жымқырды. Кейіннен ұрланған қаруларды өздерін күтіп алған азамат А-вқа тапсырды. Соңғысы, қаруды заңсыз сақтай отырып, оны өтізуді жеңілдету үшін автоматтардың жеке нөмірлерін егеп кесіп тастады. Алайда ұрланған автоматтарды өткізе алмағандықтан, әскерден қайтатын азамат К-ев және азамат С-ов автоматтардың кем шығуынан қорқып, оған автоматты қоймаға қайтарып, өткізуі жеңіл болатын басқа қаруды жымқыруды ұсынды. Азамат А-ов мұндай ұсынысқа келісті. Одан кейін олар бірге ұрланған қаруды алып өту үшін сөмкелер дайындады, кейіннен азамат К-ев пен С-ов бұрынғы жолмен қоймаға кірді. Ал азамат А-ов жымқыруды жасауда туындауы мүмкін кедергілерді жою мақсатында сыбайлас қатысушыларын шығаатын кездің уақытын ескертіп, жертөленің есігін құлыпқа жауап қойды. Азамат К-ев пен С-ов қоймаға кіргеннен кейін жеке нөмірлері егелген автоматтарды қойманың сирек тексерілетін жағына орналастырып, ол жақтан басқа үш автоматты алып шықты. Одан кейін, қоймадан заңсыз түрде «ТТ» маркалы 11 пистолет және «ПМ» маркалы 54 пистолетті бұрынғы жолмен алып шықты, ал оларды күтіп тұрған сыбайлас қатысушы белгіленген уақыта оларды шығарды [2].

Өздерінің лауазымдық жағдайын пайдаланатын тұлғалардың қылмыстық әрекеттер жасауы іс-әрекеттің әлеуметтік қауіптілігін арттырады, өйткені олар арнайы сенімге ие болады және көбінесе басқарушылық функцияларды орындайды.

Мысалы, қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 291-бабы) фактісі бойынша қылмыстық істі қозғау сатысында бұл адамның тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтыны туралы жеткілікті мәліметтер анықталуы тиіс. Сонымен қатар, оның атқарып отырған қызметі (лауазымы мен қызмет атқаратын бөлімшесінің толық атауы) туралы қажетті мәліметтер және қызметтік өкілеттілігі мен лауазымдық міндеттерінің көлемі қажет. Адамның өзінің лауазымдық және қызметтік міндеттерін орындау фактісін белгілеу маңызды.

Аталған саралаушы белгі меншікке қарсы қылмыстар түрлерінің ішінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189 және 190-баптарында ғана ескерілген. Алайда, «иемденіп алу немесе талан-таражға салу үшін аталған белгінің маңызын түсіну қиын» деген С.М. Кочоидың пікірмен келісеміз. Бұл қылмыстардың негізгі құрамының субъектісі - материалды жаупты тұлға бұл іс-әрекеттерді жасай отырып, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланады» [3, Б. 136].

Қазақстан Республикасы ҚК 189-бабы 3-бөлігінің 2) тармағында «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаса, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса» деп қарастырылған ерекше саралаушы белгі ретіндегі арнайы субъекті өкілеттіліктерінің көлемі бойынша жіктеу жүзеге асырылғанда іс басқаша болады [1].

Біздің көзқарасымыз бойынша, қылмыстық құқық бұзушылықтың заты ретінде орын алатын қарудың ерекшелігін анықтауды мысалға ала отырып , мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттілік берілген немесе оларға теңестірілген тұлғалар үшін жауаптылықты ерекше қарастырып өту қажет. Себебі олар өздерінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып қылмыстық құқық бұзушылық жасайды, яғни оны жасау үшін мұндай тұлғалардың мүмкіндіктері әлдеқайда кеңірек. Сәйкесінше, олардың іс-әрекеті қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде үлкен жоғары қауіптілік

дәрежеге ие. Мысалы, Қостанай облысы ҰҚК Департаментімен Қазақстан Республикасы ҚК 291-бабының 3-бөлігі бойынша Қостанай облысы Ішкі істер департаментінің қызметкеріне қатысты қылмыстық іс қозғалды. Осымен бір уақытта Қостанай облысы Ішкі істер департаментінің өзіндік қауіпсіздік басқармасымен тексеру жүзеге асырылып жатты. Арнайы құрылған комиссия Қостанай облысы Ішкі істер департаментініңоқ-дәрі қоймасына тексеру жүргізді, алайда, осы тексерудің аясында қару мен оқ-дәрілер жетіспеушілігі орын алған жоқ. Қайнар көздерді анықтау барысында қызметкердің жеке көлікжайында оқ-дәрілер склады құрылған. Осының негізінде оқу атыс алаңындағыдан және оқ-дәрі іс-шараларынан кейінгі есептен шығарылған қалдықтарды иемденіп алу және ысырап ету нұсқасы ұсынылды [4].

«Ұйымдасқан қылмыстық құралымдар көбінесе «кәсіпқой» деп аталатын, яғни сатқындық жолына түсетін бұрынғы немесе қазіргі құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен құралатынын есте ұстаған жөн» деп Б.А. Абдрахманов әділ атап өткен [5, Б. 74]. Кейбір жағдайларда мұндай тұлғалар құралымдарды басқарады. Бұған азамат А-в және М-впен басқарылған ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысты қылмыстық іс мысал бола алады. Олардың мақсаттарының бірі белгілі бір күш ресурстарын қалыптастыру болды, оның шегінде кәсіби дайындалған адамдардан, яғни «жауынгерлерден» құралған арнайы отрядтарды қалыптастыру, оларды арнайы әскери техникамен, қарумен және оқ-дәрілермен жабдықтау жүзеге асырылды. Бұл іс-әрекет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 255-бабының 4-бөлігінің «а» тармағымен сараланды **[1]**. Салық полициясы комитетінің төрағасы болған кезінде А-ев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасымен салық полициясына қару-жарақ пен оқ-дәрілерді жеткізу туралы заңсыз келісімшарт жасасты. М-ев азамат А-евқа 2 пулемет, 388 АК-74 және АКСУ-74 автоматтарын, 600 Макаров тапаншаларын, 4СВД винтовкаларын, 60 млн. тенгеден аса жалпы сомаға бірнеше он мың шақты түрлі оқ-дәрілерді билік етуге берген. 2006 жылдың қараша айында бірқатар халықаралық ұйымдармен жамылып, аталған ұйымдасқан қылмыстық топпен мемлекеттің аумағына,НАТО әскерлерімен пайдаланылатынавтокөліктердіңайтарлықтай саны және әскери қызметкерлерді тасымалдау үшін арналған өзге де автокөлік құралдарыәкелінді. Мемлекеттің басшыларын күштеп жоюды қоса алғанда, билікті күштеп тартып алу бойынша ойын жүзеге асыру мақсатында А-ев және М-ев арнайы әскерилендірілген бөлімше, шет елден дайындықтан өтіп келген және кез келген бұйрықты орындайтын, шет елден сатып алынған арнайы қарулармен жабдықталған адамдардан құралған сырттай бақылау бөлімшесін құрды. Мысалы, жоғары уыттылық умен ататын, қаламсап түріндегі арнайы өнім сатып алынды [6].

Сондықтан біз Г.М. Атаханованың «Нақты өмір көрсеткендей, көп жағдайда материалдық мұқтаждық немесе қандай да бір жағымсыз өмірлік жағдайлар ұрыларды қылмыс жасауға алып келмейді, керісінше өзгелердің мүдделерін елемеу, жеңіл табыс пен пайдақорлық, «жоғары пайымдаулармен» бүркемеленген рухани кедейлік тұлғаны қылмысқа әкеледі» деген ойымен келісеміз [7, Б. 42]. «Билік немесе басқару органдарының мемлекеттік қызметкері өздерінің лауазымдық өкілеттіліктерін асыра пайдалана келе екі қызмет атқарады: ресми (заңды) және ресми емес (заңсыз)» деп өзінің назарын А.А. Смағұлов дұрыс аударады [8, Б. 13].

Өздерінің қызметтік жағдайларын пайдалана келе мұндай тұлғалар қарамағындағы адамдарды қылмыс жасауға итермелейді. Осылайша, Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскери комитетінің Қарағанды қаласында орналасқан № 5451 әскери бөлімшесінің қарауыл тұратын үйінің сейфінен 16 РГД-5 қолдан жасалған гранат пенКалашников автоматына арналған1200 дана оқ ұрланған.Тергеу жүргізу барысында ІІМ Әскери-тергеу басқармасының қызметкерлерімен оқ-дәрілерді ұрлағанын мойындаған ефрейтор К-ев ұсталды. Ефрейтордың айтуынша, оны ұрлық жасауға итермелеген полк әскери қызметінің бастығы, полиция аға лейтенанты Н-ов болған және ол ұрланған арсенал сақталған арнайы құпия орынды көрсетті. Әскери-тергеу басқармасы офицерінің пәтеріне тінту жасағанда оқ-дәрілер табылды. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 және 291-баптары бойынша қылмыстық іс қозғалды [1].

Арнайы субъектімен сыбайлас қатысушылардың ерекшелігі болып бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың табиғатына сәйкес жалпы субъектілер ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші болуы мүмкін, бірақ ҚР ҚК 29-бабының 5-бөлігіне сәйкес құқық бұзушылықтың орындаушысы бола алмайды. Мұндағы ескеретін жағдай «орындаушыға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтың саралаушы белгілері өзге қатысушыларға (ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші), егер олар жасалатын іс-әрекет туралы алдын ала білсе және өздерінің іс-әрекеттерімен нақты осы орындаушының қылмыстық құқық бұзушылық жасауына көмектессеқолданылуы мүмкін» [9, Б. 211].

Сыбайлас қатысу арқылы арнайы субъектімен жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп, егер осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда арнайы субъектінің белгілеріне ие екі немесе одан

да көп тұлға қатысқан жағдайда тануға болады. Мысалы, пара алуды егер осы қылмысқа алдын ала осы іс-әрекетті бірігіп жасау туралы екі немесе одан да көп лауазымды тұлға қатысса Қазақстан Республикасы ҚК 366-бабы 3-бөлігінің 2) тармағы бойынша, яғни алдын ала сөз байласу бойынша адмдар тобымен жасалған деп саралауға болады. Ал егер осы қылмысты лаузымды тұлға мен лауазымды қызметте жоқ адам бірігіп жасаса, мұндай іс-әрекеттер Қазақстан Республикасы ҚК 366-бабы 3-бөлігінің 2) тармағы бойынша саралана алмайды.

Сонымен қатар «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысына сәйкес «Егер параны алуға осы қылмысты бірлесіп жасау туралы алдын ала сөз байласқан екі немесе одан да көп адам қатысса, пара адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен алынған деп есептеген жөн. Осы ретте, пара алушылардың ең болмағанда біреуі параны немесе оның бір бөлігін алған сәттен бастап және пара беруші параны алуға бірнеше адамның қатысып отырғанын білген-білмегеніне, сондай-ақ пара алушыда (пара алушыларда) берілген пара нысанасын пайдаланудың немесе оған иелік етудің шынайы мүмкіндігі болған-болмағанына қарамастан қылмыс аяқталды деп есептеледі.

Адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен пара алған кезде параның көлемі барлық сыбайлас қатысушылар алған құндылықтар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы құнымен айқындалады, ал заңсыз сатып алынған затты мемлекеттің кірісіне өндірген кезде әрбір пара алушы алған ақшалай соманы немесе мүліктік пайданың мөлшерін негізге алған жөн.

Егер айдап салушылар екі және одан да көп адамды пара алуға не беруге айдап салса, олардың әрекеттерін ҚК-нің 366-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағы және 367-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағы бойынша адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен қылмыс жасауға айдап салу деп саралау қажет, өйткені осы қылмыстардың объективтік жағы адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен пара беруі не алуы үшін жауаптылықты көздейді» [10].

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің баспасөз қызметінің хабарламасы бойынша Астана қаласында пара алды деген күдікпен әділет департаменті басшысының орынбасары Рауан Р. және осы департамент басқармасының бастығы Еркин Д. ұсталды.

Кең таралған пресс-релизде 2018 жылдың 28-ақпанында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша Ұлттық бюроның қызметкерлерімен Д. және Р. ұсталды деп хабарлайды. Олар «атқару өндірісі бойынша тыйым салуларды шешіп отырғандары үшін» 22 миллион тенге пара алды деген күдікпен ұсталған. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ақпараты бойынша екі қызметкер де ҚР ҚК 366-бабы 3-бөлігінің 2) тармағы «адамдар тобының алдын ала сөз байласуы» бойынша жауаптылыққа тартылған [11].

Көп жағдайда лауазымды қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауда, лауазымды тұлға (мемлекеттік қызметкер) «адамдар тобының немесе ұйымдасқан топтың алдын ала сөз байласуы» түріндегі саралаушы белгіні қолдану, егер осы топтың қатысушылары (кем дегенде екі) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықта арнайы субъект болған жағдайда ғана мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға қатысқан өзге де адамдар ұйымдастырушылар, айдап салушылар немесе көмектесушілер ретінде танылады.

Осындай ереже «өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып» жымқыру (мүлікті, қаруды және т.б.) саралаушы белгісін қолдану жағдайларын да реттейді. Яғни бұл жағдай тек қана арнайы субъект – қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда өзінің өкілеттілігін пайдаланушы қызметкердің іс-әрекетін сипаттайды. Қалған тұлғалар, тіпті олар мүлікті алып қоюға тікелей қатысса да, тек көмектесуші ретінде ғана танылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226

2 Архив военного суда Карагандинского гарнизона за 1999 г.

3 Кочои С.М. Ответственность за корыстные преступления против собственности. – М.: Юристъ, 1998. – 184 с.

4 Архив Костанайского областного суда за 2015 г.

5 Абдрахманов Б.А. Некоторые вопросы уголовно-правовой защиты участников оперативно-розыскной деятельности // Проблемы международного сотрудничества в противодействии преступности: мат-лы Междунар. науч.-практ. конф.. посвящ. 75-летию проф. Е.И. Каиржанова (17 ноября 2008 г.). – С. 71-78.

6 Официальный сайт КНБ Республики Казахстан: электронный ресурс /режим доступа: <http://www.knb.kz> – последнее посещение – 27.12.2018.

7 Атаханова Г.М. Субъективная сторона хищения путем присвоения и растраты //Предупреждение преступности. – Алматы, 2004. – № 1. – С. 39-43.

8 Смагулов А. Борьба с коррупцией в таможенной сфере Республики Казахстан //Фемида. – Алматы, 2007. – № 3. – С. 13-15.
9 Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (том 1) / Под общ.ред. Генерального Прокурора Республики казахстан, Государственного советника юстиции I класса Даулбаева А.К. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 500 с.
10 http://adilet.zan.kz/rus/docs/P150000008S – последнее посещение – 29.12.2018.
11 http://today.kz/news/kriminalnyie-novosti/2018-03-03/761354-zaderzhanyi-sotrudniki-departamenta-yustitsii-astanyi/– последнее посещение – 29.12.2018.

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ – ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PEDAGOGICAL SCIENCE

Абдуалиева М.А.,
PhD, аға оқытушы,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ

Арыстанова С.Д.,
PhD, аға оқытушы,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ

Төребек Е.Ж.,
докторант,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ

Нұрашев Х.Б.
аға оқытушы,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ

ЭЛЕКТРОНДЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Түйін. Мақалада болашақ мұғалімдердің ақпараттық білім негіздерін білуі, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамытуы, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды оқыту үдерісінде қолданудың әдіс, тәсілдері қарастырылып, әдіснамалық білімдерге де шолу жасалынады. Білім берудің саласында электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдаланып оқыту оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылыкпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытка дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану казіргі заман талабын канағаттандырмайды. Сондықтан казіргі ақпараттандыру қоғамында электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Түйінді сөздер: электронды дидактикалық құрал-жабдықтар, оқу үдерісі, болашақ мұғалімдер, математика пәні, жаратылыстану пәндері

Аннотация. В статье рассматриваются знания будущих учителей об основах информационного образования, развитие навыков логического и структурного мышления, адаптация информационных технологий как инструмента саморазвития и реализации, а также адаптация к информационному обществу. В то же время, методы, методы и подходы использования электронного дидактического оборудования в процессе обучения пересматриваются и методологические знания также пересматриваются. Использование электронного дидактического оборудования в сфере образования способствует развитию логического мышления и творчества, одновременно повышая познавательную активность учащихся. В сфере образования до настоящего времени использование только учителя или учебника не соответствует современным требованиям. Поэтому невозможно двигаться вперед без использования электронной дидактики в современном обществе.

Ключевые слова: электронное дидактическое оборудование, учебный процесс, будущие учителя, математика, естествознание

Summary. The article discusses the knowledge of future teachers about the basics of information education, the development of logical and structural thinking skills, the adaptation of information technologies as a tool for self-development and implementation, as well as adaptation to the information society. At the same time, the methods, methods and approaches of using electronic didactic equipment in the learning process are reviewed and methodological knowledge is also revised. The use of electronic didactic equipment in the field of education contributes to the development of logical thinking and creativity, while simultaneously increasing the cognitive activity of students. In the field of education, the use of only a teacher or a textbook does not meet modern requirements. Therefore, it is impossible to move forward without the use of electronic didactics in modern society.

Keywords: electronic didactic equipment, educational process, future teachers, mathematics, natural science.

Кіріспе. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы –болашақ мұғалімдердің ақпараттық білім негіздерін білуі, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамытуы, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Білімді игерудің нәтижелігі таным процесіне адамның әр түрлі сезім мүшелерінің іске қосылуы және нақты заттар мен құбылыстарға бетпе-бет келгенде оны сезіну, көре білу және қабылдау арқылы артады. Бұл жағдайда білім беруде электронды дидактикалық құрал-жабдықтардың мүмкіндіктерін қолданудың маңызы зор. Электронды дидактикалық құрал-жабдықтар көмегімен сабақтарда және сабақтан тыс кезде оқушылардың есеп шығару дағдысын, шығармашалақ қабілетін дамытуға болады. Ол өз кезегінде мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін электронды ақпараттарды

алуға, қажеттісін пайдалануға, өңдеуге, тасымалдауға, жинақтауға болатындай ақпараттар ағымы кеңістігін құруға негіз болып табылды. Білім берудің саласында электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдаланып оқыту оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып кана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылыкпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытка дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану казіргі заман талабын канағаттандырмайды. Сондықтан казіргі ақпараттандыру қоғамында электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Соның нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік ашылды [1]. Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электронды оқу құралдарының атқаратын рөлі зор. Онда пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба, тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсініп және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту үрдісі ұтымды болады.

Негізгі бөлім. Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды оқу үрдісінде қолдану келесі мүмкіндіктерді жүзеге асыруға көмектеседі: кері байланысты практика жүзінде тез арада қамтамасыз ету; ақпаратты іздеу мүмкіндіктері; гипертекстi түсіндірулерге өту барысында уақытты үнемдеу; жеке тұлғаға бағдарланған, яғни оның нақты бір бөлім бойынша білімді тексеру және баяндау, модельдеу т.б. мүмкіндіктер тез орындалады; Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды оқытуда қолдану мүмкіндігі оның арнайы бағдарламамен қамтамасыз етілуіне байланысты. Оқу үдерісінде қолданылатын бүкіл бағдарламаларды оқыту және оқып-үйрену бағдарламалары деп бөлуге болады. Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарға келесілер жатады: Электрондық басылым (ЭБ) – бұл графикалық, текстік, цифрлік, тілдік, музыкалық, видео, фото және ақпараттар, сонымен қатар қолданушының басылымдық құжаттардың жиынтығы. Электрондық басылымдар кез келген электрондық тасымалдаушыларда – магниттік, оптикалық дискілерде орындалуы және электрондық, компьютерлік желілерде жариялануы мүмкін.

Электронды дидактикалық құрал жабдықтардың мазмұнына қойылатын талаптарды жалпы орта мектепте қабылданған оқу бағдарламасымен және математика бойынша оқушылардың бастапқы білім деңгейімен анықталатын мақсаттары мен міндеттері бойынша сәйкес келуі қажет.

Интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалану. Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал.

Бағдарламалық — техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визулды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде мұғалім қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web- түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т. б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Электронды оқыту жүйесі заманауи білім берудің негізгі қағидалары – «баршаға білім беру» және «өмір бойына білім алу» оқушылардың ұжымдық және жеке оқытылуына ықпал етуі тиіс. Дидактикалық электронды оқыту жүйесінің негізгі функциялары:

1. Электронды оқыту жүйесінде мектептегі бүкіл оқыту кезеңі бойына әрбір оқушы бойынша білім деңгейінің динамикасы және оқыту статистикасы (ұзақтығы, мазмұны, бағасы, т.б.) көрінуі тиіс.

2. Жүйенің басқа функциясы пәндер бойынша білімді тестілеу, емтихандарға дайындық барысында оқушылардың өз білім тексеруі болады.

3. Электронды оқыту жүйесінде мектептің әкімшілендіру функциясы: оқу жоспарларын, сабақ кестелерін, тағайындауларды және педагогикалық жүктеме есебін жасау, есептік және статистикалық нысандарды қалыптастыру, электронды журналдарды және хабарландыру тақталарын жүргізу іске асырылуы тиіс.

4. Электронды оқыту жүйесі оқытушыларға сабақтар мен конспектілерді жасау үшін халықаралық стандарттармен үйлесімді форматтарда икемді және дамыған нұсқаулық ұсынуы тиіс.

5. Жүйе мұғалімдердің қауымдастығын дамытуға ықпал жасайтын жаһанды және жергілікті желіде (форумдар, чаттар, конференциялар) ұжымдық жұмысты және қатысушылардың қарым-қатынасына қолдау көрсетуі қажет.

6. Электронды оқыту жүйесі түрлі желілік сервистерді, бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңа нұсқаларын басқару функцияларын қамтамасыз ететін орталықтандырылған архитектураны тірек етуі қажет. Жүйенің мұндай архитектурасы IT-қызметкерлердің барынша аз санымен пайдаланудың және

инфрақұрылымға қызмет көрсетудің құнын төмендетеді, және, сонымен бірге, ақпараттық қауіпсіздіктің сенімді саясатын қамтамасыз етеді.

Электронды оқыту жүйесі желіде еркін тарала алатын оқу материалдары бар ашық білім беру ресурстарын қамтиды. Бұрын құрылған электронды ақпараттық ресурстар және мультимедиялық білім беру әзірлемелері конвертерленген болуы тиіс және Интернет арқылы электронды оқыту жүйесінде пайдаланылуы қажет. Электронды оқыту жүйесінің ақпараттық ресурстарына оқу телевидениесінің цифрланған материалдары қосылуы тиіс. Электронды оқыту жүйесінің шеңберінде мамандырылған жеткізушілермен инвариантты және вариативті цифрлық білім беру ресурстары құралатын болады:

- сапалы жаңа білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарланған;
- білім беру процесінің субъектілерінің қызметін пән саласының оқу бағдарламасы бойынша жаппай немесе бір немесе бінеше нақты тақырыптар, бөлімдер бойынша қолдайтын;
- ғылымның соңғы жетістіктерін ескере отырып, зерттеу сипаты бар оқу модульдеріне бағдарланған;
- мамандырылған энциклопедиялар (өнер, тарих, география, т.б.);
- Жердің жасанды серіктерінен алынған цифрлық географиялық карталар мен суреттердің жиынтығына негізделген білім беру орталары;
- хронологиялық қағида бойынша құрылған материалдар жиынтығы (уақыт таспасы);
- виртуалды зертханалар немесе олардың зерттелетін маңызды құбылыстарын үлгілейтін циклдары;
- ақпараттық дереккөздер коллекциясы;
- күрделі оқу интерактивті модельдер (мысалы, Менделеевтің интерактивті кестесі, картинаның композициялық талдауы, архитектуралық ескерткіштің үш өлшемді моделі, жұлдызды аспан атласы, және т.б.) [2].

Электронды оқыту жүйесіндегі дидактикалық электронды құралдарды да оқытушылардың өздері жасай алады. Дидактикалық электронды құралдар графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөйлеу, музыкалы, бейне, фото және басқа ақпараттардың жиынтығын білдіреді.

Бір электрондық ресурста ақпараттық (немесе ақпараттық-анықтамалық) дереккөздер, ақпаратты жасау және өңдеу инструменттері, басқарушы құрылымдар бөлініп көрсетілуі мүмкін. Дидактикалық электронды құралдар кез келген электронды тасығышта орындалуы, сонымен бірге электронды компьютердік жүйеде жариялануы мүмкін. Бұл ретте білім беру дидактикалық электронды құралдары болып білімнің тиісті ғылыми-практикалық саласы бойынша жүйелендірілген, студенттер мен оқушылардың осы саладағы білімді, біліктілікті және дағдыларды шығармашыл және белсенді игеруін қамтамасыз ететін материалды қамтитын электронды ресурс болып табылады. Дидактикалық электронды құралдар орындалудың жоғары деңгейімен және көркем ресімделумен, ақпарттың толықтығымен, әдістемелік нұсқаулық сапасымен, техникалық орындалу сапасымен, ойға қонымдылығымен және баяндалу бірізділігімен ерекшеленуі тиіс.

Роберт И.В. электронды дидактикалық құрал-жабдықтардың сапасын бағалауға бірнеше тәсілдерді бөліп көрсетті. олардың ішінен бастыларын атап өтейік:

- Сапаны бағалау критерийлерін пайдалануға негізделген әдістемелік жарамдылықты сыни бағалау;
- Белгілі кезең ішінде оқыту процесінде оларды қолдануды практикалық апробациялауға негізделген пайдаланудың педагогикалық мақсаттылығын эксперименталды тексеру;
- Аталған саланы білетін және шешім қабылдау үшін ғылыми-практикалық әлеуеті бар сарапшылардың құзыретті пікіріне негізделген сапаның экспертті бағалауы;

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде дәстүрлі құралдарға қарағанда электрондық оқулықтарды қолдану қажеттігі артып келе жатқандығын көруге болады. Сондай-ақ, электрондық оқулықтарды оқу-әдістемелік құралдармен үйлестіре қолданудың тиімділігін практика көрсетіп отыр. Дегенмен, электрондық оқулықтар компьютерсіз оқыту құралдарын толығымен алмастыра алмайды. Шындығында электрондық оқулықтар дәстүрлі құралдардың тиімді тұстарын ала отырып, оқытудың жаңа сапалық деңгейіне алып келеді.

Visual Basic тілі, Delphi тілі сапасы оны оқу процесінде пайдалану барысында ғана анықталады. Қазіргі кезде көптеген Delphi тілі түрлі нұсқалары дайындалып, ұсынылуда. Ал, шет елдерде бұл бағытта зерттеулер жүргізіліп, Visual Basic тілі, Delphi тілінде даярланған электрондық құралдар жасалынып, олардың кемшіліктері айқындалуда. Талдаулар нәтижесінде Visual Basic тілі, Delphi тілінде оқу-әдістемелік құралдың электронды көшірмесі ретінде ғана құрылатындығы анықталды.

Мысалы, дәстүрлі оқу-әдістемелік құралдарды даярлауда оның авторлары мен техникалық жағын орындайтын (безендіру, көбейт, т.с.с.) мамандардың арасында айқын шекара бар. Ал Visual Basic тілі, Delphi тілі көмегімен даярлауда оны баспа оқулық ретінде қағазға шығарып, көбейтудің

қажеттілігі болмағандықтан, оны жетілдіріп, жаңартып отырудың мүмкіндігі жоғарылайды. Бұл жерде Visual Basic тілі, Delphi тілі көмегімен дайындау технологиясынан хабары аз мұғалімдер дидактикалық материалды дәстүрлі құралдар шығару сияқты даярлау жеткілікті деп есептейді. Visual Basic тілі, Delphi тілі көмегімен оқу материалымен қоса, программалық өнімнің негізі болып есептелетін алгоритм мен модельдерде де ескерілуі тиіс. Дидактикалық есепті шешуді ақпараттық технология мамандарына жүктеу барысында (программалаушы, безендіруші, мультимедиялық компоненттер жасаушылар) тиімділігі төмен әдістемелік электронды құрал пайда болады. Демек, Visual Basic тілі, Delphi тілі көмегімен электрондық құралдар даярлау түрлі саладағы мамандардың бірігіп жұмыс істеуімен қатар, көп зерттеулерді, талдауларды кажет ететін өте күрделі іс, яғни, Delphi тілі көмегімен электрондық құрал даярлайтын мамандардың әрқайсысы өз саласында жан-жақты терең білім мен іскерлікті көрсетуі тиіс.

Қазіргі кезде, Visual Basic тілі, Delphi тілі көмегімен электрондық құрал даярлау үшін кем дегенде төрт түрлі базалық категориялы маман керек:

- оқу материалының авторлары;
- компьютерлік әдіскерлер;
- жүйелік программалаушы;
- пайдаланушылар.

Visual Basic тілі, Delphi тілі көмегімен жасалған электрондық әдістемелік құрал -компьютерлік оқу құралы деп аталынып, білім берудің компьютерлік технологиясын кеңінен пайдалануға негізделген электрондық оқып-үйрену құралдарына жатады. Өз функционалдық мүмкіндіктеріне қарай компьютер қазіргі кезде оқытудың ең керекті жабдығына айналды, бірақ оны тиімді түрде пайдалану жолдарының әлі ашылмаған тәсілдері, күнделікті сабақгарға қолдану үшін әлі де айқындалатын жақтары көп екенін ғалымдар да, мұғалімдер де жиі айтып келеді. Компьютермен оқыту әдісін жүзеге асыру жалпы білім беру ісін жетілдіру тәсіддерімен бірге сонымен тығыз байланысты белгілі бір пәннің өз ерекшеліктерін де есепке алуды талап етеді. мұнда бірнеше мәселені қатар шешуге тура келеді, олар:

- компьютерді оқыту ісінің қай жақтарын жетілдіру үшін баса пайдалануға болатынын анықтау;
- оқу процесін компьютерлендірудің қажетті деңгейін анықтау;
- компьютерге жүктелетін функциялар (іс-әрекеттер) тізбегін анықтау;
- әр пән мұғалімдері мен әдіскерлерінің талап-тілектеріне сәйкес келетін компьютерлік оқу құралын жасау.

Электронды дидактикалық құрал жабдықтардың мазмұнына қойылатын талаптарды жалпы орта мектепте қабылданған оқу бағдарламасымен және математика бойынша оқушылардың бастапқы білім деңгейімен анықталатын мақсаттары мен міндеттері бойынша қарастырайық

«Сандар және есептеу» тақырыбын өту барысында электронды дидактикалық құрал жабдықтарды пайдалану: сандардың алуан түрлерімен және оларды жазу әдістерімен байланысты терминдерді дұрыс пайдалануға; есептеу қызметін автоматтандыру есебінен сандарды жазудың бір түрінен екіншісіне (ондық бөлшекті қарапайы түрде, пайыздарды – ондық бөлшек түрінде ұсыну және т.б.) өту; сандарды салыстыра білуге, координаттық түзуде нүктелерді орнатып «артық», «кем» қатынастарын түсінуге, экранда көрсетілген «дайын» координаттық түзуді пайдалана отырып, машықтану жаттығулары есебінен координаттық түзуде сандарды нүктемен көрсетуге; іске асыруға ықпал етуі тиіс.

Кіріктірілген калькуляторды пайдалана отырып есептеулерді орындауы тиіс: рационалды сандарды қосу, алу, көбейту және бөлу; пропорцияларды құру және шеше білу, негізгі есептерді бөлшектер мен пайыздарға шеше білу, оқу есептерінің түрлі нұсқаларын автоматтандырылған іріктеу есебінен бүтін сандарды және ондық бөлшектерді дөңгелектей білу[3].

«Өрнектер және олардың түрленуі» тақырыбын өту барысында электронды дидактикалық құрал жабдықтарды пайдалану: әріптік символиканы дұрыс пайдалана білуге, экранда берілген аудио және бейне фрагменттердің есебінен «өрнек», «теңбе-тең түрлендіру», «өрнекті ықшамдау» терминдерінің мағынасын түсінуге; қарапайым әріптік өрнектер мен формулаларды құра білу, өрнектер мен формулаларда сандық алмастырып қоюды іске асыру және тиісті есептеулерді орындау, интерактивті диалог және оқушылардың бақылауын және өзін-өзі бақылауын автоматтандыру жағдайларында жедел көмекті іске асыра отырып, бір ауыспалылардың негізгі түрлерінің формулаларын басқалары арқылы өрнектеу.

«Теңдеулер» тақырыбын өту барысында электронды дидактикалық құрал жабдықтарды пайдалану келесі мүмкіндіктердің іске асырылуына ықпал етуі тиіс: экрандағы оқу ақпаратын көрнекі түрде көрсету есебінен теңдеулерді құру, есептеу қызметін автоматтандыру, түсіндірмелер мен еске түсіруді ұсыну, аудиовизуалды мүмкіндіктерді пайдалану, оқушылардың автоматтандырылған

бақылауын және өзін-өзі бақылауын көмегімен сызықтық теңдеулерді, қарапайым мәтіндік есептерді шешу.

«Функциялар» тақырыбын өту барысында электронды дидактикалық құрал жабдықтарды пайдалану: оқушылардың зерттеу қызметін белсендіретін берілген көрсеткіштерді көп мәрте өзгерте отырып, интерактивті өзара әрекеттесу жағдайларында функционалды байланысты көрсетуді; динамикалық кестелер мен диаграммаларды көрнекі түрде көрсетуді; экранда математикалық модельдерді зерттеуді мүмкін етеді.

«Геометриялық фигуралар. Геометриялық шамаларды өлшеу» тақырыбын өту барысында электронды дидактикалық құрал жабдықтарды: экранда геометриялық фигураларды көрсету есебінен сызбалар мен модельдерде геометриялық фигураларды (кесінділер, бұрыштар, үшбұрыштар және олардың жеке түрлері, төртбұрыштар және олардың жеке түрлері, көпбұрыштар, шеңбер) тануға; берілген геометриялық фигураларды сызуға, есептің шарты бойынша сызбаларды орындауға, фигураларды сызуға, интерактивті тәртіпте машықтану жаттығуларын орындау процесінде кесінділердің ұзындығын және бұрыштың шамасын табу, экранда түрлі геометриялық нысандарды құру және модельдеу үшін геометриялық инструменттерді пайдаланудың практикалық дағдыларын меңгеру; оқу материалын қайталап көрсету есебінен геометриялық шамаларды (ұзындықтарды, бұрыштарды, аудандарды) есептеуге қарапайым есептерді шеше білуді мүмкін етеді.

Қорытынды. Компьютерлік технологияны қолдану кезінде оқу материалының негізгі көлемі мұғалім емес, компьютер арқылы беріледі. Оқыту процесін жүргізіп отырған мұғалім көбінесе компьютерлік оқу құралын жасауға қатыспайды. Сондықтан мұндай компьютер арқылы оқытута арналған ақпараттық-оқу материалдарын жасауда оның авторы мен оқыту процесінің "алшақтығы" білім берудің негізігі принципі деп айтуға болады. Бұл принциптің негізінде берілген материалдарды оқып-үйрену процесі оның авторының кеңесі қажет етілмейтіндей болып ұйымдастырылуы жатады, яғни оқу құралы жаңа материал беріп қана қоймай, оны толық түсіндіре алатындай дәрежеде жасалуы тиіс. Өйткені қазір оқушылардың білімділігі басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзіреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасау, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін, оқушы бойындағы ішкіжәне сыртқы уәжін көтеру , бағалаудың түрлі тәсілдері арқылы оқушының оқу-білімге, ізденімпаздыққа деген құлшынысын арттырып, жігерлендіруге байланысты мақсаттар қойылған [4].Осылайша, электронды дидактикалық құрал жабдықтар мазмұнының жалпы орта мектепте қабылданған оқу бағдарламасымен және математика бойынша оқушылардың бастапқы білім деңгейімен анықталатын мақсаттар мен міндеттермен сәйкестендіру талабы қарастырылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Саранцев Г.И. Методология методики обучения математике: монография − Саранск: Красный Октябрь, 2001. − 141 с.
2. Rakhymbek D., Abdualiyeva M.A., Torebek Y.Z., Madiyarov N.K., Altynbekov S.Y. Didactic Conditions to the Construction of Educational Subject Causing Enforcement of Methodological Components of Knowledge // Man In India. – 2017. – Vol. 97(11). – P. 501–516.
3. Мартиросян Л.П. Области применения информационных технологий на уроках математики в средней школе // Образование в современном обществе: сб. науч. тр.. – М., 2001. – С. 59–62.
4. Макешева Е.О., Сүлейменова Ж.Н. Жаңартылған білім беру мазмұны – оқушы білімінің негізгі кепілі. Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал-Астана.-2019.- № 2. –Б.140.

Албытова Н.П.,
п.ғ.к., Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры м.а
nalbytova@mail.ru

Шолпанқұлова Г.К.,
п.ғ.к., Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры м.а.
sh.gul@mail.ru

Сламбекова Т.С.
п.ғ.к., Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры м.а.
tolkyn_1969@mail.ru

ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУ

Түйін. Мақалада денсаулық қоғамның қазіргі жағдайының ерекшелігін айқындайтын құбылыстардың бірі болып саналатындығы қарастырылады. Авторлар адамзат тарихында денсаулықтың маңызды орын алғандығына кезең-кезең бойынша дәйектеме келтіреді. Сонымен қатар, педагогтің денсаулығына кері әсер ететін факторлар көрсетілген. Осы орайда педагогтің кәсіби денсаулығын сақтау, алдын алу жұмыстарын арнайы ұйымдастыру арқылы педагог мамандарды дайындау мазмұнын жетілдіру шараларын ұсынады.

Түйінді сөздер: Педагог мамандарды дайындау, білім мазмұнын жетілдіру, денсаулық, кәсіби денсаулық, педагогтің кәсіби денсаулығы.

Аннотация. Статья рассматривает здоровье как один из феноменов, наиболее остро определяющих специфику современного состояния общества. Авторы отмечают, здоровье занимает важное место в истории человечества. Также, указали факторы, негативно влияющие на здоровье педагога. В этой связи рекомендуют меры по совершенствованию содержания образования при подготовке педагогических кадров.

Ключевые слова: подготовка педагогических кадров, совершенствование содержания образования, здоровье, профессиональное здоровье, профессиональное здоровье педагога

Summary. The article considers health as one of the phenomena that most acutely determine the specifics of the modern state of society. The authors note that health occupies an important place in the history of mankind. Also, they mentioned some factors that negatively affect the health of the teacher. In this regard, measures to improve the content of education in the training of teachers are recommended.

Keywords: Teacher training, improving the content of education, health, professional health, professional health of the teacher.

Белгілі бір қоғамдық кезеңнен екінші кезеңге өту экономикалық, әлеуметтік, саяси, құндылық сияқты қоғамдық қатынастардың түбегейлі қайта жасалуын талап етеді. Осындай күрделі өзгерістерде адам өз өмір жолында туындаған қарама-қайшылықтарға толы мақсат-міндеттерді шешеді. Соның нәтижесінде үйрену, шыңдалу процестерінен өтіп, дамиды, жетіледі.

Соңғы жылдарда ғылым мен технологияның қарқындап өсуі салдарынан бұрын бірнеше ондаған жылдарда болатын өзгерістерге аз уақытта қол жететін болды. Ғылым мен технология, цифрлық технология заманы қалыптасқан жұмыс түрлерінің жарамсыз болып, оның орнына жаңа мамандықтардың пайда болуына, жұмыс орындарының қысқаруына, маманның бір орыннан екінші орынға лезде жылжуына және мемлекетаралық қатынастардың кең өріс алуына әкелді. Осыдан, кез-келген адамның-үлкеннің де кішінің де ақпараттар легін қабылдау, оларды өңдеу, ақиқаттығына көз жеткізу, қажетіне жарату дағдыларын меңгеруі негізгі міндетіне айналды. Уақыттың тапшылығы, күнбе-күнгі жүктеменің арта түсуі мен жан-жақтылығынан адам ағзасына салмақ түсіп, жүйке-жүрек, кант диабеті, асқазан аурулары т.б. айықпас дерттің жаңаша түрлері өріс алуда.

Мәселен, адамның үнемі ой үстінде болуы, стрестік жағдайда жұмыс істеуі нәтижесінде эмоционалды күйзелістерге ұшырау есте сақтаудың нашарлауы, зейін тұрақсыздығы кәсіптік аурулар санының артуын тудырып отырғандығы анықталып жатыр.

Осы орайда Қазақстан Республикасының 2050 стратегиялық бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамыту бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, ҚР-ның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында халық денсаулығын сақтау, нығайту мәселесі мемлекеттің маңызды саяси, әлеуметтік міндеттеріне жататындығы ескеріліп, біршама жұмыстар атқарылуда.

16 шілде 2019 жылы Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Парламенттің келесі отырысына дейін Денсаулық туралы Кодекстің қабылдануын қамтамасыз ету туралы тапсырма берді. Бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының

денсаулығын сақтау күн тәртібінде тұрақты қарастырылатын өзекті мәселе болып отырғандығының айғағы.

Денсаулық мәселесі адамзат тарихымен бірге жасасып келе жатқан құбылыс ретінде қарастырылады. Мәселен, көне қазақтардың философиясы (б.з.д.VII-б.з.Vғғ.), орта ғасырлық түркі кезеңі (VI-XIVғғ.), қазақ ақын-жыраулары (XV-XVIIIғ.ғ.), "Зар заман", ағартушылары (XIX – XXғ. басы), қазіргі кезеңдерде (XXғ. 30 жылдарынан бері) денсаулық, оны сақтау, нығайту, оған әсер ететін факторлар т.б. туралы ой-тұжырымдарды кездестіре аламыз. Шығармалардағы денсаулыққа әсер ететін факторлар ретінде адамның жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, іс-әрекеттері, шынайы қарым-қатынасы мен кәсібі туралы даналық тұжырымдар бүгінгі күні де өзекті.

Жүсіп Баласағұн денсаулыққа әсер ететін фактор ретінде кісілік кемелдену туралы айта келіп, өкініштің ең ауыры өлшеулі өмірде дүние қызығы мен тән тілегі жетегінде кетіп, діл тазалығын сақтай алмаудан туады, сондықтан адам өзінің кісілік қасиетімен бірге өмірдің өткіншілігін де ұмытпауы қажет деп ескертеді [1].

Асан Қайғының: «Көлдің суын жамандап – Еділді қайдан табарсың, Әкіміңді жамандап – әділ қайдан табарсың, Өз барыңды жамандап – асыл қайдан табарсың ... Ғылымым жұрттан асты деп кеңессіз іс бастама, Жеңемін деп біреуді өтірік сөз қостама. Қадірін жеңге білмесе – бой жеткенмен қыз ғаріп, Замандасы қалмаған қария болар – шын ғаріп. Ата жұрты, бұқара өз қолында болмаса, Қанша жақсы болса да, қайратты туған ер ғаріп» деп келетін қолданысқа еніп кеткен мақал-мәтелдері мен нақыл сөздері кісілік қарым-қатынасты реттеуге, жақсы мен жаманды айыра білуге, адамның қадір-қасиетін сақтау арқылы денсаулық сақтауға үйретеді [2]. Осы ой-түйіндерді Майлықожа ақын:

Жамандардың белгісі -
Сары ала қаздай саңғиды
Паналаған қоғаны.
Есерліктің белгісі -
Өтірік – өсек, аяңды
Іркелместен соғады-деп сипаттайды.

Ғылымда И.П.Павлов: «Адам жүз жасай алады. Біз өзіміздің күйгелектігімізбен, өзіміздің тәртіпсіздігімізбен, өзіміздің ағзамызға бейберекет қарауымызбен осынау қалыпты мерзімді анағұрлым азайтып аламыз» немесе, «Адам – жер табиғатының артықша жемісі. Табиғаттың қазынасынан ләззат алу үшін адам дені сау, қайратты да ақылды болуға тиіс» - деп, денсаулықтың болуы әрбір адамның өз қолында болатындығын, толыққанды өмір сүру үшін оған қырағылықпен қарау қажеттігін еске салады [3].

Медицинадағы мамандықтардың көбісі әртүрлі ауруларды, олардың симптомдарын, клиникалық көріністерін және олардың асқынулары, диагностикасы және емдеу тәсілдерін оқиды. Медицина биологиялық мақсаттар, нормалар, құндылықтармен айналысатын адам организмінің биологиялық саласы болып табылады. Бұл жерде денсаулық ағзаның қызмет етуіне жұмсалатын биологиялық фактілер деп аталатын симптомдар арқылы анықталады. Оның басты мақсаты адамның өмірін сақтау және оның азаптарын жеңілдету болып табылады. Осы мақсатта ол табиғи обьектілерде азап шегетін немесе өмірге қауіп төндіретін себептерді іздеп тауып, оларды жоюға тырысады. Медицина бейімделудің биологиялық жағын, яғни адамның биологиялық өмір сүру мәселесін қарастырады. Бірақ, осы немесе басқа аурулармен ауырғандар реабилитациясы, аурулардың профилактикасының негізгі тәсілдері туралы қарастырылмайды. Сондай-ақ, медициналық әдебиетте «рекреация» термині, яғни дені сау адамдардың денсаулығын сақтауға бағытталған емдеу-сауықтандыру, профилактикалық шаралар кешені туралы сирек жазылады. Адам денсаулығы, оның критерийлері, күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайда оны нығайту және сақтау жолдары Қазақстан денсаулық сақтау және медицина сферасында нақты зерттеу нысаны ретінде қарастыру енді ғана қарқын алып келеді. Мәселен, денсаулық мәселесі тікелей медицинаның ғана емес, психология, экология, валеология, педагогика және т.б. ғылымдардың да зерттеу нысанына айналуда. Бұл, яғни, «денсаулық» сан салалы құбылыс болғандықтан олардың әрқайсысының қарастыратын маңызды нысандарының көптігі осы ұғымның мән-мағынасы туралы біртұтас, келісілген пікір қалыптастырып, анықтама беріп, тұжырымдама жасауға қиындық тудырып та келеді.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы (БДҰ) 1948 ж.) «Денсаулық – аурулардың және физикалық дефектілердің жоқтығы ғана емес, сонымен қатар адамның рухани және әлеуметтік жағдайының жақсы болуы» деген анықтама берді.

Профилактикалық медицина академиясының академигі, медицина ғылымдарының докторы Ерболат Даленов «денсаулық» ұғымына анықтама берді. Оның пікірінше: «Денсаулық – бұл адамның бүткіл өміріне бір рет берілетін сыйлық емес, әр адамның саналы мінез-құлқының нәтижесі, бұл адамның толыққанды өмір сүруіне ықпал ететін шарт» [4]. Демек, адамның денсаулығының болуы

көптеген факторларға байланысты. Олардың бірі әрі бірегейі кез-келген мамандық иесінің салауатты өмір салтын ұстанып, өзің жеке денсаулығына көңіл бөлуі және табыты қызмет етуі.

Қазақстан Республикасының білім беру саласында педагогтің кәсіби денсаулығы мәселесі жеке пәндерді оқытуда немесе педагог мамандарды дайындауда салауатты өмір салтын ұстану, валеологиялық білімді көтеру, экологиялық тазалықты сақтау бағыттарында зерттеліп, оқулықтар мен оқу құралдары дайындалып келеді (Г.Д.Алимжанова Д.Ф.Акбердиева, Г.Ө.Байташева, А.Жамбылкызы, Ж.О.Жилбаев Ж.Д.Нуржанова, С.Н. Сулейменова, Ж.Т.Темірбеков, және т.б.) [5;6].

Кәсіби денсаулық мәселесі ұзақ уақыт бойы ресейлік ғалымдардың зерттеу нысаны болып келеді. Кәсіби денсаулық әр түрлі аспектіде О.А.Анисимов, В.М.Бехтерев, Ю.В.Варданян, А.Г.Маклакова, Л.М.Митина, В.Н.Мясищев, Г.С.Никифоров, В.А.Пономаренко және т.б. еңбектерінде қарастырылады. Қазіргі таңда әскери қызметшілердің кәсіби денсаулығының психологиялық сипаттамалары анықталды, ұшқыштардың кәсіби денсаулығына кері әсер ететін факторлар белгіленіп, зерттелді деуге болады.

В.А.Пономаренко кәсіби денсаулықты адам ағзасының кәсіби қызметтің барлық кезеңдерінде және барлық жағдайларда жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін қажетті қорғаныс және компенсаторлық механизмдерді сақтау мүмкіндігі ретінде қарастырады. Осы тұжырымдама бойынша денсаулық кәсіби ұзақ өмір сүруді қамтамасыз ететін психофизиологиялық және физиологиялық параметрлердің жиынтығы ретінде көрінеді [7].

А.Г.Маклакова кәсіби денсаулықты маманның кәсіби қызметтің талаптарына жауап беретін және оның жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін денсаулық сипаттамасының белгілі бір деңгейі ретінде түсіну керектігін қолдайды [8].

Жоғарыдағы ой-тұжырымдарда кәсіби денсаулық – бұл адам ағзасының физикалық және психикалық көрсеткіштері бойынша функционалдық жағдайының интегралдық сипаттамасы. Оның басты көрсеткіші адамның мүмкіндіктерін көрсететін жұмысқа қабілеттілігі болып табылады.

Педагогтардың кәсіби денсаулығын сақтау, денсаулыққа кері әсер ететін факторларды анықтап, олардың алдын алу қажеттілігі білім беру жүйесіндегі өзгерістерге байланысты аса қажеттілік танытады. Бүгінгі күні білім мазмұнын жаңарту тұжырымдамалары, жалпы білім беруді дамытудың негізгі бағыттары, ұлттық білім беру жүйесі жаңа жоспар мен жобаларға толы.

Осы бастаманы іске асыру аясында педагогтардың атқаратын жүктемесі айтарлықтай артты, атап айтқанда:

• жаңа білім беру стандарттарына көшу педагогтің кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қоятындықтан педагогтан ұзақ уақыт жаңалық жолында шұғылдануды қажет етеді;

• инновациялық білім беру технологияларын енгізуге байланысты педагогтің көп уақыты ізденуге жұмсалады, ол эмоционалды күйзелістерге әкеледі;

• талантты балаларды қолдау жүйесін дамыту көптеген жылдар бойы тұрақты түрде жұмыс істеп келе жатқан консерватизмге бейім педагогтардан шығармашылық қабілеттерін белсендіруді талап етеді;

• жаңа еңбек ақы жүйесін енгізу мәселесін дұрыс түсінбеу нәтижесі наразылық туғызады;

• тәжірибелі және білікті маман ретінде қалыптасқан педагогтарға қойылатын жаңа талаптар, қарқынды дамып жатқан ақпараттар жүйесі ауыртпалық тудырады;

• атқарып жүрген қызметіндегі белгісіздіктің өзі ең күшті психологиялық жайсыздықты тудырады.

Нәтижесінде, оқу жылының соңында көптеген педагогтар уақытын тиімсіз пайдаланбаған, мүмкіндігін қолдана алмаған сияқты көңіл-күйге түседі де құлазып, шаршап, ашуланшақ болады және әлеуметтік, кәсіби жалғыздықты сезінеді. Осының салдарынан педагогтің кәсіби денсаулығы бұзылады. Демек, осы жағдайларды зерттеу, алдын алу, педагогқа өз денсаулығын сақтау жолдарын білу туралы білім беру қажеттілігі туындайды.

Қазіргі уақытта кәсіби денсаулықты зерттеуге бағытталған стандартталған әдістемелер жоқтығына байланысты, осы феноменді зерттеуде психодиагностикалық әдістемелердің жиынтығын пайдалану тәжірибесі бар (А.А.Печеркина және т.б.). Сонымен, «педагогтің кәсіби денсаулығын зерттеу» әдістемелерінің жинынтығына: «Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік» сауалнамасы; «Эмпатия» сауалнамасы (А.Меграбян); мағыналы бағдарлар тесті (Д.Н.Леонтьев); «Өзін-өзі бағалау әдістемесі» (Дембо-Рубинштейн); Мансаптық, «Табысқа деген мотивация» сауалнамасы, «Сәтсіздікті болдырмау мотивациясы» (Т.Элерс); «Эмоциялық жағдайларда өзін-өзі бағалау» сауалнамасы (Айзенк) кіреді [9].

Педагогтің кәсіби қалыптасуы ұзақ уақытқа созылатындығы белгілі. Бұл процесс кәсіби қызметтің басынан бастап (19-23 жыл) кәсіби өмірдің соңына дейін (55-60 жыл) ұзақ уақыт аралығын қамтиды. Осы уақытта әрбір педагог кәсіби бейімделу, кәсібилік пен шеберлік сатысынан өтеді,

олардың қарқыны мен траекториясы-биологиялық және әлеуметтік факторлармен, жеке тұлғаның өзіндік белсенділігімен, сондай-ақ кездейсоқ жағдайлармен, өмірлік маңызды оқиғалармен және кәсіби денсаулығына із қалдыратын кәсіби қақтығыстармен сәкес келетін кәсіби жағдаяттармен қатар жүреді. Сондытан зерттеу нәтижелерін шығаруда осы жағдаяттарды есепке алу қажет болады.

Жалпы, педагогтардың кәсіби денсаулығын анықтаған зерттеулерде ортақ жауаптардың жиі кездесетіндігін көрсетеді. Анықтау мақсатында жүргізілген жұмыстардың нәтижелері педагогикалық мамандықтарда кәсіби денсаулық турасында білім беру жұмыстарын арнайы әрі мақсатты түрде ұйымдастыру қажеттігін айқындай түсті.

Педагогикалық іс-әрекет зияткерлік және эмоциялық жағынан салмақ түсетін қызмет. Және білім беру жүйесін жаңғыртуға негізделген модернизациялау сияқты жұмыстарды ескерсек, оған үздіксіз демалмастан қызмет етуге тура келеді. Сондықтан бұл жағдайда алдын алу шаралары қажеттілік танытып отыр. Жоғары оқу орындарында педагог мамандарды дайындаудың мазмұнын осы бағытта жетілдірудегі эллективті курстарда төмендегідей жұмыстарды ұйымдастыру жолдарын оқыту маңызды деп санаймыз:

* педагогтарға қажетті эмоционалдық және кәсіби қолдау алатын арнайы клубтар ұйымдастыру;

* педагогтар үшін арнайы релаксациялық іс-шаралар ұйымдастыру;

* кәсіби қызығушылықтардан тыс (өнермен, спортпен айналысу, әр түрлі «хобби» мен айналысу);

* қызықты және тұрақты қолжетімді демалыс мүмкіндігін қарастыратын педагогтар үшін арнайы мәдени-туристік бағдарламалар құру.

Сондай-ақ, тұрақты түрде тренингтік технологияларды пайдалану әдістемесін білу, жетілдіріп отыру тиімді болып табылатынын атап өткен жөн. Ал, психологиялық тренинг белгілі бір мағынада психологиялық кеңес пен психотерапия және психокоррекция элементі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010жыл.ISBN 9965-26-096-6
2. https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/52683 Massaget.kz)
3. Сулейменова С.Н. Педагогические условия формирования валеологической культуры школьников в процессе физического воспитания [Текст] : автореф.дис.к.п.н.:13.00.01.-Зашищена 23.01.03 / С.Н. Сулейменова. – Шымкент, 2002. – 28 с.
4. Макаров В. В Казазстане разработана система поддержки здоровья населения/Казахстанская правда. 25 декабря 2018 г.
5. Акбердиева Д.Ф. Формирование здорового образа жизни у школьников на внеклассных занятиях [Текст]. / Д.Ф. Акбердиева // Валеология, №4, 2001, С. 27-30.
6. Жамбылкызы А. Формирование здорого образа жизни подрастающего поколения в условиях целостного педагогического процесса школы: Автореф.дис.к.п.н. – Алматы: АГУ им. Абая, 2003. – 23с.
7. Пономаренко В.А. Психология жизни и труда летчика. – М.: Воениздат, 1992. – 224 с.
8. Маклаков А.Г. Основы психологического обеспечения профессионального здоровья военнослужащих: Автореф. дисс. ... докт. психол. наук. – СПб., 1996. – 393 с.
9. Печеркина А.А., М.Г.Синякова, Н.И.Чуракова Технологии поддержки профессионального здоровья учителя. Монография / Урал. гос. пед. ун-т. –Екатеринбург, 2011. – 158 с.

ӘОЖ 373.1.02

Есенгабылов И.Ж.
п.ғ.к., ақпараттық-қатынастық технологиялар кафедрасының
қауымдастырылған профессоры м.а.,
І.Жансүгіров атындағы ЖМУ
ilias_e@mail.ru

5-6 СЫНЫПТАРДАҒЫ МАТЕМАТИКА ЕСЕПТЕРІН САРАПТАУ

Түйін. Мақалада оқушылардың математикалық есептерді шығару біліктілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеу, зерттеуде қолданылатын «есеп», «есепті шығару», «әрекет», «білік», «дағды» сияқты ұғымдарға талдау жасалып оларды түсіндіру жолдары қарастырылған.

Біздіңше, анықтамалардың есеп құрамындағы объективті және субъективті қатынасына көзқарас тұрғысынан түбегейлі түрде ажыратылатын екі негізгі тобын айқындауға болады.

Қазіргі таңда есеп ұғымына қатысты бірыңғай қабылданған анықтама жоқ. Бұл пәннің күрделілігімен және сан қырлылығымен, «есеп» ұғымын қолданумен байланысты мәселелердің әртүрлілігімен түсіндіріледі. Белгілі бір ғылыми пәннің ерекшелігіне сәйкес есептің әртүрлі аспектілері қарастырылды. «Есеп» ұғымына тән неғұрлым маңызды және жалпы қасиеттерін анықтау үшін біз көп деген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасадық.

Зерттеу барысында біз «есептің қиындығы» және «есептің күрделілігі» ұғымдарын пайдаландық. Қазіргі әдістемеде бұл мәселелер барынша анық қарастырылған.

Есептің күрделілігі толығымен оның құрылымына байланысты, ал есептің қиындығы – бұл есепті шығарушының әрекетін көрсететін субъективті сипаттама деген ережелер есептің қиындығы мен күрделілігін анықтау критерилерімен ғана ерекшеленетіндігі анықталды.

Нәтижесінде математикалық есептерді топтастырудың әрбір тәсілінің 5-6 сыныптағы мектеп тапсырмасын топтастыруда пайдаланған кезде байқалатын, эксперименттік оқыту барысында қолданылатын өзіндік артықшылықтары айқындалды.

Түйінді сөздер. Есеп, әрекет, білік, объект, субъект, дағда.

Аннотация. В статье представлен обзор исследований навыков решения математических задач, были анализированы понятия, такие как «задача», «решение задач», «действия», «знания», «умения» и пути их пояснения.

По нашему мнению, мы можем определить две основные группы, которые радикально дифференцированы с точки зрения объективного и субъективного отношения определений в задаче.

На данный момент нет единого определения на понятие задача. Это связано со сложностью и многогранностью предмета, разнообразием вопросов, связанных с использованием концепции «задачи». Различные аспекты задачи рассматривались в соответствии со спецификой конкретного предмета. Мы проанализировали научные результаты многих ученых, которые определили наиболее важные и общие черты, присущие концепции «задачи».

В ходе исследования мы использовали понятие «трудность задачи» и «сложность отчета». В нынешней методологии эти вопросы наиболее четко рассматриваются.

Сложность задач полностью зависит от его структуры, и трудность задач заключается в том, что только критерии для определения сложности и трудности задач отличаются от положений предмета.

В результате были определены преимущества каждого метода математической вычислительной классификации, использованного в экспериментальной подготовке, которые наблюдались при использовании школьного курса для 5-6 классов.

Ключевые слова: Задача, действия, навыки, объект, субъект, знания.

Summary. The review of researches of skills of mathematical problems solution is presented in article. Such concepts as “problem”, “problem solution”, “operations”, “knowledge”, “abilities” and the ways of their explanation are analyzed here.

In our view, we can define two main groups which are considerably differentiated from the point of view of objective and subjective relation of definitions in a task.

At the moment there is no uniform definition of the “problem” concept. It is connected with complexity and versatility of the subject, variety of questions connected with use of “problem” concept. Various aspects of the problem were considered in accordance with specifics of a concrete subject. We have analyzed scientific results of many scientists which defined the most important and common features specific to the “problem” concept.

During the research we used the concept “difficulty of the problem” and “complexity of the report”. In present methodology these issues are considered the most accurately.

Complexity of problems completely depends on their structure, and difficulty of problems consists in the fact that only criteria for detection complexity and difficulty of problems differ from the subject provisions.

As the result the advantages of each method of mathematical calculating classification used in experimental training which were observed during the school course for 5-6 classes have been defined.

Keywords: Problem, operations, skills, object, subject, knowledge.

Кіріспе. Оқушылардың математикалық есептерді шығару біліктілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеу үшін аталған үрдістерді зерттеуде қолданылатын «есеп», «есепті шығару», «әрекет», «білік», «дағды» сияқты ұғымдарды талдау қажет, өйткені оларды түсіндіру жолдары оқыту әдістемесін құруға маңызды ықпал етеді.

Қазіргі таңда есеп ұғымына қатысты бірыңғай қабылданған анықтама жоқ. Бұл пәннің күрделілігімен және сан қырлылығымен, «есеп» ұғымын қолданумен байланысты мәселелердің әртүрлілігімен түсіндіріледі. Белгілі бір ғылыми пәннің ерекшелігіне сәйкес есептің әртүрлі аспектілері қарастырылады. «Есеп» ұғымына тән неғұрлым маңызды және жалпы қасиеттерін анықтау үшін біз оларды түсіндіретін негізгі тәсілдерді талдаймыз.

Зерттеу әдістері: Біздіңше, анықтамалардың есеп құрамындағы объективті және субъективті қатынасына көзқарас тұрғысынан түбегейлі түрде ажыратылатын екі негізгі тобын айқындауға болады.

Зерттеушілердің бір тобы «есеп кез келген тіршілік иесінің белгілі бір мақсаты болып және оған қалай қол жеткізу керектігін білмегенде туындайды» деп есептейді. Бұл жағдайда есеп ұғымы, екі объективті белгілерден (сұрақ немесе мақсат және шарт немесе мәліметтер) басқа үшінші субъективті белгі (субъектінің мақсатқа қол жеткізу тәсілін білмеуі) қосылады. Сәйкесінше, есеп «субъект-объект» жүйесі ретінде түсіндіріледі, яғни есеп ұғымына субъект қосылады. Осы ережені ұстана отырып, Ю.М.Колягин *S-P* (адам – есептер жүйесі) күрделі жүйені қарастырады, соңғысы ретінде жүйеге жататын әлдебір объектіні таниды.

«Адамға берілген элементтер, қасиеттер және проблемалығы байқалған *P* жиыны болатын қатынастарының белгісізін анықтауда қандай да бір тәсілмен байқалған қажеттіліктер мен мүмкіндіктер болса, соңғысы аталған объекті үшін есеп болады» [1, 49-50 б.].

Г.А.Балл есепті субъект соның аясында әрекет етуі тиіс кейбір жағдайлар ретінде қарастырады. Есепті қойылған мақсатымен қатар қол жеткізілуі тиіс шартын қамтитын жағдаят ретінде қарастыра отырып, Г.А.Балл бұл категорияның объектісі белгілі дәрежеде субъективті себептерге байланысты, себебі есеп тек адамға қатысты болуы мүмкін деп есептейді [2].

Есепті әлдебір өзара әрекеттесуші жүйе ретінде түсіну Я.А.Пономарев еңбегінде де кездеседі, ол есепті «өзара әрекеттесуші жүйенің ауытқу жағдайы» ретінде анықтайды. Автордың есепті шығару үрдісіндегі адам әрекетіне байланысты, яғни психологиялық аспектіде зерттейтіндігін атап өту керек [3, 109 б.].

М.Глушков есеп дегеніміз – кейбір шешуші жүйелердің әрекетін анықтаушы барлық жағдай деп пайымдайды. Есеп «есеп жүйесі – шешуші жүйе» моделі ретінде қарастырылады.

А.Н.Леонтьев ұқсас анықтамаларды жүйелей келіп, есеп ұғымына – «белгілі бір шарттағы мақсат» деген нақты әрі қысқа түсінік береді [4, 232 б]. Сонымен қатар, есеп субъекті әрекетінің категориясы, яғни оның алдына қойылған талап ретінде қарастырылады.


Зерттеу нәтижелері: Кейбір зерттеушілер есепті тек қана жеке тұлғаның ерекшеліктеріне негізделген субьективті құбылыс деп түсініп, аталған мәселені тар шеңберде қарастырады. «Есеп сыртқы әлемде өмір сүреді. Ол қағазға түсірілген қалпында ұсынылады немесе адам оны табиғатта кездестіреді. Дегенмен, ол бір жеке тұлғаға есеп болса, екінші біреуіне есеп болмауы мүмкін» [5, 281 б].

Сонымен, аталған тәсілдерге тән ерекшелік есепті субьекті әрекетін қарастырмай зерттей алмауы туралы ереже болып табылады. Сонымен бірге есептің өзі емес, оның шешу жолдары анықталып, зерттелетіндігі анық.

Ю.М.Колячин есеп құрылымына арнайы тоқталмайды, бірақ оның құрылымдық ACRB формуласы құрылым ретінде қолданылуы мүмкін. Автор есептің төмендегідей құрылымдық компоненттерін анықтайды:

1. Бастапқы жағдай (A) - математикалық есептер үшін бұл жағдай есептің шарты түрінде көрінеді (берілген элементтер және олардың арасындағы байланыс).
2. Соңғы жағдай (B) - есептің қорытындысы немесе мақсаты (белгісіз элементтер, олардың өзара байланысы).
3. Есепті шығару (R) – талап етілген белгісіздерді қорытындылауға арналған есеп шартының өзгеру тәсілі.
4. Есепті шығару базисі (C) - математикалық есептер үшін ол шешімді негіздеу болып табылады.

- Бұл элементтердің өзара байланысы 1 сызбада көрсетілген [1, 51-52 б.].



Сызба 1

Есеп құрылымын түсіндірудің мұндай нұсқасы оның компоненттері арасындағы өзара байланысты неғұрлым сәтті көрсетеді және «есеп» және «есепті шешу» ұғымдарының өзара қатынасын көрнекті түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Сондықтан да есеп құрылымына қатысты осы көзқарасты басшылыққа алатын боламыз.

Зерттеу барысынында біз «есептің қиындығы» және «есептің күрделілігі» ұғымдарын пайдаланамыз. Қазіргі әдістемеде бұл мәселелер барынша анық қарастырылған.

А.А.Столяр «берілген есептің қиындығы (осы оқушылар үшін) қиындықсыз шығарылған есеп-компоненттің күрделілігіне тең» деп есептейді [6, 177 б.].

А.М.Сохор түсінігінде қиындық есеп құрылымына негізделген, сипаттау үшін граф-сызба пайдаланылатын күрделілікке деген субъективті қатынас ретінде көрінеді [7]. Дегенмен, ол ұсынған граф-сызба қолайсыз және жеткілікті түрде көрнекі емес.

«Есептің күрделілігі толығымен оның құрылымына байланысты, ал есептің қиындығы – бұл есепті шығарушының әрекетін көрсететін субъективті сипаттама» деген ережелер есептің қиындығы мен күрделілігін анықтау критерилерімен ғана ерекшеленетін еңбектерде де [8; 9; 10; 11] кездеседі. Атап айтқанда, Ю.М.Колягин:

а) есептің күрделілігі және қиындығы ұғымдары ұқсас емес;

б) есептің күрделілігі есептің құрылымына толықтай тәуелді оның объективті сипаттамасы болып табылады;

в) есептің қиындығы есепті шығарушы әрекетінің ерекшеліктерін көрсететін субъективті факторлар жиынтығы деп есептейді [1, 73 б.].

Бұл жағдайлармен келісе отырып, біз алдағы уақытта өз зерттеуімізде оған сүйенетін боламыз.

Зерттеу нәтижелерін талдау: Есептерді жіктеу мәселесін қарастырайық. Біздің зерттеуіміз үшін аталған мәселеге 5-6 сынып математика курсының есептер жинағын неғұрлым толық ұсынатын бағдарламалық қамсыздандыру жасауға мүмкіндік беретін жол таңдау керек. Қазіргі мектептің қалыптасу кезеңдерінде жалпы білім беру тәжірибесінде математиканы мектепте оқытуда белгілі бір есеп түрлерін ұсыну, математиканы мектепте оқытудың жалпы мақсаттарының бірі болып табылатын есеп шығаруды үйрету туралы көзқарас (А.С.Пчелко [12], В.М.Брадис [13], И.В.Арнольд [14] және т.б. еңбектерінде) басымдыққа ие болды. Мұндай тәсіл жіктеу деген тура мағынасында болмаса да мұғалім үшін өте қолайлы, себебі ол есептердегі негізгі байланыстың түрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, түрлері бойынша оқыту күткен нәтижеге жеткізген жоқ.

Математиканы оқыту жүйесін модернизациялау деңгейіне қарай оқушыларды математикалық есептің белгілі бір түрін ғана шешуге үйрету емес, жалпы әдістер арқылы өзінің мазмұны мен формасына қарай әртүрлі болатын есептерді шешуге үйрету маңызды екендігі анықталды.

Осыған байланысты мектеп курсындағы математикалық есептерді жіктеу мәселесі тек ғалымдар мен әдіскерлер үшін ғана емес, оқушылардың өздері үшін де маңызды болмақ. Қазіргі кезеңде жасалған мектеп есептерінің типологиясы мектептегі математика курсы есептерінің негізгі түрлерін анықтауға және оларды шешудің жалпы тәсілдерін құрастыруға бағытталған.

А.А.Столяр математикалық оқу есептерінің типологиясы туралы мәселені қарастыра келіп, оқушыларды типтік және типтік емес есептерді шығаруға үйрету керек деп дұрыс атап өткен. Ғалым типтік есептерді шешу тәсілдерін негізге ала отырып, төмендегідей топтастырған:

1. Арифметикалық амалдармен шығарылатын есептер;
2. Геометриялық амалдармен шығарылатын есептер;
3. Алгебра және анализ амалдары арқылы шығарылатын есептер [15, 183-184].

Бұл топтастыруда есептің құрамына кіретін элементтер (жағдайлар) санын және оларды салыстыру байланысын ескерген. Автор мұндай топтастырулардың натурал санды бөлшектерге бөлуде дұрыстығын атап көрсеткен:

$$N = a_1 + a_2 + a_3 + ... + a_n,$$

Мұндағы *n* - әр бөлшектегі сандар бірлігі [16]. Мәселе есептерді жүйелеудің ұсынылған моделі құрылымының күрделілігі жағынан мектептегі математика курсындағы оқу мәтінін қоса алғанда мәселе есептердің барлығын толық қамтиды [17, 13-25 б.].

А.П.Зенкович есептерді күрделілігіне қарай топтастырады: берілген тапсырмалар формасы, белгісізді көрсетуі және талаптары, есеп мәселесі бойынша. Сонымен қатар, есептің берілгенінің формасын нақты және абстрактілі (Н немесе А), талаптарды – еске түсіруші және эвристикалық (Е немесе Э), белгісізді көрсету - жай және кең таралған (Ж немесе К) деп түсінуді ұйғарды. Сонымен автор бірінен-бірі күрделене түсетін есептердің 8 түрін анықтады.

А.М.Сохор [18] есептерді төменде көрсетілген белгілер бойынша топтастырған:

1. Шешу жолын іздестірудегі граф контурының тұйықталу саны;
2. Құрылымдық формуланың орташа деңгейі;

Бұл белгілерге Е.И.Ляшенко тағы екеуін қосты [19]:

3. Контурлардың байланысы, яғни контурлар арасындағы байланыстың болуы не болмауы;
4. Тұйықталған контурлар саны.

Е.С.Дубинчук [20] есептерді сипаттайтын математикалық қатынасына қарай төмендегідей топтастыруды ұсынады:

1) қосындысы немесе айырмасы және еселік қатынасы бойынша санды табуға арналған есептер;
2) қосындысы немесе айырмасы бойынша санды табуға арналған есептер;
3) бірлескен жұмысқа арналған есептер;
4) қозғалысқа арналған есептер;
5) шығару тәсілі бойынша ауыстыруға арналған есептер;
6) бөлшектер мен пайыздық көрсеткіштерге арналған есептер;
7) орташа арифметикалық есептеу мен қосуға арналған есептер.

Ю.М.Колягин есептерді белгісіз болып табылатын және ACRB жағдайына проблемалық сипат беретін компоненттер санына қарай жіктеген.

1-ші түрі – бір комоненті белгісіз:

а) XCRB, б) AXRB, в) ACXB, г) ACRX.

2-ші түрі – екі комоненті белгісіз:

а) AXRB, б) XCRY, в) XYRB, г) ACXY, д) AXRY, е) XCYB.

3-ші түрі – үш комоненті белгісіз:

а) XYZB, б) XYRZ, в) XCYZ, г) AXYZ.

Автор көрсеткендей, есептің мұндай түрі оқыту үрдісінде сирек кездеседі, бірақ адамның күнделікті өмірінде өте жиі кездесіп отырады. Бұлар проблемалық есептер.

Қорытынды:

1. Оқушылардың математикалық есептерді шығару біліктілігін қалыптастыру мәселелері зерттеліп, зерттеуде қолданылатын «есеп», «есепті шығару», «әрекет», «білік», «дағды» сияқты ұғымдарға талдау жасалып оларды түсіндіру жолдары қарастырылды.
2. Белгілі бір ғылыми пәннің ерекшелігіне сәйкес есептің әртүрлі аспектілері қарастырылып, «есеп» ұғымына тән жалпы қасиеттерін анықтау үшін көп деген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасалды.
3. Зерттеу барысында «есептің қиындығы» және «есептің күрделілігі» ұғымдары қарастырылып, есептің күрделілігі толығымен оның құрылымына байланысты, ал есептің қиындығы – бұл есепті шығарушының әрекетін көрсететін субъективті сипаттама деген ережелер есептің қиындығы мен күрделілігін анықтау критерилерімен ғана ерекшеленетіндігі анықталды.

Нәтижесінде математикалық есептерді топтастырудың әрбір тәсілінің 5-6 сыныптағы мектеп тапсырмасын топтастыруда пайдаланған кезде байқалатын, эксперименттік оқыту барысында қолданылатын өзіндік артықшылықтары айқындалды.

Математикалық есептерді топтастырудың жоғарыда қарастырылған әрбір тәсілінің 5-6 сыныптағы мектеп тапсырмасын топтастыруда пайдаланған кезде байқалатын, эксперименттік оқыту барысында қолданылатын өзіндік артықшылықтары бар. Біз Е.С.Дубинчук еңбектеріндегі есептер типологиясына сүйендік, өйткені ол біздің зерттеуіміздің міндеттеріне сәйкес келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Морозова К.Е. Математическое моделирование в научном познании // -М.: Мысль, 1969-Б.212.
2. БАПТО. 5-сынып математика, Электрондық оқулық, 2008.
3. БАПТО. 6-сынып математика, Электрондық оқулық, 2008.

4. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в образовательном процессе: Учебно-методический комплект для системы педагогического образования // Под общ. ред. А.М. Семибрятова. - М.: АПК и ПРО,2004-Б.200.

5. Кудебаева Г.С. Педагогическая технология модульного обучения // Дис.канд.пед.наук. Алматы, 2000.

6. Беспалько В.П. Основы теории педагогических систем // -Воронеж: Изд-во Воронеж. Университета, 1977.—Б.302.

7. Нургалиева Г.К., Кадырова А.С. Особенности моделирования электронных учебников в системе профессионального педагогического образования // -Алматы, РЦИО, 2006.-Б.83.

8. Зимняя И.А. Педагогическая психология // -М.: «Логос», 1999.-Б.384.

9. Ж.К.Нұрбекова, Б.Ж.Нұрбеков Компьютерлік оқытушы жүйесіне қойылатын негізгі педагогикалық-психологиялық талаптар// Информатика негіздері.-Алматы, 2002.-№5.-Б.2-5.

10. Есенғабылов І.Ж. «Оқушыларда математикалық есептерді шығара білу біліктіліктерінің қалыптасуының психологиялық негіздері» // Қазақстан жоғары мектебі журналы -Алматы, 2007.-№1

11. Кунанбаева С.С, Нургалиева Г.К. Чакликова А.Т. Создание информационно-обучающей среды в системе университетского образования // - Алматы, РЦИО,2006.-Б.119.

12. Нургалиева Г.К., Сулеев Д.К., Тусубаева Ж.М. Технология организации дистанционной формы обучения.-Алматы, 2006.-Б.52.

13. Ж.К.Нұрбекова Применение математических методов и информационных технологий в педагогических исследованиях.// Вестник ЕНУ.-Астана,2003.-№4(36).-С.46-50.

14. Ж.К.Нұрбекова, С.Г. Васина Ақпараттық технологиялар негізінде оқытудың педагогикалық-психологиялық мәселелері. // Матер. межд. науч. конф. «Первые Ержановские чтения».-Павлодар, 2004.Т.3.-Б.283-293.

15. Г.Ж.Ниязова, К.М.Беркімбаев Оқыту үрдісінде компьютерлік технологияларды пайдаланудың әдістемелік негіздері // «Жоғары оқу орындарында білім берудің жаңа технологиялары: теориясы мен практикасы» І ғылыми-практикалық халықаралық дистанциялық конференция мақалаларының жинағы. Түркістан.-2006. К.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, -Б.329-331.

16. Беспалько В.П. Основы теории педагогических систем // -Воронеж: Изд-во Воронеж. Университета, 1977.—Б.302.

17. Тажигулова А.И. Педагогические принципы конструирования электронных учебников в условиях информатизации профессионального образования: дис...канд.пед.наук. Алматы, 2000. -Б. 152.

18. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения // -М.:Педагогика, 1981.-Б.186.

19. Джусубалиева Д.М.Теоретические основы формирования информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения: дисс... док.пед.н., Алматы, 1997.

20. Бектурганова Р.Ч. Информатизация исследовательской деятельности будущих учителей на основе информационно-коммуникационных технологий: дисс... док.пед.наук.-Караганда, 2004.

ҒТАХР 77.29.30

Есіркепов Ж.М.
педагогика ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
zhandos-1978@mail.ru

ПАЛУАН ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСҰЛЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ІСТЕРІН НАСИХАТТАУ АРҚЫЛЫ ЖАСТАР БОЙЫНДА ОТАНСҮЙГІШТІКТІ ТӘРБИЕЛЕУ

Түйін. Мақалада қазақ батыры, палуан Қажымұқан Мұңайтпасұлының өнегелі істерін насихаттау арқылы жастар бойында отансүйгіштікті тәрбиелеу жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, палуанның цирк өнерін дамытуға қосқан ерен еңбегі баяндалады. Қазақ ақын-жазушыларының даңқты палуан туралы жазған өлеңдері, азаматтық істері жан-жақты талданып, жастарды отансүйгіштікке шақырады.

Түйінді сөздер: күрес, цирк, дене шынықтыру және спорт, батыр, отансүйгіштік.

Аннотация. В данной статье рассматриваются пути воспитания патриотизма у молодежи посредством популяризации выдающихся дел казахского батыра, борца Кажимухана Мунайтпасова. Наряду с заслугами искусного борца, рассказывается о его вкладе в развитие циркового искусства. Стихотворения казахских поэтов о знаменитом борце всесторонне проанализированы и призывают молодежь к патриотизму.

Ключевые слова: борьба, цирк, физическая культура и спорт, батыр, патриотизм.

Summary. This article discusses the ways of education of patriotism among young people through the promotion of outstanding Affairs of the Kazakh Batyr, wrestler Kazhimukhan Munaytpasov. Along with the merits of a skilled fighter, tells about his contribution to the development of circus art. Poems of Kazakh poets about the famous wrestler are comprehensively analyzed and call young people to patriotism.

Keywords: wrestling, circus, physical culture and sport, Batyr, patriotism.

Қандай тарихи тұлғаны болсын халық тудырады, заманы ширатып жаратады. Қажымұқандай алыптың тарих сахнасына көтерілуі де тегін емес. Арғы тегі Қарақыпшақ Қобыландыдан тарайтын осынау даңқты тұлғаның қалтарысы мен бұлтарысы, қайғысы мен қуанышы қат-қабат, қиын да қызық, жеңісті де жемісті ғибратты ғұмыры - соның айғағы. Қажымұқандай ұлы перзентінің теңдесіз табиғатына, бірегей болмысына тәнті болғаны соншалық, көзін көргендердің ортамызда жүргеніне қарамастан, ел-жұрты палуанның өзін, сөзін, әрбір іс-әрекетін әлдеқашан аңызға айналдырып үлгерді. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ даласы батырының» өмірбаян деректерінен қайшылықты пікірлердің көрініс беруі заңды болса керек. Қалай дегенмен де бір нәрсе анық: өзі айтпақшы, «жалшыдан шығып, жер жүзіне палуандықпен атын жайған» ондай ғажайып жан қазақ түгілі, күллі Алашта жоқ.

Палуандық - қазақтың бойына біткен нағыз өнер, қасиет. Олай болмаса, бүгінде біз ұлан-байтақ даланы иеленер ме едік? Біздің рухымызды оятқан да, қайнатқан да - күрес.

Палуандық - Қажымұқанның табиғи таланты. Ол ерен күш-қайратының арқасында ғана биіктерді бағындырмаған. Ақыл-парасаты бір басына жетерлік кісі болған. Күш пен ақылға қоса, жүректілік және отансүйгіштік - палуанға аса қажет қасиеттер.

Палуандық - ол кісінің маңдайына біткен бағы. Қажымұқан Алла берген күш-қуатты лайықты пайдалана білген. Өз заманындағы шетелдік мықты палуандармен иық тірестіргені - соның айғағы. Жалпы, палуанға күш пен жігер, ақыл мен айла, қайсарлық пен психологиялық дайындық керек. Атамыз осы айтылғандардың бәрін бойына жия білген.

Қазақта Қажымұқанға дейін ол кісіге теңдесер палуан болмаған. Кейін де шыққан жоқ деп есептеймін. Ол кісіні білмейтін қазақ жоқ. Күш атасының даңқты жолын жас ұрпаққа үлгі етер кітаптар қаншама? Мысалы: «Қажымұқан қанағаты» (Н.Бегалыұлы - 2001), «Күш атасы» (Ғ.Тәшімбетов - 1984, 1990), «Қажымұқан» (Қ.Әбдікадыров - 1981), «Қажымұхан» (Ә.Бүркітбаев – 1990), «Қажымұқан» (М.Тәнекеев – 1964), «Қажымұқан» (М.Керейбай – 2006), «Қажымұқан» (Н.Бегалыұлы – 2004), «Қажымұқан» (Ә.Қоңыратбаев), «Қажымұқан» (Қ.Әбдікадыров), «Қажымұқан» (М.Керейбай – 2006) т.б. мыңдаған естеліктер, өлеңдер мен мақалалар. Күш атасына деген халқының осындай ықылас-пейілі барда ел жадынан ешқашан ұмытылмайтынына сенемін. Дегенмен, біртуар мақтанышымызды дәріптеу жұмыстарын әлі де күшейту керек. Республиканың үлкен қалаларында, облыс орталықтарында ескерткіштер тұрғызылып, көше аттары беріліп, спорт мектептері Қажымұқан есімімен ұлықталса нұр үстіне нұр болар еді.

Ешкім чемпион болып туылмайды, өзін-өзі жетілдірудің арқасында ғана жетістіктерге жете алады. Яғни, Қажымұқан атамызды Алла Тағала ерекше етіп жаратып, сын сағаттарында қолдап қана

қоймаған. Ол кісі табиғи талантын одан әрі ұштап, дамыта білген. Тынымсыз еңбегінің арқасында «күш атасы», - деген өміршең атты иеленген.

Күрес деген тек қана білектің сыны емес. Палуан үшін күш-қайратқа ғана ие болып қою жеткіліксіз. Сергек ақыл, ұтқыр айла және берік рухани дайындығың болмаса, қарсыласыңнан басым түсе алмайсың. Ал, осы қасиеттердің бәрі Қажымұқан бабамызға тән болған.

Батырдың алып тұлғасы мен марқасқа болмысын қазақтың талай ақындары жырға қосқаны белгілі. Атап айтқанда, Иса Байзақов [1]:

Ерен күш болады екен адамда да,
Қажымұқан туған адам соған бола.
Піл күші, піл денесі бір өзінде,
Жаралған жан біткеннен жеке дара, -

деп палуанның сом денесін өлеңмен өрнектейді.

Көрнекті ақын, ағартушы, дала данасы, ғұлама-хакім Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы [2]:

Ол күнде дүние нашар, заман басқа,
Қатарға қосқан емес қазақты әсте.
Қажымұқан палуан Мұңайтпасов,
Шықты жарып қыпшақтың заманында,
Осалы жоқ, мұнда айтылған бәрі мықты,
Нояндар білмей жүрген желмен ықты.
Шоқтығы көтеріліп Мұқан ердің,
Түп-түгел түк қалдырмай, бәрін жықты, -

деп батырдың қайсар мінезімен барлық қиыншылықты жеңіп, қазақтың атын дүниежүзіне танытқанын жырымен дәріптейді.

Ақын Жеңіс Қашқынов [3]:

Көп сыбаға тілемеймін қазекем,
Жұртты сыйлап бергеніне мәз екен.
Ақшасына жасатқызып самолет,
Отанына тарту еткен Қажекең, -

деп палуанның Отанға деген шынайы сүйіспеншілігі мен азаматтық парызға адалдығын өлең жолдарына арқау етеді. Ал, тағы бір өлеңінде:

Сонау жылдар күш атасы тарықты,
Кейбіреулер мәңгүрттігін танытты.
Бүгіндері Алматыда үн-түнсіз,
Ескермеді, елемеді алыпты, -

- деп алып күш иесінің мерейтойы ескерусіз қалғанын, батырдың өр рухын құрметтеп, отаншылдық, азаматтық сынды арда қасиеттерін жастардың бойына сіңіру, дәріптеу, жұмыстарының жыл өткен сайын кенже қалып келе жатқанын жыр шумақтарындағы жан айқайынан көреміз.

Белгілі ақын Әбдіраштың Жарасқаны [4]:

Сұстылығын
Қазақ дейтін халықтың
Айбатыңмен
Келсе жұртқа танытқың,
Күштілігін
Қазақ дейтін халықтың
Қайратыңмен
Келсе жұртқа танытқың,
Ей, жас ұрпақ,
Құлақ түр,
Ей, жас ұрпақ,
Мұрат қыл
Тау тұлғасын Қажымұқан алыптың! -

деп палуанның намыстан жаралған нар тұлғасын өскелең ұрпақтың жүрегінде мәңгілік сақтауды өлең жолдарымен керемет суреттейді.

Ал, қазақтың суреткер-абыз ақыны Қадыр Мырзалиев [5]:

Тау көтерсең қарың сенің талмаған,
Сондай күшпен ата-бабаң мал бақты.
Саған арнап құйған шойын ескерткіш,
Болмас сенен салмақты, -

деп Қажымұқанның адами болмысын, күш-қайратын, ақыл-парасатын бір шумақ өлеңге сыйғызып жібереді. Ал, «Бұлшық еті даланың» өлеңіндегі:

«Сайын далаң - өзің анаң, өз әкең,
Сол далаға тартпай туған аз екен.
Осындай ұл таба алам дегендей,
Тапқан сені қазекең»,

- деген шумағы кімді болса да бір тебірентіп тастайтыны даусыз.

Қажымұқан Мұңайтпасұлының көзін көрмеген ақын ағамыз Тұманбай Молдағалиев [6]:

«Бөліп берген олжасын бар адамға,
Алғыс алып анадан, ағадан да.
Қажекеңді көргендер бақыттырақ,
Көрмей қалған біздерге қарағанда», -

деп атақ-даңқы жер жарған батырдың толағай күшке толы болмысын көре алмағынына іштей өкінішін білдіреді. Тағы бірде:

Тау көтерген Қажекем кеудесімен,
Сөйтіп талай тандырған елді есінен.
Сұңқар жігіт сұқтантты сұлуларды,
Тұлпар мініп жастықтың кермесінен.
Өтті өмір тойменен, сауықпенен,
Мен де елеңдеп соңынан шауып келем.
Қажекемнің жамбасы жерге тисе,
Жер жастанып қалардай қауіптенем, - деп тебіренеді.

Ақын Омарбай Малқаров [7]:

Тудың да ортамыздан кеттің ұзап,
Болса да небір батыр алып палуан.
Күресте топқа түсіп жасыңнан-ақ,
Жер шарын еркін басып алшақ-алшақ, -

деп жер шарында теңдесі жоқ, небір алып палуандарды алып жығып, қазақ елін әлемге танытқан тұлға екендігін жауһардай әсем жырымен бейнелейді.

Ал, қазақтың ақыны, жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин [8]:

Көсілген Көкшетаудың даласынан,
Көк майса сансыз өлке саласынан.
Шолақпен тете шыққан Қажымұқан,
Оралған көк Еділдің жағасынан.
Дүңкілдеп жұртқа даңқы Мұқан шыққан,
Жасынан тең құрбысы түгел ыққан.
Нан піскен кеудесіне палуандар
Түксініп Мұқан келсе жым боп ыққан.
Қалың бет бура түсті, қара нардай,
Жұп-жұмыр, жуан діңгек, бойшаң жардай.
Өзге жұрт ергежейлі ол келгенде,
Айбынды жолбарысқа болар нардай.
Аралап талай жерді, сан қаланы,
Күресіп талай алып дәуді жыққан.
Ел кезіп елден асқан палуанның,
Талайын қол ұшымен ойнап сыққан, -

деп батыр бейнесін кәусардай мөлдір, бұлақтай тұнық өлеңімен суреттейді.

Нартай Бекежанов [9]:

Қаһары қаһарланса тасқан слдей,
Жоталы, жалпақ жоны асқар белдей.
Жетпістің жетеуіне жетсе-дағы,
Серпіні қаңтардағы серпкен сеңдей.
Білегі – арыстанның білегіндей,
Жүрегі – жолбарыстың жүрегіндей.
Шоң желке, кең жауырын, жазық маңдай,
Тұрпаты Түркістанның түбегіндей.
Сомдаған, сом-сом еттер шойындай-ақ,
Тұлғасы тұтас пілдің мойнындай-ақ,

Саусағы тасты ұстаса талқан қылар,
Шынжырды жіптей есер ойындай-ақ. -

деп бабамыздың елден ерек дара болмысын, таңғажайып күш-қайратын, туған Отаны үшін өлімге де бәс тігетін қайсар мінезінің портретін жасайды.

Халық ақыны Сырбай Мәуленов [10]:

Құлағын тістеп, шайнап, жырып атқан,
Жапонда Жиндофудың жынын қаққан.
Жүрегін нар қамыстай суылдатқан,
Шымшықтай шыбын жанын шырылдатқан,
Тастарды тастарға ұрған, түйір көрмей,
Тұп-тұтас жұдырығы, диірмендей.
Тоқпақ сан, шомбал кеуде, шор-шор иық,
Тұтқасы болса жерді үйіргендей.
Ауылдай, Еуропаны аралаған,
Араптың Ніл дариясын жағалаған.
Азия, Африканы алдиярлап,
Айырықша басқалардан бағалаған, -

деп палуанның Қазақ елінің намысы үшін жанын аямайтын өр рухына тағзым етеді.

Қазақстанның халық жазушысы, Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны сыйлығының иегері Мұхтар Шаханов [11]:

Қара күште әлі ешкім жоқ сенше биік шырқаған,
Өнерге де өзгелерден жақын ең ғой бір табан,
Рух қашып бара жатыр өзің өскен қырқадан…
Бүгін мені қайта көтер жарты ғасыр өткен соң,
Қанатсызды мойындамас мінезіңмен бұрқаған.
Сол бір салтың тірі тұрса, тұрар әр кез ұлт аман,
Қазақтың бас бұлшық еті, құлагер төс, піл табан…, -

деп баба рухымен тілдесіп, өлең-жырымен мәңгілік ескерткіш орнатады.

Бұл өлең жолдарының барлығы қазақ жерінде күрес өнерінің негізін салушы, ғасырда бір туатын алып күш иесі, күрес өнері арқылы бүкіл әлемді мойындатқан, Қазақ халқына ортақ тұлға, халық батыры Қажымұқан бабамыздың шын талант екенін мойындап, өнегелі де өміршең жарқын істерін кейінгі ұрпаққа таныстыру, табыстыру, дәріптеу бағытында жазылғанына таласымыз жоқ. Алдағы уақытта да палуан бабамыз жайында ғылыми еңбектер мен жүректен шыққан талай өлең-жырлар жазыла беретініне сеніміміз сол.

Қажымұқан - алып палуан ғана емес, ол, сондай-ақ танымал цирк әртісі болған. Өйткені ол кезде циркте тек акробаттар мен жонглерлер ғана емес, сонымен қатар небір алып күш иелері де өнер көрсетіп, талайлардың таңданысын тудырған. Палуандар күресі де цирк манеждерінде өткен. Кезінде олар да цирктің бір нөмері ретінде саналды. Палуандар белдесерден бұрын көрерменге күштерін көрсетіп, әртүрлі трюктар жасайтын - ауыр заттарды сүйреп, лом темірлерді майыстыратын, тістерімен тас шайнап, үстінен көлік жүргізетін, жануарларды жығып құлататын. Мұның бәрі көрерменнің таңданысын туғызып, қызығушылығын оятқан. Ал, Қажымұқан цирктегі осы сияқты небір қызық та қауіпті, қиын да таңқаларлық қойылымдармен көптің алдына шығып, цирк манеждерінде өнер көрсетті.

Бүгінгі таңда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [12] атты бағдарламалық мақаласын іске асыру бағытында Халық батыры Қажымұқан Мұңайтпасұлының өмірі мен өнерін, адамгершілік, кішіпейілділік, қонақжайлылық тағы да басқа қасиеттерін қазіргі тәрбие ісінде қолдануға қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Әсіресе ұлттық күрес пен цирк өнерінің қайта жаңғыруына байланысты бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажеттілігі нақты сезілуде.

Қажымұқан Мұңайтпасұлының есімі бүгінгі таңда тек қазақ еліне ғана емес, барша әлемге кең танымал екендігіне оның өмірі мен өнері дәлел.

Егер қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлын қазақ-цирк өнерін дамыту еңбегіндегі, жастарға патриоттық тәрбие беру идеяларына талдау берілсе, қазіргі жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісіне қазақ батыры, дара палуаны туралы жазылған оқулықтар мен оқу құралдары заманға сәйкес өңделіп оқушылар қауымына ұсынылса, мұндағы отансүйгіштік, ұлтжандылық тұрғыдағы тәрбие берудің үлгілері, жеткіншек ұрпақтың палуанды жан-жақты танып, ұлағаты мол құндылықтарды бағалауына, өзін-өзі ұлттық рухта, намысқа, мәдениетке тәрбиелеуге, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал жасайтын мүмкіндіктер туар еді.

Қажымұқан Мұңайтпасұлының бойында тұлғалық ерекшеліктер отансүйгіштік, достық, сыйластық, адалдық, кішіпейілділік, туған жер мен тілге зор құрмет сияқты қасиеттерді табуға болады. Мұндағы отансүйгіштік, ұлтжандылық тұрғыдағы тәрбие берудің үлгілері, жеткіншек ұрпақтың палуанды жан-жақты танып, ұлағаты мол құндылықтарды бағалауына, өзін-өзі ұлттық рухта намысқа, мәдениетке тәрбиелеуге, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал жасайтын құнды деректерімен аса ерекше бағаланады.

Қажекеңнің тек білек күш иесі ғана емес екенін, оның парасатты, ойшыл, намысшыл, зейінді адам болғанын зерттеуші ғалымдарымыз бен көзін көрген ақсақалдарымыз толық растайды.

Бірақ Қажекең қатардағы қазақ емес, тіпті қатардағы палуан емес, әлемге аты шыққан, ғасырда бір туатын тұлғаның шын тұлғасын халқы білуге тиіс.

Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитеті Президиумының 1927 жылы арнайы шешімімен Қажымұқанға «Қазақ даласының батыры» деген құрметті атақ берілді.

Патриот ағамыз ел басына ауыр күн туған Ұлы Отан соғысының отты жылдарында жасының егде тартып қалғанына қарамастан, тағы бір азаматтық ерлік іс жасады. Ол белін бекем байлап, ел аралап, өнер көрсетіп, одан жинаған қаржыға ұшақ жасатып, майданға жіберді.

1991 жылы Қажекеңнің туғанына 120 жыл толды. Бүкіл Қазақстан болып аузымызды ләм деп ашпадық. 2001 жылы 130 жылдығы да үн-түнсіз қалды. 2011 жылы 140 жылдық мерейтойында газет-журнал деңгейінде бірер-жарым мақалалармен тоқталдық. Зиялы азаматтар осы мәселені Үкімет деңгейінде көтеріп, 2021 жылы Қажымұқандай күш атасының 150 жылдығын бүкіл халық болып тойласақ, ел намысын әлем жұртшылығы алдында қара нардай көтерген баба рухы алдындағы азаматтық, перзенттік парызымыз. Бұл Қазақ халқы үшін мақтаныш қана емес, ұрпақтар алдында өнеге болар еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байзақов И. Алтай аясында //Алматы, 1934.
2. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары // 13-том. Павлодар: «ЭКО», 2008 ж.
3. Қашқынов Ж. Алыптар мен арыстар // Өлеңдер мен дастандар. – Алматы «Әуен», 2001.
4. Әбдіраш Ж. Сана соқпағы // 3 томдық таңдамалы жырлар жинағы. I Том. – Алматы, 1998 ж.
5. Мырзалиев Қ. Дала дидары // Жыр жинағы. – Алматы, 1966 ж.
6. Молдағалиев Т. 14 томдық шығармалар жинағы // Алматы: «Жазушы», 2004 ж.
7. Малқаров О. Жырлайды өмір жырлайды // - Алматы, – 1991.
8. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы // Алматы: «Жазушы», 2 том. 1986 ж.
9. Бекежанов Н. Өсиет // Өлеңдер жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1982 ж.
10. Мәуленов С. Жол үстіндегі жалындар // Өлеңдер жинағы. – Алматы, 1963 ж.
11. Шаханов М. Эверестке шығу // Өлеңдер жинағы. – Алматы: «Атамұра», 2003 ж.
12. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 .04.2017 ж.

Жаналиева Р.Н.,
кандидат химических наук,
профессор кафедры химии, биологии и физической культуры
университета «Мирас»
rashida_zhanalie@mail.ru

Кистаубаева Д.М.,
кандидат филологических наук,
доцент кафедры языковых дисциплин
университета «Мирас»

Жакипбеков Б.А.
кандидат филологических наук,
доцент кафедры языковых дисциплин
университета «Мирас»

КОММУНИКАТИВНАЯ ОБУСЛОВЛЕННОСТЬ ЗАНЯТИЙ ПО РАЗЛИЧНЫМ ДИСЦИПЛИНАМ В ВУЗЕ

Түйін. Мақалада пәндерді оқу үрдісінде университет студенттерінің коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту қарастырылады. Авторлар түрлі пәндер бойынша сабақта коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда өз тәжірибелерін ұсынады. Коммуникативті құзыреттілікке ие болу кәсіби қызметтегі мамандардың әрі қарай жұмысқа орналасуына және бәсекеге қабілеттілігіне ықпал етеді.

Түйінді сөздер: жаңғырту, қалыптастыру, студенттер, құзыреттілік, кәсіби дағдылар, көптілділік

Аннотация. В статье рассматривается вопрос развития коммуникативных компетенций студентов университета в процессе изучения дисциплин. Авторы предлагают свой опыт развития коммуникативной компетенции на занятиях по различным дисциплинам. Владение коммуникативной компетенцией способствует дальнейшему трудоустройству и конкурентоспособности специалистов в профессиональной деятельности.

Ключевые слова: модернизация, формирование, студенты, компетенции, профессиональные навыки, полиязычие.

Summary. The article deals with the development of communicative competencies of university students in the process of studying disciplines.. The authors offer their experience in the development of communicative competence in the classroom in various disciplines.Possession of communicative competence contributes to the further employment and competitiveness of specialists in professional activities.

Keywords: modernization, formation, students, competences, professional skills, multilingual.

Современное общество характеризуется стремительным развитием науки и техники, созданием новых информационных технологий, коренным образом преобразующих жизнь людей. И в условиях модернизации казахстанского образования, реализации национального проекта казахстанского общества «Блестящее, качественное образование» и введения новых государственных образовательных стандартов возрастает и роль современного педагога и студента. Образование - это высшая ценность, приоритет мировоззренческих установок молодого поколения, это мотивационная и культурная составляющие социума, человеческий капитал, путь преодоления финансового кризиса.

Уже много лет подвергается серьезной критике ЕНТ («Единое национальное тестирование») в Казахстане и ЕГЭ («Единый государственный экзамен») в России как форма выпускных экзаменов школьников, взятая за основу при зачислении в вузы. Школьники выпускных классов вместо системных знаний получают калейдоскопическое представление о предмете, обрывочные сведения из теории, поскольку учителя тратят время на составление тестовых вопросов, заучивание правильных ответов: теряется «жажда знаний», насаждается поверхностность знаний, идет роботизация учащихся.

В современном «рыночном обществе» иные установки - учиться в вузе может тот, кто способен оплатить обучение. Заплатив деньги за «услуги», такой студент считает вправе получить свой «товар», не прикладывая больше никаких усилий, снисходительно посещая занятия, но по большой части, конечно, пропуская их. Попытки педагогов научить его чему-нибудь упирается в отсутствие необходимого школьного багажа, навыка и умения трудиться, и даже иногда это перерастает в пренебрежительное и неуважительное отношение к педагогу. При нынешней «кредитной» технологии экзамены в период сессии проходят ежедневно, поэтому еще сегодняшние студенты утрачивают навык самостоятельного усвоения материала, умения трудиться. Как ни странно, в век информационных технологий у молодежи появились проблемы с формулированием и высказыванием собственных мыслей, культурой речи.

Серьезная и объективная постановка языкового вопроса на современном этапе развития нашего общества имеет особое значение. Расширение объема социальных функций языка связано с тем, что он успешно отвечает как внутренним, так и внешним коммуникативным потребностям нашей страны. Однако в нынешних условиях не всегда проявляется его самобытность, в повседневной жизни наблюдается обесцвечивание языка, небрежность в его использовании. Уровень культуры речевого общения заметно снижается, это можно в равной мере отнести и к русскому, и к казахскому языкам. Перед филологами стоит трудная задача: разъяснение роли и места языка в жизни общества и человека, повышение через обучение языкам речевой культуры людей. Качественное развитие русско-казахского и казахско-русского двуязычия возможно лишь при условии создания реальных условий для изучения языков. А также на данном этапе развития Казахстана одним из главных приоритетов в становлении школы будущего в республике является политика развития полиязычия.

В профильных и элитарных казахстанских школах трехъязычное обучение на казахском, английском и русском языках выступает основой формирования компетентностных навыков учащихся. Трудно возражать против элементарной истины, что нет никакой казахской физики, отличной от русской, или немецкой химии, отличной от французской. И наоборот, было бы абсурдно преподавать казахскую литературу или историю Казахстана не на языке обучения (в Казахстане в основном есть школы с казахским или русским языками обучения). Еще один вариант абсолютно возможен: независимо от языка обучения, преподавать курс казахской литературы, историю Казахстана на казахском языке, а также русскую литературу - на русском языке.

В Казахстане, учитывая официальный статус русского языка, складывается ситуация трилингвизма. Если мы также учтем тот факт, что родные языки национальных меньшинств (уйгурские, турецкие, узбекские и т.д.) изучаются в школах Казахстана, легко представить актуальность теоретических и методологических аспектов многоязычия (становится ясно, что не будет возможности ограничиться триязычием). Язык как первооснова мирового порядка, бесконечно проявляющий свою многогранность, требует пристального внимания политиков, общественных деятелей, пелагогов и ученых. В нашем современном обществе требуется, чтобы выпускник любого университета, будущий специалист в определенной области деятельности, обладал как профессиональными навыками, так и развитыми навыками коммуникации. Это важно для развития полноценной личности, который принимает ответственные решения в своей профессиональной деятельности. Способность принимать рациональные решения формируется в процессе непрерывного общения с целью приобретения знаний и опыта. Компетентность является не просто набором знаний, навыков, умений и личностных качеств, но и умением использовать их в конкретной ситуации. Это «мера способности человека заниматься деятельностью» [1]. Коммуникативная компетентность является способностью устанавливать и поддерживать необходимые контакты с другими людьми, а также определенным объемом знаний, навыков и умений, обеспечивающих эффективное общение. Поэтому актуальной проблемой является развитие коммуникативных компетенций у студентов вузов.

Для правильной организации работы по развитию речи, формированию речевых навыков необходимо, прежде всего, изучить уровень владения языком обучаемых, особенности речи людей данного контингента. Материалом для работы в группах должны служить, наряду с образцами художественной литературы, общественно-политическая и научно-популярная литература. Теоретические знания по языку поднимают общеобразовательный уровень слушателей, развивают в процессе анализа языковых явлений их мышление, являясь одновременно средством развития, усовершенствования речевых навыков обучаемых [2-3].

Речевая практика базируется на языковых знаниях. Занятия по грамматике органично включают в себя лексические задания - усвоение новых слов, использование их в тех или иных речевых ситуациях, уточнение смысла уже усвоенных слов и т.п. Особый интерес для взрослых представляет такой материал, который обогащает их бытовую лексику, дает возможность непринужденно общаться на родном языке.

Для успешного развития коммуникативных компетенций у студентов на занятиях по казахскому языку, преподавателю необходимо выявить педагогический потенциал учебных курсов по казахскому языку в развитии коммуникативной компетентности студентов. В течение нескольких лет в университете проводится политика полиязычного образования с целью внедрения и развития полиязычного образования в университете в рамках реализации Государственной программы развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы.

Творческий потенциал и активная жизненная позиция преподавателей наглядно проявляются в организации конференций, семинаров и круглых столов, посвященных преподаванию разных языков. Преподаватели разрабатывают эффективную методическую систему формирования коммуникативной компетенции студента на занятиях казахского языка. Тогда важно выбрать методы взаимодействия со

студентами, которые позволят эффективно решать поставленные педагогические задачи. Для этого в группе используются различные методы, направляемые на развитие коммуникативной компетенции, устной и письменной. Например, методы письменного общения: учебные исследования и образовательные проекты; рецензирование учебных и исследовательских работ, подготовленных студентами.

С целью развития письменного общения на занятиях истории используется индивидуальная практическая работа.) В процессе закрепления и углубления нового материала и развития навыков наиболее уместна в группе индивидуальная практическая работа. Каждому студенту даются несколько вопросов по пройденным темам, и они должны изложить информацию, которой они владеют. Этот метод обучения позволяет нам достичь усвоения исторических фактов без механического обучения, расширяет спектр источников информации, используемых молодыми людьми, и вовлекает каждого обучающегося на уровне сложности, доступном ему.

К методам устной коммуникации относятся:

Resume. The article reflects the gender characteristics of the girl in the language. Gender phraseological units, equations and proverbial articles are considered mainly, the image of a girl in combination with national traditions and customs. The whole culture is against girls manifests itself in different nominative names in the language, especially phraseologies.

Keywords: girl, teenage girl, gender, proverbs and sayings, gender phraseology, similes.

Кіріспе

Ананың алғашқы міндеті дүниеге ұрпақ әкелу, десек те бірнеше баланы бағу, қатарға қосу оңай іс емес, сондықтан сәбиді дүниеге әкелген әйелге жылы сөздің қайсысы да лайық екендігін меңзейді. Алдымен, мақал-мәтелдердегі әйел бейнесінің гендерлік ерекшелігіне тоқталсам, әйел барлық адамзат түсінігінде тіршілік жаңартушы, өмірге адам әкелуші, жылулық пен мейірімділіктің, берекенің бастауы. Әйел атауына түсіндірме сөздік те, бірінші – адам баласының ұрғашы жыныстылары, екінші – жұбай, қосақ деген анықтама берілген *[ҚТТС, 1986, б. 592].*

Сонымен қатар әйел атауымен байланысты тіл бірліктерін сәби, *қыз бала, бойжеткен, келіншек, келін, жұбай,зайып, жар, қосақ, шеше, ана, әже, кемпір* деп өз ішінен жасына қарай бөлуге болады.

Қазақ халқы дүниеге бір перзент келсе, тек сол перзент келген отбасы ғана емес, бүкіл ауыл, ел-жұрт, туыс-туған түгел мәре-сәре қуанып, шашу апарып, «бауы берік болсын» айтуды кісілік парызы санайды.

Дүниеге келген ұл болса:
– Айдарын жел есіп,
Ат ойнатар ер болсын.
Маңдайынан күн сүйіп, Ақыл-ойы мол болсын! –
деп жақсы мінез, жарасымды қасиеттер даурын тілейді.
Ал, дүниеге келген перзент қыз болса, онда:
– Жүзі Айдай жарқырап,
Ауылға болсын өнеге.
Болып елге шамшырақ, Жетік болсын өнерге! –
Деп оның ақылды, білімді, көрікті, өнерлі болуын тілейді. Бұл – өмірге жаңа ұрпақ әкелген ана мен өмір есігін алғаш ашқан перзентке деген құрмет пен игі тілек. Сондай-ақ, адамдар арасындағы достық пен береке-бірлікті артыратын өнеге *[Нүсіпоқасұлы А., 2014, б. 3].*

Негізгі бөлім

Енді осы бөліністердегі қыз бейнесінен бастасақ. Қыз – нәзік те қайратты, алғыр, салмақты да ширақ, төзімді жан. *«Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз»* деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесі тұтас ұлтқа әсерін тигізетінін айтады. «*Қызға қырық үйден тию*» деген мақалдың астарында қыз абыройы, өскен ортасының абыройы деген мән жатыр.

«Атадан ұл қалғаны өзі қалғаны, қыз қалса, ізі қалғаны» деп айтпақшы қазақ халқы болашақ жар, ана болатын қыз тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Оны алдын ала жеке өмірге дайындап, тұрмысқа бейімдеп тәрбиелеген. Тұрмысқа шығарда қызға арнап әр түрлі әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді ұстап отырған. Сол салт-дәстүрлер ана тілімізде тіркестер арқылы сөздік қорымызды байытып отыр. Халықтың қыз балаға қатысты барлық салты тілде әр түрлі номинативті атаулардан, әсіресе фразеологизмдерден көрініс тапқан.

Қыз – тұрмысқа шықпаған, әке үйінде оң жақта отырған бойжеткен. Қазақ тұрмысында бойжетіп, кәмелетке толғанға дейін де қызды *қыз бала, қыз* деп атай береді. Тіпті қартайған шағында да дәстүр бойынша төркін жұртына келген әйелдің *қыз* аты қалмайды.

Әке үйінде жүрген *қыз – қонақ* деп, оны жарасты киіндіріп, күйеуге ұзатылғанша төрге таман оң жақтан орын береді. Ауыл арасындағы жиын тойға барса, қасында қыз жеңгелері болып, көзден таса қылмайды.

Әдетте әйелі босанған үйден ауылдастары «ұл» ма, «қыз» ба деп сұрайды. Қыз болса, тұспал сөзбен *«кесте төгер»*, ал ұл болса, *«ат ұстар»* дейді. Ондайда этикеттік норма бойынша *қыз-өріс, өрістерің кеңейсін, бауы берік, жасы ұзақ болсын* деп түзу тілегін білдіреді.

Қыз әуелде ана бауырында отбасы тәрбиесінде болады. Оған ұлдан өзгеше тәрбие береді. Киімі де, ойнайтын ойыны да, ұлдан өзгешелеу болады. Қыз көбіне қуыршақпен ойнағанды тәуір көреді, анасына еліктейді. Сөйлеген сөзі де, қылығы да ұлдан басқашалау көрінеді. Сөйтіп, ана бауырында үй тәрбиесінде жүрген қыз әлеуметтене бастайды да, гендерлік жақтан өзгешеліктері ойын баласы кезінен-ақ айқындала түседі. Қазақ халқы «*қызын қызыл гүлім*» деп еркелеткен. Қуыршақ ойнай жүріп, қыз бала ине-жіпке, кесте тігу, шілтер тоқуға үйір болады, ара-тұра бөпесін ойнату, су әкелу, дастархан жаю сияқты жеңіл-желпі жұмыстарға араласып, үй шаруасына қажетті дағдылары мен икемділігін арттыра береді, дегенмен халықтық тәрбиеде ешуақытта қызды ертеден кешке дейін шаруаға салып қоймайды. Қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Қыз бала кішкене кезінен әйел затына қатысты этикалық нормалар мен ырым-тыйымдармен танысып, қоғам талабына сай тәрбиеленеді. Үй шаруасына араласып, үлкендерге еліктеу арқылы еңбекке баулынады. Киіз басу, киім тігу, кілем-өрмек тоқу, тері-жүнді жарату, құрт қайнату, май шайқау, сақар қайнату сияқты жұмыстарға жасайтынын тартылып, қолқабыс жасау арқылы бойжеткенді арнайы дайындықты қажет ететін осындай шаруашылық түрлерін толықтай игеретін. *«Әке көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер»...* мәтелі осы бала тәрбиесіне қатысты айтылған. Қыз қой сауу, арқан есе білу, кілем тоқып, кесте тігу, қонаққа шай құю т.б. үй шаруасына үйреніп, жарасты сөзге, ашық-жарқын жүруге, әдемі әзілге де үйренеді. Қазақ өлкесін алғаш зерттеушілерінің бірі А.И.Левшин қазақтардың қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетінін айта келіп, қазақтардың қыздарды оқытуға, түрлі қол өнерін үйретуге, ою-өрнек, шілтер тоқуға, ас даярлауға жастайынан бейімдейтінін атап көрсетеді *[Левшин А. И., 1996, б. 656].*

Жоғарыда айтылған қыздың дүниеге келуін кесте төгермен байланыстырудың өзіндік бір ерекшелігі бар. Қыз баланы дүниеге келуін кесте төгермен байланыстыру келесі мәлімет дәлел болады.

Кесте – мата, тері, тұскиіз беттеріне әртүрлі жіптермен яки зермен өрнектеп, түрлі заттардың бейнесін салып тіккен көркем тігіс түрі. Кесте тігуді аналары қыздарға бала кезінен үйреткен. Кесте тігу – өте ыждаһатты, шыдамдылықты қажет ететін жұмыс. Кесте тігу өнерінің қыздың табанды, сабырлы мінез-құлқын қалыптастыруға тигізетін пайдасы көп. Бойжеткен қыздар өзіне арналған жасаудың кестеленетін түрлерінің бәрін өзі тігеді. Іс үстінде ісмерлігін шыңдайды. Олар тұрмыс құрғаннан кейін де көп уақытқа дейін кесте тігуді тастамаған. Қазақ тілінде кесте сөзі «мата бетіне түрлі-түсті жіптен тоқылған, тігілген әшекейлі өрнек» деген ұғымда, ал кестелеу «мата бетіне түрлі түсті жіппен әшекейлі өрнек тоқу» ұғымында қолданылады. Мұндай қызмет тек қызға және қыздың қолөнері ретінде танылған. Қыз-келіншектер қолөнеріне байланысты атаулар қазақ әйелдерінің саналы шығармашылық еңбегінің, эстетикалық талғамының деңгейін және табиғатты игеру тәжірибесінің, рухани танымының жетістігін көрсетеді.

Мата бетін көркемдеп, ою-өрнектеп тігуді кестелу дейді. Кесте тігу – әшекейлеудің ертеден келе жатқан түрі. Халық арасында кесте тігу бүгінгі күндерге дейін сақталып отыр. Кесте тігудің қыздарды жас кезінен еңбекке, сезімталдыққа, талғампаздыққа, сұлулыққа тәрбилеуде атқаратын қызметі зор. Сонымен бірге, ол ыждағаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейді.

Қазақ халқында қыздар арасында яғни қыз бойжетіп кәмелетке жасқа толып 13 жасқа келгенде өзінің тәрбиелілігін, білімділігін, өнерлілігін, іскерлігін көрсету мақсатында қыздар арасында қыз сыны байқуларына қатысқан. «Ақылды, білімді қыз» деп жақсы-жаман істердің барлығын ақыл-біліммен жөнге салып, айбарлы жау, күрделі дауларды, дүлей күштерді ақылмен ауыздықтап, біліммен бұғаулап, ақыл-парасаты мен білімін жалпақ жұртқа танытып, өз қадір-қасиеті мен ар-намысын ешкімге таптатпайтын, ана-тілін ардақтап, салт-дәстүрін қастерлейтін, береке-бірліктің ұйтқысы, ауыл-аймақтың көркі, ел-жұрттың мақтанышы болатын қыздарды айтады. Ондай қыздарға ауылдағы барша қыз еліктеп, олардан үлгі-өнеге алуға талпынады.

Бойжеткен – кәмелетке толған, ержеткен қыз. Қыз бойжеткенде жаңа әлеуметтік сатыға көтеріліп, ересектер санатына қосылады, осыған орай оған деген талап, міндеттер де өзгеше болады. Бойжеткеннің киім киісінде, жүріс тұрысында жыныстық белгілер (гендерлік ерекшеліктер) айқындалып өзгереді. Бойжеткеннің киім-кешегі, зергерлік және әшекей бұйымдары балиғатқа толған қыз балаға сай жасақталады. Түрлі алқа-сырға, білезік, моншақтар тағылып, тақиясы үкіленіп, шашбаулары сылдырлап, бешпент-қамзолдары шұға мен барқыттан тігіліп, құндыз-кәмшәтпен көмкерілетін, яғни бойжеткеннің қызға тән сұлулығын ашуға, әйелдік парқын білдіруге бағытталатын. Шашбау – бұрымға тағуға арналған баулы сәндік бұйым. Шашбау бұрымның ұшын бекіте отырып, өсуіне септігін тигізумен қатар, қыз баланың бойын тік ұстап, дұрыс өсуіне де ықпал етеді. Ерте заманда шашбау тақса, шаш арасындағы жын-шайтандар қашады деген түсінік болған. Сонымен қатар халықтық ортада шашбаудың сыңғырлаған үніне, әшекейінің әдемілігіне, сұлулығына қарай жеңгелері ат тергеу барысында қайын сіңілісіне *шашбаулым* деп те ат қойған. Шашмоншақ – бұрымның ұшына тағатын моншақ түрі. Шашбау қазақ қыздарының ертеден келе жатқан әшекей бұйымы болған. Ол туралы деректі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан кездестіруге болады: *Құдай қосқан жарың барамын деп, Баянның шашмоншағын қолына алды.* Моншақ атауы оның тағылатын орнына байланысты қалыптасқан. Шашмоншақты қырғыз қыздары да таққан: Қырғыздарда чач мончок – күміс тақталармен байланыстырылған, жіпке тізілген маржан, асыл тасты әшекей бұйым. Түрік тілдерінде **моншақ** - ертеден қолданылып келе жатқан сөз. Қазақ тілінде **моншақтың** екі мағынасы бар. «Мойынға тағатын зат» мағынасы бәрімізге белгілі; екінші мағынасы – «асыл тас». «Моншақ» сөзінің шығуы туралы «мойын-шақ» немесе мойын-тақ» деген сөз тіркестерінен құралған. Сонда бұл ұғым «мойынға шақ» немесе «мойынға тақ» деген ұғымды білдіреді. **Тесік моншақ жерде қалмас** (асыл зат жерде қалмайды; қыз орнын табады, теңін табады...) деген фразеологиялық сөз тіркесіндегі тесік моншақтың әуелгі, тура мағынасы – тесілген асыл тастың өзі (ол тізілмеген болуы да мүмкін). **Моншақ** – әсемдік үшін түрлі түсті уақ тастарды жіңішке жіпке тізіп жасалатын әшекей. Ертеде моншақ тағу салты әр-түрлі наным-сенімге байланысты шыққан. Қазақ, өзбек, қырғыз және т.б. түркі халықтарында *көз моншақ,* қарашай – балқарларда қолданылған *қараңғылық моншақ* (қараңғыда қорықпау үшін тағылатын моншақ), тәжік халқындағы *чашми* (тәжік тілінде *чашми* «көз», «көз тию» деген ұғымдарға байланысты қолданылады) деп аталатын моншақтарды тіл-көзден сақтану үшін пайдаланған.

Моншақ тағу, әдетте, жас балаларға, қыз келіншектерге тән. Қазақта құда түсуге байланысты кәделердің бірі тана тағар, сырға тағар деп аталатындығы белгілі. Алайда қалыңдық айттырып, құдалыққа келіскен кезде оны ресми бекіту үшін жігіт жағы болашақ келінінің құлағына сырға салған немесе тана (үлкен күміс түйме), үкі тағумен бірге кейде оның орнына моншақ тағады яки білегіне білезік салады. Бұлардың қайсысын тақса да ол қыздың айттырылғанының белгісі болып саналған. Сондықтан бұл кәде тағылатын заттың түріне қарай моншақ тағар немесе үкі тағар деп те атала береді.

Материалына қарай моншақтар *ақық монщақ, күміс моншақ, меруерт моншақ, інжу моншақ* деп те ажыратылады. Мәселен, қалампырдың дәнін араластырып тізген моншақ түрін қалампыр маржан деп атаған. Осы моншақ атаулырына байланыстырып қыздар есімдерімен де атаған. Мысалы, *Ақық, Күміс, Меруерт, Інжу, Қалампыр* секілді қыздардың да есімдері аталған. Оның мойынға тағатын бұйым болғандығы туралы халық жырларында: Қыздар тағар мойнына Қалампыр маржан текшелеп, - деп сипатталады.

Қазақ тұрмысында сәукеленің, кимешектің екі жағына және маңдайына салбыратып қадап қоятын моншақтар болған. Оны *бетмоншақ,* кейде *сәукеленің бетмоншағы* деп атаған. Бұндай моншақтардың саны, ұзындығы қыз әкесінің дәулетіне байланысты болған. Бетмоншақ жас келіншектің бас киіміне тағылған. Келген қонақтарға қызмет етіп отырған келіншектің бетмоншағының абайсызда үзіліп, түсіп қалуы жұрт алдында үлкен ұят саналған. «Ұялды, қатты қысылды» деген ұғымда қолданылатын *бетмоншағы түсті, бетмоншағы үзілді, «беті ашылмаған, жас, ұяң»* деген мағынада айтылатын *бетмоншағы үзілмеген* тәрізді бейнелі сөз орамдары бетмоншақ тағушының жас ерекшелігі мен ұқыпты-ұқыпсыздығына байланысты болған.

Қыз келіншектер өрілген шашының ұшына *шашмоншақ* деп аталатын әшекей таққан. Ол жөнінде «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырында: *-Құдай қосқан жарыңа барамын деп, Баянның шашмоншағын қолына алды*, - деп айтылады. Бұл әшекей *«чач мончок»* деген атаумен қырғыз халқында да кездеседі.

Бойжеткеннің сұлулығы шашының көркемдігінде. Қыз бала және бойжеткеннің шаштары қысқа болмаған. Қыз балалар шашын көп бұрым етіп өріп (қырық бұрымға дейін), басына үкілі тақия, үкілі бөрік киіп жүретін болған. Қыздың осы бұрымдары кейін ұзатылып, келін болып түскен кезде бір бұрым болып өріледі. Ол екі жұп қосылды дегенді білдіретін әлеуметтік жосынға жатады.

Сондай-ақ жоғарыда айтылғандай, қыз ұзатылар кезде қалыңдықтың шашын маңдай тұсынан екіге жарып, екі бұрым етіп те өретін болған. Осы кезде анасы немесе әпке-жеңгелерінің бірі қолына тас алып сенің шашыңды мен жарған жоқпын, қара тас жарлы, деген магиялық сөздер айтатын түсінік болған. Ол туған ортасынан, әке-шешесінен бөлініп, жат елге кетіп бара жатқан қыздың әлеуметтік жайын белгілеген жосын болса керек. Қазақтың ақыны Абай ол жөнінде былай деген:

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін.

Дәстүрлі ортада қазақ қыздарына шаштарына шашбау, шолпы, шаштеңге таққан. Шолпыны сән-әшекей ретінде тағумен бірге, оның салмағынан шаш ұзын болып өседі деп есептеген. 12-13 жастан бастап кеудесіне *өңіржиек,* шашына *шолпы* таққан қыздың мойны ұзын болады және бойын тік ұстау әдеті қалыптасады деп есептеді.

Ұзын әрі қалың шашты қолаңшаш деп, оны жуандығын білектей етіп өріп қояды. Әдемі, қайратты ұзын шашты сүмбілшаш деп атады. Сонымен бірге шаш әйел затының көркі ретінде баланатындықтан қыз балаға Алтыншаш, Қарашаш, Сұлушаш деген есім беріп, сымбатты, сұлу болуын ырымдады. Шаштың ұзын әрі қалың болуы – жуу, тарау және өру секілді жұмыстардың да ептілікпен, шеберлікпен атқарылуын білдірді. Ел арасындағы қара өлеңде былай келтірілген:

Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген,
Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген.

Сонымен қатар «Қыз Жібек» эпосында мынадай жолдар кездеседі:

Ат байлаған ақыр тас,
Арқаға біткен қолаңшаш.

Қыздардың гендерлік ерекшеліктерін ажыратып көрсететін олардың әшекей-бұйымдарынан басқа да, олардың ерекше киімдеріде болған. Қыздар ұлттық қамзолдар киген. Қыздар қамзолының белі міндетті түрде қыналып тігілді. Белдің қыналып тігілуі жастардың дене бітімін аша түседі, *тал шыбықтай* немесе *құмырсқа бел* теңеулері қыз қамзолының осындай пішіміне қарай айтылған. Қамзол жалпы түркі халықтарына тән киім болғандықтан, оның тігілуі XIX-ғасырдың ортасына дейін қазақ, қырғыз, татар, башқұрт елдерінде өте ұқсас болды.

Қазақтар үйде қыз өсіп бой жеткенде оларға ерекше сыймен қараған. Қазақы ортада жеңгелері қайын сіңілілеріне «еркайым», «боташым», «шашбаулым», «күлімкөз» деп еркелетіп жанама ат қойып өмірдің қыр сыры мен адам аралық қатынастардың ерекшеліктерін түсіндіріп болашақ тұрмыстық өмірге дайындайтын. Сонымен қатар, қазақ қыздарына Сұлушаш, Алтыншаш, Қарашаш, Айсулу, Нұрсулу деген ерекше есімдерді қоя білген. Осындай есімдермен атау себебі қыздарды, сұлу болсын, көркем болсын, ай және күнмен теңестірген.

Сайып келгенде, бойжеткен болашақ ана, отбасының ұйытқысы тіпті рулы елдің анасы болатындықтан оның тәлім-тәрбиесі, адами парқы, жан сұлулығы, шаруаға икемділігі оның ортасына, ата-анасына үлкен міндет артатын парыз болды. Әлбетте мұндай жағдайда, елі мәпелеген қызының мінез-құлқының қыз балаға тән болуына, пәктігіне ерекше көңіл бөліп, тәрбиелейтін. Құда түсетін жақ та *«ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады», «шешесін көр де қызын ал»* деп бойжеткеннің шыққан ортасына үлкен мән беретін болған.

Сонымен, бойжеткен дегеніміз ерке мінезді, оң-солын білетін, инабатты, жібек мінезді, үлкен кішіні сыйлайтын балиғатқа толған қыз бала.

Байырғы қазақ қоғамында қыз бала бір ғана шаңырақтың қызы ғана емес, туыстығы өте жақын бірнеше әулеттің, ауылдың қызы болып өседі. Осыған байланысты қыз тәрбиесі бір ғана шаңырақ тәрбиесі шеңберінде емес, әулеттің, ауылдың тәрбиесін көріп өседі. Ұлға қарағанда қызды аялап, мәпелеп ұстайды, еркін өсіреді. Ана бауырында ойын баласы болып өсіп келе жатқан қыз уақыт өте келе жеңгелерінің ішінде әсіресе біреуіне жақын жүреді. Бой жете келе өзін жақын тартқан қадірлі жеңгесімен сырлас та болып кетеді. Бой жетіп келе жатқан қызды туыс-туғандары, аға-жеңгелері ауылдас ағайын туыстары көзден де, көңілденде де таса қылмайды. Қызды құрметтей отырып, әдеп

жолдарын үйретеді. Ауыл - әулет болып әлпештеп өсірген өсірген қыз сол елдің мақтанышы, абыройы болып, *қыз өссе елдің көркі* саналады.

Қыз өссе, елдің көркі, гүл – өссе, жердің көркі» дегендей сырт қарағанда алдымен қыз ажары көзге бірден шалынады. Сұлулыққа, әсемдік, әдемілікке құштарлық адам баласының әуелдегі табиғи болмысына, табиғатына тән ерекшелік. *Ашық жүз, ақша маңдай, күлім көз, оймақ ауыз, қиғаш қас, кербез кеуде, қос алма күлім көз, жұмыр мойын, алма мойын, ақ тамақ, тік иық, қыпша бел, нәзік бел, қолаң шаш, бұраң бел, білектей бұрым* т.б. қыз сұлулығына қатысты халықтың эстетикалық танымындағы тұрақты нанымдар да жиі кездеседі. Сондай-ақ қыз сұлулығының ерекше бір қыры майда тіл, сөз әдебімен, майдай мінезімен, жайдары көңілімен, ашық мінезімен, епті сөзімен т.б. сапаларымен бағаланады. Бұл нышандар халық санасындағы қыз сұлулығының ішкі әлемінің, жан дүниесінің ажары.

Қызға әдетте сұлулық пен әсемдік тән. Тұрақты сөз тіркестерінің басым көпшілігі қыздың сұлулығын, жан-дүние, сезім-күй, мінез-құлық әдептілігін дәріптеген: *күлім көз, құралай көз, қалам қас, қиғаш қас, қаймақ ауыз, оймақ ауыз, алма бет, ақша маңдай, қолаң шаш, ақ тамақ, бұраң бел, ауызға үріп салғандай, жамалына көз алмасты, атқан таңдай, хор қызындай, айдай сұлу, айдай таза, күндей нұрлы, кірпік астынан көз тастады, көзін сүздісалиқалы қыз, он екі де бір гүлі ашылмаған, наз көрсетті*, т.б.

Гендерлік фразеологизмдердің келесі бір тобы қызды **бойжеткен, қалыңдық** (*жігіттің көңіл қосқан сүйген адамы, жүріп жүрген қызы*) бейнесінде дараландырған. Мысалы: *айттырған қыз, ақ шымылдық (жас ару мүлкі), жат жұрттыққа жаралған, күйеуге тиді, қалың мал, қыз жасауы, қыз енші, қыз көші, қыз танысу, қыз ояту, қыз қашар, сыңсу, тұрмысқа шықты, тесік моншақ жерде қалмас, оң жақ, шаш сипар*, т.б. *[Шоқым Г.Т., 2012, б. 121]*

Әйелге қатысты мақал-мәтелдердің ішінде қыздың гендерлік образы айрықша сипат алған. Халық талғамында қыз өзінің ұстамдылығымен, сыпайылығымен, ибалылығымен, әдептілігімен, өнерлілігімен, ісмерлігімен ерекшеленуге тиісті. Сонымен, қыз үшін ең басты нәрсе оның ақыл-парасаты, мінез-құлқы, ар-ұяты, әдеп-инабаты.

Қыз – әке-шешенің, елінің еркесі, ауыл көркі. Қазақ қызын әлпештеп, сәндеп, еркелетіп, еркін өсірген және сан түрлі өнерге баулыған. Сондықтан гендерлік мақал-мәтелдерде қыз тәрбиесіне үлкен мән берілген. Мысалы: *Қыз әкесіне – жұлдыз, шешесіне – күн; Гүл өссе– жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі; Келінім саған айтам, қызым сен тыңда; Қызға қырық үйден тиым, қырық үйден қарауыл; Қызды ауыл – көңілді; Өсектен сау сонау қыз, шайқалмаған сары уыз; Сыпайы қыз сұлу көрінер* сияқты мақал-мәтелдерден қыздың сүйкімді, сұлу, сыпайы бейнесіне қанық боламыз, әрі ұлттық тәлім-тәрбие берудің гендерлік қырларын тани түсеміз.

Қыз – жат жұрттық, Қыз – қонақ деп келген халқымыз қыз бала дүниеге келгеннен бастап, жасауын жинап, алдын-ала айтты-рып, қызды ұзатуға, отау иесі болуға дайындайды. Тіліміздегі қызға байланысты мақал-мәтелдердің біразы **қыз – қалыңдық** гендерлік бейнесін сабақтайды. Айталық, *Қыз бала – өріс; Күйеу келсе, қыз тұрмас; Қызды таныс алады, таныс алмаса қоныс алады; Ата даңқымен қыз өтер, мата даңқымен бөз өтер; Қыз жігіттікі, қымыз көптікі; Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды [Шоқым Г.Т., 2012, б. 130]*.

Егер қыз бой жете бастаған кезде атастырылса, оның құлағына жігіт жағы сырға таққан. Бұл рәсім сырға салу, сырға тағу деп аталған. **«Қалыңдық» мағынасындағы сырғалы қыз немесе сырғалы атауы осыған байланысты шыққан**.

Қалыңдық – күйеуге айттырылған, бірақ оң жақта - әкесінің үйінде отырған бойжеткен қыз. Қалыңдық атауының бастапқы түбірі – *«қалың», «көп», «мол»* деген мағынаны білдіреді. Мысалы, қалың қол, қалың ел, қалың мал т.б. дегендегі қалың *«көп», «мол»* дегенді білдіреді. Демек, *қалыңдық* сөзін *«көп мал беріп әйел алу»* дәстүрімен байланысты болған ұғым деп пайымдауға болады. Өйткені байырғы қазақ тұрмысында қызға алдын ала құда түсіп, «көп» мал беріп айттыру көнеден келе жатқан іргелі салт-дәстүрлердің бірі. Қазақтың қалыңдығы десе, менің көзіме – көз алдымызға шолпысы сылдыр қағып, сәукелесі төгілген, сүмбіле шашын шашбауымен сәндеген, ою-өрнектері көздің жауын алар ұлттық нақыштағы киімді бойжеткен елестеп, тұрады. «Қызды тәрбиелеген ұлтты тәрбиелейді» деген ғой дана халық.

Қыз баланың қалыңдық аталуының өзіндік жол-жоралары бар. Ол сырға тағу немесе үкі тағу деп те аталады. *Сырға салу, сырға тағу, үкі тағу* – құда түсіп келген жақтың қыз құлағына сырға немесе тана қондырылған үкілі әшекей тағып қалыңдық ету жоралғысы. Күйеу жақтың қыз келісімін алып, оған құда түсіп сырға салуға дейінгі үлкен жауапты істі арнайы бекітілген адам *жаушы* атқарған. Сонымен қатар өсіп келе жатқан қызға әсемдік үшін құлағының сырғалығын тесіп, оған түрлі металдар мен асыл тастардан жасалған сырға тағып қоятын болған.

Сырға – қыз-келіншектердің құлағына тағатын әшекей бұйымы. Сырға алтын және күмістерден жасалған. Қыз-келіншектердің сырғаларының әшекейлері көп болса, әйелдің жасы ұлғайған сайын сырғалары қарапайым болып келеді. Қыз-келіншектердің ажарын ашып, оларды нәзік, талғампаз, тәкаппар, сұлу етіп көрсететін зергерлік бұйым. Қыз-келіншектердің сырға тағуының бір ерекшелігі сыртқы жарасымдылық берумен бірге сыңғырлаған нәзік дыбыс шығару арқылы қыздар мен келіншектірдің нәзіктігін, сұлулығын көрсетеді.

Сырғаны әшекей ретінде тағумен бірге ертеректе ерекше белгі, тұмар ретінде қолданған.

Мәселен, әлі атастырылмаған, басы бос қызы бар үй керегесіне сырға іліп қояды екен. Ол туралы «Ер Төстік» ертегісінде Ерназардың тоғыз ұлына тоғыз келінді бір отбасынан үй ішінде ілулі тұрған сырғаларға қарап тапқаны, сөйтіп сол үйдің барлық қызына құда түсіп қайтқаны баяндалады. Сондай-ақ құдалыққа келісіп, қызды жігітке атастырғаннан кейін сырға салу рәсімін жасайды. Осы рәсімнен кейін ол қыз қалыңдық, сырғалы қыз деп аталған; яғни сырғаның құлаққа емес, үйдің керегесіне ілінуі «басы бос», ешкімнің меншігі емес», ал қызға арнайы тағылуы «басы бос емес», «біреуге меншікті» деген ұғымды білдірген.

Қазақ дәстүрінде қызға тағатын сырғаның орнына басқа да үкі/қасиетті саналатын құстың бір шоқ үлпілдек қауырсыны /, жүзік, білезік, тана / әдемі ақық түйме/, моншақ т.б. әшекей бұйымдары қолданылады. Сондықтан қазақ тілінде «құда түсіп, сырға тағып кетті» деудің орнына «үкі/тана, моншақ/тағып кетті» деп те айта берген. Кей жерде «жіп тағып кетті» дейді. Жоғарыда айтылғандай, мұндай заттармен бірге күйеу баланың ата-анасы тарапынан қыздың ата-анасына берілетін сый-сыяпаты қоса жүреді. Ол сыйлық мал немесе күміс жамбы, ақша түрінде беріледі. Күйеу жағының осындай сыйлық апару кәдесі алғашында құда түсу рәсімін білдіретін атаулармен аталып *бата аяқ, сырға тағар, тана тағар, құлақ моншақ* тәрізді фразеологизмдер пайда болған. Ертеде, құлақ моншақ деп сырғаны айтқан. Қырғызстанның оңтүстік диалектісінде сырғаның бір атауы *құлақ мончок [Юдахин К.К., 1965, б. 532].*

Қорытынды

Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, халық ұғымында қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерінен қыздың өзгелерден ерекше гендерлік бейнесін **қыз – ару, қыз – бойжеткен, қыз – қалыңдық** деп саралауға болады.

Қазақ халқында сұлу қызға, әйелге қатысты *қарға аунаған түлкідей, балға ашытқан қымыздай, қысыр емген тайдай, ақ бөкеннің құралайындай, оттай ойнақшыған, сұқсырдай сыланған, үлбіреген қырдың қызғалдағына ұқсап, аршыған жұмыртқадай, қамыстай әдемі тұлғасы, ай мен күндей әлемге бірдей, ақ маралдай керілген, шомылып көлге шыққан құдай, аққудың көгілдіріндей* т.б. теңеулер кездеседі *[Қоңыров Т7, 1990, б. 319]*.

Жоғарыда келтірілген теңеулердің барлығы қазақ халқының дүниетанымын, өмірге көзқарасын, сұлулық туралы талғамын көрсетеді. Әйелдің сұлулығын қазақ халқы күнделікті тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру салтымен байланысты түрлі зат, құбылыстармен ассоциациялану, соларға ұқсату нәтижесінде жасалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1986. - 592 б.
2. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы:Ғылым, 1990. 319 б.
3. Левшин А. И. «Қырғыз-қайсақ және Қырғыз-қазақ ордалары мен даласын сипаттау» (Академик М.К. Козыбаевтың жалпы редакциясымен). - Алматы, "Санат", 1996, 656 б. Источник: https://e-history.kz/kz/contents/view/1654
4. Нүсіпоқасұлы Айып // Тал бесіктен жер бесікке дейін. // «ӨНЕР 21 ғасыр» қоғамдық қоры, 2014. – 592 б.
5. Гендерлік лингвистика негіздері: Оқулық / Шоқым Г.Т.: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.
6. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. Москва: Издательство «Советская энциклопедия», 1965. - 973 с.

ӨӘЖ 17.02.
ГРНТИ:1077751

Даутова С.Б.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Оспанова Б.Р.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕ ТАНЫТАТЫН ФЕНОМЕНДЕРДІҢ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Түйін: Мақалада қазақ әдебиетінің көркем-эстетикалық феномендерін ұлттық және әлем мәдениеті аясында зерделеуге негізделген. Қазақ әдебиеті тарихпен, мәдениетпен, тілмен ұтымды ұштасып, ұлттық болмыстың көркем үлгісі болып табылады. Бірегей ұлттық құбылыс бола тұра, ол адамзат бірлігінің нышаны ретінде мәдени матрицаның бөлігі тәрізді «кетігі табылып қаланған». Ол ЮНЕСКО бағдарламалы құжаттарында белгіленген гуманистік ұстанымдармен үндес әдебиеттің көркем феномендері отандық әдебиеттану-да алғаш рет ЮНЕСКО ұстанымдарымен сабақтастырыла қарастырылуында, сонымен қатар қазақ әдебиетінің көркем-эстетикалық феномендері бүгінгі ғылыми көзқарастар сабақтастығында зерделенген.

Түйінді сөздерікөркем-эстетикалық феномендері, әдебиет, мәдениет, ЮНЕСКО ұстанымдары.

СОЦИО-КУЛЬТУРНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ФЕНОМЕНОВ ЛИТЕРАТУРЫ В МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА И В ПОЗИЦИОНИРОВАНИИ КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ МИРОВОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация: Статья посвящена изучению художественно-эстетических явлений казахской литературы в контексте национальной и мировой культуры. Казахская литература является грубым примером национальной реальности, сочетающейся с историей, культурой, языком. Будучи уникальным национальным феноменом, он является символом единства человечества как части обнаруженной культурной матрицы. Это впервые предусмотрено в области литературных явлений литературы с гуманистическими принципами, изложенными в программных документах ЮНЕСКО, в национальной литературной критике впервые в контексте принципов ЮНЕСКО, а также в художественно-эстетических явлениях казахской литературы в преемственности современных научных взглядов.

Ключевые слова: художественно-эстетические феномены, литература, культура, принципы ЮНЕСКО.

SOCIO-CULTURAL SIGNIFICANCE OF PHENOMENA OF LITERATURE IN MODERNIZATION OF SOCIETY AND POSITIONING IN THE CONTEXT OF GLOBAL CULTURE

Summary: The article is devoted to the study of aesthetically-aesthetic Kazakh liturgy in the context of national and universal culture. The Kazakh literary language is a primer of national reality, combining with history, culture, language. It is a unique national phenomenon, which symbolizes the identity of the human person as it is uncovered by the cultural matrix. These are the preface of the literary works in the literary texts of humanistic principles, cited by the UNESCO program documents, in the context of national literary criticism in the context of UNESCO principles, as well as in the holly-esthetic interpretations of the Kazakh literary criticisms in recent scientific discoveries

Keywords: fairy-aesthetic phenomena, literature, culture, principle of UNESCO.

Әлемдік ғылыми зерттеулерді шолу көрсеткендей, феномендер мәдениетпен тығыз байланыста мәдениеттану, әлеуметтану, философия саласында жүйелі қарастырылған. Хоркфайтнер М., Фуко М., Лакан Ж., Юнг К., Деррид Ж. жұмыстары осы проблеманы анықтауға әдіснамалық негіз болып табылады. Қазақ ғалымдары Мұқанов М., Есім Г., Байпақов К., Нұрланова К., Акишев К., Қодар А., Аюпов Н. мәдениет феномендері мәселесін мәдениеттану, антропология, философия ғылыми өрісінде жан-жақты қарастырған.

Тоффлер О. көпшілік мәдениет феномендері арқылы идеологиялық әсер ету қызметін бөліп көрсетті. Каржаубаева С. Қазақ театр өнерінің көркем өзгешелігін анықтады. Әдебиеттану жұмыстары арасында Sargent L монографиясы әлеуметтік-мәдени концепттерді ағылшын және американ утопиялық әдебиеттері негізінде зерттеді. Nessmann К. әдебиет, тіл, мәдениет өзара байланысын шет елдер материалында қарастырған. Орыс ғалымдарының «Национальные коды европейской литературы в контексте исторической эпохи» жаңашыл ұжымдық монографиясы мәдени-тарихи

кодтары мәселесін көтереді. Алтыбаева С. көпвекторлық категориясы арқылы қазіргі қазақ прозасындағы әлем мен адамның жаңа тұжырымдамасын ашып көрсетті.

Көркем-эстетикалық феномендер мен ЮНЕСКО-ның қағидалары синергиясы мен ұстанымдарын зерттеу мәселесі XXI ғасырдың гуманитарлық білімінің жаңа үрдістерімен үндестікте осы мәселені зерттеу барысында біз халық мәдениетінің өзіне қатысты ерекше белгілері қарастырудан бастаймыз. Олар халықтың жүздеген ғсырлар бойы қалыптасқан өмір сүру тәжерибесінен көрініс табады. Оның негізгі тетігі табиғат пен адамның біртұтастығын бізге көрекем сөз арқылы берілуінде. Осының негізінде әдебиет бұл өзінше феномен оның даралығы көркемсөз арқылы ел бірлігі, жасампаздық, теңдік және қайырымдылықтың зұлымдықтан жоғары болуы, әділетті орнату т.б әлемдік жалпы адамзаттық құбылыстың негізгі тетігі мәңгілік ел идеясын ұрпақтан-ұрпаққа беруімен ерекшеленеді. Әр көркем шығарма авторы өз туындысында өз ойының көрінісі мен, халықтың тарихи қалыптасуындағы синергиялық құбылыстарды ашады олар суреттеу тәсілдеріне мінездеу, *портрет*, бейнелеу, *пейзаж* сюжет т.б арқылы берілсе осының жиынтығы әдебиеттің тектері арқылы беріледі. Соның нәтижесінде автордың еркінен тыс әр заманда өз құндылығын жоймайтын шығарма дүниеге келеді осының өзі қазақ әдебиетінің феномен екендігін көрсетеді. Көркем шығарма ұжымдық түсінік бола отырып, бұл гуманистік идеялар дәстүрлік мәртебесіне ие болады. Қазақ әдебиетінің рухани әлемін ақындар мен жазушылардың парадигмалар мен тұрақты тарихи мән түзуші идеялары мен қазақ халықының рухының көрінісін айқындайды. Осы мәселелерде әдеби бейнелер мен әдеби көркемдегіш құралдыр арқылы әлемді түсіну және ондағы адамның орны мен мақсаты жөніндегі көзқарастың аясында қалыптасқан. Осы әдебиеттің қатпарларын ашып көрсету үшін синергетика әдісі қолданылады. Осы әдіске тоқталып өтсек синергетика – әр түрлі салалардағы көпнұсқалы (сызықтық емес) күрделі жүйелердегі өзіндік ұйымдасу заңдылықтарын қарастыратын жаңа пәнаралық ғылыми бағыт. Ол жүйенің жеке ерекшеліктерін ескерместен, жалпы үлгілер негізінде оның дамуының ортақ механизмдерін ашып көрсетеді. Қазіргі кезде синергетика әу баста пайда болған жаратылыстану саласында ғана емес, әлеуметтану, философия, психология сияқты гуманитарлық салаларда да жиі қолданылады.Қазіргі ғылыми зерттеулердің жаңа бағыты синергетика – оны құраушылардың табиғи қасиеттеріне қарамастан, кез келген күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы мен эволюциялық дамуын қарастырады. *Синергетиканың негізгі функцияларының бірі* – оның синтетикалық (жинақтаушылық) мәні. Оның бастысы – ғылымның гуманитарлық және жаратылыстанушылық бағыттарын қосуға бастайтындығы. Бірақ ол табиғат және адами мәдениет арасын байланыстырумен шектелмейді, оның жаңа жинақтаушылық (синтездеуші) қырлары мынадай:

· дүниетанымның батыстық және шығыстық түрлерін біріктіру

· Ғылымның қатаң негіздері мен оның қолданбалы бағыттарын кіріктіру.

· Ғылымның нормативтік және дискриптивтік қырларын, яғни ақпараттың бүтіндігі мен оның адам белсенділігі үшін құндылығын біріктіру.

· Күрделілік пен хаос туралы ғылым мен мәдениет пен өнер туралы көзқарастарды қосу.

Синергетиканың негізгі функцияларының тағы бірі – оның әдіснамалық және эвристикалық қызметі, яғни зерттеу стратегиясы ретінде қарастырылуы. Синергетика жаңа ғылыми проблемаларды шешуге бағытталғандықтан, зерттеу-ізденіс қызметінің негізгі әдісіне айналады.

Бұл жөнінде А.П. Назаретяннің зерттеулері гуманитарлық ғылым саласына синергетикалық парадигманы еңгізудің жалпы мәселелеріне арналған. Ол синергетикалық парадигманың кең етек жаюы жаратылыстану мен қоғамтану арасындағы шекараларды жойып және әлемнің әмбебап эволюциясының көрінісін құрастыруда маңызды факторлардың бірі бола алатындығын тұжырымдады [1; 3б.]. Зерттеуші С. Гомаюнов та «қазіргі заманғы ғылыми қауымдастық ойлаудың бағыттық емес (синергетикалық) стиліне барынша қызығушылық танытып отыр» деген қорытындыға келді [2;123б.]. Ал енді осы құндылықтарды жинақтау яғни адамзаттың мәдени-тарихи құндылықтарын дәріптеу, оның тасмалдануын жеке қарау өзекті мәселе. Дегенмен соңғы уақыттың гуманитарлық өнімі болып табылатын *мәдениет трансферасы* тұжырымдамалық қорғанысқа айналуда, оның мағыналық сипаты көмескі болып қала беруде. Біз зерттеуімізде батысеуропаның әдеби сындағы және оны қолданудағы мәдениет трансферасының пайда болуының мәселелеріне тоқталуды жөн көрдік. Себебі мәдениеттік айырмашылық мәселелерін осы әдіс арқылы шешуге болады. Мәдениет трансферасы теориясы 1980 жылдардың ортасында Францияда сақтаулы тұрған Генри Гейне қолжазбаларын басып шығарушы француздардың филолог-германистері арасында өмірге келді. Атап айтқанда, Францияға тұрақтаған және француз ой-сана тарихының бөлінбес бөлшегі болған, неміс еврейі, Гейненің феномені жаңа әдіске жан бітірген түрлі мәселелер бойынша ойлануға мәжбүр етті.Алғашқы қадам сол уақытта сен-симонизм идеясына берілген, алайда Гейнені оқитын француз оқырмандарына неміс философиясын қалай түсіндіру мәселесі болды.

Өйткені сол заманда Францияда қалыптаса бастаған неміс мәдениеті, неміс философиясы өкілдері мен сен-симонизм идеясын жақтаушылар арасында түсінбеушілік пайда болған еді.Мишель Эспань мен Михаэль Вернер 1985 жылы Францияның Ғылыми зерттеулер Ұлттық Орталығының ішінен және Эколь Нормаль Сюперьер қамқорлығымен «Француз-неміс мәдениеті трансферасы» («Transferts culturels franco-allemand») зертханасын ашады. Оның ғылыми мақсаты Геттингенгефранцуздық тарихи миссияның бастамасы бойынша 1986 жылы ұйымдастырылған пікіралмасуда нақтыланды [3].

Зертхана ашуға бастама болған зерттеудің жаңа түрінің мақсаты мен б бміндеттерін түсіндіруге М. Эспань мен М. Вернердің бірлесіп жазған «Францияда 1750-1914 жылдары неміс сілтемелерінің қалыптасуы. Генезис және мәдениет тарихы»деп аталатын еңбектері арналды. Қалай дегенмен сол уақытта Заманауи қолжазбалар мен мәтіндер институтында (ITEM) жұмыс істейтін, Гейне шығармаларын басушылар (М. Эспань мен М. Вернер) басқаратын зертхана, расында да, түрлі университеттер зерттеушілері мен мамандардың басын біріктірді, әу бастан-ақ зертхана ісінде түрлі бағыттар болды.Бір жағынан, топты құрушылар, жоғарыда айтқанымыздай, қолжазбалар мен қолжазбалық мәліметтердің құпияларын ашатын және оларды түсіндіретін германистер болды, олар жаңа құрылған зертхананың ұлттық түрлі саладағы қолжазбаның алатын орнын зерттеуге арналған бірқатар ғылыми жобаларды, сондай-ақ қолжазбалық жинақтың және кітаптар сақтайтын жердің мәртебесін пайымдатты. Басқа қырынан алсақ, зертхана ісінің басым бағыты неміс пен француз филологиясындағы, кеңірек айтсақ, гуманитарлық ғылымдардағы «тарихтың тоғысуын» (histoire croisйe) зерттеу болды. «Мәдениет трансферасы» зертханасы жұмысының осы алғашқы кезеңінде неміс философиясының Францияға ықпалын зерттеген философ-германистердің үлесі маңызды болып табылады, сондай-ақ сол ықпал, атап айтқанда неміс (сонымен қатар француз) философтары тарихи-мәдени зерттеулердің жаңа әдісіне ықпал етті және әлі де ықпал етуде (Гердердің аударма теориясы және философ-германистер тобының мүшесі Пьер Пениссонның пікірі, оны ол Франциядан тапқан еді, оған өз жұмысын арнады; жас гегельянизм тарихы және франко-немістік философ Норбер Важектің жұмысында баяндалған Франциядағы оның рецепциясы; осы тұрғыда мәселені теоретикалаған және география мен философиядағы шегара мәселесіне өзінің алғашқы монографиясын арнағанМарка Крепонның жұмысын[5] да еске сала кетуге болады).Зертханада бірге жұмыс істеген тарихшылар өз тарапынан көші-қон мәселесін зерттеумен айналысты, соны зерттей отыра, олар адамдардың мекен ауыстыруын ғана емес, идея мен кітаптардың да орын ауысуын (Аллен Рюидің ертедегі кантиандық кездегі неміс якобиндерінің тарихын зерттеуі, Фред Шрадердің Бордо мен Гамбург арасында болған сауда-саттықтық және ой-саналық (инелектуальдік) алмасуды зерттеуі, Фредерик Барбье баяндаған XIX ғасырда Еуропада неміс кітап өнімдерінің айналымы тарихы, еуропалақ тұрғындардың көші-қон тарихы – солармен бірге еврей мәдениеті. Бұны зерттеуге Доминик Бурель, Дельфин Бештель, Селин Тротманн-Валер және басқалар өз еңбектерін арнады) зерттеді[4].1990 жылдың басындағы екі Германияның бірігуі зертханаға Лейпциг университетімен тығыз ғылыми байланыс орнатуға мүмкіндік берді. М. Эспань мен Лейпциг университінің профессоры Матиас Мидел жетекшілік еткен бірлескен жобаның тақырыбы «Германия аумағының бір жерінің» мәдени тарихындағы «француздық құрамды» зерттеу болып аталды. Осы уақытқа бірлескен пікіралмасуды тұрақты түрде өткізіп тұратын және солардың негізінде ұжымдық еңбектерді басып шығаратын ИМЛИ-дің зерттеушілерімен зертхананың тығыз бірлесе жұмыс істеулерінің басталуы жатады.Ресей ғалымдарымен ынтымақтастықтың орнауы мәдениет трансферасының «географиясын» кеңейтіп қоймай, оны екі елге ғана қатысты етпей, үш мәдени кеңістікке: Франция, Германия және Ресейге де таратты. Осы жоба Мишел Эспаньның редакциясымен 1996 жылы жарық көрген басылымда нақты түрде жүзеге асырылды, сондай-ақ «Үштұғырлы мәдениет трансферасы. Франция – Германия – Ресей»деген ұжымдық монографияда да көрініс тапты (кейінірек Италияны да қосып, мәдениет тарансферасының географиясын төрт мәдени кеңістікке дейін кеңейтуге деген ұмтылыс болды) [5;55 б.].Соңғы уақытта мәдениет трансферасы теориясы, әсіресе гуманитарлық ғылымдар тарихын, сондай-ақ қазіргі қалалықтану (урбанизация) мәселелері мен бақшалық өнерді зерттеуде айтарлықтай жемісті болды. Жоғарыда айтылғандай, мәдениет трансферасы жобасына орыс зерттеушілері қатысқанымен, осы теорияның орыс ғылымының айналымына енуіне оңай болмай тұр, тіпті кедергілер де жиі кездесіп жатады. Бұған бірнеше себеп бар. Біріншіден, сыртқы, соншалықты маңызды болмаса да, бірақ оны «жаңа теорияға» қарсы қою мақсатында жиі қолданылады. Бұл – таза тілдік жағдаят. Шынында да қазақ тілінде «трансфер» сөзі тұтастай алғанда жат, оның қолданылуының тамырланған аймағы ең алдымен мәдениетпен аз ғана байланысы бар туризм және банк операциялар болып табылады (дәл осы себептен аталған терминді аудару және дәлірек аударға тырысушылдық әрекет әлі де болып келеді, *мәдениет трансферасы* теориясын – *мәдениеттің орын ауыстыруы* деп аударылса да, бәрібір сол сөздің дәл мағынасын бере алмай жатыр). Алайда осы теорияны жасаушылардың өздері үшін де *transfert* сөзінің қаржы ағымы, тұрғындардың мекен ауыстыруы туралы пайымдауға сәйкестігі

қағидалық жағынан маңызды болып табылады, сонымен қатар психоанализдің бір түсінігі бойынша, қалай дегенмен, *мәдениет трансферасының* өзі өзіне атап айтқанда ой-саналық (интеллектуальдық), экономикалық, демографиялық, психикалық өмірді сидырады. (Осыған байланысты мынаны да еске сала кеткен жөн, «трансфер» сөзі Дос Пассостың «Manhattan Transfer» деп аталатын белгілі романының атында да көрініс тапқан (дәстүр бойынша орыс тіліне «Манхэттен» ретінде аударылады), сондай-ақ белгілі джаз-тобының атауы да осылай аталады.Мәдениет трансферасы теориясының орыс ғылымының практикасына жайдан-жай ене салмағанының екінші бір себебі мынада жатыр: бұл теория болашақта салыстырмалы әдебиеттануда «бүршік жаратын» болса да, сонымен қатар әуел бастан-ақ өзін оған бірден қарсы қойды. Теорияны жасаушылардың бірі – Мишель Эспань сан мәрте гуманитарлық ғылымдардағы компаративизм туралы, атап айтқандай-ақ, әр мәдениеттің өзіндік «ерекшелігі» идеясынан шығатын, тіпті бір мәдениеттің екіншісіне ықпалы туралы сөз болғанда мәдениет трансферасы бірнеше мәдениет пен ұлттық кеңістікті жай ғана қатар зерттеп қоймай, оларды салғастырады, сонымен қоса имбрикация, вкрапления, трансформацияны да зерттеп-зерделейді. Бұлар мәдениеттердің жанасуы кезінде ықпал етуші мен қабылдаушы мәдениеттерде тең дәрежеде пайда болады. Солай бола тұра, бинарлық оппозицияға жатпайтын, яғни екі мәдениет есепке алынады, олардың біреуі мәдениет қабылдаушы (культура-реципиент) ретінде міндетті түрде пайымдалынады, бірақ оның құрылымы айтарлықтай тым күрделі болып келеді. Бұған мәдениет трансферасына жол-жөнекей қосылған факторларды зерттеуді де қосуға болады: ықпал етуші және қабылдаушы мәдениеттердің өзара қатынастарында әрқашан қандайда бір «үшінші» (көп жағдайда олардың саны молырақ) фактор бар болады.

Осыған ұқсас мәселе ретінде қарым-қатынас жағдайын зерттегенде сөйлеушіні ғана емес, тыңдаушыны да ескеретін тілшінің (лингвистің) жұмысын мысалға келтіруге болады, алайда сол жағдаят сол қалпынша қалады, мәнмәтінді сөйлеуші-қабылдаушы жағдайы қалыптастырады.Сонымен, Ресейде Бергсонның ашқан жаңалығы күтпеген жағдайда Ницшенің оған дейінгі әуестенуімен дайындалған (және де корректирленген) болып шықты, бір қарағанда Ницше еңбегінің Бергсонмен еш ортақтығы жоқ сияқты болып көрінгенмен, өз кезегінде ол Достоевскийдің табынған адамы болғандықтан, Ресейде әуелде Достоевскийдің мұқият оқуынан өткен еді.Ал XX ғасырдағы орыс формалдық мектептерінің (Ю. Тынянов, Б. Шкловский, Б. Эйхенбаум, О. Брик, В. Жирмунский және тағы басқалар) еуропалық гуманитарлық білімге таза орыстық құбылыс ретінде қабылданған ықпалының сипатын сол заманның тыныс-тіршілігін есепке алмай отырып, толық мәнде түсіну мүмкін емес, оларды формалистер өз уақытында батыстық гуманитарлық ғылымдардан: К. Штейнталдың психология, Гербарттің эстетика, Г. Вельфлиннің өнертану мектептерінен алған болатын[6; 49 б.].«Берілген хабарлама, – деп жазады М. Эспань, – мәдениет шығатын тілден мәдениетті игеретін тілге аударылуы қажет. Бір жүйеден екіншісіне ауысатын бұл мағыналақ иемдену терең мәнде нысанды өзгертеді. Қалай дегенмен бұл жағдайда ұтылыс туралы айтпағанымыз жөн болар. Үшінші республиканың академиялық философтары тарапынан Канттың интерпретациялануы мән-мағынасын еш жоғалтпайды және олар немістің философ данышпанынан республикалық қасиетті ар-ұждан жасап, түпнұсқаны бұрмалағандай болып қаралмауы керек, олар оны қазіргі немістер қалай жасаса, солай интерпретирледі»[6]. Бір мәдениет кеңістігінен өзге кеңістікке кез келген ауысу өз соңынан өзгерістерді оп-оңай ала келеді, алхимиктік рухпен келген қолөнерші-шойын құюшылар еңбегімен соған ұқсас өзгеше сөз қолданыстар болған. Қызық болғанда, кейінірек сол сөздерді барон Гольбах француз тіліне аударған соң, материа мен заттардың анықтамасына арналған Энциклопедия мақалалары үшін құнды материалдар ретінде қолданыс тапты[6].Шығарма құылатын мәнмәтін мен ол туралы сыни ой-толғам айтылатын мәнмәтін бір-бірімен әрқашан сәйкес келе бермейді. Оны дәлелдейтін мысал – орыстың белгілі византиятанушысы Н.П. Кондаковтың «Византия өнері мен грек қолжазбаларының миниатюрасы бойынша иконографияның тарихы» кітабының Мельхиора де Вогюэ орыс романы туралы зерттеу жүргізгеннен кейін бір жылдан соң француз тіліне аударылуы. Бұл аударманың алғы сөзін немістің өнер тарихшысы А. Шпрингер жазған болатын. Ал оның сүйікті оқырманы Кондаков еді. Алайда орыс зерттеушісінің ішкі ойы византияның эстетикалық өзіндік бітім-болмысын дәлелдеу болса, сонымен қатар ежелгі орыс өнерінің де өзіндік бітімін көрсету болды. Оның осы ой-пікірі немістердің византия мәдениеті туралы теориясын (Эжена Мюнца, Фридриха Теодора Фишера, Румора) сыни тұрғыдан қайта қарауға әкелді. Францияға әкелінгендер (импортталғандар) неміс өнертанушылық ғылымына дау-дамай туғызатын дүниелер болып шыққан. Ақыр аяғында мәселе византия өнері деген өмірде бар ма дегенге келіп тіреледі, демек оның мұрагері ежелгі орыс мәдениеті деген қорытынды, өз кезегінде, Европада көп мәдениет қатар өмір сүреді дегенді мәселе етіп қойды. Егер византия өнері зерттеу аясының заңды бір бөлігі болса, онда өнер дамуының көптеген түрлерінің болатыны сөзсіз.Мәдени трансфер теориясындағы басқа бір «жаңа сәт» мәдениет кеңістігінің перифериясын зерттеу болып табылады, яғни әр мәдениет қажетіне қарай өзге мәдени кеңістікпен сол

байланыстарды қажетіне қарай ұстап тұрады, ал олар ең қажетті жерге орын ауыстырады. Сөйтіп, кез келген, тіпті нағыз ұлттық бітім-болмыс (немесе көп жағдайда солай болып саналатын), расында да түрлі мәдениет пен өзара әрекеттесудің күрделі қоспасы болып табылады. Сонымен, Франциядағы Үшінші Республиканың ресми идеологиясы, біз байқағандай, канттік философияның «нашар меңгерілген» сабағынан туындаған болып шығады. Типтік жағынан осыған ұқсас жағдай – XX ғасырдың басындағы жас француз ой-сана (интеллектуаль) өкілдерінің қатарына жататын Луи Реоның Фальконе туралы зерттеулері. Ал олар Германияға қарсы тұруға қабілетті ой-саналық ықпалдастықтың түрін табуға тырысты, бұл орайда Ресейге ерекше рөл бөлінді. Луи Реоның жұмысының мән-мазмұны (пафосы) дәстүр бойынша ешқандай даусыз неміс эстетикалық ойлауының қазынасы саналып жүрген Фальконе шығармашылығын қайта пайымдауда жатыр. Неміс зерттеушілері Фальконеден антикалық үлгілерге қарсы тұрушылықты көрген жерден Рео мүсіншінің Винкельманға және өнер тарихын немістердің жеке иемденіп алғанына қарсы эстетикалық бүлік шығаруын көрді. Фальконенің ең жоғары туындысы «Мыс салт атты» Реоның интерпретациясы бойынша француз мәдениетінің Ресейге жасаған нақты экспансиясының жарқын нышанын көрсетеді, яғни бұл – ресейлік императорға қойылған ескерткіш қана емес, сонымен қоса өзінше «Ат үстіндегі Дидро» болып та қабылданады.Мәдени трансфер теориясының назар аударатын нысандарының бірі –мәдениет пен ұлттықты құрайтын концептілерді зерттеу болып табылады. Оларсыз мәдениеттің өзін зерттеу де мүмкін емес. Ондай концептілерге: *ұлт, азаматтық, отаншылдық, өркениет, мәдениет, білім беру, оқу-ағарту* сияқты т.б. сөздер жатады. Және бұлар, алдағы уақытта талдаудың құралы бола отыра, шынында да өз бойына емін-еркін қолданудың қаупін жасырын ұстайды, өйткені олар әрбір тілде бірдей мағына қолданыла да бермейді. Осы ретте ойымызды қорыта айтқанда бұнда – мәдениет ұғымы түрлі мәдениет ареалдары арасында болатын интелектуальдық, көркемдік, әдебиеттік өзара алмасуды сипаттау үшін өте қажет. Алайда мәселе мынаған келіп тіреледі, біз дәлелдей алмасақ та, мәдениет ұғымының өзі жалпы немесе түрлі ареалдарда ұқсас және ол мәдениет алмасу іс-әрекеті туындататын қосымша интерпретациядан тәуелсіз болып келеді. Және осы жерде тарихи семантикаға мәдениет трансферасы теориясының тап өзі көмекке келеді, ол терминдердің әрқайсына соншалықты тарихилық сипат жасамаса да, оларға соншалықты «мәдениеттік орын алмасуына», яғни олардың бір мәдениеттен екіншісіне «импортталуы» кезінде туындайтын семантикалық дамып-жетілулеріне баса назар аударады. Айналып келгенде, мәдениет трансферасы теориясы осы сөздің тура және ауыспалы мағынасы ретінде аударма тарихы және оның теориясы болып шығады. Өйткені мәдениеттік феноменді барлық жағдайда игеру өз мәдениетіңнің тіліне қалай да аудару болып саналады. Аударма жасаған кезде қабылдаушы мәдениетте әйтеуір бірдеңе өзгеріске ұшырайды, бірақ ықпал етуші мәдениетте де бірдеңе даусыз өзгереді.Егер аударма туралы, яғни осы сөздің тура мағынасын айтатын болсақ, аударылған мәтін ешқашан түпнұсқаға дәл келе бермейтінін аңғарамыз, тіпті дәлме-дәл аударылған кезде де аударылатын тілге сол мәдениеттің белгілері қаншалықты енсе, аударылған тілде де соншалықты өзгерістер болады. Мысалы қазақстандық мәдениеттің әлемдік мәдени кеңістікке интеграциялануы қазіргі кезде осы мәселе қалай қолға алынып жатырдеген сауал туындайды. Осы мәселе аясында әдебиет, мәдени алмасу мен ынтымақтастық саласындағы соңғы үрдістерді сараптау, мәдениет пен әдебиет саласындағы мамандардың ұлттық идеясы шеңберіндегі күш-жігерін біріктіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ қазақстанда біздің ғалымдарымызбен, мәдениет қайраткерлерімі өзара әріптестік аясында әдебиетшілер мен өнер өкілдері үшін қолайлы шығармашылық ахуал қалыптастырылған. 2018 жылы Астананың 20 жылдық мерейтойы аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы Қазақстан Жазушылар Одағымен бірлесіп «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» атты Қазақстанның мәдениеті мен әдебиетінің кезекті халықаралық форумын әлем астанасы саналатын Нью-Йорк қаласында өткізді, Берлин мемлекеттік кітапханасында қазақ әдебиеті мен мәдениеті орталығы ашылды (2018) 200-ге жуық қазақстандық шығармамен толықты. Жергілікті халық Абай Құнанбаев, Сәкен Сейфуллин, Әбіш Кекілбаев және Немат Келімбетовтың шығармаларымен таныса алады. Сонымен қатар кітапхана қорына еліміздің мәдениеті, салт-дәстүрі мен тарихы туралы кітаптар енгізіледі. Мәселен, Алтын ғасыр ақындары тарапынан орыс тіліне белсенді түрде аударылған Эварист Парнидің, Францияда XIX ғасыр басында мүлдем ұмытылған, француздық Парнимен ортақтығы шамалы. Сондай-ақ орыс әлеміндегі «романтикалық» Шиллер, тарихи (немістік) Шиллерге тең емес. Дегенмен ол XIX ғасыр басында-ақ өзінің орысша ойланылып трансформирленгендігімен алдағы кезеңдерде орыс әдебиетіне, көбінесе Достоевскийге күшті ықпалын жасайды. Осы ретте XX ғасырдағы неміс ақыны Гельдерлиннің жаңалығын да еске ала кетуге болады: оның аяқталмаған өлеңдері Германияда ғасырға жуық уақыт бойы мойындалмады, есепке алынбады және оның сол өлеңдері күйзеліске ұшыраған ауыру ақынның соңғы жылдарындағы сәтсіз туындылары ретінде қаралды, кейінірек француз тіліне аударылып, Рене Шара, Ива Бонфуа және тағы басқалардың

есімдерімен белгілі болған поэзиядағы жаңа бағыттың қайнар көзіне айналады. Бұл жағдайда француздық мәдениет кеңістігі ғана емес, немістің өзінің ұлттық әдебиетін танып-білуі де өзгеріске ұшырады.Н. А. Бердяевтің «өтпелік және шекаралық мән бойынша» еңбегі өз бойына «кризис» эпоха күйзелістерінің үзіліссіз аталып көрсетілуін және үнемі «мәдениет» идеясының «шегара» идеясымен түрліше өңде астасуын ерекше түрде жүзеге асырады. Сонымен қатар бұл ретте арнайы мән беріліп отырған «**шегара**» сөзі жай ғана маңызды емес, өзінің «ішкі формадасындағы» әр түрлі парасатты ұғымдардың принципті түрде молдығымен және олардың өзгермелілігі мәдениет динамикасын қабылдауддағы ракустардың көпбейнелігімен ерекшелінеді. Бұл ретте шешуші рөлді: **меже, шек, шегі, көкжиек, шектік белгі, атыз, белгі, жік, айрық, су айрығы секілді** сөздер атқарады. Осы бір шексіздікпен жалғасатын тізімге «шегара» идеясы терминімен ұштасатын: **өткір, сызық, нүкте, жазықтық, қауашақ, қабырға, қалқа сияқты т.б.** сөздердің этимологиялық ұғымы мен метафоралық жұптасуының да ескерілуі қажет тәрізді.Сонымен бірге даралық пен көптіктің қатынасына, сәйкес келетін сөздердің түр-тұрпатын таңдауға негізделетін сандық сипаттамаға, және де «шегара» сөзінің имманенттік және трансценденттік әрі оның топырақ аясымен (жер өңдеу шаруашылығымен) мүмкін болатын ұшырасуы «мәдениет» концепінің бастапқы мәндеріне жанама түрде бағыттайтынына назар аудару айтарлықтай маңызды болып табылады. Мысал географиялық мәдениет трансферін атауға болады.

Алайда ғасырлар межесінің мәтіндік шындығында шегара феномені тек эксплициттік қана емес, құрылымдық метафорикалық болып та кейде көрінеді. Дәл осылай П. Флоренскийдің «Ойдың су бөлшектері» дегеніне кіріктірілген Антроподицея метафизикалық шегарамен терең байланыста, сонымен қоса қабылдау мәселесіне аса назар аударылып дамиды. Кейінгі ой-толғамдарда *ескерілген* қабылдау тақырыбының өзі «Философиялық антропологияда» көрініс тапқан болатын, онда ол діни таным-түсініктік форманың типологияның қорытынды деңгейіне көтерілді, оны жаңғырту католицизмнің «көру» және протестантизмнің «есту» арасындағы ортақ типтік бөлінбейтін мәртебесін ескере отырып, православиядағы көру және есту қабылдауларын үйлестіру идеясына негізделді. Өз кезегінде «Ойдың су бөлшектерінің» «Қорытындылар» деп аталатын бірінші бөлімінде есту мен көру Батыс пен Шығыс дихотомиясы бойынша жазылды, бірақ танымдық қабілеттердің қалыптасуына негіз болған кейбір дереккөздерге қаратылған жалпымәдениеттік «кері» болашақтың диалектикалық ойластырылған синтезінде қарастырылды. П. Флоренский мән берген «өт көнелікке», «қабылдау қақпасын» ашатын қайнар көзге шығу, ешқандай даусыз, көптеген тарихи кедергілер мен шегаралардан өту дегенді білдіреді. Шегараны жоюдың мұндай уәждемесі уақыт алға шығарған әдебиеттік философияда нақты болатындардың бірі болып табылады, ол өз кезегінде мәдениет бөлшектерін/жүйеге кіретін дәстүрлерді жаңаға жинақтау үдерісін пайымдаумен қарым-қатынасқа түседі.А. Белый («Эмблематика смысла», 1910) мәдениеттің көптүрлігі әлеміне енудің динамикасын тәптіштей келе: «Тоқтаусыз жалғасатын бұл ұмтылыста әр алуан мәдениеттің көркем тәсілдерін біріктіру, сөйте отырып, нақты шындыққа ұмытылған дүниетаным түрлерін «қайта қарау» арқылы жаңаша қарауды қалыптастыру – жаңа өнер деп аталатынның барлық күш-қуаты, барлық болашағы. Символизмде бізді таңғалдыратындар, шынында да жаңа болып көрінеді, заманауи мәдениеттің тереңге кеткен қарама-қайшылығын әр алуан мәдениеттің түрлі-түсті сәулелерімен жарқыратуға деген ұмтылыс бар; қазіргі кезде біз барлық өткенімізді *бастан қайта өткеріп* жатқандаймыз: Индия, Персия, Египет, сондай-ақ Греция орта ғасырдағыдай тірлік етуде, бізге жақын эпоха қалай қияс өтіп жатса, солар сияқты олар да бізден қияс өтуде» деп жазады. Аталған мәселеге қатысты қазақ ғалымдарының еңбектерінен Б.Р. Қазыхановаңың [7] қазақ өнері түрлері мен жанрларының қалыптасуы мен дамуы туралы, эстетикалық мәдениеттің дәстүрлі құндылықтары туралы Қ.Ш. Нұрлановаңың [8] еңбектерін атауға болады С. Ақатай, М.Әуезов, М. Қаратаевтың[9] еңбектерін ерекше атауға болады. Олар алдыңғы дәуірлерден осы кезеңге ауысуы мүмкін, оларды дәстүрлі әдеби-рухани қабаттар дейік. Сонымен бірге сол кезеңнің тарихи-мәдени қалпы туғызған әдеби-рухани қабаттар болады. Бұларға қоса, осы кезеңде енді тамырын жайып, нышан-белгілерін көрсете бастаған, бірақ келесі дәуірде өркен жаятын әдеби-рухани қабаттың алғашқы жоба-нұсқалары болады. Оймызды қорыта келе зерттеушілердің түйінінен біз әр қаламгер өз шығармаларына пайдалану ретіне қарай біз шығармашылық иелерін дәстүрлі, жаңашыл деп ажыратамыз. Дәстүрлі ақындар оны толықтырады, жетілдіреді. Ал, жаңашыл суреткерлер өз кезеңінің мәдени-рухани қабатын жасайды, сондай-ақ бұлардың шығармаларында келесі кезеңнің өкілдері тұғыр етерлік тілдік-стильдік белгілер байқалады.Әдеби-тарихи дәуірді қалыптастыратын жүйеқұраушы компоненттердің бастысы, біздің түсінуімізше, ілгеріде айтылған дәуірдің рухани-философиялық танымы, дәуірдің рухы. Дәуірдің осы рухы жалпы қоғамдық сананың, оның бір бөлшегі болып табылатын әдеби-көркем сананың ұйытқысы болмақ. Сондықтан, біз дәуірлеу мәселесінде дәуірдің рухын жасайтын философиялық-танымдық концепциялардың табиғатын барлауымыз қажет. Дәуірдің рухында сол заманның рухани-

философиялық, тарихи танымы жатады. Осы таным ағымдағы әдеби үдерісті қалыптастырады. Себебі, сол дәуірде өмір сүрген кез келген қаламгер сол рухты сезінеді, дәуірдің рухани-философиялық мәселелері оны толғандырып, *шығармашылық тебіреніске* түсіреді. Дегенмен, қазақ әдебиеттануында мәдениетаралық диалог мәселелері, әдебиеттің көркем өзгешелігін зерделеу стереотипті бағалау мен талдаудың басым келуімен сипатталады. Мұның өзі қазақ әдебиеті құрылымы мен мазмұнын мәдени матрица ретінде тануды көкейтесті мәселе етеді. Біз қазақ әдебиетін түркі және евразиялық мәдениет көрінісі деп қана қарастырмаймыз. Үздік әдеби жетістіктерді сақтай отырып, қазақ әдебиеті жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтайтын бірегей ізгі қорды қамтиды.

Қазақ әдебиетінің көркем-эстетикалық феномендерін жалпы адамзаттық мәдениет аясында зерделеу әдебиеттануда, тұтастай алғанда, филологиялық ғылымда жаңа да келешегі мол бағыт болып табылады. Демек, көркем әдебиеті өркендеген ел – идеялар отанына айналады. Олай болса, біз әлемдік әдебиеттің бір-бірімен үнемі байланыста болуына мүдделі болуымыз керек. Бір-бірімізден идея алу арқылы, адамзаттың қоғамын жаңа кезеңге көтеруге ұсыныс жасай аламыз. Көркем әдебиеттің негізгі миссиясының бірі осы. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн көркем әдебиет арқылы өмірлік қажеттілікті тудырып отыр. Көркем әдебиет арққылы ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Лекторский В.А. Возможна ли интеграция естественных наук и наук о человеке? // Персональный сайт С.Курдюмова. - Режим доступа: www.spkurdyumov. narod.ru/ Lectorskiy.htm
2. Назаретян А.П. Цивилизационные кризисы в контексте универсальной истории. – М.: ИздательLitres. Дата публикации2019/1/30.
3. О методологии генетической критики, разрабатываемой с 1980-е гг. Институтом современных текстов и рукописей см.: Дмитриева Е.Е. Генетическая критика во Франции. Теория? Издательская практика? Явление постмодернизма? // Генетическая критика во Франции. Антология. М.: ОГИ, 2014. С. 9-25.
4. BarbierFrédéric. L'empire du livre, le livreimpriméet la construction de l'Allemagnecontemporaine (1815-1914). Paris, 1995; Bechtel D., Bourel D., Le Rider J. (éd.) Max Nordau (1849-1923): critique de la dégénérescence, médiateurfranco-allemand, pèrefondateur du sionisme. Paris, 1996; Trautmann-Waller C. Philologie allemande et tradition juive: Le parcoursintellectuel de Leopold Zunz. Paris, 2016.
5. Espagne M., Middell M. (éd.) Transfertsculturelsetrégion. L’exemple de la Saxe. Numérospécial des Cahiers d’étudesgermaniques. 2015. № 28.
6. Espagne Michel. Les transfertsculturelsfranco-allemands. Op. cit. P. 21.
7. Қазыханова Б.Р. «Қазақхалқыныңэстетикалықмәдениеті».Алма-Ата, 1973, 232 б.
8. Нұрланова Ш.Қ «Қазақ халқының көркем мәдениетінің эстетикасы» Алма-Ата, 1987, 174 б.
9. Ақатай С, Әуезов М, Қаратаев Қ т.б. «Көшпенділер. Эстетика: әлемді дәстүрлі қазақ өнерімен тану» Алматы, 1994, 294 б.

ҒТАХР 19.01.11

Есенбекова Ұ.М.,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,

Құмарова М.Қ.
Журналистика магистрі,
Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
электронды пошта: ultmudde@mail.ru

ТЕЛЕВИЗИЯДА НӘТИЖЕЛІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫ БАҒЫТТАРЫ

Түйін. Қазақ телевизиясы ұлттық дүниетанымды қалыптастыру жолында прогрессивті бастамалардың насихатшысы болып отыр. Қоғамдық пікірлерді қалыптастыруға, келелі істердің дұрыс шешімін табуға қызмет атқаруда. Республика телеарналарындағы хабарлардың сапасы артып, жанрлар мен мазмұндық түрленулер орын алуда. Моральдық құндылықтар мен ұлттық мәдениетімізді насихаттауда ақпарат таратудың рөлінің ерекшелігі байқалуда.

Мақалада ұлттық медианың жаңа дәуірдің ақпараттық сын-қатерлеріне қарсы тұрарлық әлеуеті талданған. Рухани жаңғыру мен жаңару жолын саяси бағыт ретінде қабылдау, оны іске асыруға деген талпыныс қазақ ұлты үшін, оның өз болмысын тануы үшін керек. Уақыт еншісіне байланған саналы адам өмірден өз орнын, өз биігін іздеуден жалықпаған.

Автор өз еңбегінде адамның ойлау жүйесі мен санасының қарым-қатынасына арналған зерттеулерді медиада қолдану қажеттігін нақтылап жеткізген. Телеарналар қызметінің жаңа стандарттары қандай болуы тиіс, оның қағидалары қандай деген проблемалық мәселелер туындайды. Мақаланың мақсаты осы мәселелерді жүйелеп, ғылыми тұрғыда сараптау.

Түйінді сөздер: телеарнаның саяси миссиясы, телехабар, телевизиялық өнім, жаңалықтар редакциясы, сюжеттің идеясы, журналистік этика, телевизиялық кешен, ұлттық идеология, медиа әлеуеті.

Есенбекова У.М.,
кандидат филологических наук,
ассоциированный профессор

Кумарова М.К.,
магистр журналистики,
докторант факультета журналистики и политологии
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Астана, Республика Казахстан
электронный адрес: ultmudde@mail.ru

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ОРГАНИЗАЦИИ ЭФФЕКТИВНОЙ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ТЕЛЕВИДЕНИИ

Аннотация. Казахское телевидение является пропагандистом прогрессивных инициатив в формировании национального мировоззрения. Оно служит для формирования общественного мнения, поиска правильного решения проблем. Качество вещания на телеканалах республики возросло, заметны жанровые и содержательные изменения. Роль современного телевидения в пропаганде моральных ценностей общества и и национальной культуры очевидна.

В статье анализируется потенциал национальных медиа противостоять информационным вызовам новой эпохи. Принятие пути духовного обновления и возрождения как политического направления его реализации необходимо казахской нации для укрепления своей идентичности. Патриотично настроенный гражданин всегда будет стремиться быть полезным в этой многосложной деятельности.

В статье автор отмечает важность использования мыслительной энергии человека, его культурного и языкового потенциала в реализации духовно-культурных установок через средства массовой информации. Какими должны быть новые стандарты деятельности телеканалов, на каких принципах они будут основываться? Целью статьи является систематизация и научный анализ этих проблем.

Ключевые слова: миссия телеканала, телевизионный продукт, редакция новостей, идея сюжета, журналистская этика, телевизионный комплекс, национальная идеология, потенциал медиа.

Yessenbekova U.M.,
Associate Professor, cand. sci (philology)

Kumarova M.K.
PhD Candidate
L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: ultmudde@mail.ru

THE BASIC PRINCIPLES AND FUNCTIONAL DIRECTIONS OF THE ORGANIZATION OF EFFECTIVE CREATIVE ACTIVITY ON TELEVISION

Abstract. Kazakh television is a promoter of progressive initiatives in the formation of a national worldview. It serves to shape public opinion, finding the right solution to problems. The quality of broadcasting on the republican TV channels has increased, genre and substantive changes are noticeable. The role of modern television in promoting the moral values of society and national culture is obvious.

The article analyzes the potential of national media to counter the information challenges of the new era. Accepting the path of spiritual renewal and rebirth as a political direction for its realization is necessary for the Kazakh nation to strengthen its identity. A patriotic citizen will always strive to be helpful in this complex work.

In the article, the author noted the importance of using the mental energy of a person, his cultural and linguistic potential in the implementation of spiritual and cultural attitudes through the media. What should be the new standards of activity of TV channels, on what principles will they be based? The purpose of the article is to systematize and scientific analysis of these problems.

Keywords: TV channel mission, television product, news editorial, plot idea, journalistic ethics, television complex national ideology, media potential.

Ақпараттық қоғам мен жоғары технологиялар заманында ұлттың болмыс-бітімін, психологиясын және мінез-құлқын жаңғырту, жаңа жағдайға бейімдеу – маңызды мәселе. Жаһандану кезінде болашағын ойлаған халық жаңа заманға бейімделудің тәсілдерін игеріп қана қоймай, өзінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап, мемлекеттігін нығайту мен қоғамды ортақ мүдденің төңірегіне біріктіру қағидасын ұстануы тиіс.

Қазақстан сияқты этностық және конфессиялық құрамы күрделі мемлекетте барлық этнос өкілдерінің басын біріктіре алатын идея – азаматтардың тең құқықтарын қамтамасыз ету, барша этностардың ана тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын және дәстүрлерін дамытуға жағдай жасау екені рас. Бұл орайда басты жауапкершілік мемлекеттің негізін құрап отырған қазақ ұлтына жүктелмекші. Агрессивтік геосаяси ортада қазақ ұлтының ішкі тұтастығы мен психологиялық көңіл-күйі мемлекетіміздің сыртқы күштердің ықпалында кетіп қалмауының бірден-бір кепілі. Елдің тұтастығы мен қалыпты дамуы үшін ұлттық сана мен мәдениетімізді насихаттауға теледидардың мол мүмкіндігін тиімді пайдалану – заман талабы.

Аталған мақсаттарды іске асыру да ақпараттық жаңа технологиялардың, жаңаша көзқарастар мен формалардың тиімділігін зерттеу бүгінде ғылыми ізденістердің басты арқауына айналуы тиіс. Қазақ телевизиясы ұлттық дәстүрден бастау алған әдет-ғұрып пен салт-сана мәселелерін уақыт ағымына орай жаңа сипат, өзіндік пішінмен көрермендерге ұсынуда.

Қазақ телевизиясы бүгінгі күнде ұлттық дүниетанымды қалыптастыру жолында прогрессивті бастамалардың насихатшысы болып отыр. Салмақты қоғамдық пікірлердің қалыптасуына, келелі істердің дұрыс шешімін табуына көпшілікті тарту бағытында қызмет атқаруда. Соңғы жылдары республика телеарналарындағы хабарлардың сапасы жоғарылап, алуан түрлі жанрлар мен мазмұндық түрленулер орын алуда. Осыдан келіп адамгершілік мораль мен ұлттық мәдениетімізді насихаттаудағы ақпарат таратудың рөлінің ерекшелігі туындайды. Теледидар тек ақпарат тарату көзі емес, күн өткен сайын халықтың, мемлекеттің қоғамдық мінбесіне айналуда [1].

Енді осы бағытта телеарналар қызметін ұйымдастырудың жаңа стандарттары қандай болуы тиіс, оның қағидалары қандай деген проблемалық мәселелер туындайды. Мақаланың мақсаты осы мәселелерді жүйелеп, ғылыми тұрғыда сараптау.

Жаңа дәуірдің телевизиясы, ең бірінші, сапалы шығармашылық және техникалық, әкімшілік, басқарушылық сегменттерден құралады. Телевизиялық өнім – ынтымақтасқан үлкен команданың жемісі. Бұл команда жалпыға бірдей, ортақ саясатқа бағынуы тиіс. Ол саясаттың аясына телевизиялық

материалдарды, оның ішінде, ақпараттық-танымдық хабарларды таратып айту да кіреді. Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі ақпараттық бағдарламалардың көбінде бұл саясат бейтарап түрде қолданылады.

Шетелдік арналарда редакциялық саясат арнайы қабылданған құжат түрінде рәсімделеді. Мәселен, АҚШ-тың Флорида штатының Орландо қаласындағы жергілікті телекомпаниясы қызметкерлерінің саяси миссиясының негізін құрайтын қағидалар мыналар:

1. Өзіңізге лайықсыз істен аулақ болыңыз. Көрерменге маңызы жоқ оқиғаны ұсынбау. Айналаңызда ұдайы оқиғалар тізбегі өтіп жатады. Сіз солардың арасынан бір парасына басымдық беруіңіз қажет. Себебі, бәрін қамтуға мүмкіндік жоқ.
2. Телевизия – пікірлестер командасы. Ол адамдар жайлы және адамдар үшін. Мысалы, Қазақстан бойынша нан-тоқаш өнімдері қымбаттады. Бұл әлеуметтік мәселе халыққа ауыр тиері анық. Сондықтан, жаңалықтар дайындауда әлеуметтік мәртебесі әртүрлі адамдардың пікірін білу маңызды.
3. Көрермендермен қарапайым, түсінікті тілмен сөйлесіңіз. Телевизиялық жаңалықтардың алдында мынадай мәселе шыға береді: жаңалықтар эфирден өткен соң, оның маңыздылығы жоғалады. Газеттегідей бетті қайта аудара алмайсыз. Таспаны қайта айналдырып, түсініксіз сюжетті қайта көре алмайсыз. Сондықтан, қарапайым жазуға тырысыңыз. Бірінші естігеннен-ақ түсінікті болатындай жазу керек. Сіздің көрерменіңіздің оны естіп, көріп, түсінуіне бір ғана мүмкіндік берілетінін қаперден шығармаған абзал. Егер көрерменіңіз маңызды мәліметті назардан тыс қалдырса, жұмысыңыз бекерге кетті деп есептеңіз.
4. Бейненің мүмкіндіктерін мейлінше молынан пайдаланып, жаңалықтарда көрсетуге тырысыңыз. Телевизия – бұл ең алдымен, бейне. Эфирде «сөйлеуші адамнан» артық іш пыстыратын ештеңе жоқ. Сондықтан, экранда 12 секундтан көп сөйлеген адамды қиып тастау керек. Егер сіз сюжетке керекті барлық ақпаратты жинап, қажетті сауалды қоя білсеңіз онда сізге 2 минуттық сұхбат алып қажеті жоқ. Сіздің міндетіңіз: артық жерлерінің барлығын алып тастап, тек сүбелісін қалдыру.
5. Егер синхрон ұзаққа созылып кетсе, бір сұхбатта бірнеше тақырыпты қозғап кетуге болады. Сосын бұл сұхбатты келешекте түсірілетін көптеген сюжеттерге пайдалануға болады. Бейнематериалдарды аптаның түрлі күндерінде эфирге шығара аласыз.
6. Жұмыс істеп жатқан компанияңызды, мамандығыңызды және сізге жүктелген жауапкершілікті мақтан тұтыңыз. Бәсекелестерден, қалаңыздағы басқа да ақпарат құралдарынан көш ілгері болыңыз. Сюжет түсіруге шыққан кезде ол жерде басқа да телеарналар болатыны белгілі. Сондықтан, телеарна журналистері басқаларға қарағанда жақсырақ сюжет әкеледі деген сенім болу қажет.

Телевизия бағдарламасының жетекшісі өз жұмысында қаперде ұстауы тиіс маңызды мәселелер тізіміне назар салайық. Ең алдымен, журналистке тән қасиетке бүгінгі оқиғаның ертең қайталанбауын дұрыс ұғыну. Бейнематериалдар, репортаждар, сюжеттер тақырыптары ауысады, олар журналистің таным-парасатын арттырып қана қоймай, кәсіби шеберлігін де кеңейтуге оң ықпалын тигізеді. Журналист те, жаңалықтар жетекшісі де журналистикамен тыныстап, тамақтанып, ұйықтап, ал жұмыстан қайтар кезде ертең қандай жаңалықтар беретінін ойлап жүреді [2].

Жаңалықтар жетекшісінің міндеттемелері ақпараттық бағдарламаның өзіндік ерекшеліктеріне қарай әр елде өзгеріп отыруы мүмкін. Көптеген мемлекеттердің телеарналарында ақпараттық бағдарламаның құрылымы ұқсас. Тиісінше, жаңалықтар қызметі жетекшісінің қызметінде де ерекшеліктер айтарлықтай көп емес. Жетекшінің бойында ең алдымен, жетекші ұстаз, бапкер, көшбасшы, қысқасы, бағдарлама ұжымының ұйытқысы сияқты қасиеттер болуға қажет.

Нақты айтқанда, жаңалықтар бөлімінің жетекшісінің қызметтік міндеттері:

1. Бөлімнің күнделікті қызметі үшін жауап береді. Қызметтің штаты мен техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, ақпарат таратудың шығармашылық тұжырымдамасын түзеді, оны телекомпанияның бас редакторы мен бас директорымен ақылдасады;
2. Ақпараттық блоктарды әзірлеуге жалпы әкімшілік басшылық жасап, жаңалықтар шығарылымының сапасын қадағалайды. Жедел және жоспарлы шығарылымдардың уақтылы шығып отыруын, олардың хронометражын, техникалық және кадрлық қамтылуын қадағалайды. Ақпараттық шығарылымның терілімін (версткасы) қадағалап, бекітеді;
3. Журналистердің мәтінін редакциялап, қажет болған жағдайда түсірілген, монтаждалған сюжеттердің эфирге шығуын бақылайды. Шығарылымның мазмұнын анықтау үшін продюсер мен редактор-үйлестірушімен бірге жұмыс істейді. Түсірілімге шығар алдында репортерлермен маңызды тақырыпты талқылайды. Қызметкерлердің кәсіби шеберлігін шыңдауды басты назарда ұстайды. Ақпараттық бағдарламаның өзге аймақтағы бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;
4. Телекомпанияның бас директорымен келісілген штаттық кестені ескере отырып, жаңалықтар қызметінің дербес штатын жасайды. Жаңалықтар әзірлейтін журналистердің қажетті жұмыс жағдайымен қамтамасыз етілуін, қызметкерлердің жұмыс кестесін түзіп, оның сақталуын қадағалайды.

Қызметкерлердің жұмысының саны мен сапасына есеп жүргізеді, жалақылар көлемін анықтауға телекомпания дирекциясына уақтылы мәліметтер беріп отырады [3].

Жаңалықтар дирекциясының жетекшісі әрқашан қоғамның көңіл-күйін, саяси-әлеуметтік проблемалардың шешілуі процесіне әсер етіп қана қоймай, соларға қатысты тиісті шаралар да қолданады. Бұл оның үлкен жауапкершілігін көрсететін сипат. Компанияның жаңалықтар қызметінің жетекшісі БАҚ-пен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Қоғамдық проблемаларды ұдайы назарында ұстайтын жетекші өз компаниясының жаңалықтарын ұтымды жағынан көрсетіп таныта алады. Телевизия қызметкері шыдамдылық, оперативтілік, тәрбиелілік, адам психологиясын жақсы білуі, өзге жұртты сыйлай білуі қажет. Ол қиындықтан тайсалмай қандай жағдай, қандай орта болмасын өзінің біліктілігін көрсетіп жұмысын адал орындауы тиіс. Әрқашан этика мәселесін қаперінде сақтауы маңызды.

Жаңалықтар редакциясы қызметкерінің кәсіби дәрежесі оның шынайы ақпарат беруіне, көрерменге ақиқатты ұсынуына тікелей байланысты. Көрерменнің ақпарат көзіне деген сенімінің күші жоғары болуы тиіс. Осындай қарым-қатынас қалыптасқан екіжақты коммуникациялық байланыста нәтиже болады [4].

Бүгінгі жаңалықтар редакциясының қызметкеріне қойылатын талаптар күшейе түсуде. Сондықтан да, әрқашан төзімділік таныту телеарна беделі үшін қажетті дағды болып табылады. Жаңалықтар қызметкері, ең алдымен, өз жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарайды. Барлық медиа құрылымдар үшін сұранысқа ие қажетті тұлға болуға тырысады. Біздің зерттеулеріміз жұмыс атқаратын маманның уақытының жартысы ақпарат жинауға, оны сараптауға жұмсалатынын көрсетуде. Уақыттың 25% ақпараттар ортасында болуға жұмсалса, қалған 25% материалды дайындауға кетеді екен [5].

Жаңалықтар редакциясы тілшісінің негізгі функциялары да әралуан. Жаңалықтар бөлімі тілшісінің міндеттері де ауқымды:

1. Қазақстан Республикасының БАҚ туралы заңы мен өзге де нормативті құжаттар мен актілер, этикалық нормаларға сай қызметін жүзеге асырады. Жаңа медианың, баспасөз қызметтері, ақпарат агенттіктері, газет, журнал және тағы басқа ақпарат көздерінің материалдарын пайдалана отырып, ақпараттарды жүйелі түрде сараптап, өңдейді. Ұсынылған ақпараттың сенімділігі, нақтылығы, толықтығы, мерзімділігіне жауап беріп, оның дереккөзін көрсетеді;
2. Сюжеттердің идеясын түзіп, белгіленген стандарт бойынша күнделікті түсірілімдер журналына өтінімдерді енгізеді. Кезекшілікке кіріспес бұрын, түсірілімдердің жалпы жоспары мен бағдарламаның монтажын ескере отырып, өз жұмысын жоспарлайды. Репортаждар түсіру үшін оқиға орнына оператормен немесе өзі жеке шыға алады. Сапарға шығармас бұрын, ақпаратты нақтылап, бөлім директорымен түсірілімдер жоспарын ақылдасып, операторға сюжет тақырыбын түсіндіреді;
3. Жұмыс барысында түсірілім тобына жетекшілік жасап, телекомпанияның мүддесін ұсынып, операторымен жұмыс істейді. Өндірістік қажеттілікке қатысты өзге де міндеттемелерді бөлім директорының нұсқауымен атқарады.

Телевизиялық хабарларда оператордың қызметтік міндеттемелері де сан қырлы болып келеді:

1. Репортермен бірге түсірілімге шығу. Түсірілімге дейін және түсірілімнен кейін репортермен тығыз байланыста жұмыс істеп, сюжеттерді талқылап, түсірілім жобасын ақылдасу. Репортермен ақылдаса отырып, репортаждың түсірілімін қоюшы қызметін атқару. Түсірілген бейнематериалдың саны мен сапасына жауап беріп, түсірілім кезінде дыбыс сапасын қадағалау;
2. Түсірілген бейнематериалдың көлемі туралы репортер мен режиссерге мәлімдеу. Түсірілімге шықпас бұрын, қажетті техникалық құралдардың (камера, микрофон, батарея, штатив және т.б) ақаусыз жұмыс істеуін, жарамдылығын тексереді. Қарамағындағы түсіру, дыбыс жазу және жарық беру техникасында табылған ақаулар жайлы бөлім директорын уақтылы хабарлап отыру. Өзіне сеніп тапсырылған техниканы қауіпсіз пайдалану ережесін бұзбай, түсірілім жасау;
3. Бағдарламаның студиялық жазылымы немесе тікелей эфир кезінде студиялық оператордың қызметін атқару. Видеокамералар мен жарық беру құрылғыларының іске жарамдылығын тексеру. Шұғыл техникалық мәселелерді техникалық дирекциямен бірлесіп шешу. Жаңалықтар дирекциясының нұсқауымен өзге де міндеттемелерді орындау [6].

Ақпараттық дирекцияның жетекшісі жаңалықтардың үздіксіз қызмет атқаруына жауапты болса, бас редактордың стандартты қызметтік міндеттемелері де жауапты саналады:

1. Шығарылымның ақпараттық толымдылығына, іріктеуге, сапаға және ақпараттың жеделдігіне жауап береді. Ақпаратты қайта тексеріп, нақтылауды жүзеге асырады. Ақпарат беруші мекемелермен, баспасөз орталықтарымен және түрлі саяси, экономикалық, күштік және қоғамдық құрылымдармен, басқа да мекемелермен тұрақты байланыс орнатады;

2. Бағдарламаның алдын-ала терілімі мен түсірілімдер жоспарын күнделікті бекітеді. Бағдарламаның директоры мен редактор-үйлестірушімен тығыз байланыста жұмыс істейді.
3. Бөлімдегі монтаждық кешеннің және басқа да технологиялық құрылғылардың істен шықпауы мен пайдаланылуын қадағалайды. Дирекция жетекшісі болмаған жағдайда қызметтің күнделікті қалтқысыз қызметіне, бағдарламаның эфирге өз уақытында және сапалы шығуына жауап береді;
4. Өндірістік қажеттілік туған жағдайда дирекция жетекшісінің бұйрығымен бағдарлама қызметіне басшылық жасайды. Редактор үйлестіруші жаңалықтар бөлімінің жүйке жүйесіне ұқсас. Ол шығарылымның мазмұнын бекіту үшін продюсермен тығыз жұмыс істейді, бағдарламаның ауызша және видеомен қамтылуын қамтамасыз етеді. Продюсермен күнделікті түсірілімдер жоспары мен бағдарламаның терілімін ақылдасады, ол жоқ кезде оның қызметін де атқарып, дирекцияның күнделікті жұмысына жауап береді. Түсірілімдер жоспары мен монтажына қатысты қажетті өзгерістерді продюсермен ақылдасады.

Ақпарат көздерімен телефондық байланыс орнатып, түсірілім тобының жұмысын, репортерлердің, операторлардың, режиссерлердің жұмысын үйлестіреді. Болашақта түсірілетін тақырыптардың мұрағатын жасайды. Жаңалықтар дирекциясына жолданған ақпараттардың шынайылығын, нақтылығын, толықтығын тексереді. Түсірілімдердің жалпы жоспарын, сюжеттердің дайындығын, бағдарлама монтажының орындалу барысын, компьютерлік мұрағаттың толығуын қадағалайды. Көшірмелердің саны мен сапасына, түсірілімдердің техникалық қамтылуына, құрал-жабдықтың сақталуына жауап береді [7].

Осылайша сапалы ұйымдастырылған, функциялары нақтыланған мүдделестер командасы телевизиялық кешеннің үзіліссіз қызмет етуін, барлық технологиялық, шығармашылық процестердің үйлесімді болуын қамтамасыз етіп, телеарна қызметкерлерінің кәсіби деңгейіне тікелей әсер етуші факторға айналады.

Теледидар адам өміріне мықтап енді. Күнделікті тыныс-тіршілігімізді онсыз көзге елестету мүмкін емес. Дүние жүзінің түкпір-түкпірінде туындаған сан алуан жаңалықтарды үйде отырып экран арқылы көреміз, талдаймыз, танысамыз. Мұны керемет демеске болмас. Теледидар құбылысқа айналып, біртұтас әлемдік ақпарат кеңістігін құруға батыл бетбұрыс жасауда.
Қарама-қайшылыққа толы әлемде әрбір ұлт, әрбір мемлекет, әрбір қоғам өзінің ерекшеліктерін, қоғамда қалыптасқан дәстүрлерін сақтауға, рухани қазынасын байытуға тырысуда. Теледидар уақыттың көркем шежіресіне айналып, оның бүкіл табиғаты, мақсат-мүддесі заман сипаты мен талабына бағынуда. Өмірмен, уақытпен үндестігі, объективті әрі көркем кестемен суреттеу – бүгінгі уақыт үрдісінен туындап отырған талап.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Есенбекова Ұ.М. Телевизиядағы журналистік шеберлік. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Ғылыми Кеңесі бекіткен. Оқулық // Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Баспасы. – 2018.
2. Қабылғазина К. Телерадиожурналистика: теория, тәжірибе, түйін. Оқулық // Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-дің Баспасы. – 2017.
3. Омашев Н. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2009.
4. Акинфеев С.Н. Жанровая структура российского развлекательного телевидения. дисс. канд. филол. наук. – М .:МГУ, 2008.
5. Багрянцева М.Г. Нравственно-эстетическое пространство современного телевидения: на материалах ТВ. дис. канд. искусствоведения. – Москва, 2004.
6. Амандосов Т. Публицистика – дәуір үні. – Алматы: Қазақстан, 1994.
7. Барманқұлов М. Телевизия: бизнес әлде билік? Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2007.

ҒТАХР 19.01.11

Есенбекова Ұ.М.
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
ultmudde@mail.ru

ТЕЛЕАРНАДА РЕДАКЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЙЕЛІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Мақалада автор телеарналардағы жаңалықтар қызметіндегі редакциялық саясатты, жүйелі ұйымдастырылған жұмыстың тиімділігіне талдау жасайды. Ғылыми тұрғыда дәлелденген гипотеза бойынша, әрбір оқиғаның өзіндік әлеуеті болуы шарт. Ақпаратты көрерменге қызықты етіп көрсету тәсілдері жаңалықтар қызметінде жиі қолданылады.

Қоғамдағы әрбір оқиғаны, пікір алуандығын ортақ мүддеге бағындырып ақпарат тарату журналистің азаматтық ұстанымдарына байланысты. Автор ақпараттық бағдарламалар телеарна ұстанған редакциялық саясатқа қаншалықты тәуелді екенін сараптаған. Цифрлық әлемде көрермен бір ғана телеарнаның ақпараттық бағдарламасымен қанағаттанбайды. Ұтымды ұйымдастырылған өндірістік циклда жаңалықтар сәтті жасалып, ақпарат жинауға, оны талдауға жұмылдырылған журналистер жұмысын біршама жеңілдетері анық.

Зерттеуге таңдап алынған тақырыпты қорыта келе, автор қазіргі көрерменнің талғамы өскенін, құндылықтардың өзгергенін айтады. Жағымсыз жаңалықтарға қызығушылық азайған. Автор ақпараттық нарықтың заңдылықтарына сәйкес жұмысын жүйелі ұйымдастырған редакциялар өз саясаты арқылы қоғамды ұлт мүддесін қорғауға жұмылдыра алатынын мақалада көрсете алған.

Түйінді сөздер: телеарна миссиясы, редакциялық саясат, телеөнім, жаңалықтар қызметі, сюжеттің желісі, Овертон технологиясы, медиа әлеуеті.

ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ РЕДАКЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТЕЛЕКАНАЛА

Аннотация: В статье автор анализирует редакционную политику службы новостей на телеканалах и эффективность системно выстроенной работы. Согласно гипотезе, каждое событие должно иметь свой потенциал. В службе новостей часто используются методы, способствующие делать простую информацию интересной для зрителей.

Активная гражданская позиция журналиста подразумевает распространение имеющейся информации с учетом интересов всего общества. Автор анализирует взаимную зависимость информационных программ и редакционной политики телеканала. В цифровом мире зритель не будет довольствоваться только одним телеканалом и его информационным продуктом. В хорошо организованном производственном цикле деятельность журналистского корпуса по сбору и анализу нужной информации будет облегчена, и качество новостей будет выглядеть выигрышно.

Подводя итоги исследования по выбранной теме, автор приходит к выводу, что запросы современного зрителя повысились, изменились ценностные ориентиры. Интерес к негативным новостям снижается. Автор смогла показать, что системно организованная деятельность редакций отвечает требованиям информационного рынка. При этом такие телевизионные редакции смогут более успешно мобилизовать общество для защиты национальных интересов.

Ключевые слова: миссия телеканала, редакционная политика, телевизионные новости, служба новостей, сюжетная линия, технология Овертон, потенциал медиа.

PROBLEMS OF ORGANIZATION OF EDITORIAL ACTIVITIES OF THE CHANNEL

Summary: In the article, the author analyzes the editorial policy of the news service on TV channels and the effectiveness of systematically organized work. According to the hypothesis, each event must have its potential. The news service often uses methods to make simple information interesting to viewers.

The active citizenship of the journalist implies the dissemination of available information, taking into account the interests of the whole society.

The author analyzes the interdependence of information programs and the editorial policy of the channel. In the digital world, the viewer will not be content with only one channel and its information product. In a well-organized production cycle, the activities of the journalistic corps to collect and analyze the necessary information will be facilitated, and the quality of the news will look advantageous.

Summing up the research on the chosen topic, the author comes to the conclusion that the demands of the modern viewer have increased, the value reference points have changed. Interest in negative news is declining. The author was able to show that the systematically organized activity of the editorial staff meets the requirements of the information market. At the same time, such television editors will be able to more successfully mobilize society to protect national interests.

Keywords: channel mission, editorial policy, television news, news service, storyline, Overton technology, media potential.

Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған тұжырымдамасында республикаға және алыс-жақын шетелге таралу ауқымына қарай ақпараттық бағдарламасы бар телеарналардың өңірлік ішкі, жалпыұлттық, өңірлік сыртқы және құрлықтық нарықта жұмыс істейтіндігі айтылған. Өңірлік ішкі нарық – бір-біріне іргелес және жақын аумақтардағы аудитория үшін ақпарат таратын бұқаралық ақпарат құралдары (бұл нарықта КТК, 31 телеарна, Рахат, Астана, 7 арна); жалпыұлттық нарық – жалпыұлттық аудиторияға ақпарат таратады; («Қазақстан» мен Хабар телеарналары); өңірлік сыртқы нарық – екі және одан да көп мемлекеттермен іргелес аумақтардың аудиториясына ақпарат таратады (Хабар, «Қазақстан»); құрлықтық нарық – бірнеше іргелес өңірлер деңгейінде ақпарат таратын БАҚ (Kazakh TV, Мир).

Мемлекеттік телеарналардағы эфирлік уақыттың басым бөлігін ресми, мәдени, рухани мазмұндағы телехабарлар алады. Қоғамда қозғау туғызған ақпарат коммерциялық тәуелсіз телеарналардың шығарылымында бірінші кезекте тұрса, керісінше, мемлекеттік телеарналарда орта тұсында, елеусіз ғана ақпарат түрінде таратылады. Мемлекеттік телеарнадағы жаңалықтар маңыздылығына қарай емес, оның еліміздегі саяси-экономикалық тұрақтылыққа тигізер әсеріне қарай сұрыпталып беріледі. Қоғамның тынышын «бұзатын» ақпаратқа мемлекеттік телеарна жаңалықтарында екінші мәндегі контент деп бағаланып, орын берілмеуі де мүмкін [1].

Мемлекеттік телеарналарда Кеңес Одағы заманындағы «Уақыт» ақпараттық бағдарламасынан қалған дәстүр бар. Жаңалықтар блогында міндетті түрде биліктің қызметі туралы есеп, экономикалық шолу мен екі-үш ғылыми конференция, ресми басқосулар болуы қажет деген жазылмаған ереже сақталған. Ақпараттық хабарлама негізінде құрғақ фактілерге құрылған мәтін әзірлеп, оларды бірнеше типтік видео кадрлермен бірлестіріп эфирге қойылған сүреңсіз сюжеттер жиі кездеседі. Керісінше, коммерциялық телеарналар көрермен сұранысына жұмыс істейді. Қазіргі көрерменге бейресми мазмұнда, еркін көзқараспен берілген материалды көру қызықты. Мұндай жаңалықтардың рейтингі бейтарап, құрғақ ақпараттарға қарағанда жоғары.

Отандық телеарналардағы ақпараттық бағдарламалардың құрылымдық ерекшеліктері де олардың ұстанған редакциялық саясатына байланысты. Цифрлық әлемде көрерменді бір телеарнаның ақпараттық бағдарламасына тәуелді ету мүмкін емес. Телевизиялық ерекше формалар: видео, интершум, тікелей қосылымдар, сұхбаттар мен кадрдан тыс мәтін, инфографика көрерменге ықпал етудің тиімді құралдары. Осыларды шығармашылық процесте тиімді пайдалана білген жаңалықтар қызметі бағдарлама өндірісін ұтымды ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Ұтымды ұйымдастырылған өндірістік циклда жаңалықтар сәтті жасалып, ақпарат жинауға, оны талдауға жұмылдырылған журналистер жұмысын біршама жеңілдетері анық [2].

Телевизиялық жаңалықтар бағдарламасын жасау қиын да қызықты үрдіс. Жаңалықтар топтамасы эфирге дейін бірнеше сатылы ұйымдастыру кезеңдерінен өтеді. Телевизиялық жаңалықтар өндірісін түсірілімге дейінгі және түсірілімнен кейінгі кезеңдерге бөліп қарауға болады. Осыларды біріктіре отырып, біртұтас өндіріске жұмылдыру жаңалықтар дирекциясы басқарушысының міндеті. Түсірілімге дейінгі кезеңде ақпарат ағысын ұйымдастыру; оқиға туралы ақпарат жинау; қосымша материалдар табу; сюжеттік желіні анықтауға мән берілуі тиіс. Бұдан басқа ақпараттық материалды дамыту үшін қосымша сұхбат пен түсірілімдерді әзірлеу және ақпараттық материалды эфирге әзірлеу қажет.

Ақпараттың сипаттары мен журналистердің сөйлеу шеберлігі бойынша маңызды ақпаратты бағалаудың өзіндік өлшемдері бар. Оларды былайша жіктеуге болады:

1. Егер көрермен ақпараттан өзінің арғы іс-әрекетіне пайдалы болар мағлұмат алса, онда мұндай жаңалықтың маңызы өседі. Олардың қатарына спорт, ауа райы және валюта бағамы сияқты мәліметтер жатады.

2. Жаңалықтар лентасында берілген ақпараттан ақпаратты қабылдаған адамның беделі өссе немесе ақпараттың көмегімен аудиторияның қызығушылығы қанағаттанса, теледидардан бір мәліметті естіген адам оны басқаларға таратып өзінің беделін өсіре алады. Бұл – Пауль Лазарсфельд пен Бернард Берельсонның «2 деңгейлі коммуникацияның үлгісі» теориясының нақты көрінісі.

5. Ақпараттың эстетикалық құндылығы болуы қажет. Бұған қоса бас кейіпкердің бар болуы, материалдың негізгі идеясы нақты көрініс берілген, басты маңызды мәселелердің барлығына жауап берілгені, сауатты грамматика, орфографиялық қателердің жоқтығы да ақпараттың құндылығын өсіреді.

Егер материал жоғарыда аталған талаптарға сай келмейтін болса, онда ол журналистер жұмысының нәтижесін төмендетеді. Ақпараттың құндылығы немесе жарамсыздығы көрермен

көзқарасын алдын-ала болжап отыру арқылы анықталады. Ақпарат беруші көрермен мүддесін ойлауды ұмытып, телеарна басшылығына жағынуды көздейтін фактілер де кездеседі.

Телевизиядағы жаңалықтар бүгінде қалыптасқан, талай рет сынақтан өткен дәстүрлі қағидаларға құрылады: оперативтілік, өзге арналармен бәсекелестік; драмаға толы болу. Репортаж құрамына жанды драматургия элементтерін қосу; халыққа жаңалықты таратып отырған адамды көру қызықты; динамика, бүгінгі телевизия – бұл ырғақ, жылдамдық және іс-қимыл; оң нәтиже – атақты американдық «happy end» жаңалықтардың мазмұндық құрылымына енгізіле бастады.

Тележаңалықтардың ақпарат таратуында өзіндік артықшылықтары бар. Ол – видео, бейненің болуы. Видеоның арқасында тележаңалықтар сөзбен айтып түсіндіргеннен бейнекөрініс арқылы жеткізудің әлдеқайда тиімді мүмкіндігіне ие. Жақсы көрініс пен сапалы монтаж және әркімге түсінікті мәтіннің көркемдік үйлесім тапқан өзара сабақтастығы телевизиядағы жаңалық табиғатын өзге ақпарат құралдарының жаңалықтарына қарағанда әсерлей түседі [3].

Видео арқылы көркем бейнелер мен әсерлі мәтіннен көрермен үшін танымды, ұнамды материал құрастыру ісінде кәсіби режиссураның орны ерекше. Бейнекөрініс пен мәтіннің әсерлі үйлесім тауып, өзара бірін-бірі толықтырып тұруын қадағалайтын мамандық иесі – режиссер. Бұл мамандық телевизияны ұстап тұрған маңызды діңгектердің бірі. Телевизия мүмкіндіктері өскен сайын режиссер кәсібінің де мазмұны арта береді. Режиссердің кәсіби қызметі эфирден бірден байқалады. Телевизияның күретамыры болып саналатын жаңалықтар бағдарламасында да режиссердің орны ерекше.

Ақпараттық дирекцияда жұмыс істейтін режиссердің өзге бағдарламалардағы әріптестеріне қарағанда кәсіби ерекшеліктері бар. Отандық телеарналарда ақпараттық бағдарлама режиссері бейнематериалдардың монтажына тікелей қатыспайды. Ол тек жанама түрде ғана тілшінің сұрауы бойынша сюжетке қажетті бейнекадрларды жинастырып бере алады. Хронометражы 90 секунд немесе 180 секунд болатын бейнесюжеттің монтаждалуын қадағалап отырудың қажеті аз. Бұл міндет журналистке жүктелген. Режиссер монтажға қатысуы үшін ол түсірілімге қатысуы тиіс. Жаңалықтар қызметіндегі түсірілімдердің санының көптігінен және олардың графиктерінің тұрақсыздығынан әрбір түсірілімге бірнеше режиссер үлгеріп қатыса алмайды. Сондықтан, жаңалықтарда жұмыс істейтін режиссер бейнеқорды жүргізумен айналысады [4].

Әдетте жаңалықтар дирекциясында орташа есеппен 10-15 тілші бар екенін ескерсек, тағы сонша режиссерді штатта ұстау экономикалық жағынан тиімсіз болар еді. Ал, басқа жанрлардағы хронометражы 20-30 минутқа, 1 сағатқа созылатын бағдарламаларда режиссердің журналистпен бірге жүру қажеттігі туындайды. Жаңалықтар қызметіндегі режиссердің тағы бір қыры, ол – бейнеқордың материалдарынан бөлек, дайын сюжеттердің таспаларын жүйелеп, тақырыптар бойынша жинаумен айналысады. Көптеген телеарналарда режиссер қызметі жаңалықтар продюсері деп те аталады. Ол эфирдегі жаңалықтардың сыртқы пішініне жауап береді.

Жаңа дәуірдегі тележурналистердің ақпаратты берудегі жаңаша формалары конвергенттік сипатта дамуда. Тележурналистер көп қолданатын тәсілдің бірі – тілшінің кадрде сөйлеуі (стэнд-ап – қазақша мағынасы бетпе-бет). Бұқаралық мазмұнға ие болған телевизияның бастауында техникалық құралдардың, студиядағы бейне жазу камераларының көлемінің үлкендігіне байланысты журналистердің кадрде тұрып сөйлеуі ыңғайлы болған. Мысалы, Ұлыбританияда бұл форма «пис-ту-камера» деп, яғни, сюжеттің бір бөлігін камераға қарап айту мағынасында айтылады.

Стэнд-ап бейнематериалдың басында, не аяғында қолданылады. Журналист 20-30 секундттың көлемінде сюжеттің тақырыбын айқындап немесе соңында қорытынды ойын атып үлгеруі тиіс. Ең маңызды ақпаратты да журналист стэнд-апта беруді ойлайды. Еш жерде жазылмаған, бірақ, көрермен алдындағы этикалық ережеге сәйкес стэнд-ап міндетті түрде бас киімсіз жазылады.

Телерадио хабарларындағы жанрлық ерекшеліктер. Әрбір редакцияда спорт тілшілері штаты қарастырылған. Әдетте қазақ және орыс редакциясында 4 адам жұмыс істейді және бұған қосымша спорт жаңалықтарын жүргізуші қызметкер болады. Жаңалықтар шығарылымындағы салалық ақпарат түріне қызығушылықтың жоғары болуы елімізде спортқа қызығушылықтың да айтарлықтай екенін көрсетуде.

Биік спорттық нәтижелерге қол жеткізген дамыған мемлекеттерде денсаулық сақтауға, бұқаралық спортқа үлкен мән беріледі. Қазақ елінде тәуелсіздік алғаннан бері спортқа да басымдық берілуде. Бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда телеарналар спорт жаңалықтарына көбірек маңыз беріп жүр. Оның нақты дәлелі, егерде осыдан 20-25 жыл бұрын жаңалықтар шығарылымында спорт оқиғаларымен жаңалықтар жүргізушісі таныстырып келсе, қазір әрбір редакцияда спорт жаңалықтарының өз жүргізушісі бар, спорт тақырыбына жазатын журналистер штаты белгіленген.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
zhkadyrov_777@mail.ru

Есматова М.Т.
ф.ғ.к, доцент
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Құлыбекова Ж.С.
ф.ғ.к, доцент
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ «ЕР АДАМ» ЖӘНЕ «ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТІЛЕРІН ҚҰРАЙТЫН ТІЛДІК БІРЛІКТЕР

Түйін: Мақала көркем шығармалардағы «Ер адам» және «Әйел» концептісін қарастыруға арналады. Авторлар концептінің жасалу жолдарына, түрлеріне жан-жақты тоқталады. Концепт, оның құрылымы мен түрлері, әлемнің тілдік бейнесі туралы түсініктер когнитивтік лингвистика тұрғысынан түсіндіріледі. Көркем мәтіннен жиналған концептілік қолданыстар жүйеленіп талданады.

Түйінді сөздер: концепт, концептус, модель, лексика, философия, фрейм, лингвокогнитология, лингвистика, сана.

Аннотация: В статье рассматривается использование концептов «Мужчина» и «Женщина» в художественных произведениях. Авторы определяют образование концептов, их особенности. Концепт, его виды и структура, языковая картина мира характеризуются с точки зрения когнитивной лингвистики. Дается системный анализ использования концептов в художественном тексте.

Ключевые слова: концепт, концептус, модель, лексика, философия, фрейм, лингвокогнитология, лингвистика, сознание.

Summary: The article considers the use of concepts "Man" and "Woman" in works of art. The authors determine the formation of concepts and their features. The concept, its types and structure, the linguistic picture of the world are characterized from the point of view of cognitive linguistics. A systematic analysis of the use of concepts in the literary text is given.

Keywords: concept, conceptus, model, vocabulary, philosophy, the frame, linguocognitive, linguistics, consciousness.

«Адам-Қоғам-Табиғат» триадасының құрамдас бөлігі «Адам» макрожүйесінің гендерлік сипаттамасын жасайтын «ер адам» және «әйел» концептілері күрделі концептілік құрылымға жатады. Оларды когнитивтік лингвистика ғылыми негіздеп, сипаттайды. Сөздің мағынасы когнитивтік қызметті толық анықтай алмайды, оның деңгейінің тар, ұғымнан алшақ екені, когнитивтік ұғымдарға тең емес екендігі белгілі.

Лингвистика ғылымында «концепт» термині ертеден келе жатқан сонымен қатар жаңа қолданысқа ие болған термин. Қазіргі таңда да «концепт» термині зерттелу үстінде. С.А.Аскольдов: «Концепт – бұл ойлау үрдісінде көптеген нәрсенің орнын баса алатын ой құрылымы», – десе [1, 155 б.], Е.С. Кубрякова: «... концепт пен ұғым адам түсінігі мен ойының (пайымының) әр түрлі аспектісімен арақатынаста болады» дей келе, «ұғым – ақыл ой-әркетінің жоғарғы нәтижесі,белгілі бір логикалық түрде іске асатын объективті әрекеті бейнелеудің маңызды бір түрі болып табылады, концепт кеңінен түсіндіріледі, бұған оперативті сананың түсініктері, бейнелері, ұғымдары сияқты әр түрлі субстартты бірліктер кіреді», – деп түсіндіреді [2, 15 б.]. В.Н.Телияның түсіндіруінше, концепт – ол адам санасының, ой әрекетінің жемісі. Ол – құрылым, тілдің көмегімен қайтадан құрылады, жасалмайды [3].

Қазақ тіл білімінде концепт ұғымына байланысты мәселелерді Р.Сыздық, А.Салқынбай, Ж.Манкеева, Б.Тілеубердиев, М.Күштаева, А. Қайдар, Г.Смағұлова, А. Ислам, А.Әмірбекова т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылып келеді.

ХХ ғасыр лингвистикасында тілді – қарым-қатынас пен таным құралы ретінде ғана емес, ұлттық мәдени код ретінде қарастыру қарқынды дамып келеді. Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары

когнитивтік лингвистика мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде. Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Ж.Манкеева, Э.Оразалиева, Г.Смағұлова, Б.Момынова сияқты зерттеушілер бұл мәселені тіл білімінің әр түрлі салалары тұрғысынан алып қарастыруда.

XX ғасырдың 80-жылдарында концепт ұғымы жаңа мазмұнға ие болды. «Концепт – адам санасындағы психикалық және ментальді ресурстардың бірлігін таныту қызметін атқарады және адамның білімі мен тәжірибесін айқындайтын ақпараттық құрылымды танытады», – деген пікір айтады [4, 156 б.].

Сонымен концепт адам санасында танылған, бейнеленген білімді айқындайды. Қазақ тіл білімін зерттеушілер арасында да концепт мәселесін тереңінен зерттеп, өзіндік тұжырымдар ұсынған зерттеу еңбектері жүргізілуде. Б.И.Нұрдәулетованың пікірінше: «...концепт – индивидтің, тілдік ұжымның дүние, жаратылыс, оның түрліше заттары мен құбылыстары туралы өмір тәжірибесі, білімдік аясы (көзқарасы, танымы) негізінде, өзі өмір сүретін әлеуметтік ортаның мәдениетінен қабылдап, қалыптастырған танымдық, білімдік жүйесі» [5, 16 б.].

Э.Н. Оразалиева «Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы» атты ғылыми зерттеуінде қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасу, даму алғы шарттарын ғылыми парадигма, теориялық тұжырымдарға сүйене отырып қарастырады. Когнитивтік лингвистикада «концепт», «ұғым», «мағына» сөздері алғашқыда синонимдес, мағыналас деңгейде қарастырылды. Кейінгі зерттеулерде әдіснамалық тұрғыда, ғылыми жүйеге қатыстылығы тұрғысынан жеке талданатын болды. Осы зерттеулердің нәтижесінде ұғым – объектінің танып білген белгілерінің ғана жиынтығы делінсе, концепт – кез келген ұғым емес, ментальді ұлттық сипаттағы құрылым, белгілі бір мәдениеттің табиғатын ашуға көмектесетін күрделі механизм ретінде анықталды; екіншіден, ұғым логика мен философия терминдері қатарында қабылданса, концепт математикалық логика, мәдениеттану, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика ғылымдарының нысанын құрады; үшіншіден, концепт пен мағына айырмашылығы да екеуінің ұғымдық арақатынасымен дәйектеледі [6, 269 б.].

Кез келген ұлттың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілдері бар. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізін құрайды. Материалдық және рухани мәдениет дамыған сайын ұлттық ойлау да дами түседі. Ұлттық ойлау жүйесінің рухани көздері ретінде шешендік сөз-өнерін, фольклор, мақал-мәтелдер, салт-дәстүр, ислам діні мен ғылым, халықтық білім мен халықтық философияны айтуға болады.

Дүниенің тілдік моделін бейнелейтін тілдік ақпарат жүйесінде тұлғаның ақиқат дүниеге қарым-қатынасы танылады. Ол концептілер жүйесін құрайды.

Концепт термині ақиқат дүниені когнитивті тұрғыдан тануға, ғаламның тілдік бейнесін түсінуге әсер етеді. Адамның жекелеген немесе жалпы тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ғаламды тану арқылы ғасырлар бойы жинақталған болашақта өз жалғасын таба беретін білім жүйесінің жиынтығы.

Концептік талдаудың негізгі мақсаты – ғаламның тілдік бейнесін түсіндіру. Ұлттық танымда жүйеленген, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсететін концептілер (ер адам-әйел, тағдыр, өмір-өлім, жан мен тән) ұлттық мәдени концептілерге жатады. Философтардың, әлеуметтанушылардың тұжырымдауынша, әлеуметтік прогрестің дамуы жыныстық теңсіздікке әкелді. *"Ер адам-әйел"* оппозициясы туралы батыс, орыс, қазақ ойшылдарының пікірлері әр түрлі.

"Ер адам" және *"әйел"* концептілері барлық мәдениетте кездеседі, оларға әдет-ғұрып, фольклор, мифтік санада, "дүниенің қарапайым ойсуретінде" айтарлықтай орын берілген. Алайда гендердің стереотиптік және аксиологиялық бағасы түрлі мәдениетте бірдей емес.

Адамдардың жыныстық ерекшелігі олардың қоғамда алатын әлеуметтік статусымен, атқаратын қызметімен тығыз байланысты екені белгілі. Демек, тілдегі адам бейнесі «әйел-ер адам» семантикалық оппозициясының лингвогендерлік және лингвомәдениеттанымдық негізі тұрғысынан сипатталады. Осы орайда туындайтын маңызды мәселе – ер адам мен әйел затының халық дүиетанымында алатын орнының тілде көрініс табуы [7, 313 б.].

Қазақ халқының ер адам мен әйелге қатысты ұғым-түсініктері, қалыптасқан көзқарасы ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінде жинақталып, елеп-екшеуден, сұрыпталудан өткен халық даналығы мен философиялық толғанысының, мәдениетінің бұлағы. Біз қарастырып отырған повестерде «Әйел» және «Ер адам» концептері «әке-шеше», «ата-ана», «қыз-жігіт», «қалыңдық-күйеу жігіт», «қатын-бай», «ер азамат», «сері», «келіншек» т.б әлеуметтік-статустық байланыстарын бейнелейтін әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-салт-дәстүрлік мазмұндағы көпдеңгейлі макрофреймдік тармақ түрінде көрсетіледі.

Когнитивтік лингвистика концептінің көріну аясындағы тілге талдау жасау, концептінің мазмұнын ашатын мәтіндерден туындайтын ой мен оның әр түрлі контекстерде ұтымды қолданылуы, оның фразеологизмдерде, мақал-мәтелдердегі бейнеленуі секілді қызметтерімен толығып отырады.

Мысалы: ***«Әйел ерге, ер жерге қарайды»*** *деп арагідік құр алақан оралғанында кінәлі адамдай күмілжисің* (Д.И., 416-б.). Қазақ халқы ер адамды қадірлеп, сыйлап, шаңырақтың иесі ретінде санаған. Осы кейіпкер тіліндегі мақалдан қиын-қыстау кезде де ер адамның шарасыз кезі болатынын байқатады.

Елемей, қайырылмай кетсе, ***ер емес, ез екенсің*** *деп келеке қылатындай... –Шырағым,* ***«Есті жігіт елдестіріп, есер жігіт жауластырар»*** *деген* (А.С., 109-б.). Адамдардың өмірде түрлі мінез-құлықтары болатыны белгілі. Айталық, жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдерді, яғни халқымыздың өмірлік тәжірибесінен туындаған мақал-мәтелдерді А.Сейдімбек «Аққыз» повесінде ер адамдардың әр түрлі қасиетін сипаттау үшін қолданғанын байқадық. Жазушы *есті жігіт пен есер жігіттің* іс-әрекетінен ел тағдырын көруге болатындығын көрсете білген. Өйткені, ер жігітке тән ерлік көрсету, іс жасау кез келген адамның қолынан келе бермейтіні белгілі. Ер жігіттің ісі мен мінезін, адамгершілігін халық тағдырымен байланыстырады.

– Шырағым, ***«Қарамаса қатын, бақпаса мал кетеді»*** *демеп пе еді бұрынғылар* (64-б.). ***Білген жігітке сұлу әйел – бақ, білмесе – батпақ****: былғанады да жатады* (Б.Н., 302-б.). Осы келтірілген мақал-мәтелдерден әйел адамдарға қатысты өмір тәжірбиесінің бір көріністері анық көрсетіледі.

Қазақ әйелін сипаттайтын ерекше *этновзектік концептілерге оның* дүниетанымы, ойлау қабілеті, зейін мен зерде ерекшелігі, парасат пайым деңгейінің, мінезінің, еңбекқорлық, төзімділік, махаббат, сұлулық т.б. қасиеттерінің тілдік көрінісі жатқызылады [8, 5 б.].

Осындай қазақ әйелі концептісі ойсурет құрылымда танылған формасы көркем мәтінде жиі көрініс табады. Ойсурет суреткердің қиялдау, суреттеу, ұқсату шеберлігінен туындайды. Санадағы фантазиялау таланты басым болса, концептіні ойсурет құрылымында таныту деңгейі жоғары болады. Ойсурет санада орын алған қиялдау, суреттеу, ұқсату негізінен туындайды, оны төмендегі мысалдардан байқай аламыз: *Бала кезімде байқамаппын, Аналық ертектер мен халық жырларында суреттелетін* ***қазақ қыздарының ең ақырғы, ең аяулы сарқыншағы секілді****, осы әзірде ғана эпостарды бұзып шығып, бүгінгі өмірімізге, бүгінгі ұрпаққа жалт етіп бір көрінгелі, көңілдеріне қаяу салғалы,* ***қазақ қыздарының ең асыл қылық мінездерін көрсеткелі келген сықылданды****. Мен енді ғана әкемнің осы кісіге не себептен қызыққанын білдім, әрі әке қылығын кешіре құптадым да* (О.Б., 148-б.). *Мұны сырттан бағып отырған Тұрсын «****Өзі қасқырдың қаншығы сияқты*** *құныға қарайды екен» деп ойлады* (А.С., 84-б.). О.Бөкейдің, А.Сейдімбековтің повестеріндегі Аналықты халық жырларында суреттелетін қазақ қыздарына балап, Аққыздың қайсарлығын, өткірлігін жыртқыш аңға теңеу арқылы ойсуретті береді.

Б.Нұржекеевтің «Кінәлі махаббат» шығармасында ойсурет кейіпкердің қиялдау арқылы беріліп, «Әйел» концептісін төмендегі мысалдар арқылы аша түседі.

Есік алдына шығар деді ме екен, айналып артына қарап аз-кем тұрды.

*«****Аттандырып-ақ жіберсеміші!****» – деп аяп кеттім. Біраз ұзап барып артына тағы бұрылып тұрып, атына қамшыны басып-басып жіберді. Денем дір-дір тітіркенді. «Қызық жігіт!» – Той күнгісі тағы есіме түсті. Алғаш ұнап та отырған... –* ***Бала ғой, бар шындығы бетінде тұрады, таяз адам тәрізді. Қандай бейкүнә****. Қызға да емес, сонша сөзін әйелге айтқаны несі? Бар сөзі бала көңіліндей таза.* ***Көңілі таза****». Көзіне күлкі үйіріліп, жанарымен еркелете, жылы қарап еді. Туғалы ұйқыда жатқан, тіршіліктен бүгінге дейін тыс қалған тамыр-жүйкелерім жаңа жанданғандай, тұла бойыма бейтаныс бір жылылық тарайды.* ***Я, қыз боп, я келіншек боп татпаған тәтті сезім қиял тұңғиығына тартып барады. «Нұржанның құмарлығы, шіркін-ай, Жақыпта болса! Жаңыл құсап жас баладай еркелесем. Көшенге ол қалай еркелейді. Күлкілері мен әзілдеріне адам қызығады. Жақып та жұрт алдында қошемет қып, жайраң қағып отырса қайтер еді. Жарасар едік-ау****!»* (300-б.).

А.Сейдімбековтің, С.Жүнісовтің шығармаларында «Ер адам» концептісін «сақа жігіттер, ер-азамат, ер жігіт, жігіт-желең, батыр, құрдас-замандас» түрінде беріледі, ал «Аққыз» повесінде «Әйел» концептісі «төмен етекті», «жалғызы» сияқты көріктеуіш-бейнелеуіш тәсілдер арқылы түрлі жағдайларда әр түрлі ұғымдарда қолданылады. «Ер адам» концептісіне қатысты төмендегі сөздерге қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай түсініктеме берілген; **сақа жігіт** – ересектеу, үлкендей, мосқалдау ер-жігіт (Қ.т.т.с., 699-б.); **құрдас, замандас** – бір жылы туған, жасты, құрбы (Сонда, 545-б.); қатар өскен, заманы бір (Сонда, 339-б.). *«Бұ келе жатқан жолаушылардың өздері де* ***сайдың тасындай сақа жігіттер*** *болатын». «Әкесі Сүтемген осыдан үш жыл бұрын дүние салғанда дөңгелек дәулеттің иелігі соңынан ерген* ***жалғыз тұяғы*** *осы Наймантайға тиген». Сұлу-сыпайы ықыласын еселеп «Е бәрекелді,* ***ер жігітке*** *лайық іс екен» дер. Небір жалын атқан* ***ер-азаматпен*** *танысып, достарын да көбейтті* (А.С.). *– Қойшы, қайдағыны бастамай.* ***Ер-азаматтардың*** *қан кешіп жүргені де жетер, біз онда барып не жетістірер дейсің, – деп Ырыскелдіге қарсылық білдірсе: - Сендер дымды түсінбейсіңдер. Өмірде ештеңе көрмей көрбала болып өскенсіңдер. Украинаның*

сендер сияқты қыздары еркектен бетер соғысады (С.Ж., 298-б.). *«–Е, бұл Аққыздың отауы ғой. Байекеңнің* ***жалғызы. Ұлы да, қызы да сол,*** *– деді күтуші жігіт*». *«Наймантай, Аққыздар бір топ* ***жігіт-желеңмен*** *құс салып, серуен құру үшін ауылдан түс қайта шықты*». *Әшейінде* ***құрдас*** *санап, қылжақтай беретін Тұрсын Наймантайдың айтқанын екі етпейтін*. *Бәрекелді, Аққыз, аттың жалы, түйенің қомы өзіндей аяулы* ***замандаспен*** *жолығысар жер ме еді! «Бағаналы жағының сөз түйіні тірелер адамы* ***Аламан деген жас батыр*** *еді*». *– Жоқ сауғам!... Не* ***төмен етектіден*** *жеңіп мал әкетесің, не тастап кетесің!... «Рас десеңдер,* ***ат жолын тартар еркегі*** *қонақтап кеткен ауылдың жылқысын қуып кету қатынның да қолынан келеді»* (А.С., 78-б.). Келтірілген мысалдарда «Ер адам», «Әйел» концептілеріне қатысты берілген ұғымдар теңеу, метафора, эпитеттер суреттеліп отырған жайдың мәнін аша түсу үшін пайдаланылған.

Түнқатардың әкесі бар өмірін байдың есігінде өткізген, қой аузынан шөп алмайтын құдай деген адам болатын. Бір құдай-құдай дегенмен құдай жақсылығын жасауға асыққан ба?! Марқұм: «Түнқатым, жаным, артымда қалар ***тұяғым****!..» - деп жатып көз жұмған соң , бір жұма өтті ме өтпеді ме, сол Түнқатар әкесінің ақ таяғына сүйеніп, қозы соңынан кетті ғой* («Бір атым насыбай» 117-б.). *Әкесі Сүтемген осыдан үш жыл бұрын дүние салғанда дөңгелек дәулетінің иелігі соңынан ерген* ***жалғыз тұяғы*** *осы Наймантайға қалған* («Аққыз» 64-б.). Бұл жерде автор тұяқ семасы арқылы кейіпкердің артында қалған жалғыз ұлы бар екенін оқырманға жеткізіп қана қоймай ұлтымыздың мәдени ерекшеліктерінің тілімізге де ықпал жасайтынын айқын әрі нақты көрсетіп тұр. Себебі ұл баланы өзге ұлттарда тұяқ семасымен көрсетпесі анық.

Қазақ мәдениетіндегі қазақ әйеліне қатысты ұлттық сананың кілтін тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, метафоралар ашады. Теңеудің семантикасы дүниенің ұлттық бейнесін танытады. «Теңеудің стильдік қызметі әр алуан. Бір ыңғайда, негізінен, аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді» [9, 21 б.].

Ал әйел адамдардың бұл дүниедегі орны ерекше, жөні бөлек. Оларды гүлге де теңейді, күнге де теңейді, айға да, жұлдызға да теңейді. Әйелдің сұлулығын, сыр-сымбатын танытатын теңеулер повестерде жиі кездеседі. Қазақ халқында сұлу әйелге қатысты *қарға аунаған түлкідей, балға ашытқан қымыздай, қысыр емген тайдай, ақ бөкеннің құралайындай, оттай ойнақшыған, сұқсырдай сыланған, үлбіреген қырдың қызғалдағына ұқсап, аршыған жұмыртқадай, қамыстай әдемі тұлғасы, ай мен күндей әлемге бірдей, ақ маралдай керілген, шомылып көлге шыққан құдай, аққудың көгілдіріндей* т.б. теңеулер кеңінен қолданылады.

Демек, ұлттық мазмұнға, құрметке ие болған әлеуметтік таным жүйесі тілдің ұлттық жүйесінде таңбалық көрініс табады және дүниенің тілдік бейнесін құруға қатысады. Мұның нақты дәйегін аталмыш жазушылардың туындыларындағы ***"әйел"*** *концептісін* талдау барысында байқауға болады: *Мамық тартқан жібек көрпе үстіндегі* ***Аққыздың суреттей боп сыпайы отырысы, уыздай жұмыр мойнын*** *сәл бұрып қойып, сабырмен сөз тыңдауы, жасқанып жалтақтауы жоқ* ***ашық жүзбен*** *жауап қатуы, тіптен аппақ тістерін көрсете күлген* ***көлеңкесіз шырайына*** *дейін – бәрі-бәрі кісі атқарып әбден ысылған, көшелі жанның қалпын танытқандай еді*. *Енді міне* ***Аққыздың шіліктей серпілген сымбатты тұлғасы*** *Наймантай мен Тұрсынды қиялдай арбап, тақала берді. Ат үсті қимылын көп көріп шыныққан, оның үстіне бойжетіп толысқан* ***қыздың құлын мүшесі*** *бойына жарасымды киіммен көрінгенде* ***құйған мүсіндей мінсіз еді****. Әсіресе қыпша беліндегі күміс белдігі Аққыздың қаз төсі мен мықынын бөлектеп, бойжеткен қыз екенін жария еткендей* (А.С., 87-б.). *Жаңылдың* ***қоңыр даусы кептер боп*** *кереге бойлап көптің көкірегіне өрлеп көтеріліп барады* (Б.Н., 203-б.). *Жер ортасы жасқа жақындаса да; өңін бермеген,* ***келбетті әрі қайратты әйел*** *менің бала кезімде қандай болса, қазір де сол қалпынан таймағандай әсер қалдырды.* ***Тана көзінің айналасын өрмекшінің торындай майда сызықтар торлағанмен, жанарының оты әлі сөнбеген, жарасымды қараспен сәуле шашады****. Күлгенде шашау шықпай тізілген* ***аппақ шағала тістері*** *көрінеді де, екі бетінен* ***лыпып қан жүгіріп, бармақ батырғандай*** *пайда болған шұңқырға үйи іркіледі. Кеудесі шалқақ, қаздиған тіп-тік денесін еркін игеріп қимылдайды да,* ***текті жердің тентек қызындай өзгеше сылқым жүріспен былқ-сылқ адымдайды*** *екен* (О.Б., 148-б.). *Тарақтылармен дәміміз тұздас болды ғой, шынында да,* ***қыздары шетінен үріп ауызға салғандай әдемі-ақ*** *болушы еді. Сондай өңшең жақсының ортасынан* ***шолпан жұлдыздай жарқырап*** *оқшау көрінетін Ақбілектің ақыл-көркін айтуға тіл құрғыр жетер деймісің... О, шіркін, өзі де бір жаратылысы бөлек асыл зат еді ғой...* (А.С., 54-б.). Жоғарыдағы мысалдардағы тұрақты теңеулер қыздың сұлулығын, әйел көркін, сыр-сымбатын сипаттайды. Сонымен қатар аталмыш авторлар повестерінде кейіпкердің болмысын, мінез-құлқын, бейнесін ашуда теңеудің стильдік мүмкіндіктерін, бейнелілік қасиеттерін шебер пайдаланып, шығарманың көркемдік-эстетикалық сапасын жоғарылатады. Мәселен, А.Сейдімбеков «*...****үріп ауызға салғандай әдемі-ақ»*** деген танымал теңеумен қатар «***Шолпан жұлдыздай жарқырап****» деген қолданыста сирек кездесетін теңеу арқылы* жазушы Ақбілектің ақылымен қоса елден ерекше әдемілігін суреттеу үшін орынды

қолданған.

«Ер адам» концептісін сипаттайтын макрофреймдік ер адам бейнесін алсақ, этникалық санада қалыптасқан «ер адамдық белгілермен» кескінделеді:

Тек найза бойы озық келе ***жатқан жауырынды, қапсағай жігіттің*** *тақымында ғана сұйық жал шұбар.* ***Наймантай бастаған жігіттер*** *дүйім жұртты сән-салтанатымен де, өнерімен де, бәсеке-белдесуімен де аузына қаратқан. Сол сапар аяқ жетер жерден асқа жиналған небір дуалы ауыздар Ақадыр, Қызылтау елінің* ***бетке ұстар азаматы*** *деп Наймантайды танып қайтты. «Бұл* ***әзіл сөзсіз ауыз ашпайтын, қылжақпас*** *Тұрсын деген жігіт еді. Өзі Наймантаймен құрдас болатын». «Қисыны келмеді деп,* ***құйрығын шабына басқан түз тағысындай жағалау ерге лайық іс емес****». «Бағаналы жағының* ***сөз түйіні тірелер адамы*** *Аламан деген жас батыр еді*» (А.С., 96-б.).

Берілген мысалдардағы әртүрлі тіркестерді автор кейіпкердің бітім-тұлғасын, сырт келбетін, мінез-құлқын сипаттауда ұтымды қолданғанын көреміз.

Сонымен қатар «ер адам-әйел» концептісін адамдардың бір-біріне туыстық, достық, жас шамасына т.б. қатынастардағы сөздердің тобы құрайды.

«***Асқаралы таудай*** *боп төрінде отырған* ***әке*** *жоқ,* ***арқа сүйер*** *алдында* ***аға, тірек етер*** *артында* ***іні*** *жоқ, өзінше бұ да бір қысастығы болар» деп ойлады». «Салт жүрген жолаушының өзі араға екі қонып әзер жететін жырақтағы елдің сыры бұларға жұмбақ еді». «Онда* ***нағашы жұртың*** *бола ма,* ***құдаларың*** *бола ма, оны өзің білесің». «Бірлі-жарым малшы-жалшы «әуп» десіп өкшеге түскендей болса,* ***көре жатар әуселесін***»(А.С.). *«Бұл шаппа-шап айқасқа жай оғындай жылдам, сойылды қапысыз сілтейтін* ***сырмінез серігі*** *еді Сүрініп жығылған біреуді ұстап та қалды. «****Ағатай-ай****, кетейін, ұйықтайын!» – деп ұсталып қалған бала зәресі кетіп жылап қоя берді* (С.Ж., 260-б.).«***Қайын сіңлісі****, Жаңылдың өзі алма кезек күн батқанша бірнеше келді»* (Б.Н., 301-б.). *Дүниедегі* ***ең мықты, әрі ақылды, әрі мың жасайтын тек қана менің әкем*** *екенін, менің әкемнен асқан адамды осы жасыма дейін көрмегенімді, талай ауылды, талай қаланы аралап сандалсам да таппағанымды, тіпті енді мың жылдан соң да таба алмайтынымды, өйткені әкем мені дүниеге әкелгенін, өйткені менің әкем...*(О.Б., 134-б.).– ***Жеңгей,*** *түн жарымында асқа әуре болмаңыз, - деді баяғы жігіт баяғы қоңыр дауыспен. Сыртта тұрған кезіндегі «****бәйбіше****» дегенді ішке кіріп, жайғасқан соң «****жеңгеймен****» ауыстырды* («Тіршілік», 376-б.). Аталмыш жазушылардың повестерінен келтірілген мысалдардан гендерлік ерекшелік адамның белгілі бір гендерге қатысты көрінетін рөлдерге, мәртебеге, стереотиптерге, нормалар мен құндылықтарға сәйкес екендігін көрсетеді.

Ерте кезде еңбектің жынысқа қарай бөлінісі еркектің асыраушы ретінде тұрмыста үстемдікке ие болуына, абсолютті тұлға ретінде орнығуына жағдай жасады. Ерлер табиғатпен бірге әйелді де бағындырды. Ерлер әйелдерді өздерінің жартысы ретінде танып, оны өздерін толықтыратын екінші "мені" ретінде ғана мойындады. Ер адам қай кезде, қай жерде болмасын ер. *Киеван еңкейген кеудесін кейін тартып қолындағы кенеп дорбасын төрдегі көрпешеге лақтырып жіберді. Кенет дорба саудыр ете түсті.*

– ***Шай қой.***

Кенет дорбаның саудыр етуі мен шалының «шай қой» деуінен кемпірі бұл жолы оның құр қол еместігін аңғарып, шай қамымен лып ете дәлізге шықты.Киеван кебісі мен шапапнын шешті де, төрге барып сұлық жатты.

*Киеван төрде қалғып жатып «****тездет!****» деп айқайлап қойды* (316-б.). Д.Исабековтің «Тіршілік» повесінде әйел затының орнының ер адамнан бір саты төмендігі, бағыныштылығы көрінеді.

Әкемді ғұмыр бойы сүйіп өтуді сол айналайын анамыздың өзі үйреткен еді. Көңілі қалып, сезімі суымайтын, қайта ерінің амандығын мойнына бұршақ салып тілейтін, өз күйеуінің ғана ма, шісі ер адамның амандығын тілейтін. Анам айтатын. ***Еркектер болмаса, батқан күніңнен, атқан таңыңнан не пайда, ерлер болмаса, тар құрсағың кеңи ме, тас емшегің жіби ме...*** (О.Б., 146-б.). Автор ер адамның от басындағы рөлінің жоғары екендігін, ер бала дүниеге келгенде ананың қуанышында шек болмайтынын, ер адамның қоғамда, отбасында қадір-қасиетінің жоғары екендігін білдіру үшін әйелдердің айтылған сөздері, ойлары арқылы жеткізеді.

Сонымен қатар, жазушылардың шығармаларында әйел затының тек мүшкіл халы ғана емес, сұлулығы, ананың бала алдындағы беделі, әкесінің қызын сыйлап, аялауы да бейнелі де әсерлі берілген. Себебі, әйел – үй шаруасындағы адам болса, халық психологиясында «қыз – қонақ» деп қалыптасқан ұғым бар:

Қызына ата дәстүрімен ***«Жат жұрттық»*** *деп қарамай, «Соңымнан ерген* ***тұяғым,*** *артымда түтер* ***түтінім****», – деп, өзін-өзі жұбатты* (67-б.). А.Сейдімбековтің «Аққыз» повесінде Аққыз бейнесін ерекше көрсетеді. Ол ата-анасының жалғызы болғандықтан, оны ата дәстүрімен жат жұрттық, төмен етекті деп кемсітпей, Аққызды қазақ халқының «жалғыз тұяқ», «түтін түтетер» деп ер адамға байланысты айтылатын тіркестерін қызға қатысты жұмсап, Аққыздың бейнесін ашуда әсерлі етіп

қолданған.

Әдетте, қарым-қатынас кезінде қыз балалар мен әйел адамдарды әдепті түрде «қарындас, бойжеткен, бикеш, сұлу келіншек» деп атаса, Б.Нұржекеев шығармаларында ер адамға да, әйел адамға да қатысты дөрекі қаратпа сөздер қолданылғанын кездестірдік. Мысалы: – ***Сайқалданба, суырылма!*** *Жыныңды жумағанда не мынау – деп су тиген жерді тепкілеп нұсқайды* (300-б.). – ***Ол кәззаптың*** *қылығына күйіп өлесің, ондай есірікті ел аралатпай үйге қама! – деп құдайдың зарын қылдым. Өзіне де обал жоқ. Ойбай-ай, қандай сұмдық, қасында байы отырып бүйтеді, ол жоқта жер өртейді ғой* (305-б.). *–Келініңнің... – Добалдай боқтықты Жақсыаға дүңк еткізді. – Қайда әлгі* ***тексіз қошқарларың****?* (306-б.). *Сен* ***көк ми*** *соны да білмейсің, ол* ***сайқал*** *сенімен Сері жігітке әнін салып отыр* (282-б.), бұндай қолданыстарға әлдебір түсінік берудің қиын екендігін, қалай болғанда да оқырман басын шайқайтынын айта келіп, М.Серғалиев: «...әдеби шығарманың көшеде айтылып жататын былапыт сөздердің стенограммасы емес екенін ғана еске сала кетуге тура келеді.

Шығарманың көркемдігін арттырып тұратын жайлар молшылық. Әділінде, көркем әдебиет болғандықтан, оның тілінің де көркем болғаны абзал»,- деген әділ тұжырым жасайды [10, 22 б.].

Негізінен, әйел затына құрметпен қарап, сыйлайтындай жағдайда болса, жағымды бейнелі сөздер көп қолданылады. Мысалы: *«****Сұлудың ақылы сыңар*** *дегенге сенуші ем, - қызғанған, күйінген айтады екен ғой»* (287-б.).

*–****Хош, көз нұрым, қуанышым****! – деп жаулығымды жұлып ап лақтырып ем, Нұржан іліп алып көз ұшына дейін бұлғап барды* (314-б.).

–Тобылғы талға бітken майысады,

Қабырғам сені ойласам, қайысады.

Өзіңнен айрылған соң, ***қайран сәулем,***

Жылаумен жарық күнін, айқай, ***сәулем-ай,*** *тауысады-ай...*(331-б.). – ***Жаным,*** *жазғырмашы! Сенің бір ауыз сөзіңді естімей, еш жүрегім дауалар емес* (332-б.).*– Апыр-ай, кім едің,* ***жарқыным****?! – деді* (А.С., 79-б.). – ***Еркем-ау****, киіміңді киіп, жөнге де келмедің ғой,- деп айкүміс те шын жанашырлықпен сасып, сыбырлай тіл қатты* (А.С., 105-б.). Мысалдардан басқа «айым, гүлім, күнім, сәулем, жұлдызым» деген ұғымдарды білдіретін жағымды энергиялық қуаты бар тілдік бірліктерді өмірде жиі кездестіруге болады.

Бір ғана «ана» деген сөз түрлі нұсқада, түрлі тілдік бірліктер арқылы беріледі.

«Көктемге салым ***шешем:*** *«Азық бітті, базардан біраз ұн әкел», - деген оң, Көкталға бардым. Ол келгенше тарқамайтын ашу* ***апама*** *біtіп көрген емес* (Б.Н., 308-б.). – ***Шеше-ау****, бізден кейін кіресіз, біз де күтіп отырмыз, кезекке тұрыңыз, – деп біреулер жөн айтып еді, әжем керек те қылған жоқ* (С.Ж., 290-б.). Мысалдардан байқағанымыздай, аталған жазушылардың повестерінде «Әйел» концептісі Аққыз, Қыжымкүл, Зерен, Жаңыл, Аналық бейнелерінде «Ер адам» концептісі Молдарәсіл, Абзал, Наймантай, Нұржан, Бақытжан, Аманжан бейнелерінде айқын көрініс тапқан. Қазақ қыздарына, әйелдеріне тән қайсарлықты, батылдықты бойларына сіңірген әйел заты ұлттық танымға сай берілген.

Сонымен, өткен ғасырдың 60-80-жылдарында жазылған прозалық шығармалардағы, оның ішінде біз тілін талдап отырған повестерде «әйел», «ер адам» концептілері сұлулық, жастық, күйбең тіршілік, кәрілік, ата-ана, махаббат сипатында ұлттық таным тұрғысынан тілдік көрініс тапқандығын осы бөлімде талданған тілдік мысалдардан айқын байқалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аскольдов С.А. Концепт и слово. Антология. – М.: Academia, 1997. – С. 279.
2. Кубрякова Е. Понятие «парадигма» в лингвистике. – Москва: 2004. – С. 164.
3. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: 1986.
4. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: 1996. – С. 411.
5. Маслова В. Когнитивная лингвистика. – Минск: 2004. – С. 25
6. Оразалиева Э. Қазақ тіл біліміндегі когнитивті парадигма. – Алматы: 2006.
7. Нұрдәулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: филол. ғыл. д-ры ... автореферaты. – Алматы: 2008. – 44 б.
8. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Монография. – Алматы: 2007. – 312 б.
9. Мәуленова Б. Қазақ сатирасының тілі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана: 2006. – 25 б.
10. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: филол, ғыл. канд. ... автореф. – Алматы: 2008. – 26

УДК.: 821.512.122: 82.0

Ханкей Е.
аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.
«Әуезов-үйі» ҒМО
domauezov@mail.ru

М.О. ӘУЕЗОВТІҢ ҚАЗАҚСТАН ПУБЛИЦИСТИКАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (М.О.Әуезовтің алғашқы кезең мақалаларындағы тәуелсіздік идеясы: ұлттық мүдде, құндылықтар жүйесі мен сыни көзқарастар)

Түйін: Мақалада жалпы М.О.Әуезовтің Қазақ публицистикасына қосқан үлесі қарастырылған. Ұлт тәуелсіздігі идеясының негізгі құрылымдары: этнос, психология, автономия, өркениет пен мәдениет және қазақ оқығандарының тарихи міндеттерін жан-жақты сөз еткен жас Мұхтар алаш зиялыларының бағыт-бағдарын ұстанған. Бұлар сол кездегі өзекті мәселелер болғандықтан, оны баспасөз арқылы насихаттауда М.Әуезов те зор еңбек атқарғаны талданады.

Түйін сөздер: әдебиет, шығармашылық, публицистика, баспасөз, тарихи үрдіс, өмірбаян, уақыт, кеңістік.

Аннотация: В статье рассматривается основная роль М.О. Ауэзова в развитии казахской публицистики. Руководствовший направлением Алашской интелегенции молодой Мухтар всесторонне затронул идеи национальной независимости: этнос, психологию, автономию, цивилизацию, культуру и исторические задачи казахских читателей. Это одна из самых актуальных в то время проблем, в который он вкладывал большой труд и пропагандировал через прессу.

Ключевые слова: литература, творчество, публицистика, пресса, исторический процес, автобиография, время, пространство.

Summary: The article considers M.O.Auezov role of in the development of Kazakh journalism. Guided by the direction intellectuals of the Alash, young Mukhtar comprehensively touched on the of national independence ideas: ethnos, psychology, autonomy, civilization, culture and historical tasks of Kazakh readers. At that time most pressing problems in which he put a lot of work and promoted through the press.

Keywords: literature, creativity, journalism, press, historical process, autobiography, time, space.

«Қазақтың ұлы жазушысы, кемеңгер ғалымы Мұхтар Әуезов ұлт тарихын түбірлеп зерттейтін еңбектер берумен айналыспаса да, суреткер қаламынан туған көл-көсір мұрада осы ыңғайдағы пікір, тұжырым нобайлары көрінбеуі мүмкін емес. Этнос тарихы мен психологиясына қатысты тұнық бітімді ой-толғамдар қаламгердің алғашқы қазақ журнал, газеттерінде жарияланған саяси-әлеуметтік тақырыптарды көтеретін мақалаларында мол байқалады. Саналы ғұмыры зор тарихи-азаматтық оқиғалардан басталатын болашақ сөз бен ойдың хас зергері алғашқы шығармашылық қадамын публицистикадан бастайды» [1. 24-25].

Ойды таратып айтсақ, Семей қаласында шыққан «Абай» журналының барлық сандарында М.Әуезовтің 1918 жылы жазған мақалалары жарияланған. Кейбір санында екі мақаласы қатар басылған кезі де болды. Ал «Абай» журналын шығарушылар өздері семинария шәкірттері (Ж.Аймауытов пен М.Әуезов) еді, сондықтан қаржы жағынан қиындық көріп, бар-жоғы 13-саны шыққаннан кейін журнал жабылып қалған. Қазақтың сол уақыттағы қоғамдық жағдайларына қалам тартып, шешімін талап етіп отырған мәселелерді баспасөз арқылы көтеруде ұлт зиялылары тоқтап қала алмайтын еді. Бұл бір жағынан ұлттық мүдде жолындағы тарихи күрес, сонымен қатар шығармашылық ізденістердің алғашқы баспалдақтары болатын.

М.Әуезовтің 1918 жылдары жазған мақалаларының мазмұны, көтерген мәселелері бір-бірімен тығыз байланысты. Мысалы, «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Қазақ әйелі», «Қазіргі қазақ күйі», «Қазақ қашан жетіледі» мен «Мәдениет һәм ұлт», «Мәдениетке қай кәсіп жуық» және «Өліп таусылу қаупі», міне осы тақырыптар ғасыр басындағы халықтың жай-күйіне алаңдаған алашшыл көзқарастарға үн қосады. Алаш көзқарастары дегеніміз – ұлт, халық, қазақ, оқу-білім, мәдениет және автономия, т.б. болғаны мәлім. Және, сол уақыттағы қоғамдық ой-пікір мен сөздердің бәрі де осы бағытта болды. Бірақ, барлық оқығандар тек ұлттық мүдденің маңына жиналды деуге тағы да болмайды. Оған әдебиеттегі «оқығандар» образдарының әдеби-тарихи типі дәлел. Ал алаш ұстанымдарына адал болған жастар білгенін, оқығанын, ойларын халыққа қай жолмен болса да түсіндіріп, ұлт келешегі туралы тарихи сарпатауларын баспасөздің маңайына топтасып, талдап, түсіндіріп, жазып жатты. М.Әуезов жоғарыдағы мақалаларына түйін тақырып етіп «Ескеру керек», «Бүгінгі зор міндет» десе, талдап салыстыруға «Японияны» алады. Осының бәрі ұлт үшін және қазақ баспасөзінің әлеуетінің артуы үшін жасалған еңбектер екені бүгінгі күнгі ғылыми жұртшылыққа мәлім жайт. Өздері соған аз да болса үлес қоссақ деген азаматтық парызды оқыған жас ретінде мойындарына

жүктеді. Әрі бұл еңбектері текке кеткен жоқ: кейінгі шығармашылық жолдарын дұрыс айқындауға, кезеңдік көзқарастардың ықпалында кетпеуге, сондай-ақ рухани дүниені қастер тұтатын алыптар тобына айналуға үлкен мектеп болды.

Біз жоғарыда М.Әуезовтің мақалаларындағы өзара идеялық байланыс туралы айтып өткенбіз. Оған нақты мысал ретінде «Қазіргі қазақ күйінен» басталып, бірін-бірі толықтыра жазылған және аралары жақын (жарық көрген уақыты жағынан) мақалаларын қарастырып көрдік. Аталған мақаласында қазақ жұртының өзге елден тұрмыстық, саяси әрі мәдени тұрғыдан қаншалықты қалып қойғанына шолу жасалып кеп, февраль төңкерісіне дейінгі біздің көрсеткен жұрттығымыз – «Қайда айдаса жүре беру, қалай илесе көне беру, басқа ұрса өлу, көтке ұрса көну» [2. 110] деп, оны көрбалалыққа теңейді. Мұндай өткір пікірге келуге «Қазақ қашан жетіледі» дейтін мақаласында өз тарапынан мынадай мәлімет берген: «Он жылда, жиырма-отыз жылда қазақ ел қатарына кіріп, түзеліп, өнерлі жұрт болып кетеді деп шамалайтындар бар. Олар тек тәтті қиялшыл, үмітшіл болдырғыштар (оптимист) ғой деп ойлаймын. Менің болжауымша: қазақ жұрты жуырда ел қатарына кіре қоятын сиқы жоқ. Тек мен уайымшыл (скептик, пессимист) болайын» [2. 113]. Сөйтіп, бұдан бұрын да баспасөзде жазған қазақтың өзгеше мінездерін дәлел етіп, тағы да айтып өтеді. «Біздің қазақ ше? Өзімізден озық жұрттарда жоқ «жақсы» мінездің бәрі бізде: керенау, кежір жалқау, салқам, табансыз, басын бастап, аяғын тастап жүре беретін, жуырда селт етіп ұмтылмайтын, өзіне-өзі сенбейтін, өлі сүйектік, ездік – бәрі біздің ауылда, қайтіп үміт қыларсың?!» деп [2. 115]. Осы кезде жас Мұхтар өзінің ұлы ұстазы Абайдың ащы сынымен үндесіп жатыр. Өз уақытында қазақты Абайдан асып түсіп, жер-жебіріне жетіп сынаған кім бар екен?! Ал бала шағынан хакім сөзін жаттап өскен жас ойшыл мақалаларына «Қазіргі қазақ күйі», «Қазақ қашан жетіледі» деген проблематикалық сұрақтарды қойған кезде сол қазағы қандай күйде еді? Елдігімізді тұйық етістіктермен тізіп кеп, қортындысын «көрбалалыққа» теңеген жиырмадағы жас журналисті тарихи уақыт пен кеңістік қалыптастырған. Себебі, ол өз уақытының ащы шындығын ашып-жарып айтуы керек болды. Осы жағынан қарасақ, ол Абайдың сыншылдығын қазақ баспасөзіне әкелген ұлттық интеллигенцияның үлкен қатарымен бірге аталғанда, сөз жоқ, соңғысы емес, алғашқылырдың бірі болды деп тұжырымдауға тиіспіз.

Айталық:

«Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсе қызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ, сол үшін,
Алты бақан ала ауыз» [3. 80] дейтін Абай сөздерінде бір жақсы лепес жоқ. Себебін, ақын жеріне жеткізіп айтқан кезде мойындамасқа лажың да қалмайды. (*Абай елдің жайы солай-ды деп: күншілдік, арсыздық, ұрлық, жалқаулық, арызқойлық, өтірік, өсек, мақтанды атап көрсеткен*.)

Мақаладан Абайлық ашу-ызы мен ащы сынды көруге болады. «...керенау, кежір жалқау, салқам, табансыз, басын бастап, аяғын тастап жүре беретін, жуырда селт етіп ұмтылмайтын, өзіне-өзі сенбейтін, өлі сүйектік, ездік» деген сөздерді М.Әуезов жалпылама айтып, көпке топырақ шашпайды. Өзгемен өзімізді салыстырып және өз ішіміздегі қазақы кертарпалықты санамалап кеп, осындай ойға келеді. Талаптың мініп тұлпарын қанша шапсаң да жігеріңді құм қылатын жайттар ел ішінде аяқ алып жүргісіз екенін көргенде, Әуезовше үміт үзуге тура келеді. Шындық – қашан да шындық. Осы кептен қазірдің өзінде толық арылып болдық па? Ой мен пікірдің полифониялық өрісін бағамдап қарасақ, бүгінмен де тоғысатын тұстары аз емес.

«Қазақ қашан жетіледі» деген осы проблематикалық мақаласында сұрақ көпшілікке де, өзіне де қойылған. Жауапты өз тарапынан талдап, талқылап, сараптап және салыстыра отырып, жазғаны анық көрінеді. Жалпы, мәселені тура осылай өткір көтеру сол уақыттағы баспасөздің басты ерекшеліктерінің бірі деп айтуға болады. Осындай тақырыпты ашып-жарып айтатын, дәлелсіз, дерексіз құр айқай, науқаншыл нәрселерден ада, ұлт қамы туралы тереңнен алып жазатын авторлардың жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ баспасөзін дамытуға қосқан үлесі тарихи тұрғыдан қазіргі әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерттеліп, толық бағаланған. Солардың қатарында М.Әуезовте бар және оның кейбір ойлары мен пікірлерінде жастық максимализмі байқалады. Әйтсе, де логикалық тұрғыдан зерделесек ойландыратын тұстары аз емес. Мысалы, аталған мақаласында қазақтың қашан жетілетіні туралы кіріспе ойын ортаға салып, ұлт мінезін қатты сынағанын көрдік. Бұл жай эмоциямен айтылмағанын мақаланы толық оқып шыққанда көзіміз жете түседі. Автор қазақтың әуелі жалпы адам екенін, сол адамдардың мәдениеттенуі үшін физическая природа мен природаның әсерін ажыратып айтады. Бірі адам мінезінің табиғаты болса, бірі қоршаған орта – табиғат дейді. Бұлар мәдениеттің қозғаушы күші дегенге саяды. Ал олар өзара үйлеспесе, яғни қолайсыз болса, мәдениет тез болмайды, автордың өз сөзімен айтсақ: «қазақ жуырда ел қатарына кіре қоймайды». Себебін, М.Әуезов: 1. Табиғат, 2. Тұрмыс, 3. Этнопсихология, 4. Дін, 5. Автономия, 6. Геосаяси жағдай, 7. Соғыс сияқты мәселелерге жеке-жеке тоқталып, түсіндіреді. Бұл мақаланы жазу барысында автор осы аталған тақырыптар туралы ғылыми

еңбектерді жүйелі қарастырған деп санаймыз. Бұл жерде құр қисындау жоқ. Кейде жоғары ырғақта айтылғандай көрінетін сөздерін, байыптап қарасаңыз, негізі бар екені көрінеді. Осы мақалаларымен қатарлас жазылған, нақтырақ айтсақ, 1917-1925 жылдардағы публицистикасында М.Әуезовтің мынадай қырлары байқалады: этнопсихолог, мәдениеттанушы әрі саяси көзқарасы берік қалыптасқан публицист екені.

М.Әуезовтің «Мәдениет және ұлт», «Мәдениетке қай кәсіп жуық» деп немесе әр мақаласында «мәдениет» жайында ары-беріден сөз қозғап отырғанда, айтып отырғаны, қазіргіше айтсақ, ол – өркениет. Мәдениет пен өркениет ұғымы М.Әуезов түсінігінде ажырамайтын категория емес. Өркениет – мәдениетсіз болмайтыны қандай рас болса, мәдениетсіз – өркениетке қол арту мүмкін емес. «Мәдениеттің тез жайылуына яки кеш тарауына тағы әсер беретін себептер: сол халықтың аз-көптігі, Жәми сергектігі, тұқымы-табы, отырықшы, көшпелілігі, шаруасы, кені, фабрик, зауыттары, сауда кәсібі, халқыны рухы, аһлағы, діні, көзін ашатын баспасөз, мемлекет құрлысы, ғаскер күші, қазына байлығы, көрші халықтардың өнерлі, өнерсіз һәм басқалар» [2. 113-114] деген жолдарда өркениет пен мәдениет қана сөз болмаған, қазақтың қатарға қосылуы үшін керекті барлық тарихи факторлар атап-тап айтылған. Мұнда басты басымдық өркениетті елдердің қатарына ену мәселесі болып отыр. Қазіргі кезде дамыған мынанша елдің қатарына кіруіміз керек дейтін идеялар ол уақытта да болған, алайда айырмашылық – соларды белгілі бір санмен көрсеткен жоқ, себебі өркениетке ену ол статистика емес, нақты бағдарлама ғой. Қазақтың нешінші орында тұрғаны емес, өркендеген жұрттың өнегесін алу, себебі олар біз жеткенше тосып тұра бермейді, ары қарай дамиды, ал қазақ та осы эволюциялық жолмен өз реформаларын енгізуге тиіс...

Сонымен, жоғарыда өзімізше бөліп көрсеткен *бірінші мәселе* – табиғаты, табиғаттың өркениетке қатысы: «Мәдениетке жердің таулы, тасты, құмды, қырат сортаң болғанынан, ойпаңы, жазығы көп, өсімдігі, хайуаны тұрмысқа пайдалы, топырағы қара құнарлы болғаны пайдалы. Жерінің шептері (граница) жырым-балақ, ортасы айқұш-ұйқыш өзен су шарлаған, ортадан шетке, шеттен ортаға қатынасы оңай болғаны мәдениетке ыңғайлы» деп, ары қарай, жердің ұлан-байтақтығы, пайдасы аз, қатынасы қиын, артық жері көп, құнарсыз, құмды, тасты, егіншіліктен гөрі малшылыққа қолайлы «қазақ жерінің табиғат жайын мәдениетке қолайсыз» дейді [2. 114]. Бұның салдары халықтың шашыраңқы қоныстанып, бірлігі мен күшінің аздығына әкеп соғады, «аз да болса, бір жерде шоқ тұрса, күшті болмақ» дейді.

Екінші мәселе – тұрмысы. «Тұрмыс жағына келсек, қазақ көшпелі жұрт. Көшпелі жұртқа мәдениет тез орнамайды». Өйткені, отырықшылыққа айналу үшін көп уақыт керек, жерден кен шығару, егін салу, «фабрик-завод ашу, сауда, кәсіп жүргізу жуырда қазақ қолынан келмейді». Ал көшпелі тұрмыстың қазақ мінезіне жамаған жағымсыз жайттарын М.Әуезов басқа мақалаларында жан-жақты атап көрсеткенін білеміз. Сондықтан «Мал өсіруді тастай берсе, басқа ұстай алар кәсібі жоқ. Олай болса, надандық созылады» дейді.

Үшінші мәселе – ұлттық қалыбы, этнопсихологиясы. «Ал енді қазақтың рухы, мінезі, талабы, жігері қандай? Мәдениетті Европаға, тез жетілген Японияға қазақтың мінезі жанаса ма? Европа адамы табанды, Жабысқақ, ісшіл, зерек, ерінбейтін жансебіл келеді» дей кеп, қазақтың мінезі мынадай: «...керенау, кежір жалқау, салқам, табансыз, басын бастап, аяғын тастап жүре беретін, жуырда селт етіп ұмтылмайтын, өзіне-өзі сенбейтін, өлі сүйектік, ездік; адамшылық, кісілік, ел қамын ойлау, білімге ұмтылу, жазылған, айтылған жақсы ақыл, шын сөзді ұғайын дейтін адам жоқ, аз ғана оқығандар болмаса, баяғы қу құлқын, атақ, мақтан, партияқорлық, ұрлық, берекесіздікпен өмірін өткізіп жатқан қалың қазақ өздерінің қамын ойлап, сөз жазып жатқандарды тыңдамайды, ұмтылмайды, түзелмейді, түзелейін деген тіпті ниет те жоқ» деп осының бәрін тізіп жазған М.Әуезовті өз заманындағы қазақтар қалай қабылдады екен, сонымен қатар қазір қалай қабылдай алар екенбіз?! Қазақты Абай мен Әуезовше сынау оңай емес. Осыншама тұңғиыққа тастап жібергендей әсер қалдыратын сөздерді автор былайша: «Бұл халықтың рухын мәдениетке даяр еместігін, әлі тұнық жатқандығымен» байланыстырғанда көңілің аз да болса көтеріліп, жайлылықты сезінгендей болады. «Әлі де тұнық жатқанымыз» – жаман емес екен-ау дейтін. Өйткені, сұлулық та – о баста тыр жалаңаш, мәдениет те – о баста жабайы болған делінеді ғой. Біздің бабалар да солай «тұнық жүріп» жатқандықтан, қасірет пен бақыттың әрі ащы әрі бал дәмін қатар татты, әлі татып келеді.

Төртінші мәселе – дін. Дін – мемлекеттің басты идеологиялық қаруы. Дін – адам баласының өзара тепе-теңдігін ұстап тұрған құдіретті күш. Дін – құдайлық жол. Ал қазақтың құдайшылығы қандай? XX ғасыр басындағы қазақтың діншілдігі сол кезде ғана пайда бола қалған діншілдік емес. Ол өзінің алдындағы догматизмді, схолостиканы ұстаз қылған соқыр сенім болатын. «Қазақты жуырда жетілдірмейтін тағы бір себеп діни фанатизм, надандық, ескі ғұрып, ғадат» деп М.Әуезов өз уақытындағы діншілдікті айтып, айыптайды. Оның жаңалыққа, мәдениетке тигізіп отырған ықпалы: кертарпа, көбінесе «атаның ескі ғұрып-ғадатын» [2. 115] бойына жамап, соған арқа сүйеген қалыбы

жақын уақытта бой бермейтін дерке айналған дейді. Автордың өзі рухани мықты ортадан шыққандықтан (қожа әулеті екенін еске алыңыз), бұл тараптағы қараңғылық пен жолсыздықтарды жақсы білген және дұрыс сынаған.

Бесінші мәселе – автономия мәселесі. Бұл Ұлт Тәуелсіздігі идеясының алғышарттары деп ұғылуы керек. «Саясат жүзінде һәр халықтың өз билігі өзінде болуы бәсекелесіп тез жетілуіне үлкен бір себеп. Қазіргі саяси халіміз, мемлекет құрлысымыз не болары әзір белгісіз. Автономия алу мәселесі мен қазақтың тез жетілу мәселесі байлаулы деуге болады» [2. 116] дей отырып, бұған қосымша: әскер мен қазына пұл керек дейді. Бұлар да көңілдегідей болмай отыр.

Алтыншы мәселе – геосаяси жағдайымыз. Мұнда бізге автономия бергісі келмей отырған Россияның саясатын сынаған. «Ол адасқандығы, Россияны тез жетілсін демегені» дей кеп, автономиялы елдерді атап көрсетеді: Германия, АҚШ, Швецария, міне осылар кімнен осал. Ал, «Бізге автономия бермеймін дегені – жерімізге, елімізге қызыққаны, қомағайлығы, өзімшілдігі» мұның ар жағында: «Ішіп-жеп, азық қылып үйреніп қалған жұрт тіліне тәтті, тісіне жұмсақ қазақтан айрылғысы келмейді» деп орыстардың түпкі отаршылдық ниеттерін ашып көрсетеді. Сонау 1918 жылы айтқан М.Әуезовтің саяси ойлары КСРО мемлекетінің күйреуімен дәлелденді. Автономия бермей, бәрін де қол астымда ұстайым деген қомағай саясаттың түбі баянсыз боларын болжаған демесек те осы тараптағы алпауыт мемлекеттердің саяси құрлысынан мысал келтіре отырып, дәлелдеп бергенін көріп отырмыз. Өркениетке тез қосылып кетуге үлгі тұтатын елдер алысы бар, жақыны бар: «Бір көршіміз Япония өнерлі болғанымен, жері шалғай, Қытай өзі ылғи қотан ақсақ, шылғи надан Бұхара о да тоғышар, Ауған, Парсы шала, орыс өзі шикі, не қылса да тәуір көршіге жарығамыз жоқ» деп геосаяси ахуалымызды да таратып жазады. Осы ой бүгінде де шындық күйінде қалып отыр. Орыс пен Қытай әлі де отаршылыдық пиғылдарынан айныған жоқ.

Белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай «Біртұтас алаш идеясы» деген кітабында ұлт зиялыларының осы жолда еткен еңбектері мен төккен тірлерін мұрағат құжаттарымен, басқа да ғылыми еңбектерге негіздеп жан-жақты зерттеулер жасаған. Сонда: «Ұлтының тағдыры тығырыққа тіреліп, ұйлығысып тұрғанда бар ауыртпашылық пен жауапкершілікті М.Әуезов мойнына алды. Бұл үш міндет: 1) Қаралы қанатын жайып келе жатқан коммунистік-отаршылдық күйзелістен елді құтқару, сондай-ақ 2) Қазақ жерін ашкөздікпен қомағайлана бауырына басқысы келген ұлы орыстық отарлаушы пиғылға қарсы тиым салу және 3) Қазақ елін зауалға ұшыратуы мүмкін ашаршылыққа қарсы күресуге тиісті қазақ қызметкерлерінің іс-әрекет жоспары болатын. Яғни, қауым боп бас қосып, ортақ Ұлттық идея мен Ұлттық міндетті анықтау еді» деп 1921 жылдардағы ашаршылық кезіндегі М.Әуезовтің азаматтық қызметін тергеу құжаттары бойынша атап көрсетеді [4. 64].

